

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті

УДК: 94(58) «653»

Қолжазба құқығында

ТОҚСАНБАЕВ АЛМАС КОРГАДЖАНОВИЧ

Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлардағы билік жүйесі: тарихнама мәселелері

6D020300 – «Тарих»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:

т.ғ.к., қауымдастырылған
профессор Ноғайбаева М.С.

Шетелдік ғылыми кеңесші:

Хаджи Байрам Вели
университетінің профессоры
Оджал Мехмет Огуз

Қазақстан Республикасы
Алматы 2021

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	6
1 ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ КӨШПЕЛІЛЕР ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	29
1.1 XIX ғ. соңы және XX ғ. көшпелілер қоғамының саяси ұйымдасу ерекшеліктерін зерттеу мәселелері.....	29
1.2 Көшпелілер қоғамындағы саяси билікке қатысты көпвекторлы теориялық-методологиялық тұжырымдар.....	46
2 КӨШПЕЛІЛЕР ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛІККЕ ҚАТЫСТЫ МӘДЕНИ-АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАР	65
2.1 Биліктің киелілігіне (сакральдылығы) қатысты зерттеулер.....	65
2.2 Көсемдік теориясына қатысты тұжырымдар.....	83
3 КӨШПЕЛІЛЕР ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛІК АТТРИБУТТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ	95
3.1 Көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұраланудың және билік құқығының зерттелуі.....	95
3.2 Көшпелілер мемлекеттеріндегі билік символдары мен атрибуттары туралы зерттеулер.....	115
ҚОРЫТЫНДЫ	138
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	142

АНЫҚТАМАЛАР

Акефальды қоғам – рулардың мұндай бірлестіктері қазіргі антропологияда билеушілері жоқ тайпалар немесе акефальды (бассыз – грек.) қоғамдар.

Әлем-жүйелік теория – әлеуметтік эволюция теориялары, жеке қоғамдардың дамуын қарастырған әлеуметтанулық көзқарастардан айырмашылығы, қоғам жүйелерінің әлеуметтік эволюциясын зерттейді.

Әлеуметтік стратификация – әлеуметтік құрылымның белгілері мен критерийлерінің қоғамдағы орнын білдіреді.

Әлеуметтік-планиграфиялық методология – ескерткішті (қоныс, тұрақ, қала және т.б.) қалдырған қоғамның әлеуметтік құрылымының элементтеріне фиксация жүргізу. Археологиялық зерттеулерде қолданылады.

Биоәлеуметтік теория – мәденигенездің биоәлеуметтік теориясы, адам ең алдымен табиғаттың бөлігі болып табылады және белгілі бір биологиялық заңдарға сәйкес өмір сүреді, ал мәдениет – бұл қоршаған ортаға бейімделудің таза адамдық тәсілі.

Зорлық-зомбылық (басқыншылық) теориясы – мемлекет пен биліктің пайда болуы әскери факторларға байланысты. Зорлық-зомбылық теориясын жақтаушылар мемлекеттілікті орнатуда, қоғамдық өмірді дамытудағы әлеуметтік-экономикалық процестердің негізгі рөлін жоққа шығарады.

Иерархиялық билік – құрамына кіретін элементтерді басқарудың (бақылаудың) тік нысаны бар құрылым.

Квазиимпериялар – бірнеше аумақтық және ұлттық құралымдарды тиісті интеграциясыз біріктіретін мемлекет.

Квазимемлекеттер – бұл толық билік институттары қалыптасқан автономды егеменді мемлекет болып табылмайтын саяси құрылым.

Көпвекторлы эволюциялық тұжырым – мәдениет эволюциясын белгілі бір экологиялық жағдайларға бейімдеу.

Көсемдік теориясы – орталықтандырылған басқару және билеушілердің мұрагерлік иерархиясы бар, әлеуметтік және мүліктік теңсіздік бар, бірақ ресми және одан да көп заңдастырылған мәжбүрлеу және зорлық-зомбылық аппараты жоқ саяси құрылымның аралық формасы ретінде анықталған.

Кросс-мәдени методология – бұл антропологиямен байланысты ғылымдар саласындағы ғылыми әдіс, ол әлеуметтік мінез-құлықты зерттеу және мәдени айырмашылықтар туралы гипотезаларды тексеру үшін далалық зерттеулерде жиналған әртүрлі қоғамдар туралы мәліметтерді пайдаланады.

Ксенократия – бөтен адамдардың немесе шет елдіктердің үстемдігі.

Марксистік теория – Карл Маркс пен Фридрих Энгельс негізін қалаған философиялық, экономикалық және саяси ілім.

Неомарксистік теория – марксизмдегі әртүрлі әлеуметтік-философиялық ағымдарға жақын және марксистік теорияны өзгертетін немесе кеңейтетін пайымдауларда жиі қолданылатын термин.

Ортадоксальды теория – дін, ғылым, әлеуметтік мәселелер және т.б. саласындағы қабылданған ілімдерді қатаң сақтау мағынасында және олардың сенімдерінің шындығына күмәнсіз тұжырымдар жасау.

Сакральдылық – діни, наным-сенім, дүниетаным, басқа әлемге, иррационалды, мистикалық, күнделікті заттардан, ұғымдардан, құбылыстардан ерекшеленетін барлық нәрсе.

Саясигенездің неозволюционистік тұжырымы – заманауи неомарксистік әлеуметтану, мәдениеттану және әлеуметтік-антропологиялық идеяларды саясигенездік тұрғыдан қайта қараудың әртүрлі нұсқаларын көрсететін термин.

Сегментарлы мемлекет – қоғамда олигархияның салыстырмалы түрде кең қабаты басым болған жағдайда өмір сүреді, билік басында тұрған элита тар және кейде бір лауазымды тұлғаға (көсем, патша, билеуші т.б.) негізделетін биліктің аралық формасы.

Страта – әлеуметтік бөлік (деңгей, топ, бөлік) – белгілі бір әлеуметтік белгімен (мүліктік, кәсіби немесе басқа) біріктірілген әлеуметтік құрылымның элементі.

Тарихи-антропологиялық методология – адамзаттың әлеуметтік-мәдени тарихын тарихи, антропологиялық ғылымдар және кросс-мәдени зерттеулер әдістері арқылы тану бағыты.

Эволюционистік теория – антропология мен этнографиядағы бағыт, бұл теорияны жақтаушылар мәдениеттің төменгі формалардан жоғарыға, жабайылықтан өркениетке және т.б. эволюциясынан тұратын әлеуметтік дамудың әмбебап заңын ұсынады.

Эгалитаризм – қоғамның барлық мүшелерінің тең әлеуметтік және азаматтық құқықтары бар мүмкіндіктер теңдігіне негізделген тұжырым.

Экзогамия – некелік қарым-қатынастың белгілі әлеуметтік топтан немесе шеңберден шығуы.

Эндогамия – белгілі бір топ ішінде (ру, тайпа, қаста және т.б.) некелесуді белгілейтін әдет-ғұрып.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АН РТ	Академия наук Республики Таджикистан
АН СССР	Академия Наук Союза Советских Социалистических Республик
БНЦ СО РАН	Бурятский научный центр Сибирского отделения Российской академии наук
ГУ	Главное управление
ИА РАН	Институт Археологии Российской академии наук
ИВ РАН	Институт востоковедения Российской академии наук
ҚазҰУ	Қазақ Ұлттық университеті
ҚарМУ	Қарағанды Мемлекеттік университеті
НАН РК	Национальная академия наук Республики Казахстан
НГУ	Новосибирский государственный университет
ППИКНВ	Письменные памятники проблемы истории культуры народов Востока
РАНИОН	Российская ассоциация научно-исследовательских институтов общественных наук
СПб	Санкт-Петербург
СЭ	Советское этнография
Тр. ГИМ	Труды Государственного Исторического Музея
ФАН	Филиал Академии наук

КІРІСПЕ

Тақырыптың өзектілігі. Көшпелілер қоғамындағы саяси билік жүйесі ежелгі дәуірлерден бастап қалыптасып, ортағасырларға дейін жетілу үдерістерін бастан өткере отырып, тарихи сабақтастыққа ұласқаны белгілі. Ерте көшпелілер қоғамындағы саяси билік жүйесі мен билік құқығы және оның символдарына қатысты мәселелерді зерттей отырып, ортағасырлардағы түркі қағанаттары және моңғол дәуіріндегі мемлекеттер, сонымен қатар, Қазақ хандығы тұсындағы саяси-билік жүйесінің ерекшеліктері мен тарихи сабақтастығын талдауға, әрі оларға қатысты объективті тарихи көзқарас қалыптастыруға мүмкіндік аламыз.

Орта Азия көшпелілерінің ортағасырлық қоғамындағы билік жүйесіне қатысты көшпелілер қоғамының саяси ұйымдасуының ерекшеліктері туралы зерттеулер біздің назарымызды аударды. Бұл көптеген зерттеушілердің көшпелілер қоғамындағы саяси ұйымдасу мен жоғары билік жүйесінің тарихын қарастырғанда, көбіне белгілі кезеңдегі қағанаттар мен хандықтардың билік құрылымын зерттеумен шектеліп қалуынан туындап отыр. Мұның өзі зерттелу тақырыбын маңызды ете түседі.

Орта Азиядағы көшпелі халықтардың өзара ұқсас, кейде бір-бірінен айырмашылыққа ие билік жүйесін қалыптастыруы, сол кезеңдегі мемлекеттердің тәуелсіз дамуы мен құлдырау үдерістеріне үлкен әсерін тигізді. Билік құқығы мен оны мұралану мәселелері көне дәуірлерде-ақ қалыптаса бастағанымен, ортағасырлардағы саяси-экономикалық жағдайлар, көшпелілерге саяси ұйымдасу мен жоғары билік жүйесіне бірқатар өзгерістер енгізіп, мемлекетті ыдыраудан сақтауға ықпал етті. Оның үстіне Орта Азия аумағында ерте ортағасырлардан бастап, кейінгі Қазақ хандығы дәуіріне дейін бірнеше ондаған қағанаттар мен хандық, ұлыстар мен аймақтар қалыптасып, дамып, қайта құлдырау циклдерін бастан өткеріп жатқанда, көшпелі халықтарға мемлекетті милитаристік жүйеге негіздеуге мәжбүрлегенін де ескеру қажет. Зерттеу тақырыбын өзекті ететін тағы бір мәселе, көшпелілер қоғамындағы билік жүйесінің ұзақ мерзімдік қалыптасу және даму үдерістерін салыстырмалы түрде талдап, өзіндік айырмашылықтары мен сабақтастықтарына жүйелі зерттеу жүргізу қажеттілігі туындап отыр.

Еуразияның далалы аймағы мен аридтік зоналарында қалыптасқан көшпелі халықтардың билік жүйесі, жалпы салыстырмалы түрде алғанда бір-бірінен қатты ерекшелене қоймайды. Саяси ұйымдасуы мен жоғары билік мәселесі ортағасырлық қағанаттарда тарихи сабақтастыққа ұласқанын аңғару қиын емес. Дегенмен, жеке мемлекеттер немесе хандықтар тұрғысынан талдауда, саяси-билік жүйесінің өзіндік дәстүрлері мен дүниетанымына негізделген ерекшеліктері бар екені байқалады.

Көшпелілер қоғамындағы саяси-билік жүйесінің ерте ортағасырларда қалыптасқан белгілері, кейінгі кезеңдерде халықтардың миграциясы мен діни ықпалдастықтың әсерінен бірқатар өзгерістерге түскен. Мысалы, көсемдік билік жүйесінде негізгі назар бастапқыда көсемнің өзіне аударылып,

билеушінің сакральды бейнесін қалыптастырып, діни-наным сенімдермен және дүниетаныммен байланыстырып жіберу көрініс табады. Ортағасырларда билеушіні бұлай дәріптеу азайып, тек жалпы ғұрыптық іс-шараларда ғана көрініс табатынын көреміз. Ерте көшпелілер дәуіріндегі билік символдары саны мен сакральдылығы жағынан кейінгі ортағасырларда өзгерістерге түскен. Бірқатар билік символдары өзінің құндылығын азайта бастаса, кейбір билік символдары керісінше дүниетанымдық тұрғыдан трансформацияға түсіп, маңыздылығы арта бастағаны байқалады. Осындай ұқсастықтарды билік құқығы мен билікті мұралануға қатысты мәселелерден да көреміз. Мысалы, билеушіні ұлықтаудағы орындалатын ғұрыптық жосындардың ғұндар дәуіріндегі көрінісін, моңғол дәуірінде және қазақ хандығында билеушілерді ұлықтаудан көреміз.

Ортағасырдағы билеушіні ұлықтау рәсімі аталған кезеңдерде көптеген өзгерістерге түскенімен, негізгі тамырлары сақталған. Кейінгі өзгерістер көбіне діни жоралғылар мен аймақтық ғұрыптық наным-сенімдермен байланысты қалыптасқаны байқалады. Ерте ортағасырлардағы көшпелі империялардың әлеуметтік өзгерістерге түсуінің басты себептері бағыныштылық (басқыншылық) қарым-қатынасқа емес, билікке негізделуімен түсіндіріледі. Тарихи-салыстырмалы талдау жұмыстары көшпелі қоғамның саяси жүйесінде бірнеше құрылымды анықтауға мүмкін береді. Жартылай көшпелі немесе отырықшы шаруашылықты ұстанатын халықтардың билік жүйесі көшпелі қоғамның билік жүйесіне ұқсас болғанымен, билік элементтерінде айырмашылықтар сақталған.

Көшпелілер қоғамындағы саяси билік жүйесінің қалыптасу үдерістері мен даму ерекшеліктері, жоғары биліктің құрылымы, билеушінің құқықтары мен міндеттері, билік символдары мен олардың тарихи сабақтастығы мәселелері туралы объективті көзқарас барлық тарихшыларға тән деп айта алмаймыз. Көшпелілер қоғамындағы саяси билік жүйесі мен мемлекеттілік мәселесінің теориялық тұрғыдан талдануында, зерттеудің «локальды» сипаты байқалады. Яғни, жоғары билік пен билеуші бейнесі белгілі қағанат немесе хандық шеңберінде зерттелініп, оның алғышарттары мен сабақтастығы тұрғысынан талдануы тасада қалып қояды. Мұның өзі біздің зерттеу тақырыбымызды өзекті ете түседі.

Орталық Азия көшпелілерінің саяси билік жүйесі тарихының тарихнамалық тұрғыдан зерттелуі толыққанды деп айтуға келмейді. Әрине, тарихшы-ғалымдардың белгілі бір мемлекеттер шеңберіндегі билік жүйесіне қатысты зерттеулері, сонымен қатар, әлеуметтанушы және археологтар тарапынан көшпелілердегі мемлекеттілік, билеуші бейнесі мен билік атрибуттарына қатысты жүргізілген зерттеулерін жоққа шығармаймыз. Соның негізінде қоғамдық ғылымдар бағытында «мәңгілік құндылықтар» тұжырымына сәйкес мемлекет пен билікке қатысты зерттеулерге назар аударыла бастады. «Мәңгілік құндылықтардың» қатарында «мемлекеттілік» мәселесі негізгі орын алатыны сөзсіз. Осы тұрғыдан алғанда, ортағасырлардағы көшпелілер қоғамындағы мемлекеттілік, саяси билік пен жоғары билік

құрылымының қалыптасу, даму кезеңдері мен құлдырау себептерінің зерттелу тарихын тарихнамалық тұрғыдан зерделеу арқылы, ой елегінен өткізудің маңызы зор деп есептейміз. Себебі, көшпелілер қоғамы мен ондағы билік жүйесі тәуелсіздік алғанға дейін, түрлі саяси көзқарастар ықпалында, әр қырынан қарастырылғанымен, ондағы теориялық ұстанымдар мен тарихи көзқарастардың тәуелсіздіктен кейін жаңа көзқараста қалыптасып келе жатқан тарих ғылымының сұраныстарын қанағаттандыра бермейтінін ескеруіміз керек. Осыған сәйкес, көшпелілер қоғамындағы жоғары билікті зерттеуде қалыптасқан теориялық-методологиялық тұжырымдар, саяси билік типологиясы, билік жүйесінің модельдері, билеуші бейнесі мен билік құқықтары және т.б. мәселелерді зерттеген ғалымдардың еңбектеріне тарихнамалық талдау жүргізіп, оның зерттелуінің хронологиялық кезеңдері, теориялық-методологиялық бағыттары және қалыптасқан тұжырымдар мен көзқарастар эволюциясын көрсету және көшпелілердегі саяси билік жүйесіне қатысты талдалған еңбектер біздерге қандай мәселе төңірегінде маңызды тұжырымдар жасау керектігіне мүмкіндік береді.

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлық қоғамындағы саяси билік жүйесімен байланысты мәселелер көшпелі халықтардың әлеуметтік саяси ұйымдасуының ерекшеліктері, жалпы мемлекеттілігі жөніндегі мәселелерге қатысты зерттеулерде көрініс тапты. Кейбір зерттеулерде көшпелілердегі саяси ұйымдасу мен билеуші мәселелері ежелгі көшпелі тайпалар мысалында қарастырылып, жеке билеушілердің мемлекетті басқарудағы ерекшеліктері, әкімшілік-саяси құрылымы бойынша зерделенді. Жоғарыда қарастырылған зерттеу жұмыстарының маңыздылығы тақырыпты тарихнамалық бағытта зерделеуде нәтижеге жетуге мүмкіндік береді.

XX ғасырдағы зерттеушілердің еңбектерінде көшпелілердегі билік мәселесі әртүрлі қырынан қарастырылғанымен, көпшілігі жеке мәселелер төңірегіне топталуымен ерекшеленеді. Алайда, көшпелі қоғамдағы саяси билік жүйесі тарихнамалық тұрғыдан толық қарастырылмады. Әрине, XX ғасырдың 60-70-жылдары зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерінде көшпелілердегі мемлекеттілік мәселесі мен билеуші бейнесіне қатысты алдыңғы зерттеулерге сүйене отырып, тарихнамалық тұрғыдан талдау жасауға талпыныс болғанымен, жан-жақты және жүйелі түрде талдау жасалмады. Бұл кезеңдегі зерттеулер негізінен кеңестік кезеңдегі таптық методология тұрғысынан жазылғандықтан, ондағы берілген тарихнамалық қорытындылар мен тұжырымдарды қазіргі күнде өзекті деп айта алмаймыз. Сондықтан, зерттеу жұмысының тарихнамалық мәселелерін қарастырғанда біздің тақырыбымызға қатысты зерттеулердің кіріспе бөлімінде қарастырылған тарихнамалық талдауларға арнайы тоқталмадық. Дегенмен, көшпелілер қоғамындағы билік жүйесімен тікелей байланысты, атап айтқанда көшпелілер қоғамының әлеуметтік, қоғамдық-саяси ұйымдасуының ерекшеліктері, мемлекеттілігін, жалпы көшпелілікке қатысты соңғы жылдары бірқатар тарихнамалық еңбектер жарық көрді. Осы еңбектерді талдасақ.

Көшпелілердің әлеуметтік ұйымдасуы мен жоғары билік жүйесі туралы арнайы тарихнамалық талдау жұмыстары С.А. Васютиннің еңбектерінде кездеседі. Автор кандидаттық зерттеуінде Еуразия даласындағы көшпелілердің саяси-әлеуметтік ұйымдасуын тарихнамалық тұрғыдан талдай отырып, дерек қорын хронологиялық тұрғыдан бес кезеңге бөліп қарастырады. Оның ішінде алдыңғы зерттеулерді 1920-1930 жж.; 1930-1940 жж.; 1940-1960 жж.; 1960-1980 жж.; және 1980-1990 жылдардың бірінші жартысы деп топталады [1, с. 6-17]. Автордың жеке бөліп қарастырған бірінші кезеңінде көшпелілердің археологиялық ескерткіштеріне қатысты зерттеулерді эволюционистік теорияның ықпалында зерттеліну мәселесі қарастырылады. Тарихнамалық талдау жұмысының екінші және үшінші кезеңдерінде көшпелілік жүйесіндегі зерттеулердің құрылымында үлкен өзгерістер орын алып, саясиландырылу мәселесі орын алғанын ашып көрсетеді. С.А. Васютиннің келесі топтамаларында археологиялық зерттеулер теориялық талдаулармен ұштастырылып, жалпы тарихнамалық тұрғыдан сипатталады. Ғалымның кейінгі зерттеулеріндегі ұстанған методологиялық бағыты мен тұжырымдары алдыңғы зерттеулерінен біршама өзгергені байқалады. Мәселен, 2016 жылы жазған докторлық диссертациясында Орта Азияның ортағасырлық көшпелілеріндегі билік жүйесіне терең тарихнамалық талдау жасайды. Автордың соңғы тарихнамалық зерттеу жұмысы жалпы хронологиялық тұрғыдан жазылғанымен, негізінен белгілі бір кезеңдерде «үстемдік» еткен методологиялық мәселелерге сүйенгені байқалады [2, с. 3-4].

Көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымы негізінде билік жүйесіне тарихнамалық талдау жүргізген ғалымдардың қатарында П.К. Дашковскийдің еңбектерін атауға болады. Автордың С.А. Васютинмен бірігіп жазған зерттеулерінің бірінші тарауында көшпелілердің саяси ұйымдасуы мен билік құрылымына тарихнамалық талдау жасаған. Авторлардың бұл зерттеулері С.А. Васютиннің жоғарыда қарастырылған еңбегіндегі тарихнамалық талдау құрылымына қатты жақын болуы, бұрынғы зерттеулерді толықтырумен байланысты жарық көрген. Біріншіден, Васютиннің кандидаттық ізденістері мен осы аталған монографияның тарихнамалық бөліміндегі хронологиялық кезеңдер толықтай бір-бірін қайталайды десе де болады. Басты айырмашылықтары – теориялық-методологиялық талдауларға көбірек мән беруімен ерекшеленеді [3].

Отандық тариханамада зерттеуші Ә.Қ. Мұқтар қазақ тарихындағы хандар, мемлекеттік қайраткерлер, сұлтандар мен көтеріліс жетекшілерінің саяси, мемлекеттік істердегі қызметі мәселесін зерттеп, талдау жасайды. Архив қорларындағы аталған мәселе төңірегіндегі деректерді ғылыми айналымға енгізуде; еліміздің батыс аймағында болған тарихи-саяси оқиғалардың тарихнамалық жағынан зерттелуінде; Қазақ тарихындағы «отарлау кезеңінде» болған оқиғалар мен оларға қатысушы қайраткерлердің ерліктері мен жеке басының қасиеттілігіне байланысты зерттеу еңбектерін жазды [4].

Қазақ хандығы тарихында Хан сайлау үрдісіндегі Халық кеңесі немесе Құрылтайдың маңыздылығы туралы тарихнамалық тұрғыда жазған зертеу

жұмысында, архив деректері мен шежіреде кездесетін Қозыбасы, Сайрам, Мәртөбе, Күлтөбе, Қаракұм, Қарақорым, Ордабасы, Түркістан және өзге де жерлерде өткен жиындарға қатысты деректермен тарихнамалық еңбектерге талдау жасап ғылыми ізденістер жүргізді. Зерттеулер нәтижесінде, Халық кеңесінде Керей, Жәнібек, Қасым, Жәңгір, Тәуке, Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Абылай хандардың ел бірлігін сақтау мен сыртқы жаудан қорғануды ұйымдастырғандығы, көршілес мемлекеттермен қарым-қатынасының мәселелерін тарихнамалық тұрғыдан зерттеп хан билігінің құрылтайда шығарған шешімдеріне назар аударды. Дәлел ретінде Үш жүздің орталығы Түркістан қаласында да талай жиындар өткендігін, соның мұрағатқа түскендерінің бірі – Абылай ханның Құрылтайда бас хан сайланған жиыны туралы деректерде хан сайлау, оған ұсынылатын үміткерлерді анықтау Халық кеңесі құзырында болғанын дәлелдейді [5].

Зерттеуші Г.Е. Сәбденова 2003 жылы «Қазақ хандығының тарихнамасы: халқының қалыптасуы, мемлекеттілігінің құрылуы және нығаюы (XV ғасырдың ортасы – XVI ғасырдың бірінші ширегі)» тақыбырында кандидаттық зерттеуін қорғайды. Аталған жұмыста дәстүрлі қазақ қоғамындағы мемлекеттілік пен жоғары билік жүйесіне қатысты мәселелерге тарихнамалық талдау жүргізілген [6]. Автор зерттеу жұмысында Қазақ хандығының тарих сахнасына шығуы, қазақ мемлекеттілігінің орнығуы, хандықтағы ұлттың ұйысуы, этникалық құрамы, этникалық аумағы, билік институттары секілді отандық тарихнамадағы көкейкесті мәселелерге тыңғылықты талдау жасаған. Сонымен қатар, XV-XVI ғасырлардағы Қазақ хандығының алуан түрлі мәселелеріне арналған ғылыми ізденістердегі көзқарастар мен пайымдаулар проблемалық-хронологиялық принцип негізінде сарапталған. Автордың 2014 жылы жариялаған «Қазақ хандығы құрылуының тарихнамасы» атты еңбегінде мемлекеттілік мәселесіне қатысты мәліметтерді зерттеген ғалымдардың еңбектеріне салыстырмалы талдау жүргізіп, бірқатар зерттеушілердің пікірлеріне сын көзбен қарайды. Мысалы: «...Қазақ хандығының билік институттарын зерттей келіп, кейбір ғалымдар XV-XVI ғасырлардың өзінде де бір орталыққа бағынған мемлекет болмады деген пайымдауларға бой ұрып жүр...» деп жаза отырып, бұл пікірдегі ғалымдар ретінде К.А. Пищулина мен И.В. Ерофееваны атайды [7, 124 б.].

Зерттеуші Ж. Тулибаева докторлық диссертациясында XIII-XIX ғасырлардағы Қазақстан тарихына қатысты парсы тіліндегі дереккөздердің зерттелу тарихы, жалпы сипаттамасы және классификациясын революцияға дейінгі, кеңестік және жаңа дәуірдегі еңбектердің хронологиялық тәртібімен зерттеген ғалым. XIII-XIX ғғ. парсы дерек көздеріндегі Қазақстан тарихына қатысты деректерді саралап, жүйелеу және сыни тұрғыдан зерттеу арқылы жаңа материалдарды ғылыми айналымға түсірді. Аталған мәселерді шешу үшін отандық және шет елдердегі тарихнама мен деректану ғылымының зерттелу дәрежесін анықтай отырып XIII-XIX ғғ. Қазақстан тарихына қатысты мәліметтерді қамтитын жүзге жуық парсы тіліндегі қолжазба деректерді оқып, оларды зерттеді. Жазба деректерге жалпы сипаттама беру арқылы оларды жүйелеудің нақты схемасын жасады. Сонымен қатар, XIII-XIX ғасырлардағы

қазақ тарихына қатысты тың мәліметтерге ғылыми түсініктеме беру аясында ғылыми айналымға енген жаңа деректерді бұрыннан белгілі жазба, фольклорлық, нумизматикалық және басқа да деректерден алынған мәліметтермен салыстыра талдады [8].

Соңғы жылдары көшпелілер қоғамының тарихнамалық қорының едәуір ұлғаюы және тарихи зерттеулердің әдістемелік және әдіснамалық базасының кеңеюі Орталық Азияның ортағасырлардағы халықтарының тарихы мен мәдениетінің әртүрлі аспектілеріне жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді. Осы бағытта жоғары дәрежеде зерттеу жүргізген А.И. Оразбаева көшпелі өркениеттің құндылықтар теориясын, сондай-ақ қазақ мемлекеттілігінің генезисі мен эволюциясы мәселелерін қарастыратын бірнеше еңбектер жазды. «Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты» еңбегінде Қазақ қоғамындағы биліктің ұйымдасу формасын жүйелеп кестеге салып жіктеді. Билік, хандық институт, хан кеңесі, құрылтай халық жиыны арқылы жүзеге асатын көшпелі халықтың өзіндік бақару формасына назар аударып, қазақ хандарының құқықтары мен қызыметін сараптады. Көшпелілер қоғамының өркениеттілік ерекшелігі Батыс елдеріндегідей жерді өңдеуді жетілдіруде емес, әлеуметтік организмнің айнала табиғи ортаға икемделе білуіне негізделгенін. Сондықтан да көшпелі және отырықшы қоғам арасындағы айырмашылдық екі қоғамның саяси құрылым формасы болып табылады. Отырықшы қоғамда саяси жүйе таптық жіктеліске, ал көшпелі қоғамда әлеуметтік күрделі жіктеліске негізделгенін ажыратып көрсетті [9].

Еуразия даласында мемлекеттілік үлгілері мен билік жүйесінің қалыптасуына қатысты А.И. Оразбаеваның жүргізген зерттеулерінде оның бірнеше гипотезалар мен теориялардан тұратыны анықталды. Зерттеу жұмысына арқау болған өркениеттік көзқарас теориясы негізінде мемлекет пен қоғам арақатынасының маңызды қағидаттарын көрсетіп, әлеуметтік эволюцияның баламалы бір сызықты теориясын қолдана отырып, қазақ мемлекеттілігінің өзіндік моделін жасады. Мемлекеттілік мәселесін қарастырғанда тек әлеуметтік мүдделер мен әрекет етуші күштер тарихы емес, сонымен қатар көшпелі халықтар өркениетінің барлық тарихи тәжірибесін ескеру керектігіне баса назар аударды. Бұл мемлекеттің жүйелеу қағидаларын және мемлекеттік билік пен мораль беделін, құндылықтарын, қалыптасқан дүниетанымын ашып көрсетуге мүмкіндік береді [10].

А.И. Оразбаева көшпелілер өркениетімен мемлекеттілігін зерттеуде олардың ішкі институттарын терең талдау нәтижесінде өзіндік құндылықтарын ашып көрсету арқылы ғана қол жеткізуге болатындығын көрсетті. Әрбір ел, әр халықтың басқа ел немесе басқа халықтардың тарихымен өлшенбейтін және оған ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері болуы қажет. Батыс пен шығыс немесе Азия мен Еуропа халықтарының мәдени, саяси, әлеуметтік мәселелерін қатар қойып зерттеу ол қателік. Отандық ғалымдар ұсынылып отырған «көшпелі өркениет» немесе «Ұлы дала өркениеті» терминдерінің негізінде ежелгі заманнан бері Қазақстан аумағын мекен еткен халықтардың саяси әлеуметтік шаруашылығы мәдени жүйесі дүниетанымдық ерекшелігі жатыр. Сонымен

қатар, көшпелілердің өзіне тән тағы бір ерекшелігі ол көшпелі шаруашылықпен қатар жартылай отырықшы шаруашылықтарының өзара үйлесімділігінде [11].

Зерттеуші А. Оразбаеваның еңбегінде [12] Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясы мен генезисінің теориялық-әдіснамалық мәселелері, ұлттық мемлекеттіліктің саяси-құқықтық, әлеуметтік-мәдени негізін қалыптастырудың себептері қарастырылған. Еңбекте мемлекеттіліктің басты формуласын зерделеуде ескерілуі қажет әлеуметтік-саяси институттардың қызметтік ерекшеліктері мен биліктің генезисі ретінде Еуразия даласындағы ерте көшпелі мемлекеттерден бастап түркілік кезеңдегі қағандардың билігі және Қазақ мемлекетінің нығайған уақытындағы хандардың қабылдаған маңызды мемлекеттік-құқықтық реформаларды жатқызады.

Зерттеуші Е.О. Буланов [13] еңбегінде Ноғай ордасымен Әбілхайыр хандығының этникалық құрамына қатысты шығармалар мен зерттеулерге тарихнамалық зерттеу жүргізді. Қазақ халқының қалыптасуы мен мемлекеттілігінің құрылу аясындағы сабақтастықты және бірнеше теориялық методологиялық аспектілерді талдап, Қазақ мемлекеттілігі қалыптасуының бірнеше принциптерін айқындады.

Л. Жүсіпова еңбегінде XV-XVIII ғғ. Қазақ хандығы тарихын көшпелілердің өзіндік ерекшеліктер тұрғысынан зерделеп, хандар тізімі шежіре мәтіндері арқылы жүйеленіп және оларды жазба деректермен салыстыра отырып қарастырыды. Ауызша тарихи дәстүр мәселесіне қатысты тарихнама желісін үш кезеңге бөліп талдады: бірінші кезең – XV-XVIII ғасырлардағы авторлардың еңбектерін; екінші кезеңде – XIX-XX ғасырдың бірінші ширегіндегі; ал үшінші кезеңде – кеңестік және кеңестік кезеңге дейінгі еңбектерге тарихнамалық талдау жүргізді. Сонымен бірге, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты және Орталық Ғылыми кітапхананың қолжазба қорларындағы деректерді кешенді зерттей келе «қазақтардың төл тарихы болған жоқ, аңыз әңгімелерден құралған мифологиялық шығармалар ғана болды және олар ғылыми дерек бола алмайды» деген жансақ пікірді жоққа шығарды. Көшпелілер мемлекеттілігінің белгілері ауызша тарихта көрініс табатынын дәлелдеген ғылыми зерттеу жұмыс екенін атап айтуға болады [14].

Соңғы жылдардағы ортағасырлардағы түркі халықтарына терең зерттеу жүргізген ресейлік ғалымдардың ішінде Владимир Владимирович Тишин еңбектерін атауға болады. VI-VIII ғғ. «Түркі қағанатының әлеуметтік тарихының тарихнамасы» [15] атты ғылыми кандидаттық диссертациялық зерттеуінде VI-VIII ғғ. Түркі қағанатының әлеуметтік тарихының басым бағыттарын айқындай отырып, жекелеген зерттеу бағыттары арасындағы байланыстар мен сабақтастықты қалыптастырды. Ғылыми жұмысның бірінші тарауда ежелгі түркілердің тарихын зерттеудің бастапқы кезеңін. Екінші тарау кеңестік тарихнамада көшпелілердің саяси әлеуметтік мәселесін. Үшінші тарауда қазіргі таңдағы көшпелілер мәселесінің зерттелуіне тоқталған. Аталған тарауларды жүйелі түрде талдау барысында түркілердің қоғамдық қатынастарын зерттеудің бес кезеңін бөліп көрсетті Бірінші кезең (XVIII ғ. ортасы – XIX ғ. соңы) ежелгі түркілер туралы еңбектермен байланысты немесе

этнографиялық және лингвистикалық деректерге сүйенген көшпелі қоғамдарда болып жатқан процестерге сипаттама беруге алғашқы талпыныстарды көрсететін еңбектерге тоқталады. Екінші кезеңде (XIX ғ. соңы – XX ғ. 20 жж.) көне түркі тілін зерттеудегі табылған еңбектер негізінде жазылған ғалымдардың зерттеулеріне тарихнамалық зерттеу жүргізді. Оған дәлел ретінде ежелгі түркі руникалық жазулары арқылы көшпелі қоғамды зерттеудің базасының кеңеюі әртүрлі зерттеу әдістерінің соқтығысуына әкеледі деп тұжырымдады. Үшінші кезеңге (XX ғ. 30-50-жж.), VI-VIII ғасырлардағы Түрік қағанатының әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-саяси тарихын зерттеу басталғандығын, марксистік әдіснамамен кеңестік ғалымдар әртүрлі материалдарды тарта отырып, көшпелі қоғамдарда, оның ішінде ежелгі түркілерде болып жатқан әлеуметтік жағдайлардың мәнін ашуға әрекеттер жасағандығын зерттеді.

Келесі, төртінші кезеңде (XX ғ. 60-шы – 80-ші жж.) марксистік ғалымдардың әдіснамалық базасының кеңеюіне және Батыс Еуропа ғалымдарының түркі-моңғол халықтарының біртұтас тарихын құруға талпыныстарына байланысты, олар жекелеген кезеңдерді біріктіріп, мүмкіндігінше саяси және тарихи қамтыған, әлеуметтік-экономикалық аспектілер жасалғандығына тоқталды. Яғни, 1950-1980 жылдар аралығындағы деректік қорлардың ұлғаюы, соның арқасында археология мен түркі филологиясындағы ізденістер, ең алдымен, жаңаша пайымдауды қажет ететін қосымша материалдар берді. Онда сонымен қатар, салыстырмалы тарихи және салыстырмалы этнографиялық әдістерді кеңінен қолдану марксистік теорияның дәрменсіздікті анықтауға мүмкіндік бергендігін, көшпелі қоғамдарды зерттеудің жаңа әдіснамасы қажет екендігін көрсетті.

XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап, бесінші кезеңді бастаған кезде, теоретико методологиялық тәсілдер санының артуы көшпелі қоғамдарды, оның ішінде ежелгі түркілерді зерттеуде оң ілгерілеуге ықпал еткен жоқ деп пайымдады. Дегенмен әр түрлі әдіснамалық тәсілдер үшін бірдей дерекқор көшпелі қоғамдардың, соның ішінде ежелгі түркілердің сипаттамалары бойынша әртүрлі тұжырымдар жасауға және оларда болып жатқан процестерді әртүрлі түсіндіруге мүмкіндік бергендігін, бұл өз кезегінде тікелей деректерді қайта зерттей отырып көшпелілер қоғамы жайлы жазылған алғашқы еңбектерге қайта оралу қажеттілігін көрсетеді деп қортындылады.

Отандық зерттеуші С.А. Ярыгинның зерттеу жұмысында көшпелі қоғамдағы билік жүйесі, билік символдары мен мемлекеттік билік құрлымына қатысты ой-тұжырымдарға тарихнамалық талдау жүргізген. Зерттеуші ортағасырлық жазба деректердегі билікке қатысты мәліметтерді сараптап, шежірелік деректермен ұштастыра отырып талдау жасайды. Зерттеу жұмысының тарихнамалық бөлімінің хронологиялық диапазоны ортағасырлардан бастап қазіргі таңға дейінгі кең ауқымды кезеңді қамтуымен де ерекшеленеді деп айтуға болады. Автор көшпелілердегі билік жүйесі, оның ішінде билік символдарына қатысты зерттеуінде археологиялық деректерді де кеңінен қамтығаны байқалады. Бұл оның зерттеу нысаны ретінде ерте

көшпелілер дәуірі мен ерте ортағасырлардағы түркі дәуірі тайпаларының қоғамын салыстыра зерттеуімен байланысты екені анық. Жалпы, С.А. Ярыгиннің зерттеу жұмысында билік құрылымының әлеуметтік сипатына қарағанда, атрибуттық бейнесі, билеуші титулдары мен таңбаларына көбірек талдау жүргізгенін байқаймыз [16].

3. Майданали «Еуразия көшпелі империялары» атты еңбегінде Еуразия жеріндегі халықтардың өмір сүру тарихы әлемдік тарихта ауқымды және актуалды тақырыптар қатарында екенін көрсетті. Тарихи мұраны зерттеу қазіргі қоғам өмірімен тығыз байланысты. Сол себепті көшпелі мемлекеттердің мемлекеттік басқару жүйесін, «көшпелі империя» деңгейіне жету мәселелері ерекше маңызды болып табылады. Аталмыш мәселеде, бірнеше концепциялар болғанымен, көшпелі мемлекеттердің қалыптасу идеологиясы актуалды тақырыптар қатарында қалып отыр. Зерттеуші өз еңбегінде көшпелі мемлекеттіліктің қалыптасу ерекшеліктері және формаларын қамтыған. Сонымен қатар, көшпелі мемлекеттердегі этностардың қарым – қатынасы, олардың бір – біріне ықпалы, мемлекеттік құрылымдары, саяси институттары мәселелері ерекше назар аударған қарастырылған [17].

Көшпелілер мәселесі, оның ішінде дәстүрлі шаруашылық жүйесі жаңа дәуірдегі қазақ қоғамының мысалында А.А. Иманбекованың еңбегінде тарихнамалық тұрғыдан жазылған. Автор дәстүрлі қазақ қоғамында шаруашылық жүйесі мен жалпы номадизм мәселесіне қатысты отандық және шет елдік зерттеушілердің еңбектеріне теориялық тұрғыдан салыстырмалы талдау жүргізіп, хронологиялық кезеңін үшке бөліп қарастырады: төңкеріске дейінгі, кеңестік кезең және соңғы зерттеулер. А.А. Иманбекова аталған үш кезеңдегі зерттеулерді талдау келе, зерттеушілердің басым бөлігінің қазақ қоғамындағы көшпелілік мәселесін бұрыс көзқараста жазғанына тоқталады, әрі оның басты себебін халықты мәжбүрлеп отырықшылыққа ауыстыру саясатымен байланыстырады [18].

Көшпелі қоғамдағы билік жүйесінің зерттелу тарихына қысқаша тоқтала отырып, көшпелілердегі саяси ұйымдасу мен жоғары биліктің құрылымына қатысты зерттеулерді саралауда қарама-қарсы пікірлердің бар екендігі анықталды. Кейінгі кездері, отандық зерттеушілер Қазақстан территориясына қатысты көшпелілер қоғамындағы жоғары биліктің қалыптасуы мен тарихи сабақтастығын көрсете отырып, ондағы (жоғары биліктегі – А.Т.) өзгерістер мен кейінгі толықтырулардың Орта Азиядағы басқа да көшпелі халықтардың тарихындағы өзіндік рөлінің көп жағдайда толық бағалана бермейтінін атап көрсетуде. Соңғы уақыттарда Қазақстанның мемлекет болып қалыптасуы жөнінде айтылып жүрген «келеңсіз пікірлер» болашақта тәуелсіздігіміздің іргесіне сызат түсірмес үшін, Қазақ мемлекеттілігінің көне дәуірден бастап қалыптасып, жоғары саяси биліктің ғасырлар бойы жүріп өткен түрлі даму кезеңдері бойынша зерттеу тақырыптың маңыздылығын аша түспек. Көшпелілер қоғамындағы жоғары билікке қатысты еңбектердің тарихнамалық негіздерін саралай отырып, оның келешекте зерттеуге тиіс бағыттарына назар аударуға тиіспіз.

Зерттеу нысаны ретінде Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлық қоғамындағы билік жүйесінің тарихнамасы және методологиялық мәселесі алынып отыр.

Зерттеу пәні. Көшпелі қоғамдағы саяси билік жүйесін зерттеген ғалымдардың еңбектеріне тарихнамалық талдау жасау болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлық қоғамындағы билік жүйесіне байланысты тарихнамалық зерттеулердің кезеңдері, мазмұны және тарихи көзқарастар эволюциясының бағыттары, жетістіктері мен кемшіліктерін анықтау негізінде зерттеу тақырыбының болашағын айқындау.

Анықталған мақсатқа сай төмендегідей **міндетті** шешу көзделеді:

– Ежелгі және ортағасырлардағы көшпелілер қоғамындағы билік мәселесін қарастырған зерттеушілердің әр кезеңдегі ғылыми көзқарастарының ерекшеліктері, теориялық-методологиялық тұжырымдардың динамикасы мен бағыттарын анықтау және сараптама жасау;

– Көшпелілер қоғамындағы саяси билікке қатысты көп векторлы теориялық-методологиялық тұжырымдарды талдау арқылы көшпелілер қоғамындағы мемлекеттілігі, саяси билік және билеуші бейнесі мәселесінің шет елдік және отандық тарихнамада пайымдалуын қарастыру;

– Көшпелілер қоғамындағы биліктің киелілігіне (сакральдылығы) қатысты зерттеулердің тұжырымдарын талдау арқылы, көшпелілер қоғамы ұйымдасуының өзіндік ерекшеліктерін айқындау;

– Көшпелілер қоғамының саяси ұйымдасуының ерекшеліктерін зерттеуде басым бағыттардың бірі болып табылатын көсемдік теориясына қатысты тұжырымдарды қазіргі таңдағы жинақталған тарихи, соның ішінде археологиялық және ауызша деректердің мәліметтерімен салыстырмалы түрде талдау;

– Көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану мен билік құқығының тарихи сабақтастығы мәселесінің зерттелуін анықтау;

– Көшпелілер қоғамындағы билік символдары мен атрибуттарының зерттелу деңгейін, бағыттарын, нәтижелерін көрсету.

Зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері. Диссертациялық жұмыс көшпелілердің ортағасырлық қоғамындағы билік жүйесі туралы жазылған отандық және шет елдік зерттеулерді тарихнамалық тұрғыдан талдауға арналған. Көшпелілер қоғамындағы билік жүйесімен байланысты мәселелер ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеле бастады. Нақтырақ айтқанда, осы кезеңнен бастап көшпелілердің саяси ұйымдасуы, орталық жоғары билік пен мемлекеттілік туралы тарихнамалық ой мен ұғымдар ғылыми айналымға енді. Осыған байланысты, зерттеу жұмысының хронологиялық шеңбері ретінде ХІХ ғасырдың екінші жартысынан қазіргі кезеңге дейінгі еңбектерді қамтиды.

Зерттеу жұмысының теориялық-методологиялық (әдіснамалық) негізі. Тарихнамалық зерттеулердің жалпы методологиясы мен әдістеріне сүйенеді. Сондықтан, диссертациялық тақырыбымыздың зерттеу ерекшелігіне сәйкес, ең алдымен «салыстырмалы-тарихи» әдісті басшылыққа ала отырып,

көшпелілер қоғамындағы билік жүйесіне қатысты зерттеулерді кешенді түрде әрі оның көшпелілер қоғамындағы мемлекеттік мәселесіне қатысты теориялық-методологиялық ұстанымдар эволюциясымен салыстырмалы түрде көрсетуге мүмкіндік береді.

Зерттеу барысында көшпелілер қоғамындағы билікті мұралану, билік құқығы және символдары мен атрибуттары мәселелері талдағанда «нақты талдау» әдісі негізге алынды.

Мәліметтерді жүйелеу, салыстырмалы талдау, пікірлер мен ой қорытындыларды топтастыру, көшпелілердегі сакральдылық ұғымының пайда болуындағы белгілі себептерді айқындауға, тақырыпты кеңейтуде бұрын зерттелмеген мәселелерді шығаруға, жаңа идеяларды, пайымдауларды, қорытындыларды талдауға қажетті алғышарттарды іздеуде «нақтыландыру» әдістері қолданылды.

Зерттеу барысында «логикалық талдау» басшылыққа алынып, жалпы көшпелілер қоғамындағы билік жүйесінің мәселелеріне қатысты методологиялық ұстанымдар мен тарихнамалық концепциялардың дамуы мен тұжырымдарын анықтауда бірден бір жетекші әдіс ретінде қолданылды. Сондай-ақ зерттеу барысында синтез, логикалық позитивизм, хронологиялық баяндау, кең тақырыпты бірнеше ұсақ мәселелерге бөлу арқылы көрсетуге мүмкіндік беретін «проблемалық-мерзімдемелік және жүйелілік» әдістері қолданылды.

Зерттеу жұмысында, тақырыптың ішкі мазмұндарын ашу мақсатында, бірқатар зерттеушілердің ой-тұжырымдары мен ғылыми пікірлерін қазіргі уақыттан өткен уақытқа қарай жүруін зерделеу мәселесі жүзеге асырылды. Осы мақсатта ішінара «ретроспективті зерттеу» әдісі де қолданылды.

Зерттеу жұмысы Қазақстан тарихындағы өзекті мәселенің бірі болуымен қатар, мемлекеттік саяси билікке, идеологияға және қоғам дамуындағы сұраныстарға тығыз байланысты болғандықтан зерттеу барысында тарихнамалық зерттеулерде кеңінен қолданылатын «тарихнамалық жүйелеу» әдісі басшылыққа алынды.

Зерттеудің деректік негізі. Диссертациялық жұмыстың деректік негізін көшпелілердің ортағасырлық қоғамындағы билік жүйесі туралы жазылған еңбектердің хронологиялық ерекшеліктеріне сай екіге бөлуге болады.

Бірінші, көшпелілер қоғамындағы билік жүйесіне тарихи зерттеу жүргізген тарихнамалық деректер. Тарихнамалық деректер хронологиялық кезеңдерге сай төрт топқа бөлініп қарастырылады.

– бірінші, XIX ғасырдың ортасы және XX ғасырдың басындағы зерттеулер;

– екінші, XX ғасырдың бірінші жартысына дейінгі кезеңді қамтитын зерттеулер;

– үшінші, XX ғасырдың 60-90-жылдарындағы зерттеулер;

– төртінші, XX ғасырдың 90-шы жылдарынан қазіргі уақытқа дейінгі зерттеулерді қамтиды.

Екінші, көшпелілердегі билік жүйесі мен билеуші бейнесі және билік атрибуттары туралы жазылған тарихи деректер.

Тарихнамалық деректердің бірінші тобында ортағасырлардағы көшпелілер қоғамындағы саяси билік жүйесі мен саяси ұйымдасуы және мемлекеттілік мәселелерін зерттеген Н.Я. Бичурин, В.В. Радлов, Ш.Ш. Уәлиханов, В.В. Вельяминов-Зернов, Н.А. Аристовтың жазбалары мен В.В. Бартольд, С.П. Толстов, Л.Н. Гумилев және тағы басқалардың еңбектері негізге алынады. Аталған авторлар Қытай, Сібір, Орта Азияның әртүрлі аймақтарында жүргізген тарихи, географиялық және археологиялық зерттеулерінің нәтижелеріне байланысты қойылып, тарихнамалық тұрғыдан ғылыми пікірлердің қалыптасуының көш басында тұрды.

Көшпелілер қоғамындағы орталықтанған билік құрылымы мен нақты билеушілері туралы деректер зерттеушілер назарын ХІХ ғасырдың ортасынан бастап аударып бастағанын байқаймыз. Ш.Ш. Уәлиханов [19, с. 163-172], А.И. Левшин [20, с. 127], В.В. Вельяминов-Зернов [21, с. 402; 408-409; 429], Н.Я. Бичуриннің [22, с. 233] еңбектерінде көшпелілер қоғамында саяси биліктің ұйымдастырылуы, билік жүйесіндегі бірқатар ерекшеліктер және билік құрылымының қалыптасу мәселелері, сонымен қатар билеушіні ұлықтау рәсімдері және т.б. мәселелер бірінші болып көтерілді. Аталған зерттеушілерден басқа С.М. Соловьев [23, с. 56-57], Н.М. Карамзиннің [24, с. 480-482] еңбектерінде де ортағасырлардағы көшпелі қоғамның саяси билік жүйесі қарастырылғанымен, терең талдауға түспеді. Аталған авторлар өз зерттеулерінде тарихнамалық шолулар жасамағанымен, көптеген жазба деректер, этнографиялық және фольклорлық деректерді қолдануымен ерекшеленеді.

ХІХ ғасырдың соңында, көшпелі қоғамдағы саяси билік жүйесі түрколог, археолог, шығыстанушы ғалымдар тарапынан зерттеу нысанына айнала бастаған. Мәселен, көшпелі қоғамның саяси ұйымдасуы экзогенді (сыртқы) факторлармен байланысты деген пікір В.В. Радловтың зерттеулерінде [25, с. 249-250], Қидан мемлекетіндегі барлық рулар бір билеушінің қол астында ұйымдасқан деген тұжырымдар В.П. Васильевтің зерттеуінде [26, с. 177-223], рубасылардың жеке мінез-құлқы халықты біріктірудің негізгі факторы болады деген пікірлер Н.А. Аристовтың зерттеулерінде көрініс тапты [27, с. 283-284].

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы еуропалық тарихшы, этнограф, әлеуметтанушы, саясаттанушылардың еңбектерінде, көшпелі қоғамдағы мемлекеттің қалыптасуы, жоғарғы билік мәселесі «басқыншылық» немесе «зорлық-зомбылық» негізде жүзеге асты деген пікірлер басым болып келді. Көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымының қалыптасу генезистерін алғаш зерттеген Ф. Ратцель [28], Л. Гумплович [29], Ф. Оппенгеймер [30], К. Каутский [31], Е. Дюрингті [32], Н.И. Матузов, А.В. Малько [33] секілді зерттеушілердің пікірлері де осы «басқыншылық» теориясымен байланысады. Көшпелі халықтарды айналасындағы көршілерін жер, салық төлету және т.б. саяси-экономикалық мақсатта «жаулап алады»

деген ұғымдағы бұл теория, осы бағыттағы зерттеулерді жақтаушылар үшін «басты сүйенетін тұжырым» болды.

XX ғасырдың бірінші жартысына дейінгі көшпелі қоғамын зерттеушілер тарихнамалық деректердің екінші тобын құрайды. Бұл кезеңде көшпелілер тақыбырында көбіне саясигенезис мәселелеріне назар аудара бастаған. Бұл кезеңде көшпелі қоғамды зерттеуде «таптық» көзқараста зерттеулер сипат ала бастаған. Мәселен, К.М. Тахтаревтің зерттеулерінде көшпелілердің аймақтық масштабты саяси бірігуі мен күрделі әлеуметтік дифференциясы мәселелері қарастырылады [34, с. 118, 354-355]. Б.А. Куфтиннің рулық-тайпалық жүйеге назар аударған зерттеуінің басым бағыты экономикалық даму үдерісіндегі элементтерге негізделеді [35].

В.В. Радлов, тарихи-лингвистикалық ізденістері нәтижесінде түркітанудың тұтастай жаңа бағыттарын анықтап берді. Ол өзінің зерттеулерінде ру-тайпалық құрам, тұрмыс, шаруашылық, отбасылық, діни және сенім-наным бойынша құнды мәліметтер жинақтады. [25, с. 345].

Көшпелілердің тұрмыстық жағдайы мен дүниетанымдары туралы С.И. Руденконың зерттеулерінен [36, с. 7-32], бурят халықтарының территориялық орналасу ерекшеліктері мен рулық қарым-қатынасы туралы Б.Э. Петридің зерттеулерін [37, с. 98-126], көшпелілердегі рулық құрылымның өндірістік күшке негізделіп, көсемдік биліктің дамуына алып келеді деген тұжырымдар С.А. Семенов-Зусер еңбектерінде көрініс тапты [38, с. 21-22].

Зерттеуші М.И. Ростовцевтің скиф тайпаларының қоғамдық құрылысы мен даму деңгейіне арналған еңбегінде [39, с. 64] олардың ұйымдасуы «әскери демократияға, яғни әскери ақсүйектердің ұйымдасуына байланысты» деп көрсетеді. М.И. Ростовцевтен кейін скифтердің қоғамдық құрылымындағы билік жүйесі туралы ойды Ю.В. Готье де жазады [40, с. 247]. Көшпелі қоғамдағы құлдық құрылымның болғаны, оның билікпен байланысы туралы және ерте көшпелілердің хронологиялық ауқымын кезеңдестіру кезінде, ішкі әлеуметтік жүйесі туралы зерттеулерді А.П. Чулошников [41, с. 15.], Н.Я. Марр [42, с. 299-310.] секілді ғалымдардың еңбектерінен кездестіреміз.

Жоғарыда аталған авторлардың зерттеулеріне талдау жүргізе келе, келесідей қорытынды жасауға болады. XX ғасырдың 20-жылдарындағы көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымына қатысты әлеуметтік зерттеулер методологиясында эволюционизм мәселесі белгілі бір сұрақтарға толыққанды жауап бере алғанымен, көшпелі халықтардың ішкі саяси құрылымының өзіндік даму ерекшеліктері турасындағы мәселелерде кемшілігін көрсетеді. Дегенмен бұл теорияның 1920-жылдардағы археолог, этнограф және тарихшылар арасында кең қолданысқа ие болғанын атап айту маңызды.

Өкінішке орай тәжірибе жүзінде жоғарыда аталған кейбір теориялық тұжырымдарды қолдану ақылға сыймайтын қорытындыларға алып келді. Л.С. Клейн «эволюционистік теорияның» ықпалындағы зерттеулерде келтірілген ғылыми қорытындылардың «әлсіз тұстары» бар дей отырып, «егжей-тегжейлі талдау, нақтылау, материалдар негізінде ғылыми

тұжырымдарды күшейту» секілді мәселелердің жетіспейтінін айтады [43, с. 18-19].

Көшпелілердегі мемлекеттілік пен билік жүйесін эволюционистік теорияның ықпалында зерттеген ғалымдардың қатарында В.В. Бартольдтың еңбектеріне [44, с. 23; 45, с. 21-88; 46, с. 195-229; 47, с. 468-472; 48, с. 199-467] жеке тоқталуға болады. В.В. Бартольдтың пікірінше жаулаушылық жорықтар мен онымен байланысты әскери олжалар хандық билік пен халық арасындағы жағдайды реттеуші бірден-бір құрал болған [44, с. 23]. В.В. Бартольд «мемлекетті құрудағы кездейсоқ бір жағдай кедейлер мен байлар, бектер мен карапайым халық арасындағы әлеуметтік күреске алып келеді» деген пікірді қолдайды [44, с. 23]. Ғалым өзінің бірқатар зерттеулерінде В.В. Радловтың пікіріне қолдау білдіреді. Ол көшпелілерде құқықтық әділдік жоқ, барлық билік жаулап немесе тартып алумен көрініс табады деген тұжырымын алға тартады [44, с. 27]. Бірақ кейінірек В.В. Бартольд «рулық теорияға» негізделген В.В. Радловтың даладағы билік құрылымының өзгеріске түсуі немесе ауысуы басқа ру бірлестіктерінің әлсіреуіне байланысты деген тұжырымның әлсіз тұстары бар екендігіне назар аударған. Сонымен қатар, көшпелілер империясы белгілі бір рулық әулетті немесе ханның туыстарын күшейтуге негізделген деген Н.А. Аристовтың тұжырымына [27, с. 283-284] да сын көзбен қарайды.

Көшпелі қоғамдағы билік мәселесіне қатысты зерттеулер М. Тынышбаевтың зерттеулерінде көрініс тапты. Ғалымның еңбегінде көтерілген мәселелердің ішінде бірқатар «билеуші ордалары» болуы мүмкін деген ортағасырлық қалаларға қатысты айтқан тұжырымдары және моңғол империясынан кейінгі қазақ даласындағы биліктің қалыптасу мәселелері қарастырылған [49, с. 76-77]. Сонымен қатар, зерттеуші ХІХ ғасыр мен ХХ ғасырдың басында қазақ жеріне ұйымдастырылған ғылыми экспедициялардың зерттеулерінің қорытындылары туралы тарихнамалық шолулар да жасады [50, с. 138-195].

Алтын Орда және Қазақ хандығының билеушілері туралы мәліметтер Ш. Құдайбердиевтің [51, с. 6-11] еңбектерінде кездеседі. Осы кезеңде бірқатар қазақ билеушілеріне жанама түрде зерттеу жүргізген Ә. Бөкейхановтың да зерттеулерін атауға болады [52, с. 85-87]. Аталған авторлардың жазбаларында кездесетін билеуші бейнесі хронологиялық, генеологиялық және фольклорлық тұрғыдан қарастырылған. Бірақ, тарихнамалық тұрғыдан алғанда, Ш. Құдайбердиев, Ә. Бөкейханов және М. Тынышбаевтың зерттеулері тәуелсіз көзқараста жазылуымен ерекшеленеді.

С.П. Толстовтың құл иеленушілік қарым-қатынас өз кезегінде көшпелі қоғам үшін «экономикалық басымдық» береді деген пікірі [53, с. 173-174] батыстық теоретика ғалымдары тарапынан (К. Каутский, Г. Кунов) қолдау тапқанымен, кеңестік ғылыми ортада біраз сынға ұшыраған. А.Н. Бернштамның өзі «көшпелілердің рулық құрылымына қатысты теориялармен «күресте» біршама ауытқушылықтар бар» деп жазды. Әсіресе, көшпелілердің әлеуметтік құрылымына қатысты теориялық талдаулардағы ауытқушылықтар Н.Н. Козьминнің еңбектерінде ерекше көрініс тапқанын атап айтады [54, с. 86-

115]. 1930 жылдардың аяғында М.П. Грязнов көшпелілер қоғамын ерте және ортағасырлар деп бөліп, екі кезең арасындағы феодалдық қатынастарда сабақтастық орны алады деп жазады [55, с. 399-413].

XX ғасырдың 40-жылдары ғылыми ортада көшпелі қоғамның саяси-экономикалық жағдайы, әлеуметтік жіктеліс мәселелеріне қатысты формациялық теорияларға негізделген зерттеулер А. Якунин, В.И. Шахматов [56, с. 63-94], А. Баймурзин [57, с. 95-107], Б. Жаңбыршинов [58], С. Ильясов [59, с. 131-146] еңбектерінде көрініс табады. Дегенмен, Е.Б. Бекмаханов 1947 жылы жариялаған «Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында» атты монографиясында, жоғарыда аталған бірқатар зерттеушілердің пікірлеріне сын көзбен қараған айтып өтуіміз керек [60, 25-26 бб.].

XX ғасырдың ортасында кеңестік ғалымдар арасында көрші елдердің мал шаруашылығының әдіснамалық және теориялық мәселелерін зерттеу өзекті болды. Олар жинақталған мәліметтер негізінде көшпелілердегі меншік мәселесі, көшпелі шаруашылықтарды жіктеу мәселелеріне назар аударды. Көшпелілердегі меншік қауымдық болғандықтан ол мұрагерлікке берілмеді. Мұндай көзқарасты ғалым С.Е. Толыбеков келесідей мәліметтер келтіру арқылы дәлелдейді: «Қазақ хандығының құрылған кезеңінен бастап XVIII ғасырға дейін қазақтар арасында көшпелі мал шаруашылығының дамуына байланысты жер қауымдық меншік деп танылған және ол мұра болып қалдырылмады. Сонымен қатар, көшпелілер көшіп-қону арқылы ұжымдық түрде пайдаланғандықтан жайылымдардың белгіленген шекарасы болмады» [61, с. 85].

Тарихнамалық деректердің үшінші тобында 1940-1970 жылдары тарих ғылымында, қазақ хандығындағы биліктің қалыптасу ерекшеліктерін, хандардың хронологиялық жүйесін, сонымен қатар ортағасырлық түркі қағанаттарындағы билік құрылымы туралы мәселелер қарастырылған зерттеулер негізге алынады. Аталған мәселелер өз кезегінде С.К. Ибрагимов [62, с. 152-158], Н.Н. Мингулов, В.П. Юдин, К.А. Пищулина [63, с. 44-90], Т.И.Султанов [64, с. 5-29], С.А. Плетнева [65, с. 262-269], Б.Е. Көмековтың [66], Э.А. Масанов [67], және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде қарастырылып, билік құрылымына қатысты мәліметтердің нақты жазба деректер мысалында талдануы, сонымен қатар жаңа палеоәлеуметтік мәліметтер базасының толығымен байланысты, көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымының зерттелу шеңбері артты.

1970-1980 жылдары көшпелілер қоғамы мәселесіндегі зерттеулерде түбегейлі бетбұрыстар анық байқала бастайды. Кеңестік кезеңде ортодоксальды тұжырымдарға сәйкес баға беру мен талдау көпшілік зерттеушілер үшін формациялық теорияның шеңберінде ғана қалып қоймай, одан тысқары ойлау мәселесі көтеріле бастады. XX ғ. аяғынан бастап неоэволюционистік теорияларға негізделген зерттеулерді А.М. Хазанов [68], П.Б. Голден [69, с. 211-213], Н.Н. Крадин [70, с. 101-124], Д.М. Бондаренко, А.В. Коротаевтың [71, с. 9-36] еңбектерінен көреміз.

XX ғасырдың 90-шы жылдарынан бастап неозволюционистік зерттеу әдістерін қолдана отырып жүргізілген зерттеулер тарихнамалық деректердің төртінші тобын құрайды. Мұның нақты мысалы Н.Н. Крадиннің зерттеулерінен анық көрінеді [72, с. 369-396]. Жекелеген билік өкілдерінің антропологиялық, индивидуальды-анатомиялық ерекшеліктері бойынша жүргізілген зерттеулер М.А. Кром [73, с. 28], П. Бурк [74, р. 3-4], Н.Н. Крадин [75, с. 10], А.Я. Гуревич [76, с. 16-29], Т. Парсонс [77, с. 294], Л.Е. Куббель [78, с. 29] еңбектерінде көрініс тапты. Жалпы тарихи-антропология терминінің өзі бірегей емес және барлық зерттеушілер тарапынан қолданысқа ие болмаған. Бұл терминологияның тарихи зерттеулерде бөлек методология ретінде қолданылуына, адамзаттың пайда болуы мен қалыптасуын биологиялық және әлеуметтік ағза негізінде зерттеп жүрген антропологтардың өзі қарсы екендігі байқалады.

Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлық қоғамындағы зерттеушілер, саяси билік жүйесінің типологиясына мән беріп, оның ішкі құрылымдары мен ерекшеліктеріне талдау арқылы, билік жүйесіне қатысты тұжырымдардың жаңа көзқараста қалыптасуына әсер ете бастайды. XX ғасырдың 90-жылдары жарық көрген С.Г. Кляшторный және Т.И. Султановтың еңбегінде ежелгі көшпелілердің саяси билік жүйесіндегі билеушінің міндеттеріне тоқталып, талдау жасайды [79, с. 62]. Т.И. Султанов кейінгі зерттеулерінде қазақ хандығы тұсындағы билеушінің құқықтары мен міндеттерін талдап, жазба деректерге сүйену арқылы, бұрынғы зерттеулеріне біршама толықтырулар енгізгенін көреміз [80, с. 19-85; 81, с. 83]. Б. Кәрібаев өз зерттеулерінде С.Г. Кляшторный көрсеткен ғұн билеушілері және Т.И. Султанов жазған қазақ хандығы билеушілерінің міндеттерінде өзара ұқсастықтардың бар екендігіне назар аударып, Алтын Орда дәуірімен байланыстыру арқылы, өзара салыстырмалы талдау жасап, билеуші құқықтары мен міндеттерінде тарихи сабақтастық сақталғанын атап көрсетеді [82, 140-141 бб.].

К.А. Пищулина қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу үдерістерін зерттеушілердің жасаған тұжырымдарын 4 топқа бөледі [83, с. 227-228]. Сондай-ақ, К.А. Пищулина Ибн Рузбихан келтірген: «билад-и казак» сөзінің мемлекеттің территориялық аумағын білдіретін 4 түрі бар деп көрсетеді [83, с. 72-74]. В.В. Трепалов моңғолдардағы қос билік немесе тел билеуші көрінісінің (соправительство) көшпелі халықтарда да аналогиялық нұсқалары болатынына назар аударып, Орта Азия көшпелілерінде қос биліктің 7 белгісі бар деп тұжырым жасайды [84, с. 95-96]. Қ.З. Өскенбай ортағасырлардағы Ақ Орда мемлекетінің саяси билік жүйесінің қалыптасуын зерттеген шет елдік зерттеушілердің пікірлеріне талдау жасап, саяси биліктің қалыптасуының 4 кезеңін көрсетеді [85, с. 115]. З. Қинаятұлы өз зерттеулерінде «Қазақ даласында сақ дәуірінен бастау алатын мемлекеттіліктің ежелгі дәстүрі жалғасып келеді. Моңғолдар Қазақ даласына түріктік ежелгі мемлекет жүйесінің моңғолдық реформациядан өткен ұлыстық сатысын алып келді» деп дұрыс атап көрсетеді [86, 133-б].

Көшпелілер қоғамындағы билік жүйесі туралы шет елдік зерттеушілердің пікірлері К.У. Торланбаева [87-88], А.И. Оразбаева [10], Т.И. Султанов [81], А.М. Хазанов [68] және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде талданды. Шет елдік зерттеушілер алғаш болып көшпелілер қоғамындағы көсемдік билік мәселесі мен мемлекеттілік, билеушінің сакральды бейнесі және т.б. талдау жүргізіп, аталған мәселелердің негізгі аспектілеріне діни-ғұрыптық, психологиялық және философиялық тұрғыдан мән беруге тырысқан [28-32].

Отандық тарих ғылымында көшпелі қоғамдағы билеуші атрибуттарына қатысты зерттеулер қордаланған. Бірқатар зерттеушілер бір-бірінен тәуелсіз жағдайда билеушінің тағы мен тәжі және мөр жүзіктері туралы зерттеулер жүргізді. Мәселен, Н. Атығаев өз зерттеуінде билік атрибуттарының ішінде мөрге қатысты тек бір ғана зерттеу жұмысы жарияланғанын айтады [89, с. 139]. И.В. Ерофееваның билік атрибуттарына қатысты зерттеулерді тарихнамалық тұрғыдан талдау барысында, көшпелілердегі билік атрибуттарының ортақ синтезін жасауға тырысқанын көреміз [90].

Көшпелі қоғамдағы билік атрибуттарының бірі болып табылатын билеушінің киім үлгісі мәселесі отандық ғылымда көбіне археологтардың зерттеулерінде жиі көрініс тапқан. Оның ішінде Есік алтын адамының киім үлгісінің толық реконструкциясы К.А. Акишевтың зерттеулерінде [91, с. 49], Ә.Т. Төлеубаевтың археологиялық қазба жұмыстары бойынша Шілікті алтын адамының киім үлгілері [92, с. 370-399], Е.С. Виданованың еңбегінде Қатанды жерлеу қорымындағы көсемнің киім үлгілері [93, с. 169-178], З. Самашевтың қазба жұмыстары бойынша Берел қорымындағы көсемнің киім үлгілері [94, с. 133] және т.б. атауға болады. Бұдан бөлек, қазақ даласында соңғы он жыл көлемінде анықталған бірнеше алтын киімді жерлеу қорымдары (Тақсай ханшайымы, Үржар ханшайымы, Елеке сазы қорымындағы алтын адамдар, Тасқопа сармат көсемі) бойынша ежелгі билеушілер, көсемдер мен шамандар (абыз), әйел билеушінің киім үлгілері туралы құнды ақпараттар жинақталғанымен, соңғылары толық ғылыми айналымға енген жоқ.

Көшпелі қоғамдағы билік ордасы туралы мәселе басы ашық күйінде қалып отыр. Әрине, Оңтүстік, Жетісу, Орталық Қазақстаннан ортағасырлармен мерзімделетін ескерткіштер көп анықталғанымен, нақты билік ордасының функциясын атқарды ма? деген сұраққа толыққанды жауап табу қиын. Бұл мәселеге қатысты археологтардың (К.А. Ақышев, К.М. Байпақов, Е.А. Смағұлов, М.К. Хабдуллина және т.б.) еңбектеріне тарихнамалық талдау жасауда байқағанымыз, ортақ тұжырым әлі күнге дейін қалыптаспағаны белгілі болып отыр.

Көшпелі қоғамдағы мемлекеттіліктің, биліктің басты атрибуты болып табылатын тудың (байрақ) генезисі әлі күнге толық шешімін таппаған мәселе. Ортағасырлардағы билеушінің ту ұстағаны туралы жазба деректер өте аз. Қазақ хандарының туы туралы ауызша деректер біршама жинақталғанымен [63, с. 330-331; 95, 103 б.], нақты дәлел ретінде әлсіздігін көрсетеді. Дегенмен, отандық тарих ғылымында, қолда бар деректерге сүйеніп, билік атрибутының

реконструкциясын жасауға тырысқан зерттеулер бар [96, с. 432; 97, с. 18-47; 98, с. 89; 99].

Көшпелілер қоғамындағы саяси билік жүйесі мен мемлекеттілік мәселесі, билік титулдары мен саяси билік жүйесінің қалыптасу үдерістері және жекелеген билеушілерге қатысты соңғы жылдары отандық ғалымдар тарапынан жүргізілген зерттеулер жаңа көзқарастар тұрғысынан қарастырылуымен ерекшеленеді. Б. Кәрібаевтың зерттеулерінде ортағасырлық жазба деректер мен халық ауыз әдебиетінің мәліметтеріне тарихнамалық тұрғыдан талдау жүргізіліп, қазақ хандарының тарихи болмыстарына назар аударылады және тарихи тұлғаларды жаңа көзқарастар тұрғысынан танып білуге ұмтылыс жасалған [82, 152-158 бб.; 128-135 бб.]. Осы бағыттағы ізденістерді Т. Омарбековтың да еңбектерінен көреміз [100]. Ғалым ортағасырлық көшпелі мемлекеттердің территориялық құрылымы мен мемлекеттік жүйесіне қатысты зерттеулері де ерекше назар аудартады.

Көшпелілердің ортағасырлық қоғамындағы биліктің қалыптасуында белгілі тәртіптер мен құқықтық ережелердің тарихи сабақтастығы туралы мәселелер С. Зимановтың зерттеулерінде кеңінен қарастырылды. Бұл туралы Ш.В. Тлепина Қазақстандағы тарихи-құқықтық зерттеулер тарихнамасына жүргізген талдауында С. Зимановтың хандық билік институты мен құқықтық ережелері туралы еліміздегі барлық тарихи-құқықтық бағыттағы зерттеулердің көш басында тұрғанын атап көрсетеді [101, с. 19].

Зерттеу жұмысының деректік негізінің екінші бөлімін яғни, көшпелі қоғамдағы билеуші бейнесі мен саяси билік жүйесі және жекелеген билік символдары туралы жазылған тарихи деректер құрайды. Оның ішінде ежелгі дәуірдегі грек авторлары, қытай саяхатшылары, еуропа жиһанкездері мен түркі-моңғол жазба деректерін атауға болады.

Грек авторы Геродоттың еңбегінде көне дәуірдегі сақ-скиф патшаларының жеке тұлғалық бейнесі жақсы көрініс табады. Оның ішінде билеушінің психологиялық қасиеттерінен бастап, ел басқару, дипломатиялық қарым-қатынас, соғыс тактикасын жүргізу қабілеттері ашылған [102, с. 65]. Мұндай мәліметтер салыстырмалы түрде Арриан [103] жазбаларында да сақталған. Страбонның «География» еңбегіндегі көшпелілердің көрші елдерге жорықтарын сипаттауда «скиф патшасы Мадид» туралы мәліметті кездестіреміз [104, с. 68]. Қытай саяхатшылары Чжан Цзянь және Сыма Цзянь жазбаларында үйсін билеушісі туралы құнды ақпараттар сақталған. Мәселен, Чжань Цзянь: «үйсін гуньмосы сырттан келген қонақтарға жақсы ілтипат көрсетті» және «қытай патшасы У-ди ханшайымды гуньмоға әйелдікке берді», -деп жазады [105]. Осыған ұқсас деректер Сыма Цянның да жазбаларында кездеседі. Сыма Цянның «Тарихи жазбалары» еңбегінде: «Үйсін билеушісі гуньмоны қалай шаньюидің өсіргені, жас баланы қасқырдың емізгені» және т.б. билеуші бейнесін сипаттайтын мәліметтер сақталған [105, с. 205]. Ю.А. Зуевтің «Китайские известия о Суябе» атты мақаласында Сюань Цянның Орта Азияға сапары талданып, сапар барысында түріктердің қағанының жеке мінез-құлқы, киім үлгілері, мініс көліктері, билеушінің ордасы, билеушінің жеке әскері мен

олардың жарақтары туралы нақты деректер көрсетілген [106, с. 87-96]. Еуропа саяхатшылары П. Карпини, Г. Рубрук, И. Шильтбергердің [107; 108; 109; 110, с. 44] жазбаларында моңғол билеушілері, олардың таққа отыру, ұлықтау рәсімдері, елшілермен дипломатиялық қарым-қатынасы жақсы сипатталған. Еуропа саяхатшыларының жазбаларында кездесетін ханды ұлықтау, хан тағы, ханның мінез-құлқы және т.б. байланысты билік элементтер шынайылығымен және кейбір тұстарында «сынау» тұрғысынан жазылуымен ерекшеленеді.

Ортағасырлық жазба деректердің ішінде М. Қашқари, Рашид ад-дин, Ата-Мәлік Жувейнидің жазбаларында түркі тайпаларының билеуші лауазымдары [111, с. 75-86], билеушілердің кейбір лақаб есімдерінің этимологиясы [112, 548 б; 113, р. 5], ортағасырлық көшпелі тайпалардағы биліктің ұйымдастырылуы [54-55; 80-81; 112, с. 3-4; 114], Моңғол империясындағы билік-құқық мәселесі, Шыңғыс хан мен оның ұрпақтарының таққа отыруы [115] мен ханды ұлықтау [116, с. 125, 157] рәсімдері және т.б. мәселелер туралы деректер кездеседі.

Сонымен қатар, Қазақ хандығы тұсындағы билеушілер сипатталған жазба деректер де салыстырмалы түрде қарастырылды. Оның ішінде, «Керей ханның билеуші болып» тағайындалғаны туралы Махмуд ибн Әмір Уәлидің «Бахр әл-Асрар фи манакиб ал-ахиар» шығармасы [63, с. 353], Қадырғали бек Қосымұлының Шежірелер жинағы жазбасы [117, 251 б.], Қазақ хандығының құрылуы мен билеушілері туралы құнды мәлімет көзі болып табылатын М.Х. Дулатидің Тарих-и-Рашиди еңбегі [118, с. 331], жекелеген қазақ хандығының билеушілері туралы Шах Махмуд Шорастың еңбегі [119, с. 160] және т.б. айтуға болады.

Ханды ұлықтаудағы рәсімдердің ХІХ ғасырдағы қазақ даласындағы көріністері туралы А.И. Левшиннің [20, с. 127], Әбілхайыр ханның таққа отыру рәсімдері туралы Д. Гладышевтың [120, с. 12], Әбілхайыр ханның жеке бейнесі мен тұлғалық қасиеттері туралы Д. Кэстлдың [121, с. 24], ханның киім үлгілері туралы А. Янушкевичтің [122, с. 84] жазбалары негізге алынды. Орта Азия хандарының ханды ұлықтау рәсімдері туралы Н.И. Заседателевтің [123, с. 4] және Л.Ф. Баллюзектің қазақ халқындағы ханды ұлықтауға қатысты [124, с. 218] және Хиуа және орыс патшаларының тағын салыстырған В.В. Стасовтың [125, с. 416] атты зерттеу еңбектерін ерекше атауға болады.

Қазақ фольклорында, оның ішінде ақын-жыраулар поэзиясында [126, 56-204 бб.; 127, 109-224 бб.], аңыз-ертегілерде, мақал-мәтел мен жұмбақтарда [128, 147 б.] да дәстүрлі қоғамның билік жүйесі, билеуші бейнесі мен атрибуттары туралы мәліметтер жиі кездеседі. Дегенмен, көпшілігі жалпы сипаттамалық сарында көрініс тапқандықтан, билік атрибутының пішіні, көлемі, түсі және т.б. нақты белгілер туралы мәліметтер өте сирек.

XX ғ.-XXІ ғасырдың басына дейінгі бір ғасырдан астам уақыт аралығында көшпелілер қоғамындағы саяси билік жүйесіне қатысты еңбектердегі тарихнамалық ой-пікірлерден әлі күнге дейін ортақ тұжырым анықталмады. Батыстық және посткеңестік елдердегі зерттеушілер арасында «көшпелі қоғамда тұрақты жоғары билік пен мемлекеттілік болды ма?»-деген сұрақ дискуссиялық тақырып күйінде қалып отыр.

Бүгінде Орта Азияның көшпелілер қоғамында мемлекеттілік пен жоғары билік туралы зерттеулерге тарихнамалық талдау жасау арқылы, басты екі тұжырым қалыптасқанын көруге болады.

Біріншісі, шет елдік зерттеушілер тарапынан айтылған тұжырым: көшпелілер қоғамының кең масштабты саяси бірігуі – күрделі көсемдік басқару немесе ксенократиялық квазимемлекет түрінде көрініс табады.

Екіншісі, отандық зерттеушілер тарапынан айтылған тұжырым: көшпелілер қоғамында ежелгі дәуірден бастап (сақ, ғұн, үйсін) мемлекеттілік пен жоғары билік болған және ортағасырларда тарихи сабақтастыққа ұласқан.

Біз отандық тарихшы, археолог және этнолог ғалымдар мен басқа да фольклорлық деректерге салыстырмалы талдау жасау негізінде, отандық зерттеушілердің тәуелсіздіктен кейінгі жылдары ғылыми айналымға енген тың деректерді қолдануы, жаңа археологиялық ақпараттардың жинақталуына орай, саяси көзқарастардан алшақ, тәуелсіз әрі шынай сипатта жүргізген зерттеулерге сүйеніп жасалған тұжырымын дұрыс деп есептейміз.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. Көшпелілердің ортағасырлық қоғамындағы билік жүйесінің тарихнамасы диссертациялық деңгейде зерттелумен анықталады. Жұмыстың ғылыми жаңалығы ежелгі және ортағасырлардағы көшпелі қоғамдағы билік жүйесінің ерекшеліктері, билеуші бейнесі, билік символдарына қатысты тарихи, археологиялық және фольклорлық (жыр, аңыз-ертегі, мифология) деректердің мәліметтерін салыстармалы түрде пайдалану арқылы зерттеулердегі қалыптасқан тұжырымдар мен пайымдауларға тарихнамалық және методологиялық тұрғыдан талдау жүргізілді. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында:

– Көшпелілер қоғамының саяси ұйымдасуының, соның ішінде жоғарғы биліктің түрі, формасы мен ерекшеліктерін зерттеуге байланысты қалыптасқан түрлі теориялық-методологиялық ұстанымдар мен тұжырамдардың бағыттары жүйеге түсіріліп, тарихи зерттеулердің даму кезеңдері, нәтижелері талданған.

– Ежелгі және ортағасырлардағы көшпелілер қоғамындағы жоғары билік пен мемлекеттілік туралы шет елдік және отандық зерттеушілердің еңбектерінің жетістіктері мен кемшіліктері жаңа көзқараста алғаш рет нақты түйінделген.

– Көшпелілер қоғамындағы биліктің киелілігіне (сакральдылығы) қатысты зерттеулердің тұжырымдары талданып, Орта Азия көшпелілерінің дүниетанымында билік пен билеушіні ұғымы «құт» ұғымымен сабақтасып кеткендігі тұжырымдалды.

– XX ғасырдың екінші жартысынан кейін билік мәселесіне қатысты қалыптаса бастаған мәдени-антропологиялық тұрғылар мен тұжырымдардың ішіндегі басым бағыттардың бірі болып табылатын көсемдік теориясының көшпелілердің қоғамдық-саяси ұйымдасуының, мемлекеттік құрылымының ерекшеліктерін нақты анықтай алмайтындығы көрсетілді.

– Тарихнамалық зерттеулерді салыстырмалы түрде талдау негізінде көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану мен билік құқығының тарихи сабақтастығы айқындалды;

– Көшпелілер қоғамындағы билік символдары мен атрибуттарының зерттелу деңгейін, бағыттарын, нәтижелерін анықтау арқылы көшпелілердің ортағасырлық қоғамындағы саяси билік мәселесін зерттеуге қатысты келешектегі зерттеу нысанына айналатын проблемалары жаңа көзқараспен нақтыланды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

– Тарих ғылымында ортағасырлық көшпелі халықтар «мемлекет» деңгейіне жетпеген, саяси ұйымдасуы «басқыншылыққа» пен «жаулап алуға» негізделген, қатал климаттық жағдайдағы бірігуі акефальды, сегментарлы сипаттан аспаған деген тұжырымдар басым болды. Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттілік және саяси билік мәселесін зерттеудегі қалыптасқан теориялық тұжырымдарға сай берілген жағымсыз баға ұзақ уақыт бойы бұл мәселені тарихи тұрғыдан талдауда үстем болып келді. Дегенмен, уақыт өте, көшпелі халықтардағы билік жүйесі мен мемлекеттілік туралы бұл тұжырымдар отандық тарих ғылымында теориялық-методологиялық ұстанымдардың дамуымен жаңа деңгейге көтеріліп, көшпелілердегі мемлекеттік билік туралы дұрыс көзқарастар қалыптасты.

– Тарих ғылымының дамуы және көшпелілер қоғамындағы билік элементтерін айшықтайтын археологиялық ашылулар кейінгі зерттеулерде бірнеше теориялық-методологиялық ұстанымдардың өмірге келуіне әсер етті. Нәтижесінде көшпелі халықтардың саяси ұйымдасуы мен билік жүйесінің қалыптасуына қатысты кереғар пікірлер де өз маңызын жойды. Бүгінге дейін көшпелілер өркениетіндегі саяси-әлеуметтік құрылым мен мемлекеттілікті зерттеумен байланысты тарихнамада бірнеше теориялар мен тұжырымдар қалыптасты.

– Біз қарастырып отырған мәселеде зерттеушілер көшпелілер қоғамындағы билік жүйесінің өзіндік ерекшеліктері мен тарихи сабақтастығы тұрғысынан қойылып зерттеле бастады. Бірақ, аталған мәселе көбіне отандық тарихшы ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқанымен, шет елдік ғалымдар толық мойындап отыр деп айту қиын.

– Көшпелі қоғамдағы көсемдік теориясының негіздері кеңестік кезеңде көбіне саясигенездік тұжырымдарға сай қарастырылғанымен, отандық зерттеушілер палеоәлеуметтік зерттеу мысалдарында тақырып аясын кеңейтіп, тарихи-антропологиялық методологияның зерттеу кеңістігінде талдауға түсті. Отандық археологтардың материалдары негізінде көсемдік теориясының тарихи сабақтастығы мәселесі жаңа көзқарастар шеңберінде қарастырылады. Тарихнамалық тұрғыдан археологиялық зерттеулерді саралау, өз кезегінде дәстүрлі қоғамдағы билеуші бейнесінің теориялық реконструкциясын жасауға әсер етеді.

– Көшпелілердің дәстүрлі қоғамында билік пен билеушінің сакральды бейнесі көшпелілердің дүниетанымдық құндылықтарымен астасып кеткенін көруге болады. Көшпелілердегі саяси билік құрылымының ұзақ мерзімдік қалыптасу тарихында билеуші билік пен халық арасындағы өзара түсіністік пен құрметтің мәні билеушіге деген сенімнен құралады. Орта Азия көшпелілерінің

дүниетанымында билік пен билеушіні «күт» ұғымымен байланыстырып, елге тыныштық пен молшылық, күт-береке әкелуші деп қабылдаған, әрі халық арасында белгілі бір деңгейде идеологиялық көрініске ие болған. Мұны халық жадында сақталған билеушілерді күт-берекемен байланыстыратын көптеген мақал-мәтелдер растайды.

– Көсемдік теориясындағы аталған ұғымның батыс тарихнамасындағы тұжырымдамасы жалпы көшпелілер, соның ішінде Ұлы Дала өркениетін туындатқан Еуразия көшпелілерінің саяси, әлеуметтік және қоғамдық ұйымдасуының ерекшеліктерін толық ашып көрсете алмайды. Дала тарихын зерттеушілер еңбектеріндегі ерекшелігі ретінде дүниетанымдық түсініктің басымдылығы айшықталады.

– Көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану, хан көтеру дәстүрі және билік құқығына қатысты мәселелер отандық тарихшылардың еңбектерінде хронологиялық сипатта жақсы қарастырылғанымен, ішкі жекелеген элементтеріндегі айырмашылықтары толық ашылмады. Жазба деректердегі билік жүйесіне аталған мәселелерге қатысты зерттеулер тарихшылар тарапынан санаулы зерттеулермен ғана көрініс табады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы жоғары билік пен билеуші бейнесі және билік атрибуттары туралы құнды мәліметтер қазақтың фольклорында қордаланған. Мұндай этнографиялық деректер тарихшыларға дәстүрлі қоғамдағы билік жүйесінің өз бастауларын көне дәуірден алатынын дәлелдейтін маңызды тұжырымдар жасауына ықпал етеді.

Жұмыстың қолданбалық маңызы. Зерттеу жұмысының қолданбалық маңызы Орта Азиядағы көшпелілер қоғамындағы билік жүйесінің теориялық-тұжырымдық және теориялық-методологиялық мәселелерін тарихнамалық тұрғыдан тарихшы және этнологтар ғана емес, аралас ғылым салаларында, оның ішінде археология, әлеуметтану, саясаттану ғылымдарында кең қолданыс табуымен көрінеді. Ғылыми зерттеу жұмысының қорытындылары мен нәтижелерін көшпелілер әлеміндегі билік пен билеуші бейнесіне қатысты тарихнамалық талдаулар жасауда немесе әрі қарай теориялық тұрғыдан салыстырмалы зерттеулер жүргізуде негізгі бағыттаушы нұсқаулық ретінде қолданылу мүмкіндігі зор.

Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қол жеткізген жаңалықтарын ЖОО-да студенттер мен магистранттарға көшпелі қоғамның мемлекеттілігі мәселесіне қатысты дәріс курстарын жасауда, «Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттілік және жоғары билік», «Орта Азия көшпелілерінің ортағасырлық қоғамындағы билік институттары» және т.б. тақырыптар бойынша оқу құралдарын жасауда пайдалануға болады. Дәстүрлі қоғамдағы билеушінің сакральды бейнесі мен көсемдік теориясына және билік атрибуттарына қатысты жүргізілген талдаулар бойынша қалыптасқан тарихи тәжірибелерді бүгінгі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тұғырын жаңғырту үдерістерінде тәжірибелік маңызы бар деп есептейміз.

Зерттеу жұмысының сыннан өтуі. Диссертация жұмысы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасында орындалды. Зерттеу

жұмысының негізгі қорытындылары мен нәтижелері 9 ғылыми мақала негізінде жарық көрді. Олар ҚР БЖҒМ Білім және Ғылым саласындағы бақылау саласындағы комитеті ұсынған басымдарда – 4 мақала; шет елдік халықаралық ғылыми конференцияларда – 1; отандық республикалық және халықаралық конференцияларда – 3; Scopus базасына индекстелетін нөлдік емес импакт-факторы бар журналда – 1.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертация кіріспеден, үш тараудан (әр тарау екі тараушадан), қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 ЕЖЕЛГІ ЖӘНЕ ОРТАҒАСЫРЛАРДАҒЫ КӨШПЕЛІЛЕР ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛІК МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

1.1 XIX ғ. соңы және XX ғ. көшпелілер қоғамының саяси ұйымдасу ерекшеліктерін зерттеу мәселелері

Орталық Азия көшпелілерінің билік жүйесі ежелгі дәуірден ортағасырларға дейінгі тарихи кезеңдерде қалыптасу және даму үдерістерімен қатар, өзіндік ерекшеліктерге орай түрленіп, өзгерістерге түсіп отырғаны белгілі. Көшпелі қоғамдағы билік мәселесі оның құрылымы, саяси ұйымдасуы мен мемлекетті басқарушы тұлғаның қайраткерлігінен көрініс тауып отырды. XIX ғ. бұл өзекті мәселе төңірегінде зерттеушілер арасында қызығушылық қалыптасып, мемлекеттегі билік пен оның құрылымы, билік жүйесіндегі бірқатар ерекшеліктер және билік құрылымының қалыптасу мәселелері Ш.Ш. Уәлихановтың зерттеулерінде, қазақ халқындағы таққа отыру рәсімдері мен оның өзара ұқсастықтары туралы мәліметтерді А.И. Левшиннің еңбегінен кездестіреміз. Ерте және ортағасырлардағы көшпелі қоғамның саяси билігінің қалыптасуы, жеке билеушілердің мемлекетті басқарудағы ерекшеліктері, әкімшілік-саяси ұйымдасуы және т.б. мәселелер Н.Я. Бичуриннің еңбегінде қарастырылған.

XIX ғасырдағы зерттеушілер Н.М. Карамзин, В.В. Вельяминов-Зернов және С.М. Соловьевтың еңбектерінде көшпелі қоғамның билік жүйесі мен саяси ұйымдасуы мәселесі славян халықтары мен көшпелі түркі-моңғол халықтары арасындағы қарым-қатынас, саяси байланыстар тұрғысынан қарастырылып, сипаттамалық деңгейде көрініс тапқан. Аталған зерттеушілер көшпелілердегі билік жүйесі, билеуші бейнесі, билік атрибуттары секілді мәселелерге жеке тоқталмаған. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, көшпелі қоғамдағы билік жүйесін түрколог, археолог, шығыстанушы ғалымдар тарапынан зерттеу нысанына айнала бастады. Мәселен, көшпелілердегі саяси ұйымдасу мен билік жүйесін қалыптасуындағы басты факторлар мен ішкі механизмдерін анықтауға бағытталған зерттеулерді В.В. Радлов, В.П. Васильев, Н.А. Аристов секілді ғалымдардың еңбектерінен байқай аламыз.

XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, XX ғасырдың басына дейінгі зерттеушілердің еңбектерінде көшпелі қоғамның саяси ұйымдасу мәселелері белгілі теориялық-методологиялық шеңберде болды деп айту қиын. Себебі аталған кезеңдегі зерттеушілердің басым бөлігі жалпы ақпараттар жинау және оларды ғылыми айналымға енгізу тұрғысынан жазылғандықтан, билік жүйесіне қатысты жеке талдауларды сирек кездестіреміз. Аталған мәселе көбіне жанама түрде, яғни сипаттамалық деңгейде немесе жеке билеушілер мысалында ғана көрініс беруімен ерекшеленеді. Дегенмен, осы кезеңдегі авторлардың еңбектерінде көшпелі қоғамның саяси ұйымдасуы мен билік жүйесіне қатысты жазған мәліметтері мен кейбір пікірлері кейінгі зерттеушілер үшін нақты дереккөзі болуымен қатар, салыстырмалы түрде дискуссиялы тақырып негізіне айналғанын да атап өту маңызды.

XIX ғасырдың ортасында көшпелі қоғамның саяси ұйымдасуының ерекшеліктері Ш.Ш. Уәлихановтың зерттеулерінде жақсы көрініс тапқан.

Ш.Ш. Уәлихановтың И.Н. Березинге жазған хатында Алтын Орда ханы Тоқтамыстың жарлығында кездесетін билік құрылымына (ұйымдасу ерекшелігі – А.Т.) қатысты жекелеген терминдерге түсіндірме жасайды [19, с. 163-172]. Ш. Уәлиханов өз хатында Алтын Орда жарлықтарында мемлекетті «Ұлық ұлыс» деп атайтынын және атаудың астарында мемлекеттің егемендігі мен саяси ұйымдасуы жатқанын атап көрсетеді [19, с. 166]. Сонымен қатар, Алтын Орда атауы билік жүйесін тікелей көрсететін символ дей отырып, осы атаудың билеушінің «алтын шатыры» немесе «ордасы» деген мағынаға жақын және Ақ Орда, Көк Орда деген сөздерді белгілі аймақ ретінде емес, ханның билік ету орталығы немесе резиденциясы ретінде қаралатынын жазады [19, с. 166]. Ш. Уәлихановтың ортағасырлардағы мемлекеттік ұйымдасудағы атаулардың билеуші ордасымен байланысты деген пікірі бүгінгі таңға дейін зерттеушілер назарын аударып келеді. Мысалы, В.П. Юдиннің зерттеулерінде Ш. Уәлихановтың көшпелілер қоғамындағы билік жүйесіне қатысты көрсеткен нұсқасы салыстырмалы түрде талданып, автор көшпелілердегі «киіз үй», «хан үйі» деген терминдер «орда» ұғымының шығуына әсер етсе, уақыт өте бұл билік ордасы (резиденция) деген мағынаға ауысқан деп жазады [129, с. 106-165].

Профессор З. Қинаятұлы сақтардың билік ордасы туралы: «Ел ордасы үнемі көшіп-қонып отырған. Бірлестік ханы немесе ұлы хан қайсы тайпадан шықса сол тайпаның хан ордасы бас орда саналған» деген пікір айтады. З. Қинаятұлы бұл пікірін жазба деректерге сүйене отырып, салыстырмалы түрде қорытынды жасаған болуы мүмкін. Дегенмен З. Қинаятұлының Қазақстан территориясындағы көшпелі халықтар үшін «көшпелі орда» қолайлы болған деген пікірі ақылға қонымды, әрі тәжірибе жүзінде іске асыру тиімді болғандықтан, бұл пікірмен толықтай келісеміз [86, 126 б.].

Құрбанғали Халид өз еңбегінде көшпелілердегі билік ордасының этимологиясына қатысты зерттеуінде «Орда» сөзінің мағынасы оның «Билеушінің отауы» деген сөз екендігі туралы құнды мәлімет береді [95, 101 б.].

Көшпелілердегі билік жүйесі А.И. Левшиннің еңбегінде «билеушінің таққа отыру» мысалында жазылады. Автор билеушіні таққа отырғызу сәтіндегі ұлықтау рәсімдеріне назар аударып, нақты механизмдерін (ханды ақ киізге отырғызу, ханды мадақтау, киізді бөлісіп алу) көрсеткен [20, с. 126-127]. Дегенмен, А.И. Левшиннің көшпелілердегі билеушіні ұлықтау механизмдерін түсіндіруде бірқатар қарама-қайшы пікірлер бар екендігі байқалады. Мысалы, автор ханды көтерген ақ киізді халықтың бөліп алуын «ханды ұлықтауға қатысқанның белгісі» деп көрсетсе, осы кезеңде жазылған И.Н. Заседателевтің еңбегінде «билеуші елді нашар басқарса, осы киіздей жұлымдалсын» деген сеніммен байланысты деп жазылған [123, с. 8].

Түрік қағанатының саяси ұйымдасуындағы билік институтының элементтері Н.Я. Бичуриннің еңбегінде кездеседі. Ол Түркі қағанатында VI ғасырдың 50-70 жылдары Мұқан қаған кезіндегі билік шендеріне 20 адамның

тағайындалған [130, с. 288],-деген пікірі ортағасырлардағы саяси ұйымдасу кездерін көрсету жағынан маңызды болады.

Н.Я. Бичурин көшпелі қоғамдағы билік жүйесінде сатылы принцип (қағанатты бірнеше аймаққа бөліп, бауырларына басқарту – А.Т.) ұстанғанын жазады. Н.Я. Бичуриннің бұл дерегі бірқатар зерттеушілерді «түрік қағанатының саяси ұйымдасуында «қос билік» орын алуы мүмкін» деген болжам жасауға алып келді [130, с. 130]. Ю.А. Зуев бұл дерекке талдау жасап, түрік қағанатының билік жүйесіндегі «кіші қағандарды» мемлекеттің белгілі бір аймағының басшысы болған деп көрсетеді [131, с. 160]. В.В. Тишин түрік қағанатының саяси ұйымдасуындағы Н.Я. Бичуриннің көрсеткен мәліметін мемлекеттің оң және сол қанаттарын басқарушылар деп түсіндіреді [132, с. 23-26]. Т.С. Жумағанбетов түрік қағанатының билік жүйесіндегі «кіші қаған» ретінде ябғу және шадтардың да аталатынын, Мұқан қағанның кезінде қағанаттың шығыс аймақтарын аталған билік лауазымындағы адамдар басқаратынын жазады [133, с. 14]. С.А. Васютин Түрік қағанатындағы билік жүйесінің қалыптасу және даму ерекшеліктеріне талдау жасап, «жоғарғы билеуші аймақтарды тепе-тең басқаруда кіші қағандарды тағайындап, мемлекеттің территориялық тәуелсіздігін сақтауға тырысқан» деп көрсетеді [2, с. 194]. Н.Я. Бичуриннің еңбегіндегі түрік қағанатының саяси ұйымдасуындағы билік құрылымына қатысты мәліметтерге зерттеушілердің жасаған талдауларына қарап, Түрік қағанатының басқару формасындағы билік элементтері белгілі бір даму эволюциясын бастан өткергенін байқауға болады.

Моңғол империясындағы билік жүйесі туралы жалпы сипаттамалық мәліметтер ХІХ ғасырдағы орыс зерттеушілерінің еңбектерінде кездеседі [23, с. 56-57]. Мысалы, Н.М. Карамзин көшпелі қоғамдағы билік құқығы мен билеушінің таққа отыру мәселелеріне жалпы сипаттама жасаған [24, с. 480-482].

Қасым хандығында Ораз Мұхаммед ханның билікке келуі және «хан сайлау» дәстүрі туралы құнды мәліметтер В.В. Вельяминов-Зерновтың «Исследование о касимовских царях и царевичах» атты еңбегінде сақталған [21, с. 402-429]. Автор ханды ұлықтау дәстүрінің көне моңғолдар кезеңінен бері сақталғанын және ханды ақ киізге көтеріп, ұлықтау рәсімінің Бұхар хандығы, Ноғай Ордасында да кездесетініне мән береді [21, с. 408-409]. В.В. Вельяминов-Зернов Қасым хандығындағы билік жүйесі мен саяси-әкімшілік ұйымдастырылуының генезистеріне нақты тұжырым жасамағанымен, ғалымның еңбегіне жүргізген кейінгі зерттеулер, аталған хандықтағы билік жүйесін посталтынордалық мемлекеттің қалыптасуымен байланыстырғанын көрсетіп отыр [21, с. 135].

ХІХ ғасырдың соңында зерттеушілер арасында көшпелілердегі саяси ұйымдасу мен билік жүйесін қалыптасуындағы басты факторлар мен ішкі механизмдерін анықтауға ұмтылыс байқалады. Аталған мәселенің ілгері жылжуына В.В. Радловтың зерттеулері көп ықпал еткенін атап өту маңызды. В.В. Радловтың пікірінше «көшпелілердегі хандық билік жеке индивидуум негізінде өзінің иелігін қорғауға қауқарсыз болған; билеуші үлкен аумақтың тек

белгілі бір бөлігіне ғана иелік ете алады. Билеушінің өз иелігін кеңейтуге ұмтылысы әрқашан көп адам шығынымен ғана жүзеге асқан... бұл көріністі Шыңғыс ханның ордаларынан байқауға болады» (аударған – А.Т.),-деп жазады [25, с. 249-250]. В.В. Радловтың бұл пікірі көшпелі қоғамның саяси ұйымдасуы экзогенді (сыртқы) факторлармен байланысты деген пікірдің шығуына алып келді. Кейінгі эволюционистік теорияның ықпалындағы зерттеулерде В.В. Радловтың пікірін қолдаушылардың тұжырымдарына С.А. Васютин талдау жүргізіп, соңғыларына бірқатар түзетулер енгізу қажеттігі туындағанын дұрыс атап көрсеткен [25, с. 41].

В.П. Васильев өз еңбегінде Орта Азиядағы көшпелі халықтардың (қидан, моңғол халықтары бойынша – А.Т.) саяси ұйымдасуы мен билік жүйесіне назар аударған. Автор Й.Я. Бичуриннің зерттеулерінде Х ғасырға дейінгі тарихи жағдайлар қамтылып, одан бергі уақыттағы халықтардың саяси жағдайы аз қамтылғанын атап өткен. В.П. Васильевтің еңбегінде қидан және моңғол мемлекеттерінің қалыптасуы, билікті ұйымдастыру мен оның құрылымдық ерекшеліктеріне аса назар аударылып, талданды [26, с. 177-178; 217-218; 220; 223]. Бұл зерттеулерде қарастырылған мәселелер тек тарихи материалдарды жинау, аудару және мәліметтерді таныстыру шеңберінде қалып қояды. Сондықтан да бұл еңбектерде теориялық және әдіснамалық тұжырымдар кездесе бермейді. Оның ішінде, Орта Азия мен Сібір өлкесінде көшпелілердің жерлеу орындарына алғаш археологиялық зерттеулер жүргізу, көне түркі жазба ескерткіштерінде деректерді аудару мысалдарын кездестіреміз.

XIX ғасырдың соңына дейінгі Орта Азия көшпелілері зерттеу нысанында әскери-саяси тарихы тұрғысынан қарастырылып, отырықшы халықтармен байланыста зерттеліп келгенімен, нақты саяси ұйымдасуы мен билік жүйесіне қатысты талдаулар өте сирек кездеседі. Ал, көшпелі қоғамдағы саяси билік пен билік жүйесі арнайы зерттеу тақырыбы ретінде қарастырылған жоқ.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында батыстық әлеуметтанушы, философ, саясаттанушылардың арасында көшпелі мемлекеттердің пайда болуы «басқыншылық», яғни «зорлық-зомбылық» негізінде жүзеге асады деген теория талқылауға тақырыбына айналды. XIX ғасырдағы зерттеушілердің ішінде әлеуметтанушы Фридрих Ратцельдің мемлекеттің, халықтың жалпы адамзаттың жерге деген қатынасына қатысты «Антропогеография» және әлемдегі көптеген мемлекеттер арасында орын алған қақтығыстар мен халықаралық байланыстарды географиялық жағдайлармен түсіндіруге арналған «Саяси география» атты еңбектері жарық көрді. Оның «Саяси география» еңбегінің «Жаулап алу және отарлау» бөлімінде мемлекеттердің өзінің көршілеріне жасаған соғыстарын «қозғалыс» ұғымымен байланыстырып, «... үнемі қозғалысқа қабілетті елдер жаулап алу саясатын «халықтың» сипатта жүргізіп, ресурстық қабілетін кеңейтіп отырады» деген көзқараста болды [28].

Ф. Ратцель мемлекеттің ішкі құрылымның даму заңдылықтарын ескере отырып, жеті заңдылығын көрсетеді: 1) мемлекеттің аумағы мәдениетімен бірге дамиды; 2) мемлекеттің даму барысы үшін идеялар топтамасы, сауда-саттық белгілерінің болуы; 4) елдің шеткі аумағында шекараның болуы; 5) айнала

қоршаған ортаның байлықтарын иеленуі; 6) айналады дамуы төмен елдерді басып алуы; 7) ортақ ұжымдасу көбіне көшпелі қоғамға тән құбылыс [28, с. 285].

Ф.Ратцельдің мемлекеттіліктің пайда болуы мен қалыптасу үдерістеріне қатысты пікірлері саяси биліктің даму заңдылықтарына соншалықты қайшы емес деуге болады. Оның ішінде, көшпелі қоғамдағы мемлекеттіліктің қалыптасуы мен даму мәселесінде ұсынған теориялық тұжырымдарының кейбіреуімен ішінара келісуге де болады.

Ф.Ратцельдің тұжырымдарына жақын пікірлерді Л. Гумпловичтің зерттеулерінен білеміз [29]. Көшпелілердегі мемлекеттік билік жүйесі туралы Л. Гумпловичтің тұжырымдары Ф.Оппенгеймердің еңбегінде қайталанатын. Ратцель, Гумплович және Оппенгеймердің мемлекет бастауын басқыншылық әрекетпен байланыстырған ойлары басқа да зерттеушілердің еңбектерінде байқалады. Бірақ ол пікірлер «басқыншылық» ұғымының синонимдік мәніне негізделген «зорлық-зомбылық» атауымен белгілі. Зорлық-зомбылық ұғымы ғылыми әдебиеттерде екі қырынан көрініс табады: біріншісі, ішкі және екіншісі, сыртқы зорлық-зомбылық теориясы [30]. Сыртқы зорлық-зомбылық ұғымының негізін салушылар – Л. Гумплович және К. Каутский. Бұл аталған теорияның мәні мемлекет пен биліктің пайда болуы «соғыс негізінде қалыптасқан» деген ұғыммен байланысады. Яғни, белгілі бір тайпалық бірлестік екінші тайпалық бірлестікті зорлық-зомбылық көрсету арқылы жаулап алып, саяси бірігу нәтижесінде қалыптасады. Дегенмен бұл тұжырымды жақтаушылар да, даттаушылар да кездеседі. Себебі сыртқы зорлық-зомбылық теориясының құрылымы көптеген мемлекеттердің қалыптасу тарихында кездесетіндіктен, зерттеушілер бұл тұжырымды жеке дара бөліп қарастырмауды ұсынады.

Екінші жағынан алып қарағанда, аталған теория мемлекет пен биліктің пайда болуы зорлық-зомбылық арқылы емес, әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктен туындайтынын алға тартуға болады.

Ішкі зорлық-зомбылық тұжырымының негізін қалаушы – Е. Дюринг болды [32]. Мемлекет пен биліктің қалыптасуын түсіндіруге тырысқан бұл тұжырымның мәніне үңілсек, мемлекет ішінде қоғамның бір тобының екінші тобына қарасы іс-әрекетімен түсіндіріледі. Бұл тұжырымның оң жақтары деп біз кез-келген қоғамда ішкі қарама-қайшылық, күшті топтың әлсізді басқаруға ұмтылуы қалыпты жағдай секілді көрінуімен түсіндіре аламыз.

Байқап отырсақ, мемлекет пен басқару құрылымы, оның ішінде биліктің пайда болуы мен қалыптасуын түсіндіруге тырысқан басқыншылық теориясы қоғамның даму эволюциясына өзінің ішкі құрылымы жағынан жақын келетін секілді. Зорлық-зомбылыққа негізделген басқыншылық теориясын ғылыми ортада қолдайтындардың да көп екендігін ескерсек, аталған тұжырымның әлі күнге дейін тек сипаты ғана өзгеріп, бірақ ішкі мәні сол күйі сақталғанын көруге болады. Мемлекет пен биліктің қалыптасуында көп жағдайда зорлық-зомбылық көрсету іс-әрекеті көрініс табатыны анық. Оның үстіне мемлекет пен ондағы билік құрылымы, оның пайда болуы мен қалыптасуы туралы ортақ

бірегей теорияның болуы мүмкін емес секілді. Бұл қоғамның геосаяси орналасу ландшафтына, табиғи-климаттық ортасына, тарихи қалыптасқан әлеуметтік және ұлттық менталитетіне де байланысты болып келеді. Әрбір мемлекет пен ондағы билік құрылымы өз алдына жеке-дара, өзіндік қалыптасу ерекшеліктерге ие болатыны анық.

XX ғасырдың басындағы көшпелілерге қатысты зерттеулер тайпалық-мүргерлік құрылым, ішкі және тайпа аралық әлеуметтік байланыс, тұрмыстық және мәдени ерекшеліктер аясындағы зерттеулер шеңберінен шығып, жекелеген аспектілердің өзіндік ерекшеліктері тұрғысынан қарала бастады.

Көшпелілер мәселесі жөніндегі зерттеулердің теориялық ұстанымдары эволюционистік мәнге ие болып, эволюционистік ой-пікірлердің басымдығы байқала бастайды. Эволюционистік теорияға негізделген зерттеулер белгілі бір шеңбер аясындағы сұрақтарға сүйенуімен ерекшеленеді. Көшпелілердің саяси-әлеуметтік ұйымы туралы зерттеулерде қоғамдық эволюцияның этаптары туралы мәселелер терең қозғалмады. Көбіне рулық мінез-құлық деңгейін талдап, жалпы көшпелі қоғамның басқа өркениеттерден алшақтап кеткені туралы ой пікірлер орын алады.

Төңкерістен кейінгі кезеңде көшпелі қоғамды зерттеушілер көбіне саясигенезис мәселелеріне назар аудара бастаған. Осыған орай, кең ауқымды әлеуметтік зерттеулер методологиясында эволюционизм теориясы белгілі бір сұрақтарға толыққанды жауап бере алғанымен, көшпелі халықтардың ішкі саяси құрылымының өзіндік даму ерекшеліктері турасындағы мәселелерде кемшілігін көрсетеді. Дегенмен, бұл теорияның 1920 жылдардағы археолог, этнограф және тарихшылар арасында танымалдылыққа ие болғаны анық.

XX ғасырдың басында көшпелілердегі билік мәселесі туралы эволюционистік теориялармен үндесетін зерттеулер қазақ ғалымдары арасында үлкен қызығушылыққа ие болды. 1911 жылы Шәкәрім Құдайбердіұлының Орынбор қаласындағы «Каримов, Хусаинов и К» атты баспаханасынан «Шежіре» атты еңбегі жарық көрді. Автор өз еңбегінде ортағасырлардағы Орта Азияны билеген екі әулеттің билеушілері мен билікке жақын сұлтандарын хронологиялық және генеологиялық құрылымда сипаттап шыққан. Оның ішінде еңбекте Әмір Темір мен Шыңғысхан ұрпақтары негізгі нысанға алынады. Дегенмен билікке қатысты қандай да бір үлкен тұжырым жасалмаған, автордың пайымдаулары көбіне биліктің ауыспалы болып келуі, билікке талас үдерісінің үнемі болғандығы турасында айтылады [51, с. 6-11].

1925 жылы Ташкент қаласында жарық көрген М. Тынышбаевтың еңбегінде Алтын Орда және Қазақ хандығының билеушілері хронологиялық кезеңдерге сәйкес сипатталды. Автор Алтын Ордадағы хандық биліктің әлсіреу, ұсақ бөліктерге бөліну арқылы аймақтық басқару жүйесіне көшу секілді мәселелерге назар аударып, «әлсізді күштінің жаулап алуы дала заңына сай жүргізілді, әрі бұл қалыпты жағдай» деген тұжырым жасаған. Дегенмен М. Тынышбаев өз зерттеулерінде басқыншылық ұғымға жақын Веляминов-Зерновтың пікірлерін қолдамайтынын айтады [51, с. 76-77].

XX ғасырдың 20-жылдары дәстүрлі қоғамдағы билеуші бейнесі туралы

мәліметтер Ә. Бөкейхановтың зерттеулерінде декездеседі. Мәселен, Ә. Бөкейханов 1926 жылы жариялаған «23 жоқтау» мақаласында Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанына талдау жасайды [52, 85-87 бб.]. Ә. Бөкейханов мұнда тарихи талдау жасап, белгілі бір тұжырымдар келтірмегенімен, Нысанбай жыраудың қалдырған мәліметтерінде Кенесары ханның билігіне қатысты құнды мәліметтер кездеседі. Жырда бірнеше рет кездесетін так, ұрандату, соғыс қарулары, хандардың өлімі туралы мәліметтер Қазақ хандығының соңғы жылдарындағы билеуші бейнесін, билік атрибуттарын анықтауға мүмкін береді.

XX ғасырдың басындағы көшпелі қоғамның саяси құрылымы, билік жүйесі және жалпы көшпелі өркениетті зерттеушілер эволюционизмнің классикалық шеңберіне қатаң сәйкестікте жүрмегенімен, жалпы соның арнасынан алыс кеткен жоқ. Сондықтан да эволюционизмнің ықпалы көп жағдайда орташа деңгейде көрініс тауып отырды деуге болады. 1930 жылдардың басында орын алған саяси өзгерістер тарихшылар мен археологтардың алдына көшпелілердің әлеуметтік тарихын басқаша сипатта талдау қажеттігін көрсетті. Мұның негізгі себебі 1930-шы жылдары жаппай жүргізілген қуғын-сүргінмен байланысты болатын. Эволюционистік теорияға негізделген зерттеулер жүргізген ғалымдардан енді коммунистік идеологияны қуаттаған зерттеулер талап етіле бастағанын байқаймыз.

1929 жылы КСРО-да И. Сталиннің билікке келуімен «Академиялық іс» басалып, көшпелі қоғамды зерттеуші ғалымдар зардап шекті. Көшпелі қоғамды зерттеудің палеоәлеуметтік методологияға негізделген еңбектердің қатарына кеңестік археолог, этнографтардың ішінде Б.Н. Граков, С.И. Руденко, С.А. Теплоухов және В.В. Бартольд т.б. болды. Олардың зерттеулерінде эволюциялық теориялар басым болып, көбісі қудалауға ұшырады [134, с. 154].

Көшпелі қоғамдағы билік құрылымына қатысты аталған кезеңдегі көшпелі өркениетті зерттеушілердің бәрін эволюционистік теорияның ықпалында болған деуге болмас. Бұл жерде 1920 жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулердің әлеуметтік аспектілері де көпшілікке аса танымал еместігін ескеру қажет. Осы кезеңдегі археологтардың көпшілігі әлеуметтік түсіндірмелер (интерпретация – Т.А.) мәселесінен қашқақтауға тырысып, көп жағдайда қазба жұмыстары барысында «бай» (патшалық), «кедей» (қатардағы) жерлеу орындарына жүргізілген зерттеу нәтижелерін сипаттаумен шектеліп қала береді.

XX ғасырдың басында кеңестік ғылымның қалыптасып, енді орнығып келе жатқан уақыты болғандықтан, көшпелілерді зерттеушілердің ұстанымдары аздап шашыраңқы болды деуге болады. Әрине эволюционистік теорияның ықпалындағы зерттеулер көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымы турасындағы мәселелердің жекелеген тұстарында жақсы нәтижелерге қол жеткізгенімен, нақты билік мәселесінде терең талдаулар жасалмай, көбіне үстірт баға берумен қарастырылғанын байқаймыз. Мәселен, С.А. Семенов-Зусер, А. Сокольский, К.М. Тахтарев, А.П. Чулошников және басқа да зерттеушілердің пікірінше көшпелілер қоғамында таптық жіктеліс болмағанын

алға тартады. Ал енді В.С. Батраков, М. Буров-Петров, П. Погорельский секілді келесі бір зерттеушілер тобы көшпелілер қоғамындағы таптық жіктелістің болғанын жақтайды. П.И. Кушнер [135] көшпелілердегі «тайпалық мемлекет» феодализмге өтпелі кезеңнің бірі деген теорияны ұсынды. Ю.В. Готье [136] көшпелілер қоғамының табиғи жағдайы сыртқы қарым-қатынас үдерістеріне негізделген деген тұжырымды ұсынды. Отандық зерттеушілер тарапынан дәстүрлі қоғамдағы билеушілерге қатысты зерттеулері көбіне хронологиялық-генеологиялық тұрғыдан сипатталып, билік құрылымының саясигенезис мәселесі, биліктің қалыптасуының алғышарттары, даму ерекшеліктері туралы нәтижелі талдаулар теориялық деңгейде орын алмады.

XX ғасырдың 30-шы жылдардың ортасынан бастап ғылыми ортада белең ала бастаған марксистік идеология бастапқыда ғалымдарды «басымдыққа ие» көзқараста зерттеуге негіздеген десек де болады. Жалпы алғанда ғалымдар арасында көшпелі қоғамның ішкі құрылымын зерттеу үшін, әрі тарихи үдерістерді реттеу мақсатында өзіндік методологиялар қалыптастыруға бейімдеген. Осы жерде назар аударатын мәселе, марксизм идеологиясы негізінде зерттеу жүргізген ғалымдар диалектикалық дамуды, саяси жағдайлардың тарихи сипатталуы, зерттеу бағытында материалистік философияның басшылыққа алынуы және т.б. байланысты тұжырымдары кей тұстарында эволюционистік бағыттағы зерттеулермен ұштасады. Жалпы алғанда аталған теориялық тұжырымның негізіндегі зерттеулерде көшпелілер қоғамындағы билік жүйесі ру-тайпалық туыстық байланыстар негізінде қарастырылды. Ал мемлекеттілік, билік тұтқасын ұстаған билеуші, көсем мәселесі әскери-саяси бағыттағы жетістіктері аясында анықталып отырды.

1935 жылы жарық көрген С.П. Толстовтың [53] еңбегінде көшпелі қоғамдағы құл иелену мен феодалдық ұйымдасу формасының болғаны туралы ойы XX ғасырдың 30-жылдары ғылыми ортада үлкен ойталқыға айналды. Ғалымның басты ұстанымы – көшпелілердің феодализмге өту кезеңі болды. Автор еңбегінде орта ғасырлар кезеңіндегі көшпелілердің феодализмге өту уақытында да оларда құлдық жүйенің белгілі бір уақытқа дейін сақталып қалғандығы айтылған [53, с. 165-199].

Көшпелілердегі мемлекеттік биліктің «жаулап алу» негізінде құрылған деген марксистік теориясын батыстық ғалымдар қолдап, бұл мәселеге материалистік әдістер негізінде тоқталады. Дегенмен олардың ойынша көшпелілер өздігінен мемлекеттілік құрудың басты кедергілерінен толық өте алмаған деген тұжырымға тоқтайды. Мұндай пікірдегі теоретик ғалымдардың қатарынан К. Каутский, Г. Куновты көре аламыз. Жалпы С.П. Толстовтың пікірі ғылыми ортада біраз сынға ұшыраған.

С. Асфендияровтың 1935 жылы жарық көрген «История Казахстана (с древнейших времен)» атты еңбегінде көшпелі қоғамның саси-әлеуметтік құрылымы, мемлекеттіліктің қалыптасуы және аталған мәселелерге қатысты бірқатар сыни көзқарастары кездеседі [137]. Автор еңбегінде: «ерте ортағасырлардағы көшпелі халықтардың саяси ұйымдасуы аса берік болмай, бірін-бірі жиі ауыстырып отыруға тура келді» және «түркі қағанаттарының

әскери-саяси ұйымдасуында арабтардың басқару жүйесі оңтайлы болды» деп тұжырым жасаған. Моңғол империясының билік жүйесіне Шыңғысханның мемлекетті басқару ерекшеліктері мысалында сипаттама жасайды. Сонымен қатар, С. Асфендияров көшпелі қоғамның саяси ұйымдасуындағы рулық-тайпалық бірлестіктердің рөлін зерттеген П. Кушнердің пікіріне «Орта Азияның тарихына ат үсті қараған, Шыңғыс хан құрған империяны «тайпалық мемлекет» ретінде сипаттаған» деп сын айтады [137, с. 49]. Дегенмен, С. Асфендияровтың еңбегіндегі басты тұжырымдар марксистік идеологияға негізделгенін ескеру керек. Бұл пікірімізді автордың көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымын талдауда К.Маркс пен Ф. Энгельстің жазбаларындағы тұжырымдарды басты ұстаным ретінде қарауы дәлелдей алады.

Көшпелі қоғамдағы саяси-әлеуметтік құрылымдар туралы нақты фактілер мен оқиғаларға негізделіп жазылған зерттеу еңбегінің қатарына Б.Я. Владимирцев еңбегін жатқызамыз [138]. Зерттеуші жазба деректерге сүйене отырып, ежелгі заманнан XVII ғасырға дейінгі кезеңдегі моңғол халықтарының тарихи даму сатылары мен көшпелі қоғамдағы таптық және шаруашылық жүйесі сияқты мәселелерге талдау жасайды.

Шығыстанушы А.Н. Бернштам көшпелілердің мемлекеттің құрылымы мен феодалдық қатынастардың орнауы туралы еңбегінде олардың рулық құрылымына қатысты пікірталастарда ауытқушылықтар бар деген пікірде болды [54, с. 86-115]. А.Н. Бернштам Түркі қағанаттарының ішкі саяси қарым-қатынастары туралы бірқатар маңызды мәселелерді көрсеткен. Әсіресе, оның қаған мен ру-тайпалық көсемдердің өзара қарым-қатынасы туралы пікірлері назар аударарлық. Зерттеуші бұл жерде тайпалардың ел аумағына бірігуін интеграциялық методологияға сүйеніп талдауға тырысқан. Бірақ ол бұл жүйені феодалдық иерархия тұрғысынан шешуге тырысқан. Сондықтан бұл үдеріс ғылымда басы ашық мәселе күйінде қалып қойды.

XX ғасырдың 30-жылдарының соңынан бастап, көшпелілердегі мемлекеттік құрылым, билік жүйесінің ерекшеліктері, саяси-әлеуметтік жағдайы туралы зерттеу жұмыстары бірқатар пікірталастар тудырып отырғаны белгілі. Сонымен қатар, көшпелі қоғамның феодалдық сатыларын анықтау мәселесі де дискуссиялы тақырыптың өзегіне айналған.

XX ғасырдың 40-жылдары ғылыми ортада көшпелі қоғамның саяси-экономикалық жағдайы, әлеуметтік жіктеліс мәселелеріне қатысты формациялық теорияларға негізделген бірқатар зерттеулер жарияланды. Оның ішінде, В.И. Шахматов, А. Якунин [56, с. 63-94], А. Баймурзин [57, с. 95-107], Б. Жаңбыршинов [58], С. Ильясов [59, с. 131-146] және т.б. атауға болады. Бірақ, ғалым Е. Бекмаханов жоғарыда аталған бірқатар зерттеушілерге сын көзбен қарай келе, А.Я. Якуниннің 1940 жылы шыққан мақаласындағы Кенесары хан Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісінің сипатына қатысты «дұрыс бағаланбаған» деген пікірін білдіреді [60, 25-26 бб.].

Тарихшы Е. Бекмахановтың еңбегінде дәстүрлі қоғамдағы билік құрылымы туралы арнайы талдау болмағанымен, билік пен халық арасындағы диалог, хандық билікті сақтауға тырысқан ұмтылыстар, азаттық күрес,

хандықты тәуелсіз ету шаралары бағытындағы ғалымның пікірлері біздің зерттеулермен ұштасады. Сонымен қатар, 1943 жылы «Қазақ КСР тарихы» атты ұжымдық еңбектің бір бөлімі ретінде «Кенесары ханның көтерілісі» деген атпен алғаш жарық көрген еңбегінде де, ол Кенесары ханның жеке тұлғалық бейнесіне тоқталып, оның билік қызметіндегі жақсы саясаткер ғана емес, дипломат болғанын атап өтеді [60, 19-23 бб.].

XX ғасырдың 50-70-жылдары көшпелі қоғамның әлеуметтік-саяси жүйесін мәдени шаруашылық жүйесімен байланыстыра талдау, ондағы жер иелену құқықтарының билікпен өзара астасып, байланысатыны туралы мәселелер А.Е. Еренов [139], С.Е. Толыбеков [61], Г.А. Феодоров-Давыдов [140], Б.А. Ахмедов [141] және т.б. зерттеушілердің еңбектерінде қарастырылған. Аталған авторлар негізінен, моңғол шапқыншылығы кезіндегі және XIII-XIV ғғ., XV-XVIII ғғ. және XVII-XIX ғғ. жер иелену құқығы, иелік етудің мұрагерлік жүйесін, ерте феодалдықтан дамыған феодалдыққа өту кезеңдерін, дәстүрлі қоғамның жерді игеру үдерісін талдап, ондағы саяси билікке қатысты жалпылама, деректерді хронологиялық тұрғыда саралаумен шектеледі. Дегенмен хандық билік құрылымына қатысты бірқатар мәліметтерді марксистік идеологиядан алыс деп есептеп, оның ішінде еуропалық зерттеулерге сын көзбен қарағанын байқаймыз. Мұндай мысалдар Г.А. Феодоров-Давыдовтың зерттеулерінде анық көрініс табады.

Аталған кезеңде әлеуметтік зерттеулердің маңызды жағы археологиялық деректер мен жазбаша мәліметтерді талдау негізінде құрылған көшпелілердің әлеуметтік-саяси құрылымын зерттеу болды. Мұндай зерттеулердің күрделілігі объективті және жан-жақты суретті алуға мүмкіндік берді. Орталық Азияның көшпелі қоғамдарының ортағасырлардағы саяси ұйымдасуы мен билік жүйесінің бірқатар элементтері туралы зерттеген С.Г. Кляшторныйдың еңбектерін атап өтпеуге болмайды. Оның түркі қоғамының әлеуметтік құрылымы туралы түсініктерін нақтылау әрекеті біз үшін ерекше қызықты болып табылады [142, с. 30-31]. Ғалымның ежелгі түріктер дүниетанымындағы «жауынгер еркек» жағдайы мен ақыл-ойының сипаттамасы ең сәтті болды деп айта аламыз. Автордың бұл тұжырымдары шежірелік деректер, жартастағы жазулар мен эпостық жырларға жасалған талдау негізінде жасап шығады.

Көшпелілердегі билік институттарының айырмашылықтары тек бұрынғы қарсыластардың белгілі бір тәжірибесіне қарсы тұру және «бас тарту» нәтижесінде ғана қалыптаспайды. Ұқсас жағдайларда және салыстырмалы түрде жанжалсыз ортада бір-бірінен айтарлықтай ерекшеленетін саясаттар пайда болады. Бұл ойымызға Қимақ қағанаты мен қыпшақ бірлестіктерінің саяси ұйымдасу жағдайы дәлел бола алады. Б.Е. Көмековтың араб-парсы жазба деректеріне сүйеніп жүргізген зерттеулері, ортағасырлардағы көшпелі қоғамның билік иерархиясындағы өзгерістерді дұрыс түсінуге ықпал етеді. Қимақ қағанатында IX ғасырдың екінші жартысында үш-төрт деңгейлі иерархия болды, бұл ерте мемлекеттік құрылымдардың қалыптасуының бастапқы кезеңдеріне ықпал ете алады. Билік институттарының

трансформациясы қимақ билеушілерінің: шад-түтүк – байғу (ябғу) – хакан титулының өзгеруін де көрсетеді [66, с. 116].

Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлық қоғамындағы билік жүйесінің тарихнамалық және методологиялық зерттелу мәселесі, XX ғасырдың ортасынан бастап бірнеше жаңа методологиялық бағыттардың аясына жүргізіле бастады. Хронологиялық шегі бойынша оларды ортодоксальды, биоэлеуметтік, неозволюционистік және кросс-мәдени зерттеу методологиясы деп атап көрсетуге болады. Бірақ, ескеретін жағдай, аталған теориялық методологиялар белгілі бір уақыт шеңберіне қатаң бағынышты емес, бір уақытта бірнешеуі қатар қалыптасып, сол құрылымда зерттеулер жүргізілген. Дегенмен уақыт жағынан неозволюционистік және кросс-мәдени методологиялар XX ғасырдың 90-жылдарынан бастап кең қолданысқа ене бастаған. Ал шындығында бұл методологиялар XX ғасырдың 30 жылдарында-ақ пайда болған. Ол кезеңде аталған тәсілдерге зерттеушілер толық назар аудармағандықтан (мүмкін белгілі бір саяси кедергілер де байланысты – А.Т.) қолданылуы төмендеп, бірте-бірте ғылыми ортада жоғалып кетсе, араға уақыт салып, қайта ғылыми айналымға еніп отыр. Мұның нақты дәлелін кросс-мәдени методологияның қолданылуынан анық көруге болады.

Көшпелілердің саяси құрылымы мен билік жүйесін зерттеген отандық зерттеушілердің ішінде марксистік диктаттың аясындағы ортодоксальды теорияға сәйкес зерттеу жүргізіп, көшпелілікті классикалық өркениеттік теориялар шеңберінде түсіндіруге тырысқан ғалымның бірі Л.Н. Гумилев.

Көшпелі қоғамдағы элеуметтік құрылыс, мәдени-шаруашылық жүйеге қатысты теориялық мәселелерді Л.Н. Гумилев өзінің зерттеулерінде жиі көтеріп, бірқатар маңызды тұжырымдарын алға тартады. Бірақ еуропалық кейбір ғалымдардың пікірінше Л.Н. Гумилевтың көшпелілер туралы пікірлері тым қатты идеологиялық негізде, биологиялық детерминизм (биодетерминизм – құбылысқа табиғи биологиялық факторлардың әсері – А.Т.) көп жиі мысал ретінде алынған деген пікірлер бар [143, с. 36-43]. Л.Н. Гумилевтің зерттеулерінде көшпелілердің мәдени-шаруашылық жүйесі, қоғамдық құрылысы туралы мәселелер объективті түрде қарастырылған. Оның ішінде көшпелі қоғамның тұрмыстық құрылымының қалыптасуы, эксплуатация мәселелерін айтуға болады [144, с. 44-52].

1960 жылы Л.Н. Гумилевтың әлемдік тарихта терең із қалдырған ғұндардың қоғамдық құрылысы мен билік жүйесіне қатысты [145] еңбегі жарық көрді. Зерттеуші нақты тарихи деректерге негізделген еңбегінде ғұн билеушісінің тұлғалық беделі мен жеке қасиетіне қатысты ғылыми әрі сыни пікірлерді де келтіреді.

Л.Н. Гумилев еңбегінде ғұндар б.з.д. 209 жылы 24 тайпадан тұратын мемлекет құрды және билеуші «шаньюи» лауазымын иеленеді. Бірақ, зерттеуші билеушінің билікті «шексіз» емес, «жоғары» түрін иеленді деп бағалайды. Осылайша, жоғары билеуші өзінің билігінің шексіз әрі орнықты болуы үшін әскери, дипломатиялық және ғұрыптық қызметті атқаруына сонымен қатар билікті мұрагерлікке қалдыруды да орнықтыруы керек деген пікірді келтіреді

[145, с. 74-75]. Ал ғұн билеушісі Мөденің мемлекетті дамытуда әрі өзгерістер енгізуде оның «реформаларының» маңызды болғандығын анықтап көрсетеді. Осы пікірдің жалғасы ретінде патриалхалдық рулық қатынастардың нәтижесінде пайда болған ғұндарда мемлекеттік ұйымдасу түрінің болғандығын алға тартады [145, с. 78]. Осы жерде зерттеушінің тәсілдерін нақты түсіну үшін, оның ғұндардың саяси құрылымына жүргізген зерттеулеріне назар аударамыз.

Ғұндардың рулық-туыстық қарым-қатынастарына мән берген Л.Н. Гумилев өз кезегінде Мөденің қалыптастырған құрылымы ақсақалдар билігіне яғни «геронтократиялық» билікке негізделген дейді. Бір қызығы зерттеушінің ойынша мемлекеттік басқарудағы ақсақалдар билігі олардың физиологиялық жастарына емес, оның шыққан руына да қатысты болады. Л.Н. Гумилевтың ойынша бұл рулық қарым-қатынас ғұн державасының «рулық байланыстағы империя» екендігін көрсетеді [145, с. 82-83]. Бірақ Л.Н. Гумилевтің бұл пікірін қолдамайтындар да бар. Мәселен, зерттеушінің «Ғұн мемлекетіндегі биліктің туыстық қарым-қатынасқа негізделген» деген пікірін тек «өз пікірі» деп қана қарастырғандардың қатарынан П.К. Дашковский және С.А. Васютинді көруге болады [3, с. 177]. Біздің ойымызша Л.Н. Гумилев өзіне белгілі деректерге сәйкес, ғұндардың билік құрылымындағы рулық тайпалық қарым-қатынастың бар-жоғына назар аударған секілді. Ғалымның ойынша тарихта үлкен державаға айналған әскери ұйымдасқан мемлекеттің ішкі құрылымы рулық туыстық жүйеге негізделген [145, с. 81].

Л.Н. Гумилевтің зерттеулерін талдау барысында байқағанымыз, оның зерттеулерінде стандартқа келмейтін тәсілдер қолданыс тапқан. Ол сол кезеңнің саяси идеологиясына сәйкес болса да, көшпелілердің билігі мен ұйымдасу құрылымы туралы ойлары назар аударуға тұрарлық. Зерттеуші ғұндардың саяси-әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер динамикасын зерттеуде бірқатар парадоксальды пікірлер айтады. Ғалымның зерттеулерінде ғұндардың қоғамдық өміріндегі өзгерістерге олардың қытайлықтарды құлдықта ұстап, жер өңдеу ісін дамытқаны сөз болады [145, с. 147]. Бірқатар зерттеулерінде ғалым ғұндардың қоғамындағы және билік құрылымындағы трансформациялану себептері «рулық жүйенің таралуымен» байланыстырып тұжырымдар жасайды. Мәселен, ғұндардың билігіндегі мұрагерлік әкеден балаға бірден беріле салмайды. Егер, бұл жағдай орын алатын болса, онда мемлекеттің саяси-билігі ыдырап кетуі ықтимал. Л.Н. Гумилевтің айтуынша ғұн қоғамының екі тармақ бойынша эволюциялануына алып келген. Сонымен қатар оңтүстік ғұндардың арасында рулық жүйедегі басқару құрылымы біршама консервативті элементтерге негізделген. Ал солтүстік ғұндардың басында отырған шаньюи өзінің дәстүрлеріне сәйкес жұмыс жасамағаны байқалады. Бұл жағдайды Л.Н. Гумилев солтүстік ғұндарда үлкен «орданың» – әскери демократияның құрылуымен түсіндіреді.

Кеңестік кезеңде ортодоксальды тұжырымдарға сәйкес баға беру мен талдау көптеген зерттеушілер үшін формациялық теорияның шеңберінде ғана қалып қоймай, одан тысқары ойлауға мүмкіндік берді. 1970-1980 жылдары

көшпелілердегі жерге деген жеке меншіктің орнау құқығы туралы абстрактілі пайымдауларға негізделген зерттеулер жасаған – А.М.Хазанов [68] пен Г.Е.Марков [146] болды. Бұл әрине неомарксистік немесе ревизионистік теориялардың жарыққа шығуымен көрініс табады. Мәселен, әртүрлі аймақтағы және қоғамдық бірлестіктердегі формациялық модельдерге негізделген тарихи дамудың ерекшеліктерін анықтауда бірқатар маңызды сұрақтар туындады: мемлекеттілік қалыптасу жолдарының батыс еуропалық баламасы, антикалық ықпалсыз феодалдану, шығыстық «феодализмнің» құрылымы; әлеуметтік генезис пен саясигенезистің қарым-қатынасы және т.б.

XX ғасырдың соңында көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік және әлеуметтік-экономикалық даму жүйесі туралы биоәлеуметтік теорияға негізделген терең зерттеулер Н.Э.Масановтың еңбегінде кездеседі. Автор XVIII ғасыр мен XX ғасырдың басына дейін көшпелі қазақтардың саяси-экономикалық жағдайы, көшіп-қонудың табиғи-экологиялық жағдайымен қатар, ішкі әлеуметтік қарым-қатынас, саяси-әлеуметтік ұйымдасу мәселелеріне талдау жасаған. Оның ішінде материалдық өндірістің жүйелері, көшпелі қоғамның өмір сүретін аймағындағы табиғи-экологиялық жағдайдың дұрыс таңдалуы, көшпелілердің өмір сүретін аймағының типологиялық жіктелісі және көшпеліліктің пайда болу генезисі мен даму эволюциясы [67, с. 42-51]. Қоғамдық өндіріс және адамдардың әлеуметтік өмірінің үдерістері өзара үздіксіз қарым-қатынаста әртүрлі және көпқырлы болатыны белгілі. Бұл жерде ерекше қызығушылық тудыратын мәселе, генеологиялық ұйымдастыру болып табылады. Егер объективті түрде айтатын болсақ, көшпелі қазақ отбасының ішіндегі генеологиялық сегменттері, көбіне уақытша үрдіс болып саналады.

Көшпелі қоғамның саяси генезисін талдау мәселесі 1990-жылдардан 2000-жылдарға дейін неозволюционистік теорияның ықпалында дамып, көшпелілердің әлеуметтік және саяси даму ерекшеліктеріне талдау жасалуымен ерекшеленеді. Бұл зерттеулердің шеңберінде көшпелілердің саяси-әлеуметтік деңгейі, көшпелі қоғамның даму кезеңдері зерттеу нысанына айналып, бірқатар теориялық мәселелер қайта қаралып, ғылыми тұжырымдар жасалды.

С.А. Васютин Орталық Азияның көшпелілер қоғамындағы билік жүйесін зерттеуде «неозволюционистік теорияның» потенциалы әлі де көп екендігіне назар аударады [147, с. 58]. Н.Н. Крадин [148, с. 164-179], Х.Дж.М. Классен [149, с. 6-23], Д.М. Бондаренко [150, с. 198-202] және Л.Е. Гринин, А.В. Коротаев [151, с. 92-123] секілді зерттеушілер көшпелілердегі саяси ұйымдасудың баламалары мен ұқсастықтары туралы тұжырымдарды алға тарта бастады.

Ортағасырлардағы көшпелілер қоғамындағы билік жүйесін теориялық талдау мәселелері зерттеудегі әдіс-тәсілдерді жаңа көзқарастарға және жаңа мазмұнмен толықтыра отырып, зерттеу жүргізіп отырған маманның бұл тақырып шеңберіндегі біліміне және т.б. сыртқы факторларға да тәуелді болып келеді [152, 109 б].

Көшпелілердегі мемлекетті құру түріне байланысты зерттеушілер Д.М. Бондаренко және А.В. Коротаев «гомоархия» терминін ғылымға енгізіп,

көшпелілердегі бірігу процесі табиғи ресурстарды игеру, соғыс, сауда-саттыққа бақылау орнатуға байланысты қажеттіліктен туындайды деген пікірді ұсынады [153, с. 164-183].

Неоэволюционистік теорияның ықпалындағы зерттеулер көшпелілер қоғамындағы саяси ұйымдасу ықпалдастығының бірнеше кезеңдерін анықтауға әсер етті. Оның ішінде алғашқы және екінші тайпалар, қарапайым, күрделі және өте күрделі көсемдік басқару, ерте және дәстүрлі мемлекет. Аталған даму кезеңдеріне әртүрлі аймақ бойынша салыстырмалы түрде жүргізілген тарихи зерттеулер, ұйымдасу түрлерінің сызықты даму кезеңіне жатпайтынын анықтап отыр. Мұны көшпелі қоғамдағы саяси ұйымдасудың аталған кезеңдердің бірқатарын бастан өткермей-ақ, бірігу үдерістерін бастан кешіруімен түсіндіруге болатын секілді.

Н.Н. Крадин және т.б. зерттеушілер Еуразия даласындағы көшпелілер қоғамының саяси-әлеуметтік бірігу үдерістерінің акефальды тайпалардан бастап – өте күрделі көсемдік басқару немесе дәстүрлі мемлекет құру аралығында 5 (б) ұйымдасу типтері бар екенін жазады [70, с. 19-23, 26-27]. Жалпы, Н. Крадиннің Орталық Азиядағы көшпелілердің саяси-әлеуметтік дамуына қатысты тұжырымдары Моңғол империясы, Қарақытайлар мен Хунну империяларын зерттеумен байланысты туындағанын ескеру керек.

Бірқатар посткеңестік елдер, оның ішінде ресейлік ғалымдар мен отандық зерттеушілердің еңбектерінде Н.Н. Крадиннің пікірімен келіспейтін тұжырымдарды байқауға болады. Т.И. Султанов, С.Г. Кляшторный, К.У. Торланбаева, Т.С. Жумағанбетов, А.М. Досымбаева, Д.Г. Савинов, Л.Г. Файзрахманов, П.К. Дашковский, Ю.С. Худяков және т.б. ғалымдардың ойынша, ерте ортағасырларда Түрік қағанаттары мемлекеттілік деңгейіне жетіп, жоғары билік жүйесі қалыптасқан.

С.Г. Кляшторный көшпелілердегі мемлекеттілікті «империялық» құрылымда қарастырып, оның ұйымдасуын әскери, әкімшілік сипатта басқарумен түсіндіреді [154, с. 6]. Зерттеушінің пікірінше саяси ұйымдасудағы жаулап алу жаңа өрістерді іздеуге ғана емес, басқа да мәдени-шаруашылық типтеріне қызығушылықтан да туындайды.

С.Г. Кляшторный Моңғол империясындағы саяси билікті ерекше деп бағалай отырып, оған дейінгі қалыптасқан билік құрылымдарын ерте далалық империялар деп көрсетеді [155, с. 10].

Т.С. Жумағанбетов түрік қағанаттарына қатысты зерттеулерінде ерте ортағасырларда «ерте мемлекеттік» деңгейде болып, әрі қарай билік жүйесінің жетілген түрі қалыптасты деп тұжырым жасайды [156, с. 160-166; 157, с. 154-162; 133, с. 14-19; 158, с. 11-23]. Зерттеуші түрік қағанаттарындағы мемлекеттілік пен жоғары билік генезистерін «қоғамдық биліктің ерте формасы болып табылатын локальды табиғи аймақтағы көшпелі шаруашылықты әскери тұрғыдан қорғайтын және басқаратын мемлекетке дейінгі орган» деп түсіндіреді [158, с. 11, 17-18].

Зерттеуші билік жүйесінің өзіндік ерекшеліктерін ең алдымен өндірістің көшпелілік сипаттағы тәсілімен түсіндіреді, бірақ бұл ретте түркілердің

«барлық мемлекеттерге тән саяси басқарудың жалпы заңдылықтарын» жаңғыртқанын атап көрсетеді [157, с. 14, 155, с. 22].

Жалпы Т.С. Жұмағанбетов түркі қағанаттарындағы мемлекеттің дамуындағы билеушілерінің саяси шешімдеріне оң баға береді. Оның пікірінше, Түркі империясының әкімшілік-аумақтық бөлінісі қағанатты басқару жүйесін «тиімді, тұрақты, ұтқыр етуге және сол арқылы көрші қоғамдарға қатысты әскери-ұйымдастырушылық артықшылық алуға» мүмкіндік берді [157, с. 29-30].

Т.С. Жұмағанбетовтың зерттеулеріне тарихнамалық талдау жасай келе, аталған ғалымның мемлекеттілікті құрайтын басты белгілердің 5 түрін ұсынғанын көреміз: 1) Руна жазулары – мемлекеттік басқару құралы және этностарды басқаруда негізгі идеологиялық күш болды; 2) Тәңір культі – мемлекеттің ресми тұрғыда діни идеологиясы болды (Ашина руынан шыққандардың жоғары билікте болуы); 3) Мемлекеттік құқық – мемлекеттік ұйымдасудағы саяси тұрақтылықты анықтайды; 4) Қазыналық жүйе; 5) Әскер. Зерттеуші түрік қағанатындағы қағанның билігін жеке қарастыра отырып, тең билік (тел билік – соправительство) институтын егжей-тегжейлі зерттеп, қағанаттың орасан зор аумағында және империяның жекелеген бөліктері арасындағы әлсіз қарым-қатынас кезінде билеушіге «қосымша билік күші» қажет болады деп санайды. Ғалымның ойынша «қағанның беделі ең алдымен соғыстағы әскери ерліктерге негізделетіндіктен», сонымен қатар, әскери жорықтарды ұзақ уақыт бойы өзі басқаратындықтан, мемлекеттік басқарудың күнделікті процесінде тең билеуші қажет болады [156, с. 164-165].

Орталық Азиядағы көшпелі халықтардағы мемлекеттілік пен билік жүйесінің болғанын жақтайтын шет елдік зерттеушілердің ішінде А. Ташағыл, Т. Осава, Н. Ширасиді және ортағасырлық көшпелілердегі билік жүйесінің патронимиялық типін көрсеткен В.В. Тишинді, қарақытайлардағы билік жүйесінде әлеуметтік жіктеліс орын алатынын айтқан Е.И. Кычгановты, ортағасырлық көшпелілердегі билеушінің мемлекетті қалыптастырудағы сакральдылығы мәселесін қарастырған П.К. Дашковский және т.б. ғалымдарды айтуға болады. Аталған ғалымдардың барлық көзқарастары белгілі бір деректерге сүйене отырып жасалғандықтан да біздер үшін маңызды тұжырымдар қатарына жатқызуға болады. Зерттеушілердің ішінде түркілік мемлекеттердегі билік жүйесінің дамығандығы және олардың саяси-мәдени қатынастары туралы [159, р. 224] тарихшы А. Ташағылдың; Түркі қағандарының көрші елдермен сыртқы, әскери және сауда байланыстары туралы сипаттай келе, олардың «байлықты иемденуі елдегі жоғары билікті тұрақты сақтау үшін қажеттіліктен туындаған» деген көзқарасты Т. Осаваның [160, р. 364] зерттеулерінен кездестіреміз; Түркі қағанаттарын «архаикалық мемлекет» деген қорытынды жасап, Орта Азия көшпелілерінің саяси құрылымын анықтап берген Н. Шираисидың [161, с. 242, 243, 247] еңбектері; Орта ғасырларда көшпелілер қоғамындағы таптық бөліністердің орын алғандығын Ляо империясының басқару құрылымы негізінде жасап шыққан Е.И. Кычановтың зерттеуінде қидан ақсүйектерінің үлкен байлыққа ие болып,

карапайым халықты ұзақ уақыт басқарғандығын [162, с. 15] зерттеулерінен кездестіреміз.

В.В. Тишин ерте ортағасырлық көшпелілердің билік жүйесіндегі мұрагерлік мәселесіне жеке зерттеу жұмысын жүргізді. Түрік қағанаттарындағы билік мұрагерлігінің нақты мысалдарын зерттеген В.В. Тишин, түркілерде ешқандай «мұрагерлік заңы» жоқ деген қорытындыға келді және қағанды сайлауда үміткердің генеологиялық шығу тегі мен үстемдік етуші әулетке жақындығы және жеке қасиеттері, кей жағдайларда аналық жағынан шығу тегі негізге алынады деп жазды [163, с. 2].

Ерте ортағасырлардағы Орталық Азияның көшпелі халықтарындағы билік пен билеушінің сакрализациясы мәселесі П.К. Дашковскийдің еңбектерінде алғаш рет жеке қарастырылды. Ғалымның пікірінше, билеуші мен оның қызметін халық белгілі бір символдар жүйесі арқылы қабылдаған. Көшбасшының өзі қоғам бірлігінің бейнесі болып табылады. Осыған байланысты көшпелілерде қоғамдық келісімнің бұзылуы билеушінің өлімімен байланысты [164, с. 63].

Орталық Азиядағы көшпелілер қоғамындағы саяси дәстүрлер мен билік жүйесінің сабақтастығы туралы пікірлер В.В. Трепавлов пен С.В. Дмитриевтің еңбектерінде кездесті. В.В. Трепавлов көшпелілердегі билік жүйесінде билеуші мен абыздың ықпалын саяси мысалдармен қатар түркі-моңғол фольклорының негізінде зерттеуімен ерекшеленеді [165]. Ю.С. Худяков Орталық Азиядағы көшпелілердегі мемлекеттіктің қалыптасуын Түрік қағанаттары, Шығыс Түрік қағанатындағы билік жүйесінде бірнеше тайпалардың саяси ұйымдасуымен түсіндіреді [166].

Орта Азиядағы көшпелі халықтардың мемлекет болып бірігуіне Қытай империясының әсерінің болғандығы туралы пікірді жақтаушылар мен оған қатысты сақтықпен қарайтын ғалымдар болды. Бұл пікірді жақтаушылар ішінде К. Чейнз-Данн, Т. Хол, Т. Барфильд және П. Голден болды. К. Чейнз-Данн, Т. Холдың еңбектерінде көшпелілер өздерінің шығыс аумақтағы көршісі Қытай мемлекеті мен өркениетіне ықпал етті деген тұжырымды жақтаса [167, с. 438], П. Голден көшпелілердің мемлекет болып құрылуына Қытай экономикасы түрткі болды [168, с. 109-112] деген пікірді ұсынады. Зерттеуші Т. Барфильд көшпелілердегі билік жүйесіне, яғни «қағанның» билігінің, көшпелі империялардың құлауының бірнеше себептеріне талдау жасайды. Оған: ең алдымен көшпелі империялардың қоғамдық-саяси институттарының күрделенуі; қағанның басқару жүйесіне отырықшы мемлекеттердің элементін енгізуі; ірі көшпелі империялардың дағдарысы саяси, мәдени және әлеуметтік жағынан белгілі бір даму деңгейіне жетуінен деп көрсетеді [169, с. 16-18].

Зерттеуші Д. Синор VI ғасырда Қытай империясының аумағында әлемдік тарих сахнасына этникалық, тілдік және мәдени ерекшеліктері бар түркі тілінде сөйлейтін Түркі империясының пайда болғанын жазады [170, р. 307].

Орта Азия аумағындағы түркілік мемлекеттердің даму динамикасы мен мемлекеттілігінің қалыптасуы процесін зерттеуде дереккөздер кешенінің маңыздылығы ерекше. Бұл деректер кешеніне А. Досымбаева

антропологиялық, ғибадат ескерткіштері, этнографиялық, нумизматикалық деректерді жатқызады және нәтижесінде алынған мәліметтер түркілік мемлекеттердің даму деңгейін Шығыс Еуропа, Орта Азия мен Солтүстік Кавказ кеңістігінде зерделейді [171, с. 17].

К.У. Торланбаева көшпелілер қоғамындағы 630-680 жылдар түркі халықтарының ішкі үдерістерінде ірі өзгерістердің жүзеге асқан жылдары деп көрсетеді. Бір жағынан алғанда, қаған билігінің Бумын қаған кезінен бері ашина тайпасында лигитимділігі, бұл өз кезегінде түркі тайпаларына империя құруға негіз болды [87, с. 159]. Ғалымның ойынша түркі халықтарындағы жоғары биліктің бұл құрылымы Шығыс Түрік қағанатында қалыптасқан. Себебі кейінгі уақыттарда Түргеш қағанатына жасаған жорығында бұрынғы империя аумағын қалпына келтіруді көздеген. Сонымен қатар, жоғарыда аталған шет елдік ғалымдардың түркі тайпаларының, оның ішінде Шығыс Түрік мемлекетінің саяси бірігуінде қытайлық ықпалдастықтың болуы зерттеуші К.У. Торланбаеваның еңбегінде көрініс тапқан [87, с. 160]. Тарихи зерттеулерден байқап отырғанымыздай, көшпелілердегі саяси ұйымдасуға ықпалдастық әсері болған деген пікірді шет елдік зерттеушілердің еңбектерінен байқадық. Сондай-ақ, отандық зерттеушілерде Түрік қағанаттарының ұйымдасуы табиғи-эволюциялық тұрғыдан, этникалық туыс тайпалардың бірігуінен қалыптасқан, көрші елдердегі саяси жағдайлар оларға тек жанама түрде ғана әсер еткен болуы мүмкін деген пайымдауға келеді.

Қорыта айтқанда, бір ғасырдан астам уақыт бойы әртүрлі ғылым салалары тарапынан талқыланған көшпелілердің саяси ұйымдасуы мен билік жүйесіне қатысты бірнеше теориялық-методологиялық пайымдаулар қалыптасқанын көруге болады. Әртүрлі теориялық-методологиялық аспектілерге сәйкес қалыптасқан көзқарастар пен пікірлерге тарихнамалық тұрғыдан талдай отырып, келесідей тұжырымдар жасаймыз.

Бірінші, XIX ғасырдың ортасынан бастап XX ғасырдың бірінші ширегіне дейін көшпелілер қоғамындағы саяси билік жүйесі мен саяси ұйымдасуына қатысты зерттеулер негізінен «эволюционистік теория» ықпалында болды. Бірқатар ресейлік және батыстық ғалымдардың еңбектерінде бұл мәселе «басқыншылық теориясының» ықпалында қарастырылып, зерттеу жұмыстарының бағыты Орталық Азиядағы көшпелілердің саяси жағдайымен танысу, жазба деректерді аудару, руна жазуларын зерттеу секілді мәселелер тұрғысынан зерттеліп, жалпы алғанда көшпелілердің саяси ұйымдасуы жөніндегі мәліметтердің жинақталуымен сипатталады.

Екінші, XX ғасырдың 20-жылдарының ортасынан бастап 1960-жылдарға дейін көшпелілердегі билік жүйесі марксистік теорияның ықпалында қарастырылып, әлеуметтік жүйедегі таптық жіктеліс, құлдық формация мәселелері зерттелді. Осы кезеңде қалыптасқан тұжырымдардың ықпалынан шықпай-ақ, көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік жағдайын жанаша талдауға тырысқан кейбір зерттеулерді тарихшылар «ортодоксальды теорияның» шеңберіне енгізеді.

Үшінші, ХХ ғасырдың 60-80-ші жылдарынан бастап тарихи зерттеулерде жаңа методологиялық әдіс-тәсілдер (биоәлеуметтік теория, тарихи антропологиялық зерттеулер, әлеуметтік-планиграфиялық тәсілдер, неэволюционизм, әлем-жүйе тарихы) ғылыми айналымға еніп, ғалымдар тарапынан көшпелілердегі саяси билік жүйесінің қалыптасуындағы марксистік және ревизионистік тұжырымдарға сын көзбен қарап, көшпелілердегі саяси ұйымдасудың табиғи-климаттық жағдайына, көшпелілердегі билеуші бейнесіне қатысты жаңа пайымдаулар қалыптаса бастады. Аталған ғылыми-теориялық пайымдаулар мен ұстанымдардың бірқатары жаңа зерттеулерге негізделген көзқарастарға байланысты өз құндылығын жоя бастаса, енді бірқатары бүгінде трансформацияланып, ғылыми маңыздылығын сақтап келеді.

Төртінші, 1990-жылдардан бастап бүгінге дейінгі аралықта көшпелілер қоғамындағы саяси билік жүйесін зерттеумен байланысты «көсемдік теориясы» «ерте мемлекеттілік» және «дәстүрлі мемлекеттілік», кросс-мәдени зерттеу әдістері және көшпелілердің саяси-әлеуметтік және саясигенездік құрылымын анықтаумен байланысты көп-векторлы теориялық-методологиялық тұжырымдар қалыптасты.

Зерттеу жұмысы көрсетіп отырғандай, қазіргі таңда зерттеушілер тарапынан көшпелілердің микротарихы, күнделікті тұрмыс-тіршілігі туралы және басқа да постмәдени талдау әдістері қолданысқа еніп отырғанымен, методологиялық аспектілер әлі де болса жетілу үстінде.

1.2 Көшпелілер қоғамындағы саяси билікке қатысты көпвекторлы теориялық-методологиялық тұжырымдар

Көшпелі қоғамдағы саяси-әлеуметтік құрылымының даму ерекшеліктері, ондағы билік жүйесінің қалыптасуы, билеуші образы, көшпелілер саяси билік генезисі мәселелерін зерттеуде жаңаша методологиялық тәсілдерді қолдану қажеттігі уақыт өте келе өзінің маңыздылығын көрсете бастады. Бұл ретте ғылымда қалыптасқан эволюционистік және марксистік көзқарастағы зерттеулердің жетілуі барысында, басқа елдегі зерттеу нәтижелерімен салыстырмалы түрде қарала бастаған методологиялық ұстанымдар да назарға алынып, өмірге неэволюционистік (саясигенездік) әдістерді алып келді. Неэволюционистік теорияларға негізделген зерттеулер өткен ғасырдың аяғынан бастап соңына дейін белсенді жүргізілді. Отандық және посткеңестік елдердің тарихнамасында неэволюционистік тұжырымдардың басымдық танытқан кезеңі коммунистік идеологияның құлдырауынан басталады. Ұзақ жылдар үстемдік еткен марксистік идеологияның негізінде жасалған тұжырымдар мемлекеттіліктің қалыптасуын анықтауда оның кемшіліктерін көрсеткені белгілі. Соңғы уақыттардағы көшпелілердегі мемлекеттік-генезис (саясигенезис) және билік жүйесін зерттеулерде көпвекторлы теориялық-методологиялық тұжырымдар қолданыс тауып келеді. Көпвекторлы теорияның негізгі бағыттары қоғамның саяси-әлеуметтік ұйымдасуының эволюциялық белгілері, билік пен әлеуметтік жүйе трансформациясының әртүрлілігі болып табылады.

Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттік пен саяси-билік мәселесін зерттеуде соңғы жылдары қолданылып келе жатқан теориялық тұжырымдар негізінен көшпелі және отырықшы өркениеттің өзара үндестігі, аридтік аймақтардағы көшпелілердің саяси ұйымдасуы, күрделі саяси-әскери ұйымдасудағы билік жүйесі секілді және т.б. үрдістерді анықтауға бағытталып отыр. Осы аспектілерге байланысты зерттеулерге талдау жасауда, көшпелі қоғамдағы мемлекеттік ұйымдасудың белгілі тұжырымын анықтау мүмкін еместігі байқалады. Дегенмен, көшпелілердің территориялық орналасуы мен табиғи-климаттық жүйеге сай қалыптасқан мәдени-шаруашылық жүйесі мемлекеттік ұйымдасу мен билік жүйесінің ерекше түрін қалыптастыруға бағыттағанын ескеру керек. Себебі, кейбір зерттеушілер, оның ішінде батыстық зерттеулерге сүйенген зерттеулерде, мемлекеттік деген ұғымның астарында билік институтының барлық жүйесі (сатылы иерархиялық құрылым, орталық және аймақтық басқару принциптері, салық жүйесінің болуы, жазу тілі мен мемлекеттік сот ұйымдары және т.б.) қамтылуы керек деген пікір қалыптасқан. Бірқатар зерттеушілер көшпелілердегі мемлекеттік пен билік жүйесінде аталған критерийлердің барлық жағдайда ашық көріне бермеуіне қарап, мемлекеттік билік жүйесі толық құрылымда болмаған деген тұжырымдар жасауға алып келген. Біз бұл жерде көшпелілердегі билік жүйесі күрделі құрылымды және көп қырлы болуына қарап, оған біржақты сипаттама жасау мүмкін еместігін ескеру керекпіз. Осыған байланысты көшпелілер империясындағы билік құрылымының көп құрамды болғаны туралы пікірлер ғылыми айналымға енген.

Көшпелілер қоғамындағы билік құрылымы саяси-потестарлы негізде қалыптасып, басқару институттарына қарай тармақталады және бұл кландық басқару, көсемдік басқару секілді көріністерге сай болады [78, с. 314]. Постдәстүрлі қоғамды сипаттауда «қос саяси мәдениет» тұжырымы жиі қолданыс тауып, ерте көшпелілердегі элиталық топтың шеңберінде мемлекеттік-саяси әрекеттер жүзеге асырылған пікірлер де пайда болды [172, с. 157]. Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттікке дейінгі және ерте мемлекеттік туралы талдауларда, зерттеушілер басқару институттарының ішкі дифференциясы мен саяси іс-әрекетін негізге алады [173, с. 59]. С.В. Васютиннің пікірінше, аталған методологиялық тәсіл көшпелілер қоғамындағы билік жүйесінің типологиясын жасауда маңызды болып табылады [173, с. 314]. С.А. Васютин, В.В. Бобров секілді зерттеушілер көшпелілер қоғамындағы мемлекеттік және саяси билік тұжырымына белгілі мемлекеттер (тайпалар, қағанаттар және т.б.) шеңберінде арнайы талдаулар жүргізіп, саяси билік жүйесінің типологиясын жасауға тырысқан [172, с. 86-98]. Бірақ, аталған ғалымдардың зерттеулеріндегі теориялық-методологиялық мәселелер, кейбір билік элементтерін бір жақты қараумен байланысты қарсы пікірлер де айтылған.

Көшпелілердегі биліктің типологиясына жасауға тырысқан зерттеушілер, билік құрылымының бірнеше модельдерін анықтап көрсетеді. С.А. Васютин көшпелілердегі биліктің жеті моделін ұсынады:

1. Көшпелі суперимпериялар қатаң әскери-саяси құрылымы бар, сондай-ақ, нормалар мен қоғамдық өмірді анықтайтын ерте мемлекеттік құрылымдардың бір түрі ретінде;

2. Көшпелілердегі биліктің басқа этнос өкілдері арқылы басқарылуы (Қырғыз, Ұйғыр қағанаттары);

3. Этникалық тұрғыдан жартылай біртұтас, бірақ өздерінің құрылымы бойынша басқа да көсемдік басқару түрлері секілді ұйымдасудың локальды түрі (Сеянтю қағанаты, Қырым қағанаты, Ноғай Ордасы);

4. Көшпелілердегі отырықшы халықтың үлесі жоғары саяси басқару түрі (Батыс түрік және Хазар қағанаттары);

5. Орталықтанған басқару формасы болмаған, алайда биліктің дәстүрлі түрі сақталған;

6. Бір орталыққа бірікпеген тайпалық бірліктер;

7. Дамыған экономикасы бар орталықтан мемлекет [3, с. 94-96]. С.А. Васютин ұсынған көшпелілердегі басқарудың жеті моделі автордың қолында бар мәліметтер негізінде жасалған тұжырым деп есептейміз. Себебі, әрбір модельге келтірген мысалдары (тайпалар, хандықтар, қағанаттар және т.б.), негізінен орыс зерттеушілері көбірек қарастырған мемлекеттер болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда көрсетілген жеті модельді Орта Азия көшпелілернің басқару формасымен салыстыра қарауда бірқатар сәйкессіздіктер орын алатыны сөзсіз. Бір ғана мысал ретінде, С.А. Васютин келтірген модельдердің 5 түріндегі аморфты басқару жүйесі болды деген пікірін оғыз мемлекетіне де тиесілі деп есептейді. Біздің ойымызша, оғыз мемлекетінің басқару формасы амфорты нұсқада болды деу қате тұжырым. Біздің бұл пікірімізді басқа да зерттеушілердің қарсы пікірлері дәлелдей түседі [2, с. 22-24]. Ұсынылған жеті модельдің құрылымында логикалық сәйкестіктердің аздығы және бірқатар модельдердің өзара принципті түрде парадоксальды сипатқа ие болуы, бұл тұжырымның әлсіз екендігін көрсетеді. Өз кезегіне көшпелілердегі биліктің жеті моделін ұсынған авторлар да критиктердің пікірімен ішінара келісетінін айтады [2, с. 315].

С.А. Васютин кейінгі зерттеулерінде көшпелілердегі билік институттарының типологиясына талдау жасай отырып, өзінің бастапқыда ұсынған 7 моделіне көптеген өзгерістер енгізе отырып, қайтадан 4 типке жіктейді [3, с. 186-189]. 1) Ең төменгі немесе бірінші кезеңде көшпелі қоғамның акефальды және сегментарлы ұйымдасуы қалыптасады. Аталған екі нұсқаны автор келесідей түсіндіреді: 1) Орталықтанбаған, бірақ басқарудың әулеттік жүйесіне негізделген дәстүрлі билік; 2) билік басқарудың күрделі сипатына тән және билеушінің жеке дара қасиеттеріне негізделген түрі [79, с. 487]. С.А. Васютин бірінші деңгейдің екі нұсқасы да тұрақсыз деп қорытынды жасаған. 2) Ұйымдасудың екінші деңгейі – отырықшы қоғамдағы билік иесінің «аналогиясын» көрсететін біршама орталықтанған және көшпелілердің өзара топтасу немесе бірігу түріне сәйкес келеді; 3) Ұйымдасудың үшінші типі – ірі саяси бірігуден тұратын көшпелі империялар. Мұнда билік жүйесі отырықшы халықтардағы билік жүйесінде кездесетін күрделі масштабтарды қайталайды

және ерте мемлекеттік деңгейге жетеді; 4) мемлекеттік ұйымдасудың ең күрделі түрі отырықшы халықтар мен қалалық мәдениетті жаулап алған дәстүрлі көшпелі мемлекеттермен байланысты [79, с. 486-489]. С.А. Васютин жоғарыда көрсетілген үлгілер туралы: «Әрине, барлық белгіленген типтер мен кіші типтер тек модельдер болып табылады, олардың әрқайсысын қосымша ажыратуға болады. Сондай-ақ әрбір көшпелі саясаттың дамуындағы әртүрлі үрдістерді ескеру қажет» деп жазады. Байқап отырғанымыздай, С.А. Васютиннің көшпелі қоғамдағы мемлекеттіліктің қалыптасуы мен билік жүйесі туралы жасаған тұжырымдары бірнеше рет өзгерістер мен толықтыруларға ұшырағанымен, автор өзі айтқандай, соңғы жіктеліс емес екендігін көрсетеді. Себебі, көшпелілердегі билік жүйесін зерттеушілер өздері қарастырған мемлекеттер немесе тайпалар шеңберінде талдау жасайтындықтан, басқа аймақтардағы көшпелілердің билік жүйесіне қатысты талдаулармен қарама-қайшылыққа келуі заңды деп есептейміз. Бұл пікірімізді көшпелілердегі биліктің типологиясын жасаудағы кемшіліктер туралы жазған Н.Н. Крадиннің келесі сөзі растай алады: «...шындыққа кім жақын екендігіне қарамастан, жаңа типологиялық құрылымдардың пайда болуы бұл мәселені толық шешуге ықпал етеді. Талдау жұмыстары көбейген сайын, ыңғайлы типологиялық құрылымдар жасауға мүмкіндік те көбейеді [75, с. 24].

Көшпелілердегі билік жүйесінің жеке элементтерінің үлгісі Н.Н. Крадиннің тарапынан ұсынылды. Зерттеуші неозволюционистік теорияға сәйкес саяси-әлеуметтік эволюцияның «сатыларын» қолдана отырып, көшпелі қоғамның үш түрлі даму кезеңдерін бөліп қарастырады:

1. Акефальды, сегментарлы, кландық және тайпалық бірлесу;
2. «Екінші санаттағы» тайпа және билік;
3. Көшпелі империялар және ұсақ «квазиимпериялариялық» топтар.

Н.Н. Крадин, көшпелілер тарихында прогрессистік ұстанымдарды жоққа санап, керісінше көшпелі әлеуметтік қоғамның тек трансформациялану негізінде яғни саяси-әлеуметтік ұйымдасудың күрделі құрылымын бастап өткеріп, тура осы үдерісте құлайтынына назар аударады [75, с. 23]. Бірақ осы жерде ескеретін жағдай, Н.Н. Крадин жоғарыда аталған биліктің бес типінен бөлек, ертеректе көшпелілердегі билікті – «бір үлгідегі», «дандық үлгі» немесе «вассалитет жүйесі» және «басып алушылық» [174, с. 166-178]. Зерттеуші аталған басқару түрлеріне саралай отырып, жиынтық ретінде билік жүйесінің бес нұсқасын ұсынады [3, с. 315]. Н.Н. Крадин ұсынған басқарудың бірінші нұсқасындағы (бес үлгісіндегі ішіндегі – А.Т.) акефальды басқару деп отырғанымыз – саяси лидерлері немесе иерархиясы жоқ қоғам. Мұндай топтар әлеуметтік стратификациясы жоқ қоғамдар ретінде де қарастырылады. Бірақ, Н.Н. Крадин ұсынған нұсқадағы акефальды қоғамның көшпелі қоғаммен өзара байланысын анықтау қиын. Себебі, акефальды қоғам бағынышты болуы мүмкін емес. Сыртқы билік келесі қоғамды басып алуда өздеріне белгілі биліктің қарым-қатынасына сүйенеді [75, с. 52].

Н.Н. Крадин ұсынған сегментарлы мемлекет немесе сегментарлы қоғамның мәнін біржақты түсіндіру қиын. Сегментарлы мемлекет ұғымы жеке

қарастыратын болсақ, бұл аралық форма түсінде көрініс табады. Қоғамда олигархияның салыстырмалы түрде кең қабаты басым болған жағдайда өмір сүреді, бірақ басында тұрған элита тар және кейде бір лауазымды билеушіге сәйкестендіреді. Егер, Н.Н. Крадин ұсынған сегментарлы ұғымын қоғамның деңгейінде қарастыратын болсақ, онда әлеуметтік ұйымның негізгі әдісі шығу жүйесі болып табылатын азаматтығы жоқ қоғамның формалары, яғни шығу тобына мүшелік кейде елестетілген, жалпы ата-бабалар (жоғарғы ата-баба) тұрғысынан анықталады. Дегенмен, Н.Н. Крадин ұсынған нұсқаның ішіндегі сегментарлық терминін көшпелі қоғамның билік жүйесіне қалай байланыстырғаны ашылмай қалған. Жалпы, сегментарлы қоғамның билікпен байланысы туралы зерттеулер ХІХ ғасырдың өзінде философтар тарапынан қарастырылып, біраз сынға ұшырағанын атап өтуіміз керек. Н.Н. Крадиннің ұсынған көшпелілер қоғамындағы билік жүйесі белгілі бір мерзімдік ерекшеліктерге сай жасалған болуы керек. Бұл ерекшеліктер мемлекеттегі биліктің екінші бір адамға берілуі кезінде орын алады және оның саяси құрылысында өзгерістер болуы мүмкін [75, с. 23].

Н.Н. Крадин көшпелілердегі билікті неозволюционистік ұғымдарға сәйкес үлкен көшпелі ұйымның мағынасында қарайды. Бұл жерде зерттеуші көшпелілер далалық жағдайда биліктің жоғарғы шыңына жетіп, мемлекет құра алды деген пікірдің орнына, оларға далалық жағдайда мемлекет құру ішкі қажеттіліктерге сай келген жоқ деген пікір айтады [71, с. 369-396].

Америкалық тарихшы, антрополог Т. Дж Барфильдтың зерттеулерінде көшпелі мемлекеттердегі қоғамдық қатынастардың дамуы мен оның тенденциясына қатысты мәселелер, көрші отырықшы халықтармен байланыс нәтижесінде орын алуы мүмкін өзгерістерге талдау жасайды. Көшпелі мен отырықшы-егінші халықтар арасындағы тікелей байланыс олардың тарихи даму эволюциясын анықтауда маңызды мәселе болды [175, с. 257-258].

Өзінің «билік циклдары» теориясын негіздеген америкалық антрополог Т.Дж Барфильдтың пікірінше, ішкі Азияның көшпелі мемлекеттері «империялық конфедерациялар» болып табылады. Олар сыртқы және әскери саясатта автократтық және мемлекетке ұқсас құрылым болса, ішкі істерде келісім және федерализм қағидаларын ұстанған. Мұндай мемлекеттік құрылымның орнықтылығы шекарадан тыс аумақтардан қаржы ресурстарын табу есебінен қамтамасыздандырылған. Тайпалық ұйым жергілікті деңгейде тұрақты түрде болған, бірақ орталықтандыру кезеңдерінде ішкі істермен ғана шектелген. Бұл жүйе ыдыраған кезде тайпалық көсемдер өздерінің аумақтарында тәуелсіздік алып, анархия далалықтарға қайта оралып [176, с. 415-441].

Көшпелілердегі «экономикалық жүйе» неозволюционистік теорияның ықпалындағы зерттеулерге оны дамытудың екі моделін ұсынды: седентаризациялау немесе жер шаруашылығымен айналысатындардан тіршілікке қажетті өнімдерді әртүрлі жолдармен алу. Бұл жағдайды өз зерттеулерінде терең талдаған ғалымдардың бірі – А.М. Хазанов. Ол аталған құбылысты «көшпелілердің сыртқы жағдайға адаптациялану қажеттігінен туындаған» деп қорытынды жасайды. Бұл қорытынды автордың барлық

теоретикалық құрылымында концептуалды сипатқа ие. Мәселені бұлай қарастыруда ол көшпелілер қоғамының барлық жағын мысалға алған секілді.

А.М. Хазановтың зерттеулерінде көшпелі қоғамның билік құрылымы, қоғамдағы әлеуметтік иерархиялық туыстық қатынастан – саяси жағдайға қарай құрылған. Зерттеуші көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік қарым-қатынасын 4 түрмен көрсетеді:

1) отбасылық-туыстық (кландық жүйе) топ;

2) қоғамның әртүрлі деңгейіндегі тұлғалар (мәселен қоғам шеңберіндегі кейбір отбасылар және отбасылық-туыстық топтар өздерінің малын жаятын өрістің қайда орналасатынын мерзіміне қарай анықтап отырады);

3) саяси-әлеуметтік сегментарлы жүйе (тайпа шеңберіндегі ерекше топ яғни қоғамдағы сегментарлы стратификация шеңберіндегі, «туыстық ережелер және қалыптасуы мен ірі сословиелік жүйеге айналуы)

4) тайпа мен тайпалық бірлестіктердің саяси сауаттылығы [68, с. 227-262].

А.М. Хазанов: «тайпалардың саяси қызметі сыртқы әлеммен қарым-қатынас жағдайында анық көрініс табады» деп жазады. Біз А.М. Хазановтың ойларын саралап отырып, «көшпелі қоғамдағы әлеуметтік жетілудің ішкі факторлары біршама шектеулі және әлеуметтік дифференция көшпелі шаруашылықтың тұрақсыздығымен байланысты» деген пікіріне сын көзбен қараймыз. Әрине жалпы құрылымдық негізде аталған пікір ерекше сипатқа ие болмағанымен, экологиялық және географиялық негіздегі шаруашылықтың типологиясын жасауда біршама ауытқушылыққа ұшырауы мүмкін. А.М. Хазановтың еңбектері көшпелі халықтардың дамуы үдерістерің күрделі және әртүрлілігін ой елегінен өткізуде маңызды болып табылады. Оның үстіне ғалым шет елдік зерттеушілердің көшпелілердің қоғамдық құрылысы, саяси генезисі мен билік құрылымы туралы еңбектерімен таныс болуы өз әсерін тигізгені анық. А.М. Хазановтың зерттеулеріне сүйене отырып голландық П.Б. Голден көшпелілердің саяси-әлеуметтік ұйымдасуының екі формасын бөліп шығарады. Оның ойынша бұл форманың бірі көшпелі мемлекеттерге сай қалыпты жағдайда өрістейтін, тек ру мен тайпалардың бірлестігіне негізделген «тайпалар бірлестігі». Мұндай мемлекеттік құрылымның мысалы ретінде ғалым Хазар қағанатын алған [69, с. 211-233].

XIV ғасырда өмір сүрген Ибн Халдунның шығармаларында мемлекеттік басқару формасының ксенократиялық типі көрсетілген. Зерттеушілер Ибн Халдунның шығармаларын негізге ала отырып «циклдік теорияны» анықтауды биліктің қызметімен байланысты функциялар арқылы анықтауға болады. Биліктің жүзеге асырушы функциясы елді басқару, соғыстар кезінде басқа жерлерді жаулап алу мен соғыстан түсетін байлықты иелену [177, с. 28] болып табылады. Ибн Халдунның осы тұрғыдағы ойларына бірнеше бағыттағы зерттеулер негізінде талдау жүргізіліп, мемлекет ұғымын екі тайпа арасындағы билікті басып алу арқылы иелену түрімен түсіндіреді. Ол бойынша бұл биліктің «басқаның үстемдігі» ұғымымен түсіндіреді [177, с. 159-160].

Көшпелілер қоғамы және ондағы билік құрылымын анықтаудағы ғылыми құралдың бірі бұл кросс-мәдени методология болып табылады. Кросс-мәдени

методология көшпелі қоғамдағы билікті түсіндірудегі қолданылып келе жатқан басқа да теориялар мен методологиялық ұстанымдардан басты ерекшелігі мұнда пән-аралық зерттеулер қолданылатындығында. Кросс-мәдени методологияны алғаш қолданысқа енгізгендер Дж. Мердок және К. Провост болып табылады [178, р. 379-392]. Аталған екі зерттеуші әлемнің әр аймағында орналасқан 186 қоғамды жинақтап, оларды мәдени құрылымдары мен саяси-экономикалық жағдайы бойынша топтайды. Зерттеу нысанына алынған қоғамдар 10 критерий бойынша шартты түрде жіктелген: 1) жазба мәдениеті және жазбалар; 2) отырықшылық деңгейі; 3) жер шаруашылығы; 4) кенттену мәселесі; 5) технологиялық мамандануы; 6) жер үсті көліктері (транспорт); 7) ақша айналымы; 8) халықтың тығыздығы; 9) саяси интеграция деңгейі; 10) әлеуметтік стратификациясы. Бұл жерде әрбір критерий өзінің мәліметтік базалық қоры мен танымдылығына қарай 0-ден 5 баллға дейін бағаланады. Зерттеу нәтижесінде мысалға алынып зерттелген қоғамдар мен өркениеттердің арасындағы айырмашылықтың жалпы көрінісін көруге болады. Жалпы көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымын зерттеуде кросс-мәдени методологияны алғаш қолданған [3, с. 100]. Жаңа зерттеулер мен ізденістер нәтижесінде алынған мәліметтерден көшпелілердегі әлеуметтік құрылымның «көшпелі феодализм» теориясына қатысты көзқарастарға тән ғылыми еңбектер мен зерттеу әдістеріне талдау жасау бүгінгі таңдағы ең өзекті тақырыпқа айналуы керек.

Ал билік дегеніміз басқарудың элементі, басқару процесінің көзі. Кейде басқару

Еуразия құрлығындағы көптеген көшпелі мемлекеттерде билік аса құнды басқару процесі болды. Оны құндылығы тіпті сол үшін өз жақынының да көзін жоюға тәуекел ете алуынан көрінеді. Орта ғасыр кезеңінде үлкен құдіретті күшке ие болған Түркі мемлекеттерінде билік әскери-әкімшілік мақсатты көздеп және биліктің бір ғана адамның қолына шоғарлануынан сақтау мақсатында екі қанатқа (он және сол қанат) бөлінген. Оның мысалы ретінде Батыс (дулу, нушеби) және Шығыс Түрік (телес, тардуш) қағанатындағы билеуші күшке ие болған тайпалар арасында биліктің бөлінуін айтуға болады [179, с. 52-59].

Көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік және мәдени құрылымына қатысты зерттеулер жүргізу барысында көшпелі және егінші өркениеттер арасындағы байланысқа қатысты өткен оқиғаларға бағытталған ретроспектикалық зерттеу әдіснамасы осы бағыттағы түрлі көзқарастарға тоқталып, көшпелі құрылымдар негізгі әлеуметтік факторларына тоқталады [114, 7 б.]. Дегенмен, көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымы туралы Дж. Мердок жасаған базалық анықтама әлсіз дифференцияланған және шынайы көшпелі әлемнің саяси-әлеуметтік құрылымынан біршама ауытқып кеткен секілді. Бұл туралы П.К. Дашковский мен С.А. Васютин де өз еңбектерінде көрсеткен [3, с. 334].

Шынтуайтында барлық көшпелі қоғам өз ішінде бірнеше геоаймақтарға бөлініп кетеді. Бірақ, олардың бірқатары мемлекет деңгейіне жетсе, бірқатары мемлекет құрудың табалдырығында болған. Әрі екеуі де бір-бірінен әлеуметтік құрылымы бойынша айырмашылықтарға ие болды. Сондықтан да әртүрлі көшпелі қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымын арнайы баллдық шкала

бойынша жіктеуде, барлық бағалау нәтижесі тек шартты түрде ғана болатынын байқаймыз. Дегенмен, С.А. Васютин бұл тығырықтан шығудың жолы ретінде бірқатар индекстерді (мәселен, әлеуметтік стратификация деңгейі) ұсынады. Бірақ, С.А. Васютин ұсынған индекстерді қолданатын болса, басқа қоғамдардағы Дж. Мердок базасы бойынша даму динамикасымен салыстыруға келмей қалады. Оның үстіне методикалық көзқараста қарайтын болсақ, бірнеше көшпелі қоғамның әлеуметтік-саяси құрылымын, саяси билік институттарын бірнеше ортақ индекстер бойынша сипаттау дұрыс нәтиже бермейді. Біздің ойымызша Дж. Мердок жасаған базаға сәйкес зерттеу жүргізу үшін осы бағыттағы басқа пән аралық зерттеулердің мысалын есепке алу маңызды болып табылады. Себебі, кросс-мәдени методология өз кезегінде экономикалық және әлеуметтік зерттеулерде кеңінен қолданыс тауып отыр. Көшпелі қоғамның жалпы саяси-әлеуметтік құрылымы мен әлеуметтік-экономикалық жүйесінің толық сипатын анықтауда кросс-мәдени методологиялық зерттеулердің мүмкіндіктері пайдалы болғанымен, зерттеу барысында алынған нәтижелер шартты түрде көрсетілетіні, аталған зерттеудің өзіндік кемшіліктері бар екендігін байқатады.

XX ғасырдың соңғы кезеңінде Орталық Азиядағы көшпелі мемлекеттердегі билік, оның құрылымы мен билеуші бейнесіне қатысты жинақталған деректерге негізделген жаңа зерттеу әдістемелері қалыптасып, олар: а) тарихи-антропологиялық; б) әлеуметтік-планографиялық; в) тарихи-хронологиялық; г) тарихнамалық деп топтастырылды. Тарихи-антропологиялық зерттеу әдістемесіне негізделген еңбектерде көшпелі мемлекеттердегі билеушінің бейнесі сипатталып, мәліметтер беріледі.

С.А. Васютин өзінің зерттеу жұмысында VI-XII ғғ. Орта Азия аумағындағы көшпелі империялардың билік пен әлеуметтік жүйесіне кешенді түрде зерттеу жүргізіп, талдау жасайды. Жұмыста көшпелі империялардағы әлеуметтік иерархияны басқа да көшпелі қоғаммен салыстыра талдау негізінде биліктің негізгі типтерін бөліп көрсетуде қазіргі заманғы политогенез бен социогенездің тұжырымдары және тарихи-антропологиялық көзқарастарға сүйенеді. Ал билеушінің бейнесі мен қасиеттілігін сипаттауда Н.А. Хачатурян, Р.А. Джаксон, М. Блоктың тарихи-антропологиялық тәсілдерін пайдаланады [3].

Жалпы тарихи антропология терминінің өзі бірегей емес және барлық зерттеушілер тарапынан қолданысқа ие болмаған. Бұл терминологияның тарихи зерттеулерде бөлек методология ретінде қолданылуына адамзаттың пайда болуы мен қалыптасуын биологиялық және әлеуметтік ағза негізінде зерттеп жүрген жүрген антропологтардың өзі қарсы. Олардың пікірінше «антропология» термині көп жағдайда ғылыми бағыттарға дәлме-дәл келеді. Осыған байланысты тарихи антропологиялық методологияны ментальдық тарихи бағыттардан бөлек қарау туралы ғылыми пікірталастар бар. Тарихи антропология атауының өзі 1970-жылдардан бастап француздық және британдық әлеуметтік антропология және американдық мәдени-антропологияның негізінде құралады. Ал әлеуметтік және басқа да қоғамдық

ғылымдармен ортақ болып келуін М.А. Кром өз зерттеулерінде «зерттеу әдістемесінің түрленуінен» деп түсіндіреді [73, с. 28].

Н.Н. Крадин тарихи антропологиялық методологияның құрылымынан саяси антропологияны бөліп алып қарастырады. Мәселен, зерттеуші антропология ғылымы туралы: «Қазіргі таңда антропология ғылымы екі бөлімге топталады: физикалық және мәдени антропология» (немесе әлеуметтік антропология). Бірінші бөлімі бұл адамның пайда болуынан бастап, оның биологиялық даму қасиеттерін жән антропогенезін зерттейді. Екіншісі, бүтіндей мәдениетті немесе халықты зерттейтін бірнеше пәнаралық зерттеулер кешенін жинақтап көрсетеді (археология, лингвистика, фольклористика, этнография, мәдени және әлеуметтік антропология) [75, с. 10]. А.Я. Гуревич өз зерттеулерінде Н.Н. Крадиннің пікірлеріне талдау жасау арқылы, саяси антропологияны тарихи зерттеулерде қолдануда бұл ұғым тарихи антропологияға айналады деп түсіндіреді [76, с. 16-29]. Саяси және тарихи антропологияны ортақ қолданған зерттеуші ретінде Ж. Ле Гоффы айта аламыз. Гоффың пікірінше саяси тарихи антропология шын мәнінде бір ұғым ретінде қарастырылуы тиіс. Саяси антропологияның маңызды түсінігі ретінде «билік» термині қарастырылады [180, с. 125]. Билік терминінің классикалық анықтамасын Макс Вебер өзінің «Шаруашылық және қоғам» атты еңбегінде мемлекеттегі билік оның жүзеге асырылуымен түсіндіріледі [181, с. 139]. Вебердің осы анықтамасы басқа социологтарға, антропологтарға және саясаттанушыларға жолбасшы секілді болып, кейінгі талдаулар соның анықтамасы негізінде жүзеге асып отырды. Толкотт Парсон саяси антропологияға негізделген билік тұжырымын билік ету мен бұйрық шығаруға негіздейді. Ол бойынша мемлекеттегі билеуші тарапынан шығарылған барлық жарлықтар орындалуға жатады [182, с. 294]. Билік анықтамасын саяси антропологиялық тұрғыдан қарастырған Мортон Фрид: «билік – басқа адамдарды бақылауында ұстауға және оларға санкция қолдануға мүмкіндіктің болуы» деп анықтама береді [183, с. 4-12]. М. Фридің пікіріне жақын ойды біз әлеуметтанушы Майкл Маннның еңбегінен де көре аламыз. Аталған зерттеуші билік тұжырымын басқа адамдарға үстемдік ету мүмкіндігінің болуы деп түсіндірген [184].

Кеңестік кезеңдегі билік тұжырымына анықтама беріп, оны саяси антропологиялық методология тұрғысынан қарастырған зерттеушілердің қатарында Л.Е. Куббельді атауға болады. Зерттеушінің ойынша билік бұл индивид пен топтың арасындағы ерікті түрдегі қарым-қатынас түрі, біреуінің екіншісіне қоғамның өмір-тіршілігін жүзеге асыру үшін үстемдік етуі болып табылады [78, с. 29]. Тарихи антропологиялық зерттеулердің көшпелі қоғамдағы биліктің жалпы теориясын қалыптастырудағы маңыздылығы, ондағы мәліметтердің индивидуальды нысанға және жалпы әлеуметтік топқа қатысты болуында.

К.У. Торланбаеваның зерттеулерінде көшпелі қоғамдағы саяси билік жүйелері, оның даму динамикасы туралы мәселелер қозғалып, салыстырмалы талдану мәселелері мен теориялық-методологиялық зерттелу мәселелері

сараланған [87, с.160]. К.У. Торланбаева өз зерттеулерінде Орталық Азиядағы ерте және ортағасырлардағы көшпелілердегі билік феномені туралы нақты тарихи тұжырымның қалыптаспағанын айтады.

Тарихи антропологиялық методологияға негізделген зерттеулер пәнаралық зерттеулерде де көрініс тауып, палеоәлеуметтік зерттеулермен өзара байланысып кетеді. Палеоәлеуметтік зерттеулер көбіне далалық зерттеулермен ұштасатындықтан, аталған методологияның қолданылу мүмкіндіктері археологиялық зерттеулерде кең ауқымда іске асырылатыны анық. Себебі археология ғылымының ажырамас бөлігінің бірі бұл антропология ғылымы. Біздің ойымызша көшпелі қоғамдағы билеуші бейнесін анықтаудың бірден-бір мақсатты тәсілінің бірі – археологиядағы антропологиялық зерттеулерді назардан тыс қалдырмау. Кеңестік кезеңде және тәуелсіздік алғалы бері отандық археология ғылымындағы антропология саласында ерте және ортағасырлардағы көшпелілердің бейнесін жасауға талпыныстар орын алып, маңызды нәтижелерге қол жеткізілді. Оның ішінде соғысқа дейінгі Әмір Темірдің қабірін ашып, ондағы қаңқа сүйектері негізінде билеушінің нақты бет бейнесін жасауы [185], Таулы Алтай өлкесіндегі Укок ханшайымы [186] мен Тывадағы Аржан қорымдарындағы [187] алтынмен жерленген билеушілердің антропологиялық бейнесі, отандық археологиядағы Берел [188], Шілікті [189, с. 404-424], Есік [91], Аралтөбе [190, с. 230-266], Үржар [191, с. 9-22] және атақты патша қорымдары, түркі кезеңі, ортағасырлар мен қазақ хандығы кезеңіндегі табылған адам мәйіттері, оның ішінде билеуші, көсемдердің бет-бейнесін жасап, зерттеу қорытындыларын тарихи-антропологиялық зерттеулерде қолданылуын [192, с. 137-147] айта аламыз.

Орта Азиядағы көшпелілердің әлеуметтік-саяси құрылымы, ондағы билік институттары, билеуші қызметін жазба деректер негізіндегі реконструкциялау, билік атрибуттары мәселелері түрлі жазба және миниатюралық, тарихи-этнографиялық және археологиялық параллельдер негізінде отандық зерттеушілер тарапынан жиынтық түрінде әлеуметтік-планиграфиялық және палеоәлеуметтік методологиялар негізінде жазылып, ғылыми айналымға еніп жатқанын білеміз. М. Қозыбаев өз зерттеулерінде көшпелілер өркениетінің этикасы, ұлды ер жеткізу, билікке баратын азаматтың бойындағы мінез-құлық, жігерлілік секілді қабілеттердің болуы, түптің түбінде көшпелілер өркениетіндегі этикалық тәрбиенен астасады деген тұжырым жасайды. Бұл әрбір мемлекеттің өзіндік белгі нышанының болуымен байланысты. Бұл туралы М. Қозыбаев мемлекет болуда қажетті нышандарды анықтайды. Ғалымның анықтауы бойынша Еуразия аймағында пайда болған ерте ортағасырлық мемлекеттердің барлығында мемлекет болуға лайықты белгілер болған» [193, 7-24 бб.]. М. Қозыбаевтың бұл пікірі көшпелі қоғамда мемлекеттілік болуы мүмкін емес деген еуроцентристік көзқарастағы зерттеушілердің ойларына қарсы айтылған тұжырым екені анық. Мұндай ой-пікірлер кейінгі кезеңдердегі зерттеушілердің еңбектерінен де байқалады. Белгілі тарихшы, шығыстанушы-медиавист К.А. Пищулина қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу үдерістерін зерттеушілердің жасаған тұжырымдарын келесідей топтайды: 1) Көшпелі

қоғамның билік жүйесі мен мемлекеттілігі ерте таптық қоғамның деңгейінен аспайды; 2) Көшпелі қоғамның мемлекеттілігі мен билік жүйесі тек отырықшы және қалалық өркениетті жаулап алғаннан кейін ғана қалыптасады; 3) Көшпелілер өздері жеке дара қалыптасуында ешқашан мемлекет құра алмайды, әрі кетсе әскери демократиялы немесе тайпалардың эфемерлі (берік емес – А.Т.) ұйымдасу деңгейінде қалады; 4) Көшпелілер табиғи-климаттық факторлардың жағымды кезеңінде және көшпелі мал шаруашылығының тиімді кезеңінде ғана дамыған феодализм деңгейіне жете алады [83, с. 227-228]. Автор өзі топтаған тұжырымдардың қайсысы шындыққа жақын екендігін анықтау қиын және қазақ халқы мен протоқазақтардың шаруашылығы тек көшпелілікке негізделмегенін, бір мезгілде әр аймақта жартылай көшпелі, жартылай отырықшы шаруашылықты да ұстанғанын ескеру керектігін айтқан. Жалпы отандық зерттеушілердің еңбектерінде көшпелі қоғамдағы мемлекеттілік пен билік жүйесі және билеушінің міндеттері туралы мәселелер объективті түрде қарастырылып, бірнеше маңызды тұжырымдар жасалғанын көреміз. С.Г. Кляшторный ежелгі ғұндардың билеушілерінің билік жүргізуде бірнеше міндетті құқықтарына талдау жасап, билеушінің 4 міндетін көрсетеді:

1) ғұндарда тиесілі барлық жерлерді, мемлекеттің барлық аумағына басқару құқығы болды;

2) соғыс жариялау және бейбіт келісім жасау құқығы мен әскерге басшылық жасау міндеті;

3) сыртқы қатынастарды бір қолда ұстау, сыртқы саясаттың міндетін анықтау;

4) жоғары сот міндеті [79, с. 62].

Т.И. Сұлтанов осы аталған 4 міндеттің қазақ хандығының хандарында қайталанатынын және оның 5 құқық пен міндеттерден тұратынын жазады:

1) Билеуші – мемлекеттегі жоғарғы билеуші ретінде әулет басшысы және елдің барлық аумағын басқарушы;

2) Әскери – сыртқы саясатта соғыс бастау немесе келісімге келу;

3) Дипломатиялық – көрші елдермен байланыс орнату және сыртқы саясаттың бағыттарын айқындау;

4) Сот ісі – қылмысы бойынша жаза кесу немесе аман сақтап алу;

5) Заң шығарушы – бұл билеушінің заңдар мен жарғыларды жариялап, оны бағынушыларының орындауы [80, 19-85-бб.]. Т.И. Сұлтанов жазба деректерде билеушілердің екі типі сипатталатынын жазады:

1) білімді, өзінің пайдалы мінездерімен көзге түскен және сол арқылы елге танылған билеушілер;

2) танымал емес, «жексұрындығымен» (одиозная личность) көзге түскен адам [81, с. 77]. Т.И. Султанов моңғол империясының сарай этикетіне талдау жасап, ортағасырлық жазба деректерген негізінде басты 4 құбылысты келтіреді:

1) қарусыз кіру; 2) табалдырыққа сүрінбеу; 3) шатырдың арқандарына (алтындалатын жіптері? – А.Т.) сүрінбеу; 4) ханмен сөйлескенде тізені бұгу [81, с. 83]. Т.И. Султановтың бұл тұжырымдары (мысалдары) ортағасырлық

жазба деректерінің негізінде анықталған. Біз кейінгі тарауларымызда аталған сарай этикеттерінің басқа да түрлері болғанына талдау жүргіземіз.

Т.И. Султановтың пікіріне жақын тұжырымды Б. Кәрібаевтың зерттеулерінен де көруге болады. Б. Кәрібаев өз зерттеулерінде Т.И. Султановтың жіктеген хан міндеттерінің (5 міндет – А.Т.) ортағасырлық жазба деректерде көрініс табатынына назар аударып, Т.И. Султанов сипаттаған нұсқаны қолдайды [82, 136-б.]. Сонымен қатар, Б. Кәрібаев өз зерттеуінде С.Г. Кляшторныйдың ғұндардың билеушілері және Т.И. Султанов жасаған қазақ хандығы билеушілерінің міндеттерінде өзара ұқсастықтардың бар екендігіне назар аударып, өзара салыстырмалы талдау жасаған. Б.Кәрібаев Қазақ хандығы дәуіріндегі хандық билік мәселесінің қалыптасу және даму үдерістері және өзара тарихи сабақтастығын зерттей отырып, бірнеше тұжырымдар жасаған: Қазақ хандығы дәуіріндегі қазақ хандарының құқықтары мен міндеттері Қазақстан аумағында ежелгі заман мен ортағасырларда болған Ғұн мемлекетіндегі шаныюйлердің, Түрік қағанаттарындағы қағандардың, Алтын Орда империясындағы хандардың құқықтары мен одан туындайтын міндеттеріне ұқсас. Қазақстан аумағындағы мемлекеттер тарихында жоғары билікті иеленген әулеттер өз билігін заңдастыру үшін, әулеттің негізін қалаушы тұлғаны Аспанмен, Көкпен, Тәңірмен байланыстырып, оған ерекше қасиеттерді телиді. Ежелгі ғұндардың, көне түріктердегі алтынордалық хандардағы және қазақ хандарындағы ресми биліктегі тұлғалардың иеленген құқықтары өзара сабақтас болып келеді. Алтын орда дәуіріндегі хандық билік пен Қазақ хандығындағы хандық билік тікелей сабақтас.

Алтын Орда дәуіріндегі хандық билікті иелену мен мұраланудағы моңғолдық дәстүрі қыпшақтануға бет алып, қыпшақтық дәстүрге орын бере бастаған. Қазақ хандығының құрылуымен Алтын Ордадағы хандық билікті мұраланудағы қыпшақтық дәстүр толық жеңіске жетеді. Қазақ хандығындағы хандардың құқықтары мен міндеттері (жалпы билік жүйесі – А.Т.) Қазақстан аумағындағы үш мың жылдық мемлекеттілік тарихындағы билеушілердің құқықтары мен міндеттеріне (билік жүйесіне – А.Т.) сәйкес келеді [83, 140-141-бб]. Соңғы жылдары зерттеушілер көшпелі қоғамның билік жүйесіне қатысты тарихнамалық деректер мен еңбектерге сүйене отырып, қазақ хандарының міндеттеріне жаңаша көзқараста жіктеу жасап жүр. Мысалы, А.Х. Аллаярова өзінің мақаласында қазақ хандарының міндеттерін төмендегідей сипаттайды: Мемлекеттік сыртқы саяси бағытын анықтау; Мемлекетті қорғауды ұйымдастыру; Жоғары сот билігін жүргізу; Қоғамдық құрылысты сақтау; Салық жинау; Жайылымдарды бөлу [194, с. 185-186].

А.И. Оразбаева Еуразия даласындағы көшпелілер өркениетіне байланысты зерттеулерінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы мәдени-әлеуметтік дамуындағы өркениеттік ерекшеліктеріне теориялық-методологиялық талдау жасаған. Көшпелілер қоғамындағы ішкі саяси құрылымы, оның ішінде билік құрылымы туралы бірқатар шет елдік авторлардың теорияларысалыстырмалы түрде қарастырылады. Оның ішінде М. Вебердің харизма концепциясын ерекше айта аламыз. Ғалым көшпелі қоғамдағы мемлекеттілікті анықтауда өркениеттік

парадигмалар тұрғысынан талдай отырып, мемлекеттілік модельдеріне бірсызықты теориялар (однолинейная теория) ықпалында анықтама жасап, 3 маңызды принципін көрсетеді:

1) мемлекеттіліктің мәнін анықтауда – тарихи үдерістер негізінде жинақталған мәліметтер негізге алынады және жалпы өткен уақыттың тарихи тәжірибесі ескерілуі тиіс;

2) мемлекеттік билік – саяси орталық қана емес, әлемдік мәдениеттің бір бөлігі ретінде қарастырылуы тиіс. Бұл мемлекеттік биліктің байланыстарын, мораль және символика мен дүниетанымды анықтауға әсер етеді.

3) мемлекеттік құрылым шеңберінде ұлттық мәдениеттер мен ұлттық ерекшеліктерге ерекше мән берілуі тиіс [10, с. 225-226]. А.И. Оразбаева көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік құрылымы мен мемлекеттілігін зерттеуде 10-ға жуық теориялар мен гипотезалар қалыптасқанын атап көрсетеді (аударған біз – А.Т.): 1) варвалық қоғамдық-экономикалық формация; 2) рулық теория; 3) ертефеодалдық теориясы; 4) көшпелі феодализм теориясы; 5) патриархалды-феодалдық қарым-қатынас теориясы; 6) өндірістің көшпелі, тайпалық-қауымдық өндірісі теориясы; 7) парapolитарлы-доминомагнитті қарым-қатынас теориясы; 8) өндірістің экзоколитарлы түрі; 9) өндірістің ксенократиялық түрі [10, с. 228]. Аталған теориялардың ықпалымен көшпелі қоғамның билік жүйесі туралы келесі ұйымдасу түрлері анықталып отыр: 1) «көсемдік» немесе «чифдом» (ағылш. тілінде – chiefdom – көсемдік, басшылық); 2) «күрделі көсемдік басқару»; 3) «өте күрделі көсемдік басқару»; 4) «супер күрделі көсемдік басқару» [10, с. 228]. Аталған билік жүйесіне қатысты зерттеулер белгілі кезеңдерде саяси жағдайларға қатысты қалыптасып, ғылыми ізденістерге арқау болады. Автор бұл тұжырымдарды саралай келе отырықшы және көшпелі қоғамның қалыптасуының бір-бірімен тікелей байланысының, бірін-бірі толықтырушы қызметінің болғандығын көрсетеді.

Ортағасырлардағы қыпшақ-қимақ мемлекеттерінің саяси территориялық құрылымы, билік жүйесі мен нақты билеушілерге қатысты тұжырымдарды С.М. Ақынжанов, Б.Е. Көмековтың зерттеулерінен көреміз. С.М. Ақынжанов ортағасырлардағы Қыпшақ мемлекетінің тарихына талдау жасаған. Мемлекеттілік және билік мәселесіндегі тұжырымында В.В. Бартольдтың ойларымен [196] келісетінін айта келе, «жекелеген қыпшақ хандары болған, бірақ, біріккен Қыпшақ мемлекеті болған жоқ» деген тұжырым жасайды [195, с. 283]. Дегенмен, Маңғыстау өңіріндегі қыпшақ тайпаларында патша болғаны жөнінде пікірін де алға тартқан. Бірақ С.М. Ақынжанов соңғы пікірінің әлсіз, дәлелді факторлардың жоқ екендігін тілге тиек еткенін көреміз. С.М. Ақынжанов көшпелі қоғамдағы мемлекеттілік пен билік жүйесін қыпшақ мемлекетінің мысалында қарастыра отырып, «Қыпшақ қоғамы ерте феодалдық мемлекеттік ұйымдасу табалдырығында болды» деп тұжырымдайды [24, с. 282]. 3. Қинаятұлы қазақ жеріндегі мемлекеттілік генезистері туралы: «Қазақ даласында Сақ дәуірінен бастау алатын мемлекеттіліктің ежелгі дәстүрі жалғасып келеді. Моңғолдар Қазақ даласына түріктік ежелгі мемлекет жүйесінің моңғолдық реформациядан өткен ұлыстық сатысын алып келді» деп

жазады [86, 133 б.]. Қыпшақ-қимақ мемлекеттерінің нақты аумағы мен мемлекеттік ұйымдасу ерекшеліктері, билеуші турасындағы нақты тұжырымдар мен мәліметтер кешенін Б.Е. Көмековтың зерттеулерінен көреміз. Ғалым Қимақ қағанатындағы билік құрылымын сипаттаған. Қимақ патшасының басқа түркі патшаларының ішінде беделге ие болғаны, басқа көршілес мемлекеттердің жерлерін жаулап алу жорықтарын ұйымдастырғаны туралы мәліметтерді араб-парсы деректеріне сүйеніп жасаған. Б.Е. Көмеков араб-парсы деректеріне сүйене отырып, ортағасырдағы қимақ мемлекетінің Орталық Азиядағы орын алған саяси оқиғалар кезіндегі жағдайына, ондағы мемлекеттік жүйенің құрылымы мен билік жүйесіне қатысты маңызды талдаулар жасаған. Сонымен қатар, ортағасырдағы түркі қағанаттарының шекаралық аумағына қатысты, ондағы аймақтық басқару жүйесі, қалалық құрылысы туралы да деректерді ортағасырлық жазба деректері мен карталық сызбалармен дәлелдеуге тырысқан [66, с. 95]. К.М. Байпақов Алакөл өңіріндегі қалалардың бірін ортағасырлардағы облыс орталығы болған, басқару орны болуы мүмкін деген ой айтады [197, с. 28-94]. Ә.Т. Төлеубаевты пікірінше, Алакөл өңіріндегі қалалардың кейбіреуі билеушілер мекендеген орда болуы да мүмкін [198, 178-194-бб.].

В.В. Трепалов өзінің еңбегінде билеушіні таққа отырғызуда 6 дәстүр орындалатынын айтады [84, с. 69]. Сондай-ақ, ғалым, моңғолдардағы қос билік немесе тел билеушілер (соправительство) көшпелі халықтарда да аналогиялық нұсқалары болатынына назар аударып, Орта Азия көшпелілерінде қос биліктің 7 белгісі бар деп тұжырым жасайды. В.В. Трепалов анықтаған қос биліктің 7 белгісі келесідей: 1) державаның екіге бөлінуі; 2) әр бөлікте жеке билеуші болуы немесе сюзеренитет; 3) тел билеушінің (соправитель) жоғары қағанның рулық бірлестігіне қатысты боулы; 4) тел билеушілер қаған билігінің мұрагері болмайды; 5) көп жағдайда тел билік әкеден қалған билікті екі ұлының өзара бөлісуінен туындайды; 6) тел билік мұрагерлік ретінде бірінші тел билеушілерден қалады; 7) батыс бөлік шығыс бөлікке бағынышты болып келеді [84, с. 95-96].

Р.Ю. Почекаев Батый хан туралы зерттеу жұмысында оның атағы мен титулына талдау жүргізіп, тарихи деректерде қателіктер кетуі мүмкін екендігін алға тартады. Р.Ю. Почекаев Еуропалық жазба деректерде «Бататаркан» атауының кездесетінін, бірақ тархан лауазымын Алтын Ордадағы Бөржігін руынан ешкім алуға құқығы жоқ екендігіне назар аударады [199, с. 19]. Р.Ю. Почекаев Алтын Ордадағы Мамай билігіне талдау жасап, оның билік лауазымына қатысты келесідей тұжырым жасайды (аударған біз – А.Т.): «... Шамасы ортағасырлық араб авторлары қателескен болуы мүмкін: Мамай билігі кезінде Алтын Ордамен Египет және басқа араб елдері арасында байланыс сиреп, алтынордалық жаңалықтар да ескіріп жеткен болуы мүмкін. Сонымен қатар, Мамайдың билігі бұрынғы заңды түрде сайланған хандардың билігінен асып түскені де әсер етуі мүмкін. Ол елдердің авторларына қарағанда, орыс авторлы мүлде қателеспеген, әрі Мамайдың шынайы беклер-бек статусын көрсете отырып, оған саяси-идеологиялық себептерге байланысты «хандық»

лауазымды «иелендірген» [200, с. 149-150]. Р.Ю. Почекаевтың бұл пікірі біржақты жазылған және орыс жазба деректеріндегі Мамайдың билігі туралы мәліметтерді шынайы деп есептеуімен келісе алмаймыз. Себебі, Мамай сол кездегі Руське қарсы шықты және басты жауларына айналды. Мұндай жағдайда қарсылас туралы шынайы мәлімет жазу мәселесінің күдікті көрінетіне назар аудару қажет.

В.В. Трепавлов Алтын Ордадағы мемлекеттілік пен саяси биліктің болуын сипаттайтын 7 белгісі бар деп жазады. Автордың жоғарыда сөз болған жалпы көшпелілердегі қос билікке қатысты 7 белгінің құрылымы Алтын Ордадағы саяси билікті білдіретін белгілермен ұқсастығы аз болып шығады: 1) ханның монархиялық билігі; 2) бірнеше түркі-татар руларының ақсүйек топтарынан қарашы-бектердің басқаруға қатынасуы; 3) мемлекеттің территориясының оң және сол қанат болып екіге бөлінуі; 4) ұлыстық жүйе; 5) билеуші өкілдерінің болуы (даруға, даруғашы, басқақ және т.б.); 6) жасаққа негізделген салық жүйесі; 7) мемлекеттік әкімшіліктің жергілікті халықты басқаруда дәстүрлі органдарының болуы [165, с. 197]. В.В. Трепавлов келтірген саяси билік құрылымында өзара ұқсастықтардың болмауы заңды, себебі екі нұсқада хронологиялық айырмашылық пен этногенетикалық айырмашылықтар үлкен.

М.Х. Абусейтованың өз зерттеулерінде Орта Азия мен Қазақстанның ортағасырдағы тарихы мен мәдениеті туралы парсы-түрік тілдеріндегі жазба деректер негізінде талдау жасаған. Оның ішінде ортағасырлардағы жазба деректерді библиографиялық жүйеде талдау жасап әрбір автордың еңбегіне жеке тоқталады. Ғалымдар өз зерттеулерінде ортағасырлық билік құрылымы, билеуші бейнесі туралы мәліметтерді анық келтіріп, сол кезеңдегі саяси жағдайға бүгінгі көзқараста пайымдаулар жасаған. Авторлардың зерттеулерінің құрылымы тарихи-тарихнамалық негізде жазылғандықтан, Орта Азия мен Қазақстан ортағасырлардағы көшпелі қоғамының саяси-әлеуметтік жағдайы туралы мәліметтерді хронологиялық ретпен анықтауға мүмкіндік береді. Мәселен, парсы жылнамашысы Ала ад-Дин Ата Малик Жувейнидің «Тарих-и Жахангушай» (Әлемді билеушінің тарихы) еңбегіне талдау жасап, ондағы бірқатар қазақ билеушілерінің мемлекеттің іргесін берік ұстаудағы қолданған іс-шаралары, заңдық-құқықтық ережелері туралы мәліметтерді анық келтіріп, Тәуке ханның «Жеті жарғысы» мен Шыңғыс ханның «Жасақ» арасындағы ерекшеліктерді салыстырады [201, с. 24-25]. Авторы белгісіз (нақты автор туралы бірнеше пікірлер бар) «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме» атты еңбекте талдау жасап, қазақтың Керей, Бұрындық хандары туралы, олардың туыстық қатынастары, саяси іс-әрекеттері туралы деректерді келтірген [201, с. 35]. Т. Омарбеков көшпелі қоғамдағы билеушілерді зерттеуде жаңа тарихи пайымдаулар қажет екендігіне баса назар аударған. Тіпті бірқатар билеушілерге әлі күнге дұрыс баға берілмей келе жатқанына тоқтала келе, олардың көбісі өз билігі кезінде саяси шешімдер қабылдауда қателікке бой алдырса да, халқын басқарып, ілестіре алды. Бұл қазіргі кезеңдегі «Қазақ хандарына» қатысты сын айтуда ескерілуі керек жағдай [202, 4-5-бб.].

И.В. Ерофеева өз зерттеулерінде XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ билеушілерінің шежіресінің тарихы, тарихнамасы мен дерекнамасына қатысты, сонымен қатар дәстүрлі қазақ мемлекеттілігінің символдары мен атрибуттарына қатысты іргелі зерттеулер жүргізіп, терең талдау жасаған. Зерттеуші Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты қорындағы және Ресей федерациясының төрт ірі мұрағатының қорларындағы дәстүрлі қазақ хандары мен сұлтандарының сол кезеңдегі саяси жағдаймен байланысты жазылған хаттары мен ондағы басылған мөрлеріне талдау жасайды [203, с. 7-146]. И.В. Ерофееваның билік символына қатысты «Символы казахской государственности (поздне средневековье и новое время)» атты еңбегін Н. Атығаев: «мемлекеттілік пен биліктің символы ретінде қазақтың басқарушы элитасының мөрлерін жеке алып қарауы, билік символы туралы алғашқы және бір ғана зерттеу деп бағалауға болады» деп жазған [89, с. 139]. М.Қ. Хабдуллина өз зерттеулерінде, мемлекеттілік теориясына қатысты мәселелерді зерттеуде қолданылатын жаңа әдістерді көрсете отырып, көшпелілердің билік құрылымындағы билеушінің орны туралы мәселелерге отандық және шет елдік зерттеушілердің тұжырымдары негізінде талдау жүргізген [204, с. 217-223]. Автор өз зерттеулерінде Орта Азия көшпелілер тарихының теориялық зерттелу мәселесі турасында бірқатар маңызды пікірлер айтады. XX ғасырдың 80-жылдарынан бастап Орта Азия аймағындағы ортағасырлық мемлекеттілік мәселесінің зерттелуі екі үлкен теорияның ықпалында жүзеге асты: формациялық теория және өркениеттік теория. Ғылыми ортада екі теорияның қатар дамуы археологиялық мәліметтер базасының кеңеюімен және басқа да континенттердің этнологиясы мен тарихын зерттеуден жинақталған салыстырмалы деректердің көбеюімен тікелей байланысты [205, с. 217-223]. Сонымен қатар, М. Хабдуллина тарих ғылымындағы теориялық өзгерістердің орын алуына батыстық саяси антропологияның теориялық талдануымен байланысты еңбектердің жарыққа шығуы да өз әсерін тигізгенін айтады. Белгілі этнограф-тарихшы Ж. Артықбаев өз зерттеулерінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы мемлекеттілік пен билік мәселесін қарастырып, дәстүрлі қоғамдағы билік құрамы мен мемлекеттілік мәселесіне қатысты тұжырымдарында Қазақ хандығының мемлекеттік билігі екі симбиозды бастаудан тұратындығы жөнінде мәселе қозғайды [205, с. 24-28]. Ондағы жоғарғы билік институтының саяси құрылымының ерекше сословиелік негізде құрылатыны және көсемдік, потестарлық құрылымда тайпалық ұйымдасқан билік. Сонымен қатар, дәстүрлі қоғамдағы мемлекеттік жүйені құраушы бұл қазақтардың рулық құрылымда ұйымдасуымен тығыз байланыста екендігіне назар аударады. Н. Әлімбаевтің өзінің дәстүрлі қазақ қоғамының ішкі құрылымының тарихнамасына қатысты зерттеулерінде бірқатар кемшіліктер мен зерттелуі тиіс маңызды теориялық мәселелерді атап көрсеткен. Автор өзінің дәстүрлі қазақ қоғамын зерттеудің ілкімді принциптері турасындағы еңбегінде жүйелілік немесе жүйелеу принциптері, көшпелі социумдағы әлеуметтік тіршілікті айқындаудың принциптері туралы терең талдау жасап, өзі тарапынан маңызды тұжырымдарды алға тартады [206, 137-161-бб.]. Ғалымның

дәстүрлі қоғамдағы әлеуметтік жағдайды сипаттауы, туыстық қатынас, көшпелі қоғамдағы ұйымдасу мәселелерін зерттеудегі жүйелеу принциптері үлкен маңызға ие болды.

Қ.З. Өскенбайдың зерттеулерінде Алтын Орда дәуірі мен Қазақ хандығы дәуіріндегі билік жүйесі мен билеушілері терең дерекнамалық мәліметтерге сүйеніп, тарихи-хронологиялық, геосаяси және мәдени-әлеуметтік методологиялар тұрғысынан талдауға түскен [85, с. 113-124; 207, с. 103-145; 208, с. 18-26; 209, с. 22-39; 210, с. 64-67; 211]. Ғалым орта ғасырлардағы Ақ Орда мемлекетінің саяси билік жүйесінің қалыптасуын зерттеген шет елдік зерттеушілердің пікірлеріне талдау жасап, саяси биліктің қалыптасуының 4 кезеңін көрсетеді: 1) батыс тармақтағы Алтын Ордалық әулетке бағынышты кезең (XIII ғ.); 2) тәуелсіз кезең (XIII ғ. екінші жартысы мен XIV ғасырдың алғашқы он жылдығы); 3) тәуелділікке қайта оралу (1320-1374 жж.); 4) Ақ Орданың басқа әулеттерге үстемдік ету кезеңі [85, с. 115]. Қ. Өскенбай Ақ Орданың мемлекет болып қалыптасу кезеңдерін детальды түрде талдаған маман деп белгілі тарихшы А. Исиннің жұмысына сілтеме жасайды. А. Исин өз кезегінде Шығыс Дешті Қыпшақтағы моңғол шапқыншылығынан кейінгі саяси биліктің қалыптасу кезеңдерін 6 хронологиялық мерзімге бөлген [212, с. 99-105]. Қ. Өскенбай Ақ Орда мемлекет болып қалыптасуы мен саяси билік жүйесінің хронологиялық кезеңдеріне талдау жасап, А. Исин ұсынған 6 кезеңге біршама толықтырулар жасап, жалпы биліктің қалыптасқан кезеңдерін 9-ға бөлген [85, с. 121]. Қ. Өскенбайдың пікірінше, қазақ халқы бүгінгі орналасқан аймақта өздерінің қайталанбас мәдениеті мен өнерін, ұлысын, хандығын, кейде көшпелі империяны қалыптастырған [209, с. 22]. Сонымен қатар, Қазақ мемлекеттілігі туралы мәселеге Ибн Рузбихан келтірген: «билад-и казак» сөздің жазба деректе бірнеше рет қайталануына мән беріп [207], аталған терминнің мемлекеттің территориялық аумағын білдіретін 4 түрі бар деп көрсетеді: 1) аса үлкен емес елді-мекен (мысалы, Сығанақ); 2) ірі қала (мысалы Сайрам, Ясы); 2) елдің бір облысы (мысалы Түркістан); 4) ел (мысалы Қазақ елі) [82, 150 б.]. Жалпы Қ. Өскенбайдың зерттеулерінде Алтын Орда және Қазақ хандығы дәуіріндегі мемлекеттік билік мәселесі әр қырынан көрініс табуымен ерекшеленеді. Оның ішінде аумақтық билік құқығы мәселесі [208, с. 18-26], әскери-саяси ұйымдасу ерекшеліктері [207, с. 103-145] және саяси биліктің қалыптасу мәселелерін [210, с. 64-67] айта аламыз.

Орталық Азиядағы көшпелі қоғамның билік мәселесіне қатысты зерттеулерінде көшпелі мен отырықшы мәдениеттердің өзара ықпалдастығы тұрғысында тарихнамалық талдаулар жасаған зерттеушілердің бірі – М.С. Ноғайбаева. Ғалым зерттеу жұмысында шет елдік ойшылдардың пікірлерін, оның ішінде М. Вебер, А. Фергюссон, Л.Г. Морган, Э.Тэйлор, М. Ковалевский, А. Тойнби секілді және т.б. ғалымдардың тұжырымдарын ой елегінен өткізіп, отандық зерттеушілермен салыстырмалы талдау жүргізген. Отандық палеоәлеуметтік зерттеулердің ішінде археологиялық бағыттағы ғылыми зерттеулерді атап айтқанда, Ә.Х. Марғұлан, А.Н. Бернштам, Е.И. Агеева, К.А. Акишев, А.К. Акишев, К.М. Байпаков, Б.Н. Нұрмұхамедов

және т.б. ғалымдардың ғылыми зерттеулерін салыстыра отырып ғылыми сараптамалық талдау жасаған. Қазақстан археологиясының корифейлері саналатын жоғарыда аталған ғалымдардың зерттеулерінен ерте көшпелілер қоғамы мен ортағасырлардағы қала мәдениетін дамытқан отырықшы халық арасындағы әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынас, дала мен қала арасындағы ажырамас рухани байланыстар мәселесі қарастырылған [213].

Біздің ойымызша, М.С. Ноғайбаеваның зерттеулеріндегі симбиоздық методологиялық ұстаным дұрыс бағыт. Себебі, ғылыми ортада көшпелі қоғам мен отырықшы халықты бөле жарып қараудан гөрі, бір ойдың шеңберінде ортақ қарастыру дұрыс нәтижелерге әкеледі. Себебі, билік құрылымы, мемлекеттік басқару жүйесі түп-тамыры мен қалыптасу генезисі бірнеше мәдени ықпалдастықтың синтезінен шығатыны анық.

Көшпелілер қоғамындағы мемлекеттік және билік символына (тақ және тәж мысалы бойынша – А.Т.) талдау жасаған зерттеушілердің ішінде Н. Атығаев, А.Ш. Бимендиев, А.Г. Юрченко, Т.Д. Скрынникова, З.В. Доде, Т.И. Султанов, М.Г. Крамаровский, В.В. Трепалов және т.б. зерттеушілерді ерекше атай аламыз. Т.И. Султанов Моңғол империясының хандарының таққа отыру салтанатына талдау жасап, Күйік ханның тағына сипаттама жасаған [81, с. 85]. Н.А. Атығаев қазақ хандарының билік символы, оның ішінде хан тағы мен тәжіне талдау жасайды [89, с. 139-161]. А.Г. Юрченко көшпелі империялардың билік жүйесіндегі билік символы ретінде 5 элементінің ішінде тақты да атайды [214, с. 86-111]. Сонымен қатар көрсеткен билік символы (алтын шатыр) деректерде метафора тұрғысынан жазылғанын, шын өмірде алтын шатыр болмайтынын алға тартады. Бірақ ғалым, келесі зерттеулерінде жаңа көзқараста қарап, алтын шатыр туралы зерттеулеріне толықтырулар енгізіп, қайта жариялаған [215, с. 78-101].

А.Ш. Бимендиевтің зерттеулерінде көшпелі қоғамдағы билеушінің тағы мен ту-байрақ жеке элемент ретінде талдауға түседі. Автордың аталған билік символдарын этнографиялық деректермен ұштастыра зерттеуі, бұл бағыттағы зерттеулер үшін қосымша деректермен толықтыра түсті деп айта аламыз [216, с. 75-99; 217, с. 18-47]. М.Г. Крамаровский моңғолдардың билік атрибуттарына белбеу, бас киім, аса тақ және пайзаны жатқызады [218, с. 72-80].

Батыс зерттеушісі З.В. Доде «Империя мәдениеті. Алтын Орда көшпелілері костюміндегі империялық анықтаушы символдар» мақаласында Шыңғыс ұрпақтарының сыртқы келбетін идеологиялық негіздеу үшін хан киімдерінің символдарын қабылдаған. Сонымен бірге бағындырылған елдердің атқамінерлері де моңғолдар мемлекетіне жеке дара адалдығын көрсетуге тырысып сыртқы киім белгілерін империя адамдарының киім белгілеріне ұқсатып баққан. Моңғол мемлекетіне қосылып, біріккеннің айғағы ретінде моңғол басқыншылары көп этникалық ортада көрнекті болу үшін белгілі бір символдарды атқаруды талап еткендігін пайымдайды. [219, с. 73-75].

Аталған авторлардың еңбектеріндегі саяси билік мәселесі билік атрибуциясы тұрғысынан қарастырылуымен ерекшеленеді. Зерттеу бағыты саяси биліктің жеке элементіне негізделіп, зерттеу ауықымы бір бағытта

талданғанымен, жалпы көшпелі қоғамдағы мемлекеттілік мәселесі басты зерттеу объектісі болғанын аңғару қиын емес. Көшпелі қоғамның мемлекеттік жүйесі мен билік атрибуттары көптеген зерттеушілердің еңбектерінде жеке элементтер тұрғысынан қарастырылғаны. Сонымен қатар, ерте көшпелілер қоғамындағы билік атрибуттары туралы зерттеулерді археологиялық бағыттағы еңбектерден де жиі кездестіре аламыз.

Қорыта айтқанда, Тарихнамалық сараптау бойынша әлі де бірқатар шешімін күткен және зерделенуі жетіспейтін проблемалар бар (мысалы, құқықтық жүйелердің ерекшеліктері және оларды модельдеу). Көшпелілердің мемлекеттілігі және саяси дамуы бойынша пікірталастардың қазіргі кезеңі көрсеткендей, көшпелілердің құқықтық басқару жүйелерін бағалаудың ортақ критерийлерін жасау және оларды жіктеу қажеттілігі тарих ғалымдарының алдына жаңа міндет қойып отыр.

XX ғасырдың соңынан бастап бүгінге кезеңге дейінгі көшпелі қоғамдағы мемлекеттілік және саяси билік мәселесін зерттеуде бірнеше зерттеу методологиясының өзара синтезделіп, соңғы кезеңде 4 түрлі зерттеу методологиясы басымдық танытып келе жатқанын көруге болады. Ескере кететін жағдай, төменде көрсетілген методологиялық зерттеу әдістері саяси билік жүйесін анықтаумен байланысты ерекшелініп алынды. Жалпы көшпелі қоғамның қалыптасу үдерістерін толық қамтитын болсақ, методологиялық тұжырымдар саны артатыны анық. Көшпелі қоғамдағы билік жүйесін анықтаумен байланысты қалыптасқан методологиялық зерттеулер: 1) саясигенездің неоэволюционистік тұжырымы; 2) көп векторлы эволюциялық тұжырым; 3) әлем-жүйе тұжырымы; 4) кросс-мәдени талдау әдістеріне байланысты қалыптасқан тұжырымдар. Байқап отырсақ, соңғы бірнеше он жылдықта көшпелілердегі билік жүйесін зерттеуде жоғарыда аталған теориялық-методологиялық тұжырымдардың синтезін қолдану тенденцияға айналған. Көп векторлы теориялық-методологиялық тұжырым принципті түрде «өркениеттік тұжырымдарға» да қайшы келе бермейді. Дегенмен, көшпелілер қоғамындағы мемлекеттілік және саяси билік мәселесін зерттеудегі көпвекторлы теориялық-методологиялық тұжырымдардың өз ішінде кемшіліктері бар екендігі байқалады. Егер көшпелілердегі саяси және әлеуметтік ұйымдасу, шаруашылығы мен тұрмысы, ментальдық құрылымы және т.б. толық қамтуда, аталған теориялық методологияның шеңберінен шығуға тура келеді.

2 КӨШПЕЛІЛЕР ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛІККЕ ҚАТЫСТЫ МӘДЕНИ-АНТРОПОЛОГИЯЛЫҚ ТҰЖЫРЫМДАР

2.1 Биліктің киелілігіне (сакральдылығы) қатысты зерттеулер

Орталық Азияның көшпелі халықтары ежелгі дәуірден бастап ортағасырларға дейін күрделі саяси-әлеуметтік ұйымдасуымен ерекшеленеді. Көшпелі қоғам қандай билік кезеңінде тұрса да (көсемдік басқару, көшпелі империя немесе басқа да қоғамдық ұйымдасу түрлері – А.Т.) барлық уақытта «билеуші» маңызды тұлға болып табылады. Билікті сакрализациясы көшпелі қоғамда кеңінен таралған және жалпы саяси негізге ие болып, халықтың саяси көшбасшыларды иррационалды қабылдауына және оларға ерекше қасиеттер беруіне алып келді.

Ерте темір дәуіріндегі сақ, ғұн, үйсін билеушілері, түрік қағандары мен моңғол билеушілері үлкен аймақтың билеушісі ғана емес, көшпелі халықтардың дүниетанымында халық пен билеуші арасындағы «билеуші-медиум» міндетін атқарушы ретінде көрініс табады. Сонымен бірге, биліктің сакрализациялануы, көшпелі халықтарды билеушінің идеалды және нақты бейнесін салыстыруға мәжбүр етті. Белгілі бір жоғарғы билік иесінің мінез-құлқының дүниетанымға негізделген қасиеттерге сәйкес келмеуі жағдайында, көшбасшы өзінің беделінің негізін – сакральдылығын (қасиетін) жоғалтуы мүмкін.

Көшпелі қоғамдағы билік сакрализациясы және билеуші ұғымына қатысты қарама-қайшы мәселерді көтерген зерттеулер ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап, шет елдік ғалымдардың еңбектерінде әлеуметтік-психологиялық, теологиялық, философиялық тұрғыдан қарастырыла бастаған. Осы кезеңде сакральдылық түсінігі басқа бағытқа ауысып, антропологиялық, әлеуметтік-философиялық, тарихи таным, діни-теологиялық, психоталдау және әдебиет пен өнер тарихы және т.б. пәндердің зерттеулеріне көрініс таба бастады.

Сакральдық ұғымының бүгінгі зерттелу мәселесі бірнеше іргелі бағыттар бойынша дамуда. Осы ұғыммен байланысты «дара қасиет» және «құрбандық» мәселесін терең зерттеу жалғасын табуда. Сакральдылық түсінігі бастапқы кезеңде адамның абыройы мен беделі тұрғысынан талданды. Бұл бір жағынан қоғамдағы діни түсініктерді терең ендіру негізінде билеуші бейнесінің мәртебесін арттыруға тырысқанын көрсетеді. Екінші жағынан, дүние жүзі халықтарының арасындағы реформациялық түсініктердің таралуымен де байланысты болған. Осыған орай, билеуші мен биліктің сакральды бейнесі ерте кезеңдерге қарағанда біршама тар шеңберге түсіп, алғашқы ұғымнан өзгерген.

Сакральдылық ұғымы мен биліктің сакрализациясы мәселесін зерттеген ғалымдардың ой-пікірлерінің жалпы синтезін 4 негізгі тұжырымға топтауға болады:

1) Сакральдылық қарама-қайшы немесе қасиетті емес/профандық ұғымдардан шығады. Ежелгі дәуірдегі қоғамдарда күнделікті тұрмыс-тіршілік бір-бірімен байланыста немесе қарама-қарсы сипатта жүрген. Бұл жағдайлар

көне дәуірлердегі халықтардың түсініктерінде сакральдылық ұғымын іс-тәжірибелік тұрғысынан қарастыруға алып келді [220, с. 59].

2) Сакральдылық түсінігі иерархиялық деңгейдегі абыройлылық сияқты аксиологиялық аспект негізінде сипатталады. Г. Беккер бұл ұғымның ауқымды екенін ескере отырып, оның рухани-діни түсініктердің шеңберінде емес, қоршаған ортаға бейімделу құндылығымен байланыстыра қарастыруды ұсынды. Егер сакральдылық түсінігіне мәдени тұрғыдан назар аударсақ, діни-қасиеттілік деген екі сипаттағы құндылық анықталады [221, с. 161-169].

3) сакральдылық бұл жоғары билік, қоғамдағы шектен шығу секілді мысалда анықталатын секілді. Бастапқы ғұрыптық тәжірибелер, діни – дүниетанымдық көзқарас, идеологиялық сенім арқылы адамдардың өміріне жеке және жалпы қоғамдық сипатта енеді [221, с. 10-11].

4) сакральдылық ұғымының бірегейлігі мен өзара үйлесімділігі жеке адам мен қоғамға бағытталуымен қорытындыланады [220, с. 20-21]. Бұл тұжырым сакральданудың жалпы халықтық/жеке тұлғалық субъектіде «киелілік» дәрежесімен байқалады.

Көшпелі халықтардағы билеушінің қасиеттілігі бірнеше компоненттерден тұрады:

1) Қаған (билеуші, көсем, патша және т.б. – А.Т.) және оның билігінің ерекше жағдайда пайда болуы. Зерттеушілер С.Г. Кляшторный мен С.Е. Малов жазба ескерткіштердегі деректерді араб, парсы, қытай дереккөздерімен салыстыру арқылы көшпелілердегі билеушінің бейнесін зерттейді. Жазулардың типтік белгілерін талдау арқылы, түркілердегі билеуші элитасын «мәңгілік елдің» кепілі Көктен таңдалған қаған болды [222, с. 33; 221] деп көрсетеді. Ал С.Е. Малов «құдай тектес» билеушілердің бейнесі Орхон жазуларында «Көктен туған», «Көктен түскен» деген киелі ұғымдармен [223, с. 92, 93, 94] теңестіреді. Зерттеуші А.К. Камалов көшпелі империялардағы қаған бейнесінің қасиеттілігін «Көктегі қаған» деген ұғыммен көрсетеді [224, с. 196, 197].

Моңғол империясындағы билеушінің сакралдығы қаған мен аспан арасындағы дамыған жүйе ретінде қарастырған Т.Д. Скрынниковтың еңбегінде кездеседі. Онда аспанмен байланысы туралы бірнеше нұсқаларды көрсетеді: «Мәңгілік аспанның көмегімен...», «Аспан көмектесті ...» т.б. [225, с. 65]. Ал Н.Н. Крадин Скрынниковтың көзқарасын одан әрі дамытып, қаған билігін жеңімпаз күш ретінде қоғамға, тіпті әлемге бағытталады деп көрсетеді. Шыңғыс ханның және оның отбасының сакралдығы құрбандық рәсімін жасау мен қағанның жеке заттарына құрметпеу қараумен түсіндіріледі [226, с. 24].

2) Көшпелі империялардың билеушілері Көк Тәңірі мен халық арасындағы байланысты «жалғастырушы» ретінде түсінік қалыптасқан. Қаған билігінің сакралдығы оның әскери және саяси жетістіктеріне байланысты болды. Зерттеуші С.Г. Кляшторныйдың еңбегінде қағанның есімі эпоним және мемлекет атауының синонимі ретінде қолданылған (Жер – қаған) [227, с. 14]. С.Е. Маловтың Моңғол және Қырғыз жерінде көне түркі жазбаларына жүргізген талдауында Білге қағанның жазбасында жұт пен аштық болғаны

ерекше айтылады. Екі жағдайда да қаған өз халқын ойлап, басқа тайпаларға шабуылға шыққан [228, с. 21].

3) Орта Азиядағы көптеген көшпелі империяларда билеуші Көк пен халық арасындағы байланыстырушы қызметті атқарды. Зерттеуші Л.П. Потапова түркі қағандарының «көктен ер адам ретінде туылуы» деген идеяны көрсетеді. Жоғары билікке ие болған билеуші басқалардан дара «Тәңір құттың» болуымен ерекшеленеді [229, с. 34]. Бұл туралы А.Н. Кононов «құт» сөзін қағанның қадір-қасиетіне жататын көрсеткіш ретінде аударма жасайды [230, с. 209].

4) Билеушінің мәртебесін арттыратын жеке қасиеттерінің болуы. Қағанның жеке қасиеттері – халқын жинақтай алуы (басқару), оның жетістіктерінің халқына бағытталуы.

5) Қағанның интеллектуалды қасиеті – ақылды болуы. Себебі, қаған билікке ие болу жолында көптеген саяси, әскери және дипломатиялық қарым-қатынастар жасаудағы жеңістері арқылы өзінің басқалардан «ерекше» етіп көрсете алады. Бұл биліктің сакралдығының тікелей «ақылға» байланысты екендігін білдіреді. Ортағасырлық жазба ескерткіштерде әрбір қағанды «ақылды» деп көрсетеді [222, с. 11].

Қазақстан территориясын мекендеген ежелгі тайпалардағы билік өкілдерінің сакральды бейнесі ежелгі дәуірдегі авторлардың еңбектерінде кездеседі. Грек авторы Геродоттың жазбаларында ежелгі дәуірдегі көшпелілер қоғамындағы билеушілер жоғарғы билік пен діни үстемдікті қатар ұстаған. Сақ билеушілері дүниеден қайтқанда белгілі бір жерлеу орны дайындалып, мәйіттің денесі бальзамдалып, бүкіл халық қоштасу ғұрпын өткізген [223, с. 71]. Рим тарихшысы Помпей Трог сақ қоғамындағы әйелдердің билік өкілі бола алатынын, соғыс кезінде олардың әдіс-тәсілдері, бүкіл қолды/әскерді ертуі, халыққа басшылық ету ерекшеліктері, жаудың билік өкілімен өзара байланыстағы мінез-құлқы секілді мәселелерді сипаттап өткен [231, с. 56]. Ктесий де сақ қоғамының жоғарғы билігінде әйелдердің рөлі, халық арасында ерекше құрметті болуына мән беріп, олардың соғыс кезінде ер адамдарға жәрдем берумен қатар, соғысқа араласатынын жазады [232, с. 86]. Қытай тарихшысы Чжан Цзянь да ежелгі үйсін қоғамындағы халықтардың күнге табынып, өздерінің жоғары билік өкілін Гуньмо/Күнби деп атағанын және билеушіні жаратушының жердегі елшісі іспеттес құрметтеу арқылы, оның/билеушінің сакральды бейнесінің маңыздылығын арттыра түседі [218, с. 235-346]. Византиялық тарихшы Прииск те ежелгі ғұн дәуіріндегі билеуші Еділ/Аттила туралы жазып, оның күнделікті тұрмыстағы іс-әрекеті, билік өкілі ретінде орны, жеке мінез-құлқы, халықтың билеушіге деген құрметі мен сенімін сипаттайды [232, 56-59 бб.]. Бұл мәліметтердің барлығы көне дәуірдегі қоғамда/қоғамдарда билеушінің сакральды бейнесі туралы түсініктердің кеңінен таралғанын байқатады.

Түркі кезеңіндегі көшпелі қоғамдағы билеушінің сакральды бейнесі тәңіршілдік наным-сеніммен астасып кетеді. Орталық Азиядағы ортағасырлық мемлекеттік институттардың билік жүйесінде тәңіршілдік сеніммен өзара

байланыста даму негізінде монотеистік сенімнің қалыптасуына әсер еткен. Аталған мәселе синергетикалық үдерістер негізінде қарастырылуы қажет [233, с. 25-59].

Түркі дәуіріндегі билік пен билеушінің сакральды бейнесіне қатысты зерттеулердің ілгері жылжуына ықпал еткен ғалымдардың ішінде В.Е. Войтованың зерттеулері маңызды болып табылады. Аталған автор түркі дәуіріндегі билік қоғамындағы жерлеу салттарында сақталған жоралғылардың бәрі де билеушінің қайтыс болғанына дейінгі белгілі бір құрмет иесі болғандығын айғақтайды деп көрсеткен. В.Е. Войтова зерттеулерін С.Г. Кляшторныйдың еңбектеріндегі мәліметтермен салыстыра отырып, түркі халықтарының ішкі қоғамындағы қара бұдүн және аристократтық (билеушілер тобы) деп екі бөлікте болатынын және түркілердің қоғамындағы әлеуметтік теңдіктің бола бермейтінін айта келе, мұндай мәселелер, жерлеу орындарынан да жиі байқалатынын айтады [15, с. 56]. Түркі қағанаттарындағы билік жүйесі мен билеушінің бейнесі туралы мәселелер Т.С. Жұмағанбетов еңбектерінде де кездеседі.

Зерттеуші түрік қағанаттарындағы әлеуметтік теңсіздік, қоғамдағы билеушінің орны туралы мәліметтерді жинақтап, өзінше талдаулар жүргізеді және хан жасағы барлық уақытта хан ордасында тұрақты болған, бейбітшілік кезеңде ішкі тыныштықты бақылаған деген болжам жасайды. Бұл билеушінің айбынын көрсетіп, айналасына қорқыныш ұялатудың бір түрі болуы мүмкін екендігін де білдіреді [234, с. 30].

А. Оразбаева көшпелілер қоғам түсінігінде билеушіге «ата-анасына сенгендей» сенім білдіріп үлкен құрметпен қарайды деп тұжырымдайды. Биліктегі билеуші бейнесіндегі шыншылдық, батырлық, көсемдік басқаларға билік етуші қасиеттері жеке тұлғаның бойындағы дара қасиеттеріне негізделгенін. Сондықтан түкі халықтарында билеушіге билік тәңірден берілген немесе «құт» дарыған адам деген түсінікпен ұштасқан. «Құт» түсінігі қарапайым өмірде бақыт, берекелік, қуаныш, сәттілік мағынасында болса, ал билеушіге қатысты мағынасы мүлдем басқаша болған. «Құт сөзінің билеушіге қатысты мағынасы толық билік иесі, билік қолына толық шоғырланған адам мағынасында қолданылды. Салыстырмалы түрде айтсақ француздардың «Autoire de l'Etat» (мемлекеттің абыройлы адамы) немесе неміс халқының «Staatsmacht» (мемлекеттің билік иесі) сияқты жоғарғы билік иесіне қатысы қолданылатын терминдердің мағынасына сәйкес келеді деп пайымдайды [12, с. 249]

Көшпелілердің далалық заңына сәйкес билеушінің сакральды бейнесі бір мезгілде қалыптаспағаны анық. Ол өзінің бастауларын ежелгі дәуірлерден ала отырып, тарихи сабақтастыққа ұласты. Ұзақ мерзімдік даму тарихында халық пен билік арасында өзара құрмет пен түсінік, сонымен қатар сенімді күшейтті. Осы жерде билеушінің жоғарыдан ерекше күшке ие болатыны және қасиетті мандат секілді ұғымның да бар екендігін жоққа шығармау қажет. Мысалы, осы соңғы ұғымның көрінісін Орта Азиядағы халықтармен қатар Иран халықтарынан да байқауға болады. Оларды «хварын» деп аталатын түсінік,

түркі халықтарында «құт» ұғымымен айқындалады. «Құт» түсінігі түркі халықтарында сакральдылық ұғымымен өзара байланысып, біртұтас түсінікке ие болады. Көшпелілер дүние танымында «құттың» халық арасында нақыл сөзге айналып, ғасырдан-ғасырға табысталып келе жатқан «А, құдайым, ханды алмағай, хан кетіп, қара халық сандалмағай», «Ханға қарсылық құдайға қарсылық», «Хан баласы көпір болса, басып өтпе», «Хан келсе құт, кетсе жұт» дейтін тіркестер хан тұқымының қара халықтан өзгеше әлеуметтік құқығын ғана емес, сонымен қатар хан билігінің қасиеттілігін баршаға дәлелдегендей. Бұқара жадындағы хандық билікке бұндай құрмет қазақ қоғамында орнығып, белгілі бір дәрежеде идеологиялық сипат алғанын аңғартады [235, p.160].

Хан – ортағасырда және жаңа дәуірде көшпелілер қоғамындағы ең жоғарғы дара билік иесінің титулы. Сан алуан тарихи, этнографиялық және фольклорлық материалдар көшпелілер мемлекеттілігін, елдігін, мәдениет пен дәстүрін сақтап оны болашақ ұрпаққа жеткізу жолында ерекше рөл атқарғандығын айқындайды. Яғни, бұдан хандардың басым бөлігі міндеттерін абыроймен атқарып қана қоймай ел жұрт арасында ұлы қолбасылар әрі даңқты батырлар ретінде ел арасында шексіз абыройға ие болғанын көруге болады [236, 61 б.].

Сакральдылық ұғымының түрлі аспектілеріне талдау жасап, діни, ғұрыптық, психологиялық және философиялық мән беруге тырысқан зерттеушілердің ішінде Р. Маррет, Р. Отто, Э. Дюркгейм, М. Элиаде, М. Вебер, К.Г. Юнг, М. Блок, А.Я. Гуревич секілді ғалымдарды және т.б. ғалымдарды атауға болады. Адамдардың алғашқы қауымдық қоғамынан бастап кейінгі өтпелі кезеңдеріне дейінгі аралықтағы жалпы билікке ұмтылу мысалдарын зерттеген Р. Маррет, олардың діни түсініктеріне орай дамуының алдыңғы сатылары туралы өзінің болжамдарын/ойларын келтіреді. Роберт Марреттің ойынша, адамзаттық дамудың бұл кезеңінде түсініксіз тылсым күшке сену, өздерінің қабілет/мүмкіндіктерін қолданбай, ішкі сезімге байланысты әрекет еткеніне көңіл аударады [237, с. 99-108]. Р. Маррет билік жүйесінде діннің қоғамдағы билеуші бейнесін ерекше сипатта көрсететін тағыда бір функциясына сипаттама жасайды. Р. Марреттің пікірінше, әлеуметтік-психологиялық негізде алып қарағанда, діни түсініктердің басты қызметі қиын жағдайларға тап болғанда, өз ішінде сенімділікті қалыптастыра алуы мүмкін [238, с. 94]. Ал, кейбір зерттеулерінде, адам баласын қорқыныш билегенде, психологиялық тұрғыдан әлсіздік танытқанда, осы қорқыныштарын жеңуге мүмкіндік болады деп жазады [239, p. 107]. Аталған ғалым, өзінің зерттеулерінде ғылыми тұрғыдан анимизм теориясын сынайды. Оның ойынша, көне дәуір қоғамында үстемдік етуші биліктің түрлері болмаған, ал анимистік түсінікті кейінгі уақыттағы интеллектпен шатастыруы мүмкін деп жазады [239, p. 105]. Маррет халық түсінігіндегі діннің рөлін анықтауда, алғашқыда сыртқы факторларға, оның әлеуметтік сипатына мән берсе, кейінгі зерттеулерінде ішкі құрылымына, әсеріне назар аударады. Байқағанымыздай, Марреттің алғашқы пікірлері уақыт өте басқа бағытқа ауа бастаған. Яғни, Марреттің кейінгі

зерттеулеріндегі айытылған пікірлері қоғамдағы түрлі әлеуметтік деңгейдегі адамдардан бастап, жоғары биліктегі адамға дейінгі аралықта, жеке тұлғаларда көрініс табатын психо-әлеуметтік сезімдерді анықтаудан барып туындаған.

Марреттің көзқарастарын қосымша толықтыратын ұстанымдарды Рудольф Оттоның пайымдауларынан көруге болады. Ол, қоғамдағы билік өкілінің жоғары билікке ие болу мысалдарына зерттеу жүргізіп, «сакральдылық» түсінігінің/ұғымының маңызды еместігін айтады. ХІХ ғасырда бұл сөз еуропа тілдерінде қажетілік тудырмайтын түсінік екендігіне тоқталады. Отто бұл секілді маңызды емес ұғымдарды «нуминозды» («нуминоз» лат. *pumen* – құдайдың қалауы А.Т.) деп атаған [240, с. 116].

Алайда, Оттоның бұл пайымдаулары сол кезеңдегі Ф. Фэйгел, Р. Девисон, А. Леметр және т.б. философтардың тарапынан қарсылыққа ұшырайды [241, с. 13-15]. Р. Оттоның ойларына талдау жасаған дінтанушы М.А. Пылаеваның ойынша, ғалымның көзқарастары бүгінгі ғылыми және психологиялық білім ұстанымдарының шеңберіне сыймайды [242]. Байқап отырсақ, адамзат қоғамындағы билеушілердің сакральды бейнесін психологиялық тұрғыдан зерттеуде Р. Оттоның «қасиеттілік» ұғымы жайындағы көзқарастары бірнеше ғылым түрлері өкілдерінің тарапынан күшті сынға ұшырап, оның ұстанған позициясында кемшіліктер бар екендігі көрсетілді.

Сакральдылық ұғымын талдаудағы қарама-қайшылыққа толы көзқарасты ұстанған ғалымдардың қатарынан Э. Дюркгеймді де көреміз. Оның ойынша, білімнің басты мәні сыртқы фактордан емес, адамның ішкі сезімдерін дұрыс түсінуден пайда болады [243, с. 46-51]. Алайда, зерттеушінің көзқарастары ғылыми айналымда көп қолданыла бермейді. Э. Дюркгейм өзінің ғалымдар арасындағы ерекше танымал болуымен қатар, олардың арасында белгілі-бір деңгейде беделге де ие болғаны анық, дегенмен, оның пайымдауындағы сакральдылық түсінігінің астарында тотемдік ұғым жатады деген пікірімен келісе алмаймыз. Сонымен қатар, «қалыпты қоғам» және «ауытқушы қоғам» деген тұжырымының ғылыми негізі жоқ. Қоғамның ішкі құрылымын сипаттауда Э. Дюркгейм объективті көзқарастарды назардан тыс қалдырғандай көрінеді. Себебі, кез-келген қоғамда билік өкілі тарапынан болған қылмыстардың өмір бойы орын алатыны туралы пікірлері нақты дәлелсіз тұжырым. Оның үстіне, «қоғамда қылмыс міндетті түрде болуы тиіс» деген ойы да түсініксіз. Жалпы, біздің ұстанған позициямыз Э. Дюркгейм қарастырған аймақпен байлынысты болмаса да, оның билеушілердің қылмыс жасап отыруы, жалпы қоғамның дамуына ықпал етеді деген ойларының бүгінге дейін қарсылыққа тап болуы да тегін емес секілді [243, с. 61].

Жоғарыда сөз болған ой-тұжырымдар мен пайымдаулардың одан әрі жетіле түсуіне ықпал еткен ғалымдардың бірі – М. Вебер. Ол билік құрылымын анықтауда, мемлекеттің түрлі әрекеттерді жүзеге асыруда қоғаммен келіскенімен де, күшке салу, зорлық-зомбылық көрсетуге бара алатынын жазады [244, с. 186]. Оның ойынша, жоғары билік бірнеше топтарға жіктеле алады, билік өкілі осы құрылымды басқарып, жүзеге асырады әрі бұл жерде дін басты орын алады. Яғни дін жоғары биліктегі билеушінің

деңгейін/сакральдылығын сақтайтын негізгі құрал іспеттес. Зерттеуші бұл пайымдауларының барлығын протестантизм шеңберінде ұғындыруға тырысады. Жалпы, М. Вебердің тұжырымдарында жоғары биліктегі бюрокартиялық құбылыстарды талдау әрекеттері бар екендігін атап өту керек.

М. Вебердің ұстанған теориясы харизматикаға негізделіп, билік жүйесіндегі билеушінің сакральдылығы жаратушының өзімен теңестірілген. Алайда, автордың бұл көзқарасы мен теориялық пайымдаулары сол заманда қарсылықтарға тап болды. Ол қарсылық әлі күнге дейін жалғасып келе жатқанын айту қажет. Біздің ойымызша, М. Вебердің діни догматикадан басқа пікірлері мен ұстанымдары ойдан шығарылғандай әсер қалдырады.

Әл-Фараби өзінің «Әлеуметтік-этикалық трактатында» билеуші атауына философиялық тұрғыдан келесідей түсінік береді (аударған біз – А.Т.): «Билеуші» атауы билік пен күшті қатар білдіреді. Толық күш дегеніміз екі үлкен күшті білдіреді және оның бір нәрсеге деген күші оған сыртқы заттар арқылы жүзеге асырылмайтындығын білдіреді, егер өнер, табиғат пен ізгілік өте үлкен күшке жетсе, онда ол үлкен қабілеттің нәтижесінде мүмкін болады. Әйтпесе, ол абсолютті күшке ие болмайды және билікке ие болмайды. Сондықтан абсолюті билеуші, ол философ, заң шығарушы» [245, с. 342]. Яғни, билеушінің жеке қабілеттері биліктің ықпалын күшейтуге тікелей әсер етеді. Әл-Фарабидің бұдан мың жылдан астам уақыт бұрын айтқан философиялық пайымдауы кейінгі уақыттарда да зерттеушілер тарапынан айытлғаны белгілі. Жеке билеушінің тұлғалық қасиеттері билік құрылымының ықпалдастығына тікелей байланысты. Л.Н. Гумилевтің де «пассионарлық теориясының» мәні осы философиялық ұғыммен астасатыны байқалады.

Биліктегі сакральдылық/қасиеттілік түсінігін діни тұрғыдан қарастырған зерттеушілердің бірі – М. Элиаде. Оның ойынша, жер бетіндегі тіршілікті киелі жер мен аспан арасындағы архетиппен екеуара қатынасын түсіндіре отырып: «қоршаған орта адамдарың тіршілігінің нәтижесі болатын өркениеттің мысалдарымен өзара тығыс байланыста» деген пікірмен, оппозициялық көзқарастағы ойын көрсетеді [246, с. 63]. М. Элиаде сакральдылық түсінігін діни ұғымдағы қажетті морофлогиялық сипата қарастыру негізінде, Э. Дюркгейм мен Р. Оттоның ұсынған категорияларына жақындайды. Жалпы Оттоның пікірлеріне Элиаденің тұжырымдары аса бір қарсы келгені байқалмайды, дегенмен, сакральдылық ұғымының негізінде үрей мен қорқу, сорлылық пен шарасыз болуы секілді сезімдердің де орын алатынын айтқан. Сонымен, М. Элиаде, адамзат қоғамындағы билеушілердің сакральды бейнесін жеке қарастырмағанымен, халық пен билік/билеуші арасындағы байланыста дін түсініктерінің байқалатынын көрсету арқылы, жоғарыда сөз болған, Р. Оттоның теорияларынан аздап алыстап кеткен. Б. Сильва діни түсініктердің ішіндегі феномен ұғымын зерттеу барысында, М. Элиаденің пікірлерінде сакральдылық түсінігінің феномендік термин немесе онтологиялық сипаттағы термин деп екі нұсқада пайдаланғанын байқайды. Алайда, жоғарыдағы мәліметтерге талдау жүргізе келе, байқағанымыз, М. Элиаденің зерттеулеріндегі сакральдылық түсінігі бұрынғы зерттеулермен салыстырғанда, тұрмыстың шеңберіндегі

калыптасқан түсініктермен өзара астасатын секілді. Сондай-ақ, қазіргі уақытта, М. Элиаденің пікірлерін қолдаушылардың бар екендігін ескеру қажет.

Билеушінің сакральды бейнесіне байланысты пікірлерін ұсынуда басқа зерттеушілерден біршама сынға ұшыраған ғалымдардың бірі – Леви Стросс. Аталған ғалым, тарихи негіздегі материалдарға сүйену арқылы, көне және дәстүрлі қоғамда адамдар бинарлы сипатта болады дей отырып, бірқатар қайшылықтарды ескеру керектігін алға тартады. Оның ішінде өмір мен өлім, төмен және жоғары, аспан мен жер т.б. [247, с. 33-45]. Біздің ойымызша, Л. Стросстың бірқатар ойлары бүгінгі қалыптасқан түсінікке сай келетін секілді. Мысалы, ол қоғамда билеуші абыройы бірден пайда болмайды, жүре келе қалыптасады және ол мінез-құлық ұрпақтан ұрпаққа беріледі деген пікірді айтқан. Осы тұжырымы өз кезегінде Л.Н. Гумилевтің пассионарлық теориясымен аздап ұқсастыққа ие болып отыр.

М. Мосс билеуші мен халық арасындағы байланыстарға зерттеу жүргізе келе, билеушінің беделі деген мәселеге тоқталып, сакральдылық түсінігін арнайы қалыптасқан архетиптермен байланыстырып, діни сенімдердің шеңберінде түсіндіреді. Оның ойынша, билікке/билеушіге ерекше күш-қуат беріп, ақыр соңында құлдырап кетуіне алып келеді [248, с. 261]. Жалпы М. Мосстың басты идеясы осы тұжырымға жақын. Өмірдегі кез-келген адам белгілі бір ғұрыптық салттардан өтеді, сол арқылы айналасына үлгі көрсетерлік сакральды образды қалыптастырады. Мысалы, қоғамдағы билеуші өзінің саяси беделін көтеру үшін белгілі бір діни-жоралғыларды жасауға міндетті. Мұның басты мысалын құрбандықтан көруге болады. Құрбандық шалу арқылы ол өзінің қасиеттілігін білдіреді. Бұл ғұрып халық арасында тұрақтылықты негіздеп, билеушіге деген сенімді одан әрі күшейте түседі. Сәтті шыққан құрбандық билеушінің халыққа өзін таныту, түрлі қасиеттерімен бөлісу, киелі дастархан, құрбандыққа арналған жануар/адам арқылы о дүние мен осы өмір арасындағы өзара байланыс, психикалық-мистикалық бірігу және т.б. ұғымдарды көрсетеді. Мосстың бұл пікірлері жалпы құрылымы жағынан біздің зерттеулерімізге аздап жақындай түседі. Мұның себебі, құрбандық шалу рәсімімен байланысты. Жалпы құрбандық қай дәуірде орындалса да, басты атрибут ретінде жануармен байланысты болады. Бүгінде бұл ғұрыптар діни түсініктермен өзара астасып, басқаша сипат ала бастағаны байқалады. Ал шындап келгенде, аталған дәстүр ежелгі дәуірлерден басталып, мыңдаған жылдар бойы халықар арасында тарихи сабақтастыққа ұласып келеді. Дегенмен, М. Мосс қарастырып отырған кезең өте ерте дәуірлер болғандықтан, оның бірқатар пікірлері бүгінгі түсініктерден біршама ауытқып кетеді. Жалпы алғанда, М. Мосстың ұстанған бағытымен келісуге болады деп ойлаймыз.

Көшпелі қоғамдағы билеушілердің сакральды бейнесі діни түсініктермен өзара тығыз байланысты болған. Мұндай ойларды биліктің сакральды бейнесінің негіздерін талдауға тырысқан Г. Гегельдің еңбектерінен көреміз. Ол өзінің «Философия тарихы» деген еңбегінде мемлекеттік бастауы дінмен байланысты деген теорияны ұсынады. Тіпті, оның ойынша, қазіргі уақыттағы мемлекеттілік мәселесі жаратушы күштің әсерімен жүзеге асады. Мемлекеттің

алғашқы сипаттары халықтың алғашқы наным-сенім түсініктері негізінде қалыптасады [249, с. 18-27]. Гегельдің бұл пікірлері қазіргі зерттеушілер тарапынан бірнеше сипатта қарастырылады. Оның ішінде, бірқатар зерттеушілер Гегельдің мұндай пікірлері қисынға келмейді десе, келесі топ оның пікірін жақтайды. Біздің пікірімізше, Гегельдің діни түсініктердің мемлекеттің бастауында тұрады деген тұжырымын екі мағынада түсінуге болатын секілді. Бірінші, мемлекетті билеуші жалпы халықтан қандай да бір айырмашылықтарға ие болуы қажет немесе өзінің биік тұрғанын көрсетуі қажет. Бұл адами қасиеттермен (психологиялық, физиологиялық және т.б.). Бұл мысалда біз Гегельдің пікірімен аса сақтықпен келісеміз. Себебі, дәстүрлі қазақ қоғамында да билеушіні ерекше сипаттау үрдістері орын алғаны белгілі.

Екінші, халықтың алдында билеуші өзінің нақты қасиеттерімен/ерекшеліктерімен (терең ой, күш-қуат, харизма, психологиялық дағдылар және т.б.) көрінуі тиіс. Бұл жерде, психологиялық дағдыларды жоғарыда сөз болған діни түсініктермен өзара байланыста қарастыру, оның негізгі сипатын әсерлендіретіні де белгілі.

Идрис Шах өз зерттеулерінде билік жүйесінің ерекшелігін сиқырлық, магиялық әрекеттермен ұштастырған деген пікір айтылады. Мысалы, автор арабтардың адамды басқа тіршілік иесіне айналдырып жіберетін ерекше сиқырдың тәжірибеден өткізгенін және оны Батыс елдерінде «ликантропия» деп атайтынын жазады [250, с. 101]. Біздің ойымызша, автордың мұндай ситикалық түсініктерге орай айтылған пікірлерінің шынайылығы жоқ. Алайда, ортағасырлық сенімдерде мұндай көзқарастар/ойлар шындық ретінде қабылданған болуы да мүмкін. Көшпелілер қоғамында адамды асқа тіршілік иесімен алмастырып жібергені туралы деректер кездеспейді. Алайда, жалпылама алғанда, теңеулерді кездестіруге болады. Түрік қағаны Бумын өздерін Ашина ұрпақтарымыз деген, яғни қасқырды емген баланың ұрпақтарымыз деп айтуы, Идрис шахтың пікірлерінің көшпелілер қоғамындағы басқаша сипатын көрсетіп тұрғандай. Бұл көзқарасты Д.Г. Савинов та генеологиялық аңыздағы қасқырмен байланыстары отырып, толықтырып кетеді [251, с. 29]. Ал зерттеушілер С.Г. Кляшторный мен В.А. Лившиц аңыздың түркілер арасында кең таралғандығын VI-VIII ғғ. Моңғолиядан 10 км жердегі Бугут қонысының жанынан табылған Бугут жазба ескерткішіндегі Түркі қағанаты кезеңінің алғашқы уақытындағы оқиғалардың соғды жазуымен жазылған нұсқасымен дәделдеді [252, с. 123]. Ал зерттеуші А. Досымбаева Батыс Түрік қағанатының тарихын зерттеуде жазба деректер, бейнелеу және эпиграфиялық ескерткіштердің маңыздылығын айта келе, түркілік деректерде билеушілерге арналып арнайы тасқа қашалып жазылған жазуларды [171, с. 101] жатқызады.

А.М. Досымбаева өз еңбегінде Д. Синордың еңбегіне сілтеме жасай келе: «... Түркі этносының пайда болуының мифтік бөлігінде адамдардан бөлек 3 аңызға негізделген тотемдік жануарлардың болғанын жазады. Олар: бұғы, қасқыр және қарға. Бұл үш жануардың аңыздағы рөлі әртүрлі болғанымен, нәтижесінде олардың біреуі түркі тайпасын қорғаушы ретінде сипатталады

[253, с. 17]. Д. Синор аңыздарға талдау жасай келе, түркілердегі билеуші тап өкілдері «қасқырдан» тарайды [254, с. 234] деген ойын білдіреді. Сондай-ақ, Шыңғыс хан дәуіріндегі шапқыншылықтан кейінгі қазақ жерінде ірге тепкен Алтын Орда және басқа да мемлекеттер және Қазақ хандығы тұсындағы мемлекеттік биліктің символы болып табылатын ту/байрақтың ұшына тоғыз тал жылқы қылымен бірге, бөрінің басын бейнелеуі немесе «бөрілі байрақ» деп ақын-жыраулардың қосып жырлауына қарап, көшпелілер қоғамында биліктің бастауында белгілі бір тұрғыдан мистикалық түсініктердің болатынын аңғаруға болады.

Біздің ойымызша, көшпелілер қоғамындағы билік пен билеушінің ішкі құрылымының бастауы даму тұрғысынан алғанда қарапайымнан, күрделіге қарай бағытталады. Алайда, көшпелі халықтар арасында бұл тұжырымды теріс түсініп, оны ақиқат ретінде сипаттап, билік пен билеушіні ерекше етуге себепші болғандай. Мысалы, қазақ халқында әлі күнге дейін «ата-бабамыз сондай мықты болған», - деген сипаттағы асыра мақтаудан тұратын түсініктен көруге болады.

Биліктің сакральдылығына методологиялық тұрғыдан арнайы талдау жасаған зерттеушілердің ішінде А.А. Федоровский, А.В. Медведев, П.К. Дашковский, С.А. Васютинді ерекше атауға болады. Аталған авторлардың ішінде А.А. Федоровский және А.В. Медведев сакральдылық ұғымының трансформациясы мен феноменін байланыстыра отырып, жалпы хронологиялық ауқымды негізге алып зерттеу жүргізсе, П.К. Дашковский мен С.А. Васютин Орта Азиядағы көшпелі халықтардың мысалында билеушінің сакральды бейнесіне тоқталады.

С.А. Васютин көшпелі қоғамдағы саяси биліктің ұйымдасуының белгілері өте көп екендігін алға тарта отырып, оның ішінде маңызды деген 10 белгіге назар аударады және тек олардың үш белгісі биліктің қасиеттілігін білдіреді [3, с. 129].

П.К. Дашковскийдің пікірінше: «билеушінің іс-әрекеті халыққа белгілі бір символдар жүйесінде (билік функциясын атқарумен байланысты заттар, жерлеу-ғұрыптық кешендер және т.б.) қабылданады, ол билеушінің өзі әлеуметті біріктіруші, ұйымдастырушы кейпінде көрініс табады». Осы себептерге байланысты, билеушінің өлімі көшпелі қоғамда үйлесімділік гармониясын бұзып, аласапыран және зұлматтың келгенін білдіреді [164, с. 63].

В.Я. Петрухин өзінің зерттеуінде Хазар қағанатындағы билікті зерттеушілер сакральды ұғымға балап, асыра сілтеуге барған деген пікір айтады. Яғни, В.Я. Петрухиннің пікірі бойынша, Хазар қағанатындағы қағанның билігін көрсететін деректерді түсіндіруде екі үрдіс қалыптасқан. Біріншісі, қағанаттағы «қос билікті» түркі мемлекеттері бойынша дәстүрлі етіп көрсету болса, екіншісі, биліктің мұндай түрі нақты тарихи оқиғаларға негізделеді [255, с. 73-78].

П.К. Дашковский биліктегі саяси және әлеуметтік генезисті түсінуде билік символдары көп мәлімет беретінін айтады. Саяси билік идеясы көшпелі қоғамның әртүрлі нысандарынан көрініс табады. Билік сакрализациясын

білдіретін басты белгілерге аса таяқ, жерлеу кешендері, ғұрыптар және т.б. билік атрибутымен байланысты символдар жатқызуға болады [164, с. 69].

Жерлеу-ғұрыптық кешендері көшпелілер әлемінде ерекше діни-мифологиялық әлемнің моделі секілді. Осы тұрғыдан алғанда билеушінің жерлеу кешені әлеуметтік ұйымдасудың дүниетанымдық орталығы болып табылады. Осы себептен де көптеген археологтар патшалық (элиталық) қорымдарды көшпелі қоғам үшін сакральды ұғымға тән болған деген пікірді қолдайды.

Ежелгі көшпелілердің саяси және әлеуметтік тұрғыдан бірігуі күрделі сипатқа ие. Көшпелі тайпалар бір бірімен жауласып жатса да, қоғамдық ұжымдасудың басқа сипатында немесе дәстүрлі қоғамда билік өкілі маңызды орынға ие болған. Ерте көшпелілер қоғамындағы билік өкілдерінің сакральды бейнесі олардың жерлеу орындарынан анық байқалады. Жерлеу орындары мен жерлеу ғұрыптарының ерекшеліктері, арнайы орынның таңдалуы, жоралғылардың ерекше мағынада жүзеге асырылуы, ақыреттік бұйымдардың барлық салтанатпен қойылуы және т.б. билеушінің сакральды бейнесін анықтауда бұлтартпас айғақтар бола алады. Қазақстанның батыс өңірлеріндегі сармат дәуірінің жерлеу орындарында қолбасшыға тән қару түрлері, салтанатты алтын бұйымдар және билік атрибуты іспеттес аса таяқ секілді жәдігерлердің анықталуы билеушінің құдайдың жердегі елшісі деген түсінікті одан әрі күшейте түскен. Бұл ойымызды З. Самашевтың да зерттеулерінен көре аламыз [256, с. 15-121].

Көне сармат қоғамындағы билік өкілінің жоғарғы билікпен бірге абыз қызметін бірге атқаруы, оның сол дәуірдегі халықтар арасында үлкен беделге ие болғандығын көрсетеді. Бір жағынан ежелгі халықтардың арасында билеуші сипатын діни түсініктермен байланыстырып, жоғары етіп көрсету арқылы саяси биліктің сакральдылығын арттыру әрекетін де көрсететін секілді.

Тарбағатай өңіріндегі Шілікті сақ қорғандарын зерттеген Ә.Т. Төлеубаев, ондағы жерлеу орындарынан жиі табылатын бағалы металл бұйымдарын, оның ішінде бес жұлдыз іспеттес «жүзікті» көне дәуірдегі сақтардың билеушілеріне тән белгілер деп тұжырым жасайды [257, 326-334 бб.].

Ә. Төлеубаевтың пайымдауларына үңілу барысында, көне сақ қоғамында мемлекет ұғымы болғанын білдіретін белгілердің бар екендігін байқаймыз. Сақ билеушісінің/көсемінің барлық салтанатымен апталып, ерекше құрмет сипатында жерленуі, оның қарапайым халықтарға қарағанда жоғары статусқа ие екендігін, сонымен қатар халықтың билік өкіліне деген ерекше құрметінің болғанын да айғақтайды. Жалпы, сақ билеушілерінің элитарлы қорымда жатуы, ақыреттік бұйымдарының молдығы мен бағалы бұйымдардың болуы, жерлеу орындарының ерекше сипатта, бізге белгісіз дүниетанымдық тұрғыдан тұрғызылуы, билеушінің жаратушымен байланысы туралы жоғарыда айтқан «діни түсініктердің» нышанын байқауға болатын секілді. Бұл ойымызды З. Самашевтың Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданындағы Берел және Тарбағатай ауданындағы Елеке сазы қорымдарында жүргізген зерттеулері де қуаттай түседі.

Археолог З. Самашев атақты Берел жерлеу орындағы №11 обадан табылған жылқымен жерлеу ғұрпын, ондағы ер мен әйелдің ағаш табытқа салынып жерленуі, жылқылардың басына мистикалық сипаттағы «маскалардың» кигізілуі, өмірде кездеспейтін ғажайып жануарлардың бейнесі сомдалған бұйымдардың болуына қарап, олардың/жерленгендердің тірі кезінде үлкен құрметке бөленіп, атақты адамдар болғанын жазады. Мысалы, жерлеу астауы немесе табыттың бір шетіне орнатылған самұрық құсының бейнесі қашалған ағаш тұғыр/бұйым, жоралғылар өткізуге арналған тостағандар, жылқылардың өзінің иесін арнайы жорыққа алып баратындай етіп жатқызылуы және т.б. белгілерден көруге болады [188, с. 20-36.].

К.А. Ақышев Іле өңіріндегі Бесшатыр қорымындағы обаларды зерттеу барысында, олардың пішіндері ерекше, үлкен және жерлеу орындарының арнайы ағаш секілді тұрғызылуы мен айнала тас меңгірлер орнатылуына қарап, белгілі бір космогониялық сипатты көрсетеді деп тұжырым жасайды [258, с. 271-281]. К. Ақышевтың ойынша, Бесшатыр қорымындағы көлемі ірі обаларға көсемдер, ірі қолбасшылар жерленген. Ал, орта көлемдегі обаларға соғыста ерлік көрсеткен жауынгерлер, кіші көлемді обаларға қатардағы жауынгерлер жерленген. Мұндай әлеуметтік жіктеліске қарап, Жетісу өңіріндегі ежелгі көшпелілердің қоғамында билеушілердің ерекше құрметке ие болуымен қатар, жерлеу орындарымен де ерекшелене түсетіні олардың сакральдық бейнесін анық көрсетеді [258, с. 271-281].

Археолог К. Ақышев Жетісудағы атақты Есік қорымын зерттеу барысында табылған әлемге танымал алтын адамы билеушінің сакральды бейнесі туралы ойларымызды одан әрі бекіте түседі. Есік обасынан табылған алтын адаммен қатар (алтын киімдері сөз болып отыр – А.Т.), қару үлгілері, руникалық жазу сақталған күміс табақша, алтын жүзік т.б. ғұрыптық сипаттағы бұйымдар ежелгі сақ қоғамындағы билік өкілінің ерекше бейнесін көрсетеді. К. Ақышев та өз еңбегінде аталған «ақыреттік бұйымдардың» билеушіге тиесілі екендігін атап өткен [91, с. 40-61].

Еуразияның кең аумағында тіршілік еткен сақтардың/скифтердің билеушілерінің халық алдындағы беделі мен қадір-қасиеті туралы мәселелерді қозғаған ғалымдардың ішінде Л.С. Марсадоловты атауға болады. Өз кезегінде, оның ғылыми пайымдаулары қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде де көрініс тапты. Мысалы, белгілі отандық археологтар К.А. Ақышев, Ә.Т. Төлеубаев және З.С. Самашевтың тұжырымдары Л.С. Марсадоловтың ойларымен бір арнада тоғысады. Л.С. Марсадолов ерте темір дәуіріндегі «элитарлы» обаларды ақсүйектер мен билік өкілдерінің жерлеулері деп тұжырымдап, жерлеу ғұрпындағы ақыреттік бұйымдар мен жерлеу құрылыстары билеушінің сакральды сипатын көрсетеді деп жазған [259, с. 69]. Бұл тұжырым Д.Е. Ануфриев тарапынан қолдау тауып, ежелгі дәуірдегі қоғамда билеушінің сакральды бейнесі ерекше мәнге ие болумен қатар, билеуші қызметін құдіретті күшке теңеген деп жазған [260, с. 110-111].

Алтайдағы сақ қорымдыран зерттеген археологтардың басым бөлігі Пазырық қорымдарын көшпелі қоғам үшін «сакральды орталық» деп есептейді

[261, с. 46-52]. Көшпелілердегі «сакральды орталық» болған деген нысандарға Пазырықтан бөлек, Тывадағы Аржан 1, Аржан 2 қорғандары, Есік қорымы, Іле өңіріндегі Бесшатыр қорымы, Тарабағатайдағы Шілікті, Елеке сазы қорымдары, Алтайдағы Берел қорымы және т.б. жатқызамыз.

Ә.Х. Марғұлан өзінің «Қазақ әлемі» атты еңбегінде көне ғұн, үйсін тайпаларының билеушілері, олардың мемлекет құруы туралы аңыздарға талдау жасап, ондағы тотемистік белгілердің алатын орны туралы деректерге тоқталған [262, с. 8].

Мәселен, ежелгі ғұн билеушісі шаньюидің сұлу екі қызы болады. «Билеуші: бұл қыздарды жай адамға тұрмысқа берген дұрыс па? Мен тәңірге тапсырдым!...» деп айтады. Нәтижесінде қыздарын Таластан солтүстікте орналасқан бір аралға апарып, тәңірге жалбарынады. Үш жылдан кейін сол маңда үлкен қасқыр пайда болып, билеушінің кіші қызымен қосылыпты-мыс. Соңында олардан тараған ұрпақ мемлекет құрыпты-мыс [262, с. 124].

Ежелгі үйсін билеушісінің мемлекет құруы туралы аңызда да осы ғұн билеушісіне жақын мотив айтылады. Мұндай шайқас барысында үйсіннің билеушісінің жас баласы далада қалады. Өлгі баланы құстар жарасын емдеп, қасқыр келіп емізеді-міс. Соңында, ғұн Шаньюи баланы тәрбиелеп, өсіреді. Соңында ол үйсін мемлекетін құрған билеушіге айналады [22, с. 41.].

Л.Н. Гумилев ерте ортағасырлардағы түркі мемлекеттерінің құрылу қарсаңындағы жағдай, түрік билеушілерінің билікке келуі мен олардың шығу тегі туралы зерттеулерінде біршама аңыз деректерге назар аударған [263, с. 22-23.]. Мәселен ғалым түрік қағанаты мен басқа да көршілес тайпалардың билеушілерінің шығу тегі тотемистік негізде анықталатынын айтады. Атап айтқанда, тибет халықтарында билеуші маймыл немесе орман елесінен пайда болған, моңғолдарда билеушінің ата-тегі сұр қасқыр мен теңбіл бұғы, телелерде қасқыр мен ғұн шаньюиінің қызы, түріктерде ғұн ханзадасы мен қасқыр түп атасы деген аңыздар желісін көрсетуге болады.

Ежелгі түркі ескерткіштеріндегі антропонимдердің өзіндік сырлары мол. Түркі антропонимдерінің өзін иісі түркі табиғатына тән жалпыға ортақ ұғымдағы есімдерге, әр түрлі ру атауларының лексикалық ерекшеліктеріне орай белгілі бір топтарға, тайпаларға орайластыра саралауға болар еді. Түркі тарихында лауазымды, асыл текті мәртебесін білдіретін сөздерді тіркеп айту түрінде қалыптасқан. Олар негізінен «бек», «хан», «хақан», «қаған» деген дәстүрлі атаулар болып келеді. Мәселен, «Оғыз-намеде»: Оғыз қаған, Ұлық Түрік, Алтын қаған, Ұлық Орда, Қыпшақбек, Қағарлықбек, Сақтап, Темірлі, Қалаш, Қаңқалы, Ай, Күн, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз т.б. Бірде адамның ата тегін, шыққан руларын аңғартса, бірде ол атаулар өзінің жеке басының сипаттарын білдіріп тұрады. С.М. Арсал «алғашқы шаньюй Тұманның билігінен соң билік Мөдеге өтеді. Ол билік еткен кезең – Ғұн мемлекетінің ең дамыған кезеңі» ретінде тарихта қалды [264]. «Оғыз-наме» эпосының басты қаһарманы – Оғыз туралы әр тұста жазылған тарихи деректер аз емес. Осы орайда, ең алдымен, Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресі» атты еңбегін бөліп атау қажет. Өз еңбегінде Оғыз қағанның тууы мен өсіп ер жетуінен бастап, оның қаған болып,

Самарқан, Бұқара, Қорасан арқылы Иран, Сирия, Египетке жасаған жорықтары, 116 жыл жасаған өмірінің соңында үлкен той жасап, екі әйелінен туған алты ұлына жаулап алған жерлері мен есепсіз байлық-жиһаздарын мұра қылып үлестіріп бөліп бергенін кеңінен баяндайды. Жырдағы басты кейіпкер Оғыз қаған туралы зерттеушілер осы күнге дейін әр түрлі кереғар пікірлер айтып келді.

Мәселен көне Алтайлық аңыздардан «көк тәңір», «ұмай ана», «жын ерлік», «майтөре алып», «от ана», «жер-су», «әлемнің дүние бөліктерге бөлінуі» секілді кейіпкерлер мен оқиғаларды көреміз. Шындығында көшпелі қоғамның наным-сенімдері тәңірге табынушылық, шамандық үрдістермен тікелей байланысатындықтан, халықтың дүниетанымдық көзқарастары осы аңыздарда сақталғаны байқалады. Жалпы көне Алтай мифтері түркі халықтарының діни көзқарастарын зерттеудегі алғашқы дереккөздер қатарына жатады. Осы деректерді талдай келе қазақ халқының қалыптасу кезеңдерін ең алғашқы көшпелілер мемлекеті (ғұн, сақ), Түркі империясы, Қыпшақ мемлекеті және басқа тарихи хронологиялық негізде дамыған халықтардың құрамындағы тайпалардың қалыптасқан дүниетанымының түп бастаулары көне аңыз-ертегілер мен мифтерінде әр түрлі қырынан көрініс табады [265].

«Құпия шежіредегі» Шыңғыс хан бейнесі. «Құпия шежіре», сөзсіз, өзіне дейінгі халық ауыз әдебиетінің және жазба мұралардың дәстүрлі бейнелеу құралдарын шығармашылықпен жетілдіре отырып пайдаланған. Әрине, көркемдік жетістіктер тарихи шындықты ажарландырып, құбылтып, құлпыртса да, ондағы дәуір тынысы, замана ағымы көлеңкеде қалмаған. Шығарма бастан-аяқ желі тартқан Шыңғыс қаған өмірімен қабаттаса жүретін этностар тарихы бір сәтке босаңсымайды, керісінше, оқиғадан оқиғаға өткен сайын ширығып, жинақталып отырады.

Автор өз шығармасына халық әдебиетінің қажет деп тапқан үлгілерімен қатар сол дәуір туғызған жекелеген тарихи өлеңдердің басын қосып эпикалық туынды жасаған. Тарихи дәуірдің шындығын дер кезінде бұрмаламай жеткізу – «шежіре» авторының да негізгі нысанасы болса керек. Соған орай, жаугершілік заман шындығы:

Көк аспанның астында,
Көп елменен қағысып,
Бел шешіп бір жата алмай,
Бодан еттік қарысып.
Қара жердің бетінде,
Қарлы желдің өтінде,
Көрпені бір жамылмай,

Қан жұтысып қажысып,-деген өлең жолдарымен беріледі [266, 178-б.]. Қазақ қаһармандық жырларының жалпылық белгілерін санамалап көрсеткен Ш. Ыбыраев еңбектерінде сюжет кезеңдерінің дамуында ортақ заңдылықтардың болатындығы жан-жақты қарастырылған [267, 131-138-бб]. Шыңғыс қаған эпостық жырларға тән ғажайып жағдайда дүниеге келеді. Оның арғы аталарын таратуда да күн нұрынан пайда болғандығын айтқанбыз. Ал, Шыңғыстың өзі

«алақанына асықтай ұйыған қан уыстап», өзінің өзгеше жаратылысын паш етеді. Сөзсіз, кейінен бұл жағдай қазақ батырлық эпостары мен тарихи жырларында Шыңғыс қаған немесе оның ұрпақтарына қатысты тұрақты мотивке айналған. Сондай-ақ, Шыңғыс қаған өмірінің өсу, есею жолдарында да көпшілікке ұқсай бермейтін өзгешеліктер бар. Қорыта айтқанда, бас қаһарман Шыңғыс қаған бейнесін эпикалық образға айналдырған, «Монғолдың құпия шежіресі» эпос сюжеті тұрғысынан келгенде, Ш. Ыбыраевтың көрсеткен сюжеттік инварианттарының басым бөлігін сақтаған [267, 85 б.]. Тарихта болған оқиғалардың ішінде эпос сюжеттерімен сәйкес тұстарына басым мән берілген. «Құпия шежірені» қағазға түсіруші өзіне дейін белгілі болған халық ауыз әдебиетінің үлгілерін өз шығармасында қажетінше пайдаланған.

«Алып Ер Тоңға» дастаны көне сақ дәуірінен сыр шертетін ежелгі дәуір әдебиеті. Бізге дейін бұл дастанның тек үзінділері ғана жеткен. Дастанның басты қаһарманы – Алып Ер Тоңға. Бұл есімі аңызға айналған тарихи тұлға іспеттес. Дастанның мазмұнында оны батыр, көсем, қолбасшы, билеуші ретінде көрсеткен. Э.Р. Рустамов Алып Ер Тоңға есімін парсылар «Афрасиаб» деп атаған деген ой айтады [268, с. 92]. Н. Келімбетов түрік тіліндегі деректерге сүйене отырып, Алып Ер Тоңғаның қолбасшылық қызметін дастаннан үзінді келтіріп, төмендегідей сипаттаған:

Алып Ер Тоңға келеді,
Жүз мың әскер ереді.
Жүз мың жебе кереді,
Жер қайысқан қол еді [269, 31-б.].

«Көк бөрі» дастаны Түрік қағанатын құрған ежелгі түркі тайпаларының ата-тегінің шығу тарихын, олардың халық ретінде қалыптасуын сипаттайтын аыздардан құралан жыр-эпос. Алайда бұл дастан бізге дейін сақталмай, тек қытай көне жазбаларында шағын прозалық үзінділері ғана жеткен [269, 67-б.]. Көк бөрі дастанындағы негізгі оқиға желісіндегі Ашина яғни, көк түріктердің шығу тарихы негізделген аңыздың мазмұны ғұндар кезеңіндегі шығармалармен байланыстаны секілді. Тіпті Н.Я. Бичурин қытай деректерінен алған Ашина туралы мәліметтерін Л.Н. Гумилев те қарап, Н.Я. Бичуринге сілтеме жасай отырып, аңыз желісіне тоқталған [22, с. 85]. Бірақ филологиялық тұрғыдан қарастырған зерттеушілер Көк бөрі дастанында Аттила (Еділ) айтылған деген пікірді алға тартады [269, 68-б.]. Қалай десе де, дастанның мазмұны билеуші бейнесіне, оның қаһармандық ерлігіне, сол кезеңдегі ел басқару ісіне қатысы бар шығарма. «Ергенекон» дастаны жоғарыда сөз болған Көк бөрі дастаны секілді ерте түркі заманындағы оқиғалардың құрылымына жақын. Мұнда бірақ бірқатар хан есімі, лауазымы, оның көмекшілері туралы аздаған мәліметтер кездеседі. Аңызға ұласқан дастанның құрылымында Ильхан атты билеуші, Оның Қаян және Тоғуз атты ұлдары, Бөрте Шене атты кемеңгер ақылшысы болғаны айтылады [270]. Аңыздың желісі Асан Қайғының Жерұйықты іздеу оқиғасымен өзара үндесіп кетеді. Жалпы мағынасы елге тыныштық, жаугершіліктен сақтау мәселесі төңірегінде ұлысатын секілді.

Ғұндардан кейінгі дәуірлерде түркі даласында Көктүріктер туралы тарихи деректер көбірек сақталды. Күлтегін, Тоныкөк, Білге қаған бітік тастарында сол замандағы билеушілердің бейнесі айқын көрініс тапқан. Ғалым Мұхаррем Ергин Орхон ескерткіштеріндегі тасқа жазылған алғашқы «ерлік жырларынан, билеушілердің ерліктерінен, билеуші мен халық арасындағы байланыстан, дала заңдарынан көрініс тапқан үлкен құжат» ретінде қарастырады [271]. Аталмыш ескерткіштерде Күлтегін, Тоныкөк және Білге қағанның жасаған жорықтары, жеткен жеңістері және халқына жасаған жақсылығы жазылған. Қағандардың «аш халықты тоқ қылдым, жалаңашты тонды қылдым, аз халықты көп қылдым» деген сөздері Қорқыт Ата кітабында да кездеседі. Бұл түркі халықтарындағы билеушілердің бейнесі деуге болады [272].

Күлтегін-Тоныкөк жазбалары түркі қағанаттарының билеушілеріне қатысты, сол кезеңдегі этникалық құрылымдар, мемлекет аралық қарым-қатынастар, билік құрылымы, билік лауазымдары туралы маңызды ақпараттар кешенін беретін дерек екендігі белгілі. М. Жолдасбеков аударған Күлтегін жазбасында Бумын, Істемі, Білге, Елтеріс, Күлтегін, Ұмай, Ышбар Ямтар, Құшшы Тотық, Тоңатегін секілді билеуші, қасиетті адам мен желеп-жебеуші сенім иелері, қаған, қатын, жаяу халық секілді әлеуметтік және билік атаулары т.б. тұрмыс-тіршілік жүйесі айтылады [273, 8-б.]. Күлтегін ескерткіші туралы, ондағы саяси мәліметтер кешені, жазба деректің қазақ жырларымен үндестігі, ортақ оқиғалар желісінің ұқсастығы секілді мәселелерді Ғ. Айдаров [274], К. Аманжолов [275], Т. Садықов [276] және т.б. ғалымдардың еңбектерінен көруге болады.

Билеушіге жасаған сипаттамаларын келесі жолдардан көруге болады:

... Білге қағандар екен,
Алып қағандар екен,
Әміршілері де білге болған екен,
Алып болған екен.

... Ел ұстап, заң жасаған,
Өздері қаза болған [274, 4-б].

Тоныкөк жазбасында да билік құрылымына қатысты деректерді келесі жолдардан көруге болады:

Түркі халқы, қағаны болмай,
Табғаштардан ажырады,
Қағанды болды.
Қағанын тастап,
Табғашқа қайта табынды.
Тәңірі былай деген екен [274, 6-б].

Бірқатар ғалымдар шығармадағы көркем бейнелер шынайы өмірдегі адамдар деген пікірлер білдіреді. С.Г. Кляшторныйдың пікірінше Құтадғу билік еңбегі Қарахан мемлекетінің Ата заң қызметін атқарып, патшадан бастап қарапайым адамға дейінгі адамдардың мінез құлқы нормасын анықтап беретін шығарма [79]. Шығармадағы билікке қатысты жолдардың қатарында нақты адам есімдері, әлеуметтік құрылым, биліктегі лауазымдар да кездеседі:

... Хандар ханы Табғаш Қара Богра

Падишахтың құзырында оқыды.

...Хас хажыб деп атақ берді тағы да,

Мұны сеніп жақын тұтты жанына [277, 197-б.]. Бір қызығы Жүсіп Баласағұнның шығармасындағы ақыл-парасат, оқу-білім, бала тәрбиесі, адамдардың өзара қатынастары, жеке билік тұлғалары, билеушілердің жақсы және жаман қылықтары туралы мәселелер кейінірек Бұқар жырау, Шал ақын, Абыл ақын, Дулат Бабатайұлы секілді ақын-жыраулардың жырларында көрініс тауып, тарихи сабақтастыққа ұласады.

М. Қашқаридың «Диуани лұғат ат түрік» шығармасында билікке қатысты, билік атрибуттары туралы сөздер көптеп кездеседі. Біз зерттеу барысында нақты хан атауына қатысты және ханның іс әрекетіне қатысты мәліметтерді анықтай алдық. Түрік тілдерінің сөздігінің Сәлім (етістіктер) кітабы деп аталатын бөлімінде «teğindi» деген сөз кездеседі. Негізгі мағынасы қағанға немесе бекке біреу арнайы келгенде (дипломатия?) «Ол тегінді» деп хабарлайды екен [108, 199-б.].

Хан бұйрығына қатысты «Qurturdy» деп келетін етістік хан шатырын тұрғызумен байланысты қолданылады [278, 267 бб.]. Сонымен қатар «Bek anağ erildi saryldy» деген сөйлемде лауазым түрін байқаймыз [278, 168 бб.]. Мұндағы негізгі нақты қандай лауазым және қызметі туралы нақты айту қиын. Дегенмен бек лауазымының ортағасырларда әскери лауазыммен байланысты қолданылғанын білеміз.

М. Қашқаридың «Хамза» кітабы деп аталатын бөлімінде «Ylymga» деген сөз кездеседі. Мұның мағынасын автор хан мектебінде түрік жазуымен жазылған кітап деп түсіндіреді [112, 174 б.]. Әбілғазы Баһадүр хан «Түрік шежіресінің» кіріспесіне өзінің еңбекті ешқандай қоспасыз адал жазғандығын айтса [278, 7 б.], Бабыр өз мұрасын жазудағы миссиясы «баяндау» мақсатында және «шындықты» бүкпесіз жазу жайлы [279, 314 б.],-дейді. Авторлардың осылайша ағынан жарылған сөздері тарих үшін, сол шындықтың көркем бейне табуының құны зор.

Фазлаллах ибн Рузбихан Исфханидің Михман-наме-ий-Бухари атты еңбегінде XV ғасырдағы билік құқықтары мен билеуші бейнесі туралы құнды зерттеу кездеседі. Автор өзінің еңбегін сипаттағанда онда «билеушінің құдіреті мен оның биліктегі функциясы» көрсетіледі деген ойды айтады [280, с. 55]. Рузбихан хандық биліктің шыңында ғылым мен таным тұрады деп тұжырым жасайды.

Жеке билеушіге қатысты автор көптеген сипаттаулар келтіргенімен, кейбір тұстарында олардың текті тұқымнан екендігіне назар аударып, билеушіні ерекше ашып көрсетеді. Автор бұл еңбегіндегі «Егесу себептері және Бұрындық ханның билік өкілімен арадағы алауыздығы туралы» деген бөлімде анықтап жазады [280, с. 96].

Жазба деректе билеушінің билікті қалаған адамына бере алатыны туралы мәлімет кездеседі (аударған біз – А.Т.): «Егер сен қаласаң билікті өзің ұнатқан

адамға беруге болады» деген мәліметті Шайбани хан айтты деп көрсеткен [280, с. 89].

Ортағасырлық Фатыхнаме шығармасында билеушінің лақаб есімін қолдану мысалын «Сахиб Қыран» атауынан көреміз. Сонымен қатар, билеушінің алдына келгенде тізе бүгіп, иіліп, тағзым ету мысалын да өлең жолымен сипаттаған. Аталған шығармада бірнеше билеушілердің есімдері аталып, оларды мақтау немесе әскері мен жаулап алған жерлерін сипаттау туралы деректер кездеседі [281, с. 216-223].

XV-XVIII ғасырлардағы қазақ жырауларының шығармаларында билеушілердің, билік адамдарының, елшілердің, әскербасылар мен нөкерлердің, билік басында отырған билеушілердің бойынан табылуы тиіс моральдық-этикалық талаптар, билеушінің жеке бас қасиеттері, биліктің жағымды, жағымсыз салдарлары көрініс берген. Қазақ қоғамындағы билеушінің сакральдық бейнесі қазақ жырауларының поэзиясында да кездеседі. Кей жағдайда, жырлаулардың өлеңдерінен билеуші бейнесін мадақтауда, мүлде кері сипатты да байқауға болады. Мысалы, Асан Қайғының хан билігін ащы сынға алғанына өзінің жырлары дәлел бола алады: «...Мен дүниеге келгенде, Әділетсіз хан көрдім»-деген жыр мазмұнға қарасақ, Қазақ хандығы құрылуына себеп болған Әбілхайыр ханның әділетсіздігін, өктемдігін, ұрыс-жанжалға құмарлығын, соның салдарынан ел ішінде берекесіздік орын алғанын аңғарамыз. Осындай жағдайлардың орын алмауында жыраулар маңызды рөл атқарып, әр кез ханға ескертпе айтып отырған. Марғасқа жыраудың «Ей Қатағанның хан Тұрсын» деп басталатын жырында Тұрсын ханның бүлігін сипаттайды [127, 52-54 бб.]. Марғасқа жыраудың «Хан емессің қасқырсың, Қара албасты басқырсың», -деген жолдарын біз Махамбеттің Жәңгір ханға айтқан жырларынан да байқаймыз. Шамасы ел аузында ханды қаралау сипатындағы сақталған сөз сарындарын ақындар жадында сақтап, қаз қалпында қолданған болса керек. Бұқар жыраудың жырларында билеушінің қасиеттерін мадақтау мен сынау қатар кездеседі [127, 81-106 бб.]. Дәстүрлі қазақ қоғамында билеушіні ерекше сипаттап, оның айбынын асыруды сипаттау арқылы, жалпы биліктің сакральдылығын ұлғайтумен қатар, дала демократиясының қалыптасқан ұғымына тән, билеушіні сынап, оның қасиеттілігін кері сипатта көрсету мысалдары да кездеседі. Бұл мәселе, қазақ қоғамындағы билік сакральдылығының бірнеше түрге ие екендігін де дәлелдей түседі.

Қорыта айтқанда, көшпелі қоғамдағы билік пен билеушінің сакральды бейнесіне қатысты еңбектерге тарихнамалық талдау жасай келе, келесідей пайымдаулар жасаймыз. Көшпелілердегі билік пен билеуші бейнесінің сакральдылығы туралы зерттеулер XX ғасырдың соңынан бастап зерттеушілердің назарын аудара бастағаны байқалады. Бірақ, жалпы сакральдылық ұғымы XIX ғасырда Еуропалық әлеуметтанушылар тарапынан талданып, бірқатар тұжырымдар жасалған. Сакральдылық ұғымы алғашқыда, билеушінің ерекше тұлғасын діни-наным сенімдердің негізінде анықтауға тырысады. Бірақ, жоғарыда айтқанымыздай, бұл тұжырымдардың барлық уақытта дұрыс болды деп айта алмаймыз. Ал, көшпелі халықтардағы биліктің

сакральдылығы дүниетаныммен астасып кетеді. Зерттеушілердің бір тобы билік пен билеушінің сакральдылығын көне түркі жазбаларындағы мәтіндерге сүйеніп талдау жасаса, енді бірқатары тәңірлік сенімдерге сай түсініктерге сүйенеді. Жалпы қайсысы болса да, сакральдылық ұғымының мәнін ашуға тырысқан. Дегенмен, сакральдылық ұғымы ортағасырлардан бастап, өзінің бастапқы сипатын өзгерте бастайды. Яғни, алғашқыда билік пен билеушінің сакральдылығы (киелілігі) халық үшін діни-дүниетанымдық ұғымда танылып, билеуші мен жаратушы арасындағы «байланыстар» мәні тұрғысынан түсіндірілсе, ортағасырлардан бастап, діни сенімдердің өзгеруі және т.б. көптеген факторлар билеуші бейнесінің бастапқы мәніне көптеген өзгерістер енуіне алып келді. Бірақ, билеуші бейнесінің сакральдылығы мәселесі ашық түрде болмаса да, халық түйсігінде ХІХ ғасырға дейін жалғасып келген секілді. Мұны қазақ фольклорындағы билеушіні жырлау сәттерінен анық байқауға болады. Онда да, жырларда, билеушінің қасиеттілігі мәселесін діни-мифологиялық түсінікпен сипаттау кездесе бермейді, керісінше билеушінің жеке қасиеттеріне көбірек назар аударады.

2.2 Көсемдік теориясына қатысты тұжырымдар

Көсемдік билік теориясы ғалымдардың зерттеу нысанына айналып, түрлі ғылым саласында талдауға түскен күрделі теориялық мәселе болып табылады. Зерттеу жұмысымызда көсемдік теорияның талданатын басты аспектілері ретінде «көсем» түсінігіне қатысты пікірлер мен тұжырымдар, басқару формасындағы биліктің басқа түрлерімен қатар көсемдік биліктің рөлі, көсемдік биліктің типологиясы, көсемдік биліктің потестарлы-саяси эволюцияның кезеңдеріне орай қалыптасуы және аймақтық даму мәселелері, теориялық талдаулармен қатар археологиялық зерттеулердегі көсемдік билікке қатысты пайымдаулар қарастырылады. Көсемдік билік мәселесінің зерттелу тарихы әр аймақта әртүрлі уақыт еншісіне орай жүргізілгені белгілі. Орыс ғалымдарының зерттеулерінде «вождество» деген атпен ғылыми әдебиеттерге енсе [282, с. 20-22], ағылшын тілді әдебиеттер «чифдом» (chiefdom) деген атаумен аталып, ғалымдардың зерттеу нысанына айналды [283, р. 14]. Көсемдік билік теориясы ғылыми ортада бірнеше ұқсас мағынада түсіндіріледі. Яғни біржақты талдау жоқ деуге болады. Бұл жерде аталған теорияның қандай ғылыми методология негізінде зерттелуі де маңызды. Біздің зерттеу жұмысымыз барысында байқағанымыз, көсемдік теориясы көбіне саясаттану ғылымдарының зерттеу әдістеріне сүйеніп талданғаны байқалды. Әрине тарихи талдауларды жоққа шығармаймыз. Бірақ, тарихи талдаулар қазақ жеріндегі көшпелі қоғаммен байланысы аз қамтылуымен ерекшеленеді. Қазақстан территориясындағы көшпелілерге тән көсемдік теорияның зерттелу мәселесі археолог ғалымдардың зерттеулерінде біршама жақсы қарастырылған. Оның ішінде көбіне арнайы жерлеу орындарындағы әлеуметтік статусын анықтайтын мәліметтер, бірқатар билік атрибуттары және т.б. қосымша ақпараттар кешені. Әрине бұлардан басқа да көсемдік теорияның мәнін ұғындыратын талдаулар кездескенімен, жалпы құрылымы (бұл жерде археологиялық бағыттағы талдау

сөз болып отыр – Т.А.) өзара ұқсас болып қала береді. Көсемдік биліктің өзі жоғарыда айтқанымыздай, ортақ тұжырымдар арнасына тоғыстырылмаған. Бірақ жалпы ғылыми әдебиеттерде көсемдік билік бірнеше қауымдық қоныстардан тұратын, өз ішінде ортақ билеушіге (көсем) бағынатын иерархиялық биліке негізделген әлеуметтік ағза және саяси-әлеуметтік ұйымның бір түрі деп сипатталады.

Кеңестік кезеңде көшпелілер тақырыбындағы ізденістер үшін Батыс ғылымында дамыған әдіснамалық бағыттардың ішінде А. Тойнбидің өркениеттік тұжырымдамасы, «көсемдік» пен «ерте мемлекеттің» неоэволюционистік теориялары ерекше маңызды болды.

1960 жылы америкалық антропологтар Э. Сервис пен М. Салинстің «көсемдік теориясына» байланысты жазған еңбегі неоэволюционизмнің дамуына үлкен әсерін тигізді. М. Салинстің «Эволюция: общая и специфическая» атты еңбегінде сызықты эволюциялық сызбаның келесі деңгейін ұсынады: жергілікті топ (band) – тайпа (tribe) – көсем (chiefdom) – мемлекет (state) [284, с. 146-151].

1970-1980 жылдардағы көсемдік теориясын детальды түрде қарастыру, биліктің бұл түрінің 8 белгісі бар болатынын анықтады: 1) орталықтандырудың локальды түрі; 2) шешім қабылдаудың иерархиялық жүйесі; 3) күш қолдануға монополиясы бар заңдастырылған билік болмаған кезде бақылау институттарының болуы; 4) нақты әлеуметтік стратификация; 5) негізгі ресурстарға шектеулі қол жетімділік; 6) эндогамиялық элитаны қарапайым массалардан жабық топқа бөлу тенденциясы; 7) қайта бөлу экономикасындағы маңызды рөл – артық өнімді тігінен қайта бөлу; 8) жалпы идеологиялық жүйе немесе жалпы культтер мен рәсімдер; көсем – сакральды тұлға және т.б. [3, с. 44-45]. Сонымен қатар, мемлекетті билеу, бақылау және әскери-ұйымдастырушылық функцияларды орындайды [169, с. 146-151; 285, с. 16-36; 286, с. 26-27.]. Көсемдік билік бұл мемлекеттік орталықтанған жүйенің алғашқы нұсқасы, толық қалыптаспаған түрі деуге болады. Бұл арнайы салық жүйесі реттелмеген, дипломатиялық жүйесі бір ізділікке түспеген, толыққанды жетілмеген басқару формасынан мемлекеттік басқару формасына өтетін табалдырық іспеттес.

Көсемдік теорияны кейінгі уақытта экономикалық, діни-культтық және Н.Н. Крадин өз еңбектерінде көрсетіп жүрген редистрибутивті, сот-медиативті қызметті атқарумен байланысты қоғам деген пікірлер де бар. Негізі көсемдік теорияны алғашқыда саяси-әлеуметтік ұйым ретінде түсіндіру басым болса, қазіргі таңда көсемдік теория алғашқы қауымдық қоғамның соңғы кезеңі, таптық қоғамға дейінгі ұйымдасу формасы деген пікірлер қалыптасқан. Сондай-ақ Н.Н. Крадин тағы бір принципті сұрақ қойды: «көшпелі империялар басшылар немесе мемлекеттер болды ма? Осыған байланысты зерттеуші қарапайым және күрделі сәйкестіктер мен мемлекетті түсінудің негізгі тәсілдеріне қысқаша сипаттама береді.

Көшпелі бірлестіктердің жеті теңсіздік белгілерінің бестен біріне сәйкестігін атай отырып ол көсемдік тұжырымдамасы көшпенділікке әбден

катысты деп есептеді, бірақ егіншілермен салыстырғанда көшпенді сәйкестіктердің неғұрлым тұрақсыз және бытыраңқы сипатын көрсетті. Осының ішінде сәйкес келгендері: 1) тұқымқуалаушылық дифференциация және ақсүйектер стратасының (әлеуметтік топ) болуы, орталықтандырылған басқару; 2) жоғарғы басшы функцияларының шектелуі; 3) легитимдендірілген немесе зорлық-зомбылық билігінің болмауы; 4) бөлінудің алдын алудың тиімді жолдары; 5) «басқарушылар» иерархиясының болуы»; Сәйкес келмейтін белгілер: 1) теократиялық сипат; 2) көсемдік басқарудың салыстырмалы түрде бейбіт өмір сүруі [178, с. 147-152.]. Ірі көшпелі бірлестіктердің иерархиялық жүйесі екі деңгеймен шектелмегендіктен, Н.Н. Крадин оларды «супер-күрделі басшылар» немесе әскери-иерархиялық құрылымдар ретінде қарастыруды ұсынады [178, с. 147-152.]. Алайда, Н.Н. Крадин 1992 жылы өз жұмысында осы бағалаулардан әрі қарай жүрмеді. Оның көшпелілер тепе-теңдігі тұжырымдамасын егжей-тегжейлі әзірлеуі 1990-шы жылдар мен 2000-жылдардың басындағы посткеңестік кезеңге келеді [75, с. 82].

Кейінгі зерттеулерінде Н.Н. Крадин әртүрлі тәсілдерді (неоэволюционизм, әлем-жүйелік және көп векторлы теориялар) ескере отырып, көшпелі империялардың типологиясын нақтылауға және олардың даму динамикасын бақылауға және құлдырау себептерін анықтауға мүмкіндік алды. Зерттеуші «көшпелі империяға» келесідей анықтаманы береді: бұл «әскери-иерархиялық принцип бойынша ұйымдастырылған, салыстырмалы түрде үлкен кеңістікті алып, қажетті азық-түлік емес ресурстарды, әдетте, сыртқы пайдалану арқылы (тонау, соғыстар мен төлемдер, «сыйлықтар» бопсалау, балама емес сауда, данничество және т.б.) алатын көшпелі қоғам». «Көшпелі империяның» кең сипаттамасы оның белгілерінде көрсетілген:

1) барлық деңгейлерде рулық және тайпалық генеалогиялық байланыстармен ұштасқан әлеуметтік ұйымның көп сатылы иерархиялық сипаты;

2) «метрополия» қоғамдық ұйымының әскери-иерархиялық сипаты, көбінесе «ондық» принципіне сәйкес;

3) әкімшілік бөлінудің дуалды (қанаттарға) немесе триадалық (қанаттарға және орталыққа) қағидаты;

4) хатшылық қызметі;

5) билікті мұрагерлік ету жүйесі (империя – бүкіл хан руының игілігі, құрылтай, бірлескен билік институты);

6) отырықшы әлемімен қарым-қатынастың ерекше сипаты [286, 287, с. 22-43]. Бұл зерттеуші үшін тірек модель екінші тайпаларды басқару мен культтердің жалпы жүйесімен біртұтас одаққа біріктіру ретінде «күрделі көсемдік» ұғымы болды.

Неоэволюционизмде күрделі көсемдік билік отырықшы қоғамдардың мемлекетке өтуі мүмкін кезең ретінде қарастырылды. Осылайша, күрделі көсемдікті мемлекеттің қалыптасуындағы кезең ретінде сипаттауға болады. Н. Крадин Хунну империясының мемлекетке дейінгі деңгейін талап етіп, көшпелі империяларды адам ресурстары, аумағы және әскери әлеуеті жағынан

бірлескен басшылықтарға қарағанда әлдеқайда күрделі ірі тайпалық конфедерациялар деп санап, өзінің көзқарасы аясында көшпенділердің империялық бірлестіктері ең жоғары күрделілік деңгейімен сәйкестіктер болды деген қисынды қорытынды жасады. Осыған байланысты ол ғылыми лексикаға көшпелі империялардың үлкен ауқымы мен иерархиясын супер-күрделі көсемдікті көрсетуге бағытталған жаңа анықтама енгізді [286, с. 314]. Ал Дэвид Снэйз бұл көзқарасты келесідей мәліметтермен толықтырады: Кіші Азиядағы далалық мемлекеттердің ұйымдасуы туыстық қатынастардан бөлек, дәстүрлі және тайпалық қоғам ұғымының пайда болуымен түсіндіріледі. Мемлекеттер әскери-азаматтық, әкімшілік билік жүйесін қолдана отырып, биліктің үш буынды сипаты бойынша басқарылғандығын анықтады [288, р. 3].

Ал Н.Н. Крадин мемлекеттіліктің классикалық марксистік белгілері (субъектілерді аумақтық белгілері бойынша бөлу; халықтан бөлінген қоғамдық билікті құру; салықтардың болуы) көбінесе көшпелілерде жоқ (көшпелі қоғамдар қоспағанда, фермерлердің жерлеріне көшіп, соңғылардан фискалдық жүйені, шенеуніктер аппаратын, әкімшілік бөліністі қарызға алған). Сондықтан көшпенділерге қатысты Н. Крадин тек ертедегі мемлекеттілік немесе мемлекеттілік элементтері туралы айтуға болады деп пайымдайды [174, с. 152-160]. Зерттеушінің осындай көзқараста болуы, оның көшпелі қоғамдағы «мемлекеттіліктің» болмағандығын білдіретін дәлелдерімен түсіндіріледі: 1) мемлекеттегі экономикалық реттіліктің болмауы; 2) ішкі талас-тартыстар мен қақтығыстар сот билігі шеңберінен тыс жағдайда шешіліп отырды; 3) билеушінің елді біріктіру жолы тек соғыстар мен тонаушылыққа негізделді [174, с. 162-165]. Н.Н. Крадиннің көшпелі империядағы потестарлық-саяси ұйымға деген барлық бағасы көшпенділер мен диқандар арасындағы қарым-қатынас сипатынан құрылған. Тиісінше, зерттеуші типтік және данникалық көшпелі империяларды мемлекетке дейінгі, ал өтпелі империяларды мемлекеттік құрылымдарға жатқызды.

Н.Н. Крадин әлемдік зерттеушілер тарапынан көсемдік теорияға қатысты зерттеулерге зерттеу жүргізіп, ондағы көсем ұғымының мәнін ашуға тырысқан тұжырымдарды 7-ге бөледі: 1) көсемдік – локальды орталықтану байқалатын, халық саны салыстырмалы түрде көп және еңбек ресурстары ұйымдасқан мәдени-әлеуметтік интеграцияның бір деңгейі; 2) көсемдік басқаруда шешім қабылдайтын жүйе мен бақылау институттарының иерархиясы болады, бірақ күш қолдануда монополияланған заңдастырылған билік жүйесі болмайды; 3) көсемдік басқаруда нақты әлеуметтік стратификация болады, жабық сословиенде эндогамды элита бөлініп шығады; 4) экономикада олжаны теңдей бөлу – редистрибуция маңызды рөл ойнайды; 5) көсемдік басқаруда идеологиялық, культтік және ғұрыптық жүйесі сақталған этномәдени тұтастығы болады; 6) көсем өкілеттілігі шектеулі болады, жалпы алғанда қоғамның құлдырауына қарсы тұра алмайтын әлсіз құрылым болады; 7) көсемдік басқарудағы жоғары билік сакральды-теократиялық сипатқа ие болады [289, с. 110].

Көсемдік теориясын зерттеген отандық зерттеушілер көсемдік басқарудың 8 көрсеткішін анықтайды:

1) Басқарудың орталықтанған құрылымы бар. Бұл пікірді жақтаушылар Л.С. Васильев, Н.Б. Кочаков, А.И. Першиц секілді зерттеушілер. Аталған авторлар қытай және африка халықтарындағы протомемлекеттердің үлгісін зерттеумен байланысты тұжырым жасаған [274, с. 157-175].

2) Мәдениеттің элитарлы және халықтық болып стратификациялануы және дифференциялануы. Бұл тұжырымды жақтаушылар А.М. Хазанов [290, с. 125-177], В.А. Шнирельман, А.И. Першиц, Ю.И. Семенов [291, с. 129-131], С. Киселев [292, с. 48]. Бұл зерттеушілер белгілі қоғамдағы таптың қалыптасуына қатысты зерттеулерге сүйенеді.

3) Биліктің иерархиялық ағзаларының пайда болуы. Бұл пікірді қолдаушылар Л.С. Васильев [293] және А. Першиц [294].

4) Редистрибутивті жүйенің болуы. Бұл пікірді жақтаған зерттеулер тек А.М. Хазановтың [290] еңбектерінде байқалады.

5) Ортақ идеология мен ғұрыптардың болуы. Аталған тұжырымды Н.Б. Кочаковтың зерттеулерінен көреміз.

6) Күш көрсетуге мүмкіндігі бар монополияның жоқтығы;

7) Халық санының көп болуы;

8) Жоғарғы биліктің теократиялық негізде құрылуы. Осы аталған 8 тұжырымға Л.Е. Куббель [78], А.М. Хазанов [290] және А.И. Першиц [294] секілді зерттеушілер сын көзбен қарайды.

Жоғарыда аталған көсемдік биліктің 8 белгісіне қосымша зерттеулер барысында тағы 3 белгі қосылған: 1) Көсемдік басқаруда еңбек бөлінісі болу міндетті; 2) Өндіруі массаның негізгі басқарудан шеттетілуі; 3) Протоқалалардың болуы. Н.Н. Крадин көшпелі империялардың ыдырауы немесе құлдырауын оларды квазимемлекет немесе супер көсемдік түрінде болуына байланысты деп тұжырым жасайды [172, с. 29-30; 286, с. 314-336; 287, с. 109-128]. Осыған байланысты ХХ ғасырдың 70-ші жылдары әскери демократиялық билік теориясы мемлекеттіліктің алғашқы баспалдағын жасап берді деген тұжырымның шынайы екендігіне күмән туа бастағаны байқалады. Бұл тұжырымның орнына енді П. Сальник, А.М. Хазанов, Л.С. Васильев, Г.С. Киселевтің зерттеулерінде таптық және саяси ұйымдасудың аясындағы пайымдаулары жариялана бастайды. Бұл жарияланымдардың құрылымында көсемдік билікті анықтауға тырысқан талдауларды байқау қиын емес.

А.М. Хазанов 1979 жылы биліктің көсемдік теориямен түсіндірілуін ағылшындық «chiefdom» сөзінің аудармасын «вождество», яғни көсемдік деп ұсынды [290, с. 125-177]. Кеңестік кезеңде орыс ғалымдарынан бұл тақырыпты теориялық тұрғыдан талдағандардың ішінде Л.С. Васильевтің [293, с. 122] зерттеулерін айта аламыз. А.М. Хазановтан кейін кеңестік ғалымдар арасында көсемдік билік теориясын қарастырып, талдау жасаған Л.С. Васильев аталған концепцияны Шығыс аймақтағы ежелгі мемлекеттердің қалыптасуымен байланыстырды [293, с. 159].

ХХ ғасырдың 70-80-жылдары кеңестік ғалымдар арасында «көсемдік» терминіне қатысты зерттеушілердің еңбектері жарық көре бастады. Бірақ бұл сол кездің өзінде «көсемдік» терминін анықталмаған пайымдаулар қатарына

жатқызылды [296, с. 11-13]. Десе де осы бағыттағы зерттеушілердің арасында П.Л. Белков, О.Г. Большаков, Ю. Березкин, В.М. Викторин және ғалым-антропологтар А.М. Хазанов пен Л.С. Васильев болды.

XX ғасырдың 90-жылдарына дейін мемлекеттің пайда болуын түсіндіруде «көсемдік» теориясы кеңінен қолданылды. Бұл терминді К. Оберг ұқсас рулар мен дамыған мемлекет арасындағы даму сызығын анықтау үшін қолданса [297, р. 472], ал антрополог Р. Карнейро «Көсемдік» мәселесіне байланысты оның билігінің маңыздылығы саяси тұрақтылығынан көрінеді [298, р. 45] деп көрсетеді. Бұл пікірді қолдаушылар «көшбасшының» өкілдігін заңды күшке ие емес және жергілікті қауымдастық ақсүйектерімен шектелген формасы ретінде түсіндіреді.

Мұндай айырмашылықты Н.Н. Крадин екі себепке байланысты маңызды деп көрсетеді:

1) сәйкестендіру тарихында олардың ыдырауы және қоғамның оралуы иерархиялық жағдай бірнеше рет орын алды (және көшпелі қоғамдар үшін бұл кең таралған табиғи құбылыс болды), бұл нақты тарихи зерттеулерде ғана емес, теориялық деңгейде де жазылуы керек;

2) Батыс антропологиясында тайпа тек екінші форма ретінде танылған, ал қазір, өкінішке орай, оны әлеуметтік-мәдени интеграция шкаласындағы негізгі бірліктер қатарына қосу әдеттегі емес [296, с. 22]

Көсемдік басқарудың типологиясын жасауға көптеген әрекеттер бар. Шетелдік ғылымда әскери, теократиялық және тропикалық-орман басшыларына бөліну кең таралған. Ақыл-ой деңгейіндегі мұндай типология белгілі негіздерден айырылмайды.

Біріншіден, көптеген жағдайларда бастапқы (pristine) сәйкестіктер, яғни тәуелсіз эволюция кезінде пайда болған, храмдар-теократиялық көрініске ие болды (мысалы, ежелгі Египет пен Месопотамияның протономдары).

Екіншіден, өркениеттердің шетінде пайда болған көптеген екінші басшылардың құрылымы айқын әскери иерархиялық сипатқа ие болды.

Үшіншіден, барлық екінші басшылар соғыс пен жаулап алуға бағытталған емес. Мүмкін, бұл сәйкестендірудің тропикалық-орман түрінің бөлінуін түсіндіреді [296]. Алайда, барлық бастапқы басшылар өздерінің сипаттамалары арасында теократияға ие болған жоқ. Керісінше, әскери жетекшілер күшті билікке және жоғары әлеуметтік мәртебеге ие болуы мүмкін. Бірақ тағы да, екінші басшыларда әскери жетекші мен әскери емес элитаның топтары арасындағы саяси күрес әрқашан бірінші болып аяқталмады. Сонымен қатар, типология принциптерін сақтау тұрғысынан теократиялық, әскери және тропикалық-орманды бір таксономиялық қатарға қою мүмкін емес.

Басшыларды таңдаудың логикалық моделі ішкі бөлінісі бойынша бірнеше критерийлерге негізделі отырып, жіктеледі. Жоғарыдағы басқарушы топтың алғашқы екі өкілі билеуші санатына жатқызылса, ал соңғысы экологиялық ерекшеліктерге негізделеді. Уақыт өте келе әскери басшылық бейбіт теократияға айналуы мүмкін.

АҚШ-тың Солтүстік-Батыс университетінің антропология факультетінің профессоры Т. Эрл көшбасшының негізгі қызметіне байланысты келесідей функцияларын анықтап көрсетеді. Олар: кланға негізделген топтарда соғысты жетекшілер ұйымдастырады; қауым ішіндегі тәртіпті орнатады; өзіне бағынушыларға бейбітшілік сыйлайды. Мұның барлығы көшбасшы тарапынан жүйелі түрде жүргізілген қатаң соғыстар нәтижесінде мүмкін болады. Зерттеуші осы ойларды жүйелей келе «Басшылар – аралық саясат (intermediate-level politics), қауымдық саясат пен бюрократиялық басқару жүйесіндегі мемлекеттер арасындағы эволюциялық буын [299, р. 1].

Т. Эрл ұсынған көшбасшының негізгі үш стратегиясы кеңестік тарихшы әрі антрополог Н. Крадиннің монографиясында көрініс тапқан. Зерттеуші көшпелі қоғамның әлеуметтік құрылымын сипаттай келе, билікті сәйкестендірудің үш түрін ұсынады және келесідей түрге бөліп көрсетеді: А) экономикалық байланысты бақылаушы; В) сыртқы тауар алмасуларды реттеуші; С) Әскерге басшылық жасау [178, с. 25]. Осылайша, барлық қарастырылған типологиялардың негізі, әдетте, кез-келген өлшем болып табылады. Олардың түпкі мақсаты – қарабайыр қоғамдың нақты формаларының алуан түрлілігін түсінікті сызбаларға дейін азайту. Алайда, жоғарыда қарастырылған типологиялар бір өлшемнен шыққандықтан, олармен (яғни типологиямен) қолда бар мәліметтердің барлық түрлерін қамту қиын. Жаңа ашылымдар қолданыстағы сызбалардың негізін бұзады. Сонымен қатар, Н.Н. Крадин таңдалған критерийдің осы қоғам құрылымының және онда болып жатқан процестердің маңызды ерекшелігі екендігінің дәлелін іздеп, типологиялық ерекшеліктерге күмән келтіреді [178, с. 25]. Көшпелі қоғамның негізгі ерекшеліктерін анықтау және салыстыру әрекеттері қызықты болып көрінеді, дегенмен алғашқы қоғамдардың әлеуметтік ұйымы тұтастай алғанда экология және экономикамен байланысты емес болуы да мүмкін.

Көшпелі ақсүйектер туралы айтқанда, А.М. Хазанов көшпенділерде биліктің үш негізгі функциясын анықтады: 1) көшпенді қауым ішіндегі ұйымдастыру-басқару; 2) басқа көшпенділермен қатынас; 3) отырықшы бірлестіктермен қарым-қатынастарды реттеу. Оларды жүзеге асыру қажеттілігі «ақсүйектер жүйесі» басқарады және «оның әлеуметтік ұстанымдарын анықтайды» [68, с. 274]. Оның (ақсүйектер тобы) артықшылықтары отырықшы халықтардың тауарларының тұрақты жеткізілуімен және тәуелді ауылшаруашылық қоғамдарын үнемі бақылаумен ғана немесе аз тұрақты бола алады. Сыртқы фактор жалпы көшпенділердің әлеуметтік құрылымының «тұрақтандырушысы» ретінде әрекет етеді.

Зерттеуші А.М. Хазанов көшпенділер өзінің далалық дамуында басқа қоғамдардың бағынуынсыз «стратификацияланған қоғам» немесе «көсемдік» сатысына жете алды деп пайымдайды. Ол әлеуметтік стратификацияның шектеулі ресурстарында, ауылшаруашылық қоғамдарымен салыстырғанда орталықтандырылған басқару функцияларының шектеулілігін, тепе-теңдік құрылымдарының теократиялық емес сипатын, ыдыраудың алдын-алудың тиімді құралдарының жоқтығын көрді [68, с. 281-284].

Кеңестік ғалым А.М. Хазанов Еуразиялық типтегі көшпенділер арасында сегменттік қоғамдарды жеке бөліп көрсетеді. Олардың ішінде ол печенег және оғыз бірлестіктерінің сипаттамасына толығырақ тоқталады [68, с. 297-298]. Көшпенділердің саяси ұйымының жоғары деңгейін ғалым мемлекетпен байланыстырды. Сыртқы әлеммен өзара әрекеттестікте «саяси», «әлеуметтік» үстемдік ететіндіктен, көшпенділердің отырықшы халықтың ықпалына бейімделуінің басты тәсілі ғалым мемлекеттің пайда болуымен байланысты. Құрылымдық тұрғыдан алғанда, зерттеуші «отырықшы халықты жаулап алмай» туындаған ситуациялық мемлекеттерді анықтайды. Бұл құрылымдар тек «тарихтағы қысқа мерзімді эпизодтар» болды, олар жаулап алу қарсаңында пайда болды. Олар ішкі ресурстар есебінен ұзақ өмір сүре алмады және отырықшы халықты жаулап алған жағдайда ғана тұрақты мемлекеттерге айналды. Номадтардың ситуациялық мемлекетті ғалым Х.Дж. Классен және П. Скальниктен кейін «ерте пайда болған мемлекет» дегенді білдіреді деп тұжырымдайды [68, с. 450-451].

А.М. Хазанов көшпелі мемлекеттердің тағы үш түрін, яғни үш «жеңілдетілген теориялық модельді» анықтады. 1-ші түрге жататын мемлекеттер екі нұсқада ұсынылған:

1) көшпенділер далада қалып, отырықшыларды әскери-саяси құралдармен бақылайды және отырықшы халықтың көшпенділерге тәуелділігін негізінен вассальдық-данникалық нысандарға келіп тіреледі (бұл ретте қарапайым көшпенділер үшін ақсүйектер редистрибуция тетіктеріне сүйенген басшы топ ретінде көрінді);

2) көшпелілер мен отырықшы халық біртұтас мемлекетке кіреді, екі билеуші тап пайда болады (жаңа көшпелі және ескі отырықшы), шаруаның еңбегін соғыс жағдайында да бейбіт өмірде де пайдаланады.

2-түріне – елдегі барлық қарапайым халық саяси және географиялық тұрғыдан біріктіріліп, әлеуметтік жазықтықта екі ішкі жүйені құрады, бірақ бірінші жағдайға қарағанда анағұрлым интеграцияланған. Көшпелі ақсүйектер мен билеуші көшпелі әулеттің әлеуметтік ұстанымдары субъектілердің отырықшы бөлігін де, қарапайым көшпелілердің бір бөлігін де пайдалануға негізделген.

3-түріне – халықтың көшпелі және отырықшы топтары арасындағы қалыптасқан жүйенің болуы.

Шартты түрде көшпелі мемлекеттіліктің бұл түрі алғашқы екеуіне қарағанда әлдеқайда аз көрінеді, сондықтан А.М. Хазанов оны көшпелі мемлекеттердің бірінші және екінші түрлеріне тән қоғамдық-саяси процестермен үйлесетін үрдіс ретінде көрсетеді [68, с. 457-459].

VI-XII ғғ. басындағы Орталық Азия көшпелілерінің империялық жүйелерін бағалау және сипаттамасы көшпелі империялардың екі базалық моделін бөліп көрсетуге мүмкіндік берді:

- 1) бастапқы (дәстүрлі);
- 2) екінші санатты (жаулап алу).

Көшпелілер империяларының саяси режимдерін неғұрлым нақты саралау үшін әрбір модель-типте шартты түрде екі кіші түрге бөлінеді:

Дәстүрлі түрде:

- а) империялық-ксенократиялық;
- ә) далалық империялық мемлекеттің подтипі.

Жаулап алу түрінде:

- а) империялық-ксенократиялық жаулап алу;
- ә) империялық мемлекеттің (көшпелі-отырықшы) подтипі [3, с. 423].

Көшбасшылардың аналогтарын қоғамның күрделілігі, мөлшері мен функциялары бойынша ұқсас саясаттарға немесе кеңістіктік ұйымдастырылған корпорацияларға, біріншісінің белгілері жоқ: иерархия, орталықтандыру деңгейі, ресми көшбасшының болуы, ұйымдастырылған басқару жүйесі ретінде анықтауға болады. ресурстар, саяси тәуелсіздік және т. б. Р.Ю. Почекаев өзінің «Право Золотой Орды» еңбегінде Алтын Орда хандарының жарлықтары мен ресми құжаттарына талдау жасай келе, мемлекеттік-әкімшілік басқаруды үшке бөледі: 1) хан – мемлекеттің билеушісі; 2 – орталық басқару аппараты; 3 – аймақтық әкімшіліктер [199, с. 92]. Л.Е. Гринин және А.В. Коротаев көсемдік биліктің бірнеше аналогтарын көрсетеді: 1) көсемдік орта буын үкіметтерінің жалғыз немесе басым түрі емес екенін білдіреді, бірақ сонымен бірге оның эволюциялық маңыздылығын білдіреді; 2) Көсемдік билікке эволюциялық баламалардың алуан түрлі болуы; 3) Көсемдік жеке басын анықтауға сәйкес келмейтін орта буынды саясатты жіктеуге мүмкіндік береді [151, с. 99-100].

Көсемдік басқарудың қандай функцияларды орындайтынын анықтау мағынасы бар. Гринин мен Коротаев осы тақырыпты талдап, 4 функцияны ұсынады: а) бірқатар елді-мекендерді (немесе гетерогенді халықтың белгілі бір көлемін) бір құрылымға біріктіру, оның аясында елді мекендер мен жеке тұлғалар арасындағы қатынастар осы саяси кластердің мүшелері мен мүшелері арасындағы қатынастарға қарағанда едәуір тығыз; б) осы біртұтас құрылым шеңберіндегі ішкі қатынастарды реттеу мүмкіндігі; в) сыртқы күштермен қарым-қатынаста біртұтас ретінде әрекет ету қабілеті; г) халықты бірлескен акцияларға жұмылдыру қабілеті [151, с. 99-100].

Бұл тақырып отандық зерттеушілер тарапынан ежелгі көшпелілердегі билікті талдауда көрініс тапқан. Көсемдік басқару формасы, көсемдік теорияның кейбір мәселелері, жалпы әлеуметтік ұйымдасу мен өзара жіктелу құрылымы теориялық деңгейде отандық ғалымдардың зерттеулерінде (біз археолог ғалымдарды айтып отырмыз, себебі осы бағыттағы зерттеулер ежелгі көшпелілердегі көсемдік билік мәселесін тікелей талдаған ғалымдар болып табылады – А.Т.) кездеседі. Археологиялық бағыттағы зерттеулердің бірқатарынан көсемдік билік теориясын жеке талдау сәттерін байқаймыз. Бірақ, олар белгілі бір аймақ бойынша сұрыпталған. Кейде көсемдік биліктің өзі билік статусы ретінде, әлеуметтік жіктеліс бөлігі ретінде және жеке тұлғалық сипаты да қарастырылған. Бұл жерде тарихи-антропологиялық талдауларды да қосуға болады.

Қазіргі таңдағы көсемдік теориясына қатысты тұжырымдар әлемнің әр түкпірінен жиналып, қордаланған этнографиялық, археологиялық мәліметтер базасына сүйенеді. Көсемдік теорияның құрылымына арналған жарияланымдар қоры археологиялық қазба мәліметтеріне сүйене отырып жиналғаны белгілі. Анығында мұндай көп материалдар кешеніне негізделген талдаулар, архаикалық қоғамның даму эволюциясының тарихи реконструкциясын жасауға мүмкіндік береді. Анығында көсемдік теорияның бастаулары мен оның құрылымын ашуға бағытталған зерттеулер отандық және шет елдік зерттеушілер тарапынан көп жүргізілген және оны белгілі бір шеңбердің ішінде толық қамтып, талдау жасап, мәнін ашу мүмкін емес. Жай ғана табылымдар мен талдауларды тізіп шыққанның өзінде ауқымы өте көп екенін байқаймыз.

Біз отандық зерттеушілердің көсемдік теорияны негізге ала отырып, ежелгі қоғамдағы билік құрылымын реконструкциялауға тырысқан талдауларды сараптап, шет елдік зерттеушілер пікірімен өзара жақындығы және бірқатар айырмашылықтары туралы мәселелерді қамтуға тырысамыз. Көсемдік билік теориясы отандық зерттеушілер үшін зерттеу нысаны болғаны белгілі. Бұл жерде билік құрылымының көсемдік теориямен байланыстыра талдаған, жеке дара талдаулар көбіне отандық археолог ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапқан. Белгілі бір археологиялық нысанның материалдарына және оның басқа ескерткіштердегі ғұрыптар мен материалдық мәдениетінің арасындағы өзара ұқсастықтарына негізделген талдауларда көсемдік билік мәселесі көтерілген. Бірақ бұл жерде бір мәселені ескеруіміз керек.

Отандық зерттеушілердің еңбектеріндегі көсемдік билік теориясы әлеуметтік жіктеліс ықпалында қарастырылады. Бұл жерлеу қорымдарының патша обасы, ел ішінде беделді тұлғалар, билеуші, көсем обасы, жауынгер жерленген оба, қарапайым тұрғындар жерленген оба және т.б. деп топтауда байқалады. Белгілі археологтар К.А. Акишев пен Г.А. Кушаев Бесшатыр патша обаларын ежелгі көшпелілердегі көсемнің билігін мәңгілік есте қалдыру үшін жасалған [258, с. 27] деген тұжырым жасаған. Жалпы бұл пікірді патша обаларын зерттеген Ә.Т. Төлеубаев, З. Самашев, А.З. Бейсенов, А. Оңғар және т.б. археологтар да қолдайды. Геродот жазбаларында парсыларға скифтердің жерлеу орындарын (көсемдері, билеушілері жерленген жер – А.Т.) қиратса, «кек алатыны» кездеседі. Қытай жылнамаларында үйсін атауының мәні тайпалар мекендеген аймақ емес, билеуші ордасы негізге алынғаны айтылады [22, с. 190-191]. К.А. Акишев пен Г.А. Кушаев Жетісу өңіріндегі ерте көшпелілердегі билікті талдай келе, б.з. III-IV ғасырларында үйсін тайпалары бір орталыққа бағынып, билік басына гуньмо келіп, мемлекеттік құрылым күшті патриархалдық жүйедегі және гуньмо билігінің мұрагерлік берілуі көзделген таптық қоғам орнады деп тұжырым жасайды [258, с. 281]. А.К. Акишев Жетісу өңіріндегі ежелгі көшпелілер қоғамына тән Есік Алтын адамын сақ көсемі деген пікір айтады [300, с. 3]. А.К. Ақышевтың Есік алтын адамының негізінде ерте көшпелілердің мифологиясына талдау жүргізіп, ғылыми тұжырымдарын көне діни және дүниетанымдық сенімдеріне сүйене

отырып жасағанын көреміз. Мәселен, алтын киімдегі жеке атрибуттарға талдау жасауда, бірқатар жануар мүсіндерінің ежелгі көшпелілердің көсемдеріне ғана тән емес екендігін, тарихи сабақтастықтар мен аналогиялық ұқсастықтар пенджабтық көсемдер мен қазақ сұлтандарынан да байқалатынын жазады [300, с. 38].

Қорыта айтқанда, көсемдік теорияға қатысты деректер қоры әртүрлі бағыттағы зерттеулер нәтижесінде жинақталған күйі қалып отыр. Оның ішінде жоғарыда айтып өткен философиялық, психологиялық, теологиялық, археологиялық зерттеу нәтижелері сол аталған ғылымдардың шеңберінде ғана сөз болып, бір-бірімен байланыстырыла қаралмай, жекелеген мақсаттағы зерттеулердің аясында қалып келеді. Көсемдік теорияға қатысты пікірлердің кей жағдайда бір-біріне қарсы шығатын мысалдары бар. Ә.Т. Төлеубаев Шілікті патша обалары мен Ойжайлау қорымындағы ірі обаларға жүргізген зерттеулерінде жерлеу ғұрпын патшалар, билеушілерге тиесілі деп жазса, З. Самашев зерттеген Берел обаларын көсемдерге тиесілі деген тұжырым жасаған. Жалпы ежелгі көшпелілер қоғамындағы көсемдік билік теориясы мемлекеттік басқару ісінің қалыптасуында «белгілі бір кезеңге» тиесілі деген ұғым қалыптаспаған секілді. Мәселен, Батыс елдерінің зерттеушілері көсемдік билікті алғашқы қауымдық қоғамның белгілі бір даму кезеңдерінен бастап қалыптасып, дамыған деген пайымдауларын әртүрлі мысалдар арқылы дәлелдеп жүр. Қазақстандық ғалымдарда бұл үдеріс аздап өзгеше екендігі байқалады. Яғни, «көсем» ұғымы «патша», «билеуші» ұғымдарымен өзара үндесіп кетеді. Мәселен, К. Акишев Бесшатыр обаларын элитарлы «патша обасы» деп атап, онда жерленушіні «әскер басшы» қызметін қатар атқарған «көсем» дейді [258, с. 96]. Ә. Төлеубаевтың [189] жазбаларында да Шілікті обасында жерленген тұлғалар өз заманының «атақты адамы», ел басқарған «көсемі», «патшасы» деп жалпы қосып айту кездеседі. Яғни, мемлекеттік басқару формасындағы нақты көсем, патшаның орны анықталмаған. Мұндай мысалдарды басқа зерттеушілердің еңбектерінен де байқаймыз. Г.А. Базарбаева мен Г.С. Джумабекова өз зерттеулерінде «алтын адам» деп атай беру бұл шынайы тұжырым болмауы мүмкін деген ой айтады. Авторлар бұл пікірін алтынмен апталып жерленген әйел адамдар болуымен және жерлеу атрибуттарының «абызға» не «емдеушіге» тән белгілердің болуына сүйенеді [301, с. 20]. Біздің ойымызша бұл көңіл аударатын мәселе. Кейінгі кезде ғылымда алтынмен табылған жерлеу орындарын қатты дәріптеу орын алып, жаппай «патша» немесе «билеуші көсем» деп атай беру тенденциясы қалыптаса бастады. Сөз жоқ, ірі патша обаларында жерленген адамдардың өз заманында өте атақты билеуші, патша болуы әбден мүмкін. Бірақ кейде пішіні өте үлкен обалардан қарапайым жерлеу ғұрпының шығуы бұл мәселеге күдікпен қарау керектігін байқатады. Жалпы, ежелгі көшпелілер қоғамындағы көсемдік билік мәселесі жеке ескерткіштер көлемінде талданып, соның материалдарына сүйену арқылы бір адамға жалпылама «көсем», «патша» және «билеуші» деп те атақ беру кездеседі. Біздің ойымызша бұл ерте көшпелілердің мемлекеттің құрылымының теориялық тұрғыдан толық талданбауынан деп ойлаймыз.

Себебі, әлі күнге дейін, отандық зерттеулерде ежелгі көшпелілерге тән ондаған мәдениеттер әр аймақтан шоғырланып кездесіп жатқанымен, олардың саяси-әлеуметтік құрылымы, мемлекеттік басқару ісі туралы тұшымды талдаулар мен тұжырымдарды кездестіру қиын. Ашығын айту керек, ерте көшпелілердің билік құрылымы көбіне жерлеу ескерткіштеріне сүйеніп сарапталады. Соңында әлеуметтік жіктеліс анықталып, ақыреттік заттарының көп болуына қарай және оба көлеміне байланысты жерленушіні «патша», «билеуші», «көсем» деп ортақ атап, «мемлекет болған» деген «бұлыңғыр» пікірді ортаға салады. Біз ерте көшпелілерде мемлекеттілік болмады деуден аулақпыз. Бірақ мемлекеттік құрылымын жүйелеп, талдануында біржақты сипаттамалық пікірлерден арылу қажет деп есептейміз. Ерте көшпелілердің мемлекеттік жүйесі туралы дұрыс тұжырымдардың әлі күнге аз болуы, осы кезеңге қатысты зерттеулерде теориялық талдаулардың аздығымен байланысты. Себебі отандық зерттеу жұмыстары көп жағдайда қазба материалдарын, қазба барысын, өлшемдерін, жерлеу ғұрпын, аналогиясын қарастырумен шектеліп қалады. Әрине, нақты археология ғылымы үшін маңызды болып табылатын мұндай материалдар өте құнды. Дегенмен, осы мәліметтер кешені бүгін де әбден қордаланды.

Еліміздің территориясында ерте көшпелілердің саяси-әлеуметтік құрылымын анықтауға мүмкіндік беретін мындаған обалар зерттелді және зерттелу үстінде. Бірақ барлық материалдарды өзара топтастырып, жүйелі теориялық талдаулар жасалмауы, өкінішке орай, біздің мысалымыздағы «көсемдік билік» теориясы секілді және т.б. теориялық мәселелердің «тасада» қалып қоюына алып келді. Қазақстан территориясында бүгінде бірнеше ондаған патша қорымдары анықталды, көпшілігіне кең масштабты археологиялық зерттеулер жүргізілді, әлі де зерттеліп келеді. Сақ, сармат және ғұн билеушілерінің барлық «салтанатымен» бірге жерленуі, жерлеу заттарының ішінде билік символдарының алуан түрінің кездесуі, сөзсіз аталған халықтарда билік құрылымы болғанын көрсетеді. Мұндай бай археологиялық құндылықтар жоғарыда сөз болған батыстық және басқа да ресейлік зерттеушілер айтып жүргендей «мемлекет деңгейіне жетпеген» деген «тар» түсінікке сыймайды. Алтынмен апталып жерлену үлгісі сөзсіз билік пен билеушінің болғанын, дала демократиясына негізделген, көшпелілік формасындағы мемлекеттіліктің болғаны білдіретіні сөзсіз. Мұны отандық зерттеушілер де жазып жүр. Өкінішке орай, зерттеу нәтижелері белгілі аймақтар негізінде қаралып, ғылыми пайымдаулардың көрінбей қалуы, көсемдік билік теориясын отандық зерттеу нәтижелері тұрғысынан теориялық тұрғыдан арнайы зерттеу қажеттілігін тудырып отыр.

3 КӨШПЕЛІЛЕР ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛІК АТРИБУТТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

3.1 Көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұраланудың және билік құқығының зерттелуі

Көшпелілер қоғамындағы билікті мұралану мен билік құқығына қатысты мәселелер өзінің бастауларын өте тереңнен алатыны белгілі. Ерте темір дәуіріндегі мемлекет құрған сақ-ғұн кезеңі, ерте ортағасырлардағы түрік қағанаттары мен моңғол дәуіріндегі мемлекеттер және Қазақ хандығындығының билік жүйесіндегі билікті мұралану мен билеушілердің билік құқығында өзіндік ерекшеліктер мен өзара сабақтастықтар кездеседі.

Көшпелілердің тұрмыстық өмір сүру ерекшелігі олардың қоғамдық құрлымында, саяси құрлысына, әлеуметтік жүйесіне әсер еткені сөзсіз. Көшпелілер қоғамындағы таптық, рулық бірлестіктері мемлекеттік құрудағы мәселелері кеңестік тарихнамада жиі талқыланып отырды. Талқылау нәтижесінде көшпелілер қоғамының шынай құрлымын нақты ашып көрсете алмаған ғылыми жұмыстардың саны аз болмады. Оған себеп көшпелілер өркениетін зерттегенде тек, көшпелілік тұрғысынан қарау жеткіліксіз. Таза көшпелілік Еуразияның сайын даласында болмаған. Қала мен дала одағы, отырқшылықпен көшпелілік өзара ұштасып, бір біріне кірігіп байланысып жатты. Сондықан да Еуразия даласында таза көшпелі өркениет емес қалалық өркениетте дамып, қала мен дала мәдениеті бірдей дамыды. Тәуелсіздік жылдарындағы отандық тарихнамада көшпелілердің билік құрлымын, саяси басқару жүйесін өркениеттілік тұрғысынан қайта зерттеуге қажеттілігі туды [302, 47 б.].

Кейбір зерттеушілер ортағасырлардағы көшпелілер қоғамдық қатынастарын түсінуге тырысып, көшпелі хандықтарда аумақтық бөлініс, қоғамдық билік, салықтардың тұрақты жүйесі және т.б. жоқ екенін айтады, шын мәнінде, Еуропа мемлекеттеріндегі құқықтық жүйесімен салыстырғанда олардың арасында үлкен айырмашылықтар болғанын көруге болады. Сондықтан көшпелілер қоғамының мемлекеттілік пен билік жүйесін зерттеуде неғұрлым терең үнілу қажет. Біздің жағдайда, мемлекеттің бар екендігі, біріншіден, оның басқа мемлекеттермен сыртқы саяси іс-әрекетінде жазылған; екіншіден, мемлекеттің атауы және оның тұрғындарының атауы; үшіншіден, билеуші элитаның мемлекет билеушілері ретінде өмір сүруі туралы деректерге сүйеніп айтуға болады. Қазақ халқының тарихи жадында (ауызша тарихи білім), жазбаша жазбаларда, сондай-ақ эпиграфиялық және нумизматикалық көздерде сақталған әлеуметтік-экономикалық және саяси құбылыстар туралы ақпарат бұл мәселені егжей-тегжейлі зерттеуге көмектеседі [303, с. 26].

Қазақ хандығында аймақтық басқару жүйесі емес, ұлттық басқару (ру рулар бойынша) жүйесін қолданды. Басқару жүйесінде, әкімшілік бөліктерді айыруда көшпелі қазақ қоғамында ру тайпалық дәстүр сақталып отырды. Туыстық жағынан он шақты шаңырақ ауыл, ал жеті атадан тараған бірнеше ұрпақтар аймақ, аймақтар руға ал рулардан тайпа құралды. Рулардан ұлыс,

Ұлыстардан жүздіктер болып бөлінді. Әр жүзді кіші хандар басқарды. Үш жүзді басқаратын «ұлы хан» болды. Ол жоғарғы әскер басшы және жоғары сот билігін қолына ұстаушы болды. Қазақ хандығында сатыдан ежелден сақталып келген жеті сатыдан тұратын басқару жүйесін жалғастырды [304, 17-19 бб.]. Осы ретте, А.И. Оразбаеваның пайымдауы бойынша барлық моңғолдық мемлекеттерді немесе моңғолдық құрылымды ретроспективті сараптама компоненттерінің негізінде құрылымдық жүйесі немесе құқықтық жүйесі бойынша талданатын болса, ең жоғарғы билік иесі қаған немесе хан; келесі сатыда Шыңғысхан ұрпақтары; әскер басшылары; әкімшілік басқару өкілдері; халық немесе халық билігі – құрылтай тұрды. Моңғолдық билік жүйесі орнағанға дейінгі сақ, ғұн, түркі қағанаттарындағы билік жүйесіне назар аударсақ жоғарыда көрсеткен моңғолдық жүйеге қарама-қарсы басқару үлгісін байқаймыз. Алдымен құрылтай, рубасылар, жоғарғы билік иесі. Ғалым дәлел ретінде Күлтегін ескеркіштеріндегі жазуларды келтіреді. Зерттеуші аталған екі басқару формасындағы негізгі айырмашылықты көрсете отырып, моңғолдық билік жүйесінде иерархиялық басқару формасы, ал түркілік басқару формасында халықтық немесе демократиялық басқару формасы болғандығын анықтады [12, с. 127-128].

Н. Әлімбаев «Қазақ хандығы дәуірінде билік жүргізудің хан билігі деген ең жоғарғы ұйымдық формасы болды. Хан билігі терминінің хандық билік немесе төрелік айту, төрелік жүргізу деп аталатын синонимдері қолданыста болғанын айтады» [305, 3 б.]. Хан билігі көшпелілер қоғамында ішкі тұрақсыздық пен сыртқы саясатты реттейтін құқықтық институт болды. Сондықтан хандық билікті мұралану аранайы жүйеленген дәстүр негізінде жүргізіліп отырды.

Тарихшы Б. Кәрібаев: «билікті мұраланудың моңғолдарға дейінгі және моңғолдардың үстемдігі кезіндегі дәстүрлерінің ерекшеліктер мен айырмашылықтары кейінгі кезеңдердегі даму ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді» деп дұрыс тұжырым жасайды [82, 120-121 бб.].

Түрік қағанаттарының билік жүйесіне талдау жүргізген К.У. Торланбаева (аударған біз – А.Т.): «Билікті мұралану рулар мен тайпалар арасындағы некелік қарым-қатынас арқылы жүзеге асып, тайпа аралық қатынасты күшейтеді» деп, билікті мұраланудың салдарын анықтайды [306, с. 54].

В.С. Таскинаның редакторлығымен жарыққа шыққан еңбегінде: «Шаньюй назначал своего приемника на пост левого мудрого князя, который контролировал восточную часть империи. После смерти шаньюя он становился его наследником» деп биліктің ауысуында ортақ келісім жүретініне назар аударады [307, с. 89-90].

И.Я. Бичурин жазбасында: «.. у них мудрый князь самы знатный, только наследник престола может проживать здесь» деген дерек жоғарыда аталған мәліметтерді растайды [22, с. 49].

Қытай тарихшысы Сыма Цянның жазбаларында: «Сюннуларда ақылды адамды туци деп атайды, осы себептен, тақ мұрагерін сол қанаттағы ақылды князь деп атайды» деген мәлімет Т. Барфильдтің пікірін нақтылай түседі [307,

с. 40]. Бірақ Т.Дж. Барфильдтің түрік қағандарының билікті мұралануына қатысты (аударған біз – А.Т.) жазған тұжырымында бір орталықтан басқарылатын билік құрылымның өзінде билеушінің билігі мұрагерлікке негізделді. Ақылды мұрагерлер билікке иелік етуге құқылы болды, ал бұл өз кезегінде қағанның билігінің шектелуіне алып келді. Бұл пікірге қатысты В.В. Тишин: «... мұндай тұжырымның қалай пайда болғаны белгісіз», -деп жазады [308, с. 157].

Ю.А. Зуев түркі жазбаларында билікті мұраланудың әке-бала және аға-іні түрінде кездесе беретінін жазады [309, с. 168]. А.Ю. Зуевтің пікірінше некелік қатынастың екі түрі болған: қағандық және қатындық. Нәтижесінде билікке мұрагерліктің екі түрі қалыптасады:

- 1) әкелік яғни «а-ши-на»;
- 2) аналық яғни «а-ши-дә» [309, с. 16].

Бұл тәртіпке негізделген билік жүйесінде билікке мұрагерлік келесі схемада жүзеге асуы мүмкін: аға – іні – үлкен жиен. А.Ю. Зуевтің пікірінше, билікке мұрагерліктің бұлай жалғасуы – мұрагерлердің үш тұқымға дейін шеңберін тарылтып, мемлекеттің тұтастығы мен ыдырап кетпеуін қамтамасыз ете алады [309, с. 24]. А.Ю. Зуевтің тұжырымындағы билікке мұрагерлік қағанатты ыдыраудан сақтайды деген пікірге Л.Н. Гумилевтің тұжырымдарында қарама-қайшылық кездеседі.

Л.Н. Гумилев «Ежелгі түріктер» туралы зерттеуінде «Үлесті сатылы мұрагерлік жүйесіне» (Удельно-лествичная система престолонаследия) арнайы тоқталып, былай деп тұжырым жасайды аударған біз – А.Т.: «Мұқан қағанның заңына сәйкес (шамасы бұл жерде Дала заңы негізге алынған болу керек – А.Т.) кіші інісі ағасынан билікті мұрагерлікпен алады, ал інінің баласы әкесінің ағасынан билікті мұрагерлікпен алады. Басқа да тақ мұрагерлері үлесті меншік иеленеді. Осыған сәйкес, тақ мұрагері жас бола алмайды, хандық билікке мұрагер ретінде, заңға сәйкес таққа таласты кейінге қалдыруға мәжбүр болады» деп жазады [263, с. 8].

Л.Н. Гумилевтің пікірінше көшпелілердегі биліктегі мұрагерліктің бұл түрі белгілі бір уақыт аралығында мемлекеттің ыдырап кетпеуіне әсер еткенімен, уақыт өте өзінің кемшілігін көрсетіп, тақ мұрагерлерінің көптігінен, биліктің қолға тимеуі, мұрагерлер ішінде оппозициялық топтың шығуына алып келеді. Соңында билік екіге бөлініп, мемлекеттің ыдырауына әкеліп соғады.

В.В. Тишин өзінің [163] зерттеуінде Шығыс Түрік қағанатының билікті мұралануына талдау жүргізе келе: «...ежелгі түрік қағанатында билікті мұраланудың қандай да бір заңды ерекшелігі болған деп айта алмаймыз, біздің зерттеуіміздің барысында анықталған деректер көшпелі халықтардағы билікті мұраланудың қалыптасқан дәстүріне негізделген» деп тұжырым жасайды [163, с. 229]. В.В. Тишин ежелгі түріктерде билікті мұраланудың екі факторы бар деп көрсетеді:

- 1) мұрагердің генеологиялық құрылымындағы орны мен ағалық тұқымға жақындығы негізге алынады;

2) мұрагердің жеке қасиеттері, оның ішінде әскери күш-қуаты мықтылығы негізгі рөл ойнайды [163, с. 229]. Дегенмен, В.В. Тишин түрік қағанаттарында билікті мұраланудың басқа да детальдары бар екендігін және ол мәселелер жеке зерттеуді талап ететін айтып, жоғарыда айтқан екі фактормен шектеледі. Сонымен қатар, В.В. Тишин бірқатар шет елдік зерттеушілердің пікірлерін негізге алып (аударған біз – А.Т.): «Билікке мұрагерлік өсиет ретінде қалып отырғанымен, барлық кезде бұл тәртіп сақтала бермеген, сирек жағдайда билікті қағандар сайлау жолы арқылы да иеленген» деген пікір айтады [163, с. 424]. Ал зерттеуші З. Қинаятұлы бұл көзқарасқа қатысты «қағанның мұрагерлері (ұлдары мен інілері) әкімшілік билігінің құрамына кірмейді» деген пікір айтады. Мұның себебін «мұрагерлік статусы әкімшілік билігінен әлдеқайда үстем әрі дәрежелі болуымен түсіндіріп, олар тек ұлы және кіші құрылтай кеңесіне қатысып отырды» деп жазады [86, 151 б.]. Ал зерттеуші Г.Е. Сабденова қазақ хандарының осы құрылтайда сайланғаны жөнінде жазады [7, 122 б.].

Құрбанғали Халид көшпелі халықтардың билеуші лауазымына қатысты пікірі аса маңызды болды. Себебі, зерттеуші көшпелілердегі «хан» билігінен де биік тұратын «қаған» билігінің болғандығы, ал Еуропалық елдерде «императордың» болғандығын жазады [95, 102 б.].

К.У. Торланбаева ортаазиялық көшпелілердегі билікті мұраланудың 2 жүйесі ерекшеленетінін айтады:

- 1) коллатеральды – мұрагерліктің ағадан ініге немесе немере ініге өтуі;
- 2) тікелей – мұрагерлік тің әкеден балаға өтуі [15, с. 72]. Аталған билікті мұраланудың іске асуында белгілі бір заңдылықтар сақталады. К.У. Торланбаеваның пікірінше билікті мұралануда ағалық тізбекке (линия) немесе інілік тізбекке өтуін ескеру керек. Себебі, кей жағдайда билікті мұралану немере ініден жиен немесе бөлесіне берілу мысалдары да кездеседі.

А.Р. Мухамадеев Жужань мемлекетіндегі билікке мұрагерлікке талдау жасап, мемлекеттің алғашқы қағаны Шелуннан бастап, Анағұй қағанға дейін жалпы 12 қаған билікке келіп, 11 рет биліктің ауысуы көрініс тапқанын айтады. Жоғары биліктегі 11 ауысымда 6 рет билік тікелей мұрагерлікпен ауысса, 5 рет жанама түрде ауысқан. Кейінгі зерттеулер барысында анықталған мәліметтермен қоса есептегенде, 17 рет билікте ауысым жүріп, 12 рет билікке тікелей мұрагерлік көрініс тапса, жоғарыда аталған 5 рет билік жанама ауысымда байқалған [310, с. 33].

Р. Рахманалиев Түрік қағанаттарындағы биліктің құлдырауының себептеріне жүргізген зерттеулерінде, билікке мұрагерлік заңына бірқатар өзгерістер енгізілгенін жазады (аударған біз – А.Т.): «... Түрік қағанатында 580 жылдың соңында Тобо қаған қайтыс болған соң билік, қағанаттың бесінші билеушісі Амрактың қолына өтті [311]. Автор Түрік қағанатында 599 жылғы болған соғыстың салдарынан биліктегі мұрагерлік ауысу заңдылығы бұзылғанын жазады (аударған біз – А.Т.): «Қара Чорын үлкен жиналыс жасамай, өзін «билеуші» деп атайды. Бұл мұрагерлік арқылы берілетін билік жүйесінің бұзылғандығын білдіреді» [311]. Р. Рахманалиевтің келтірген

мәліметтерінен шығатын қорытынды, түрік қағандарында билікті мұраланудың өзіндік дәстүрлері болған және аталған дәстүрлер кей-кездері бұзылғаны байқалады.

Г.Б. Бабаяровтың зерттеулерінен түрік қағандарында билікті мұраланудың өзіндік заңы болғаны байқалады және Р. Рахманалиевтің деректері жанама түрде растала түседі. Автордың пікірінше Батыс Түрік қағанатындағы биліктің мұрагерлік жүйесі «үлкеннен (аға) кішіге, одан үлкен немере ісіне» берілді [312, с. 31].

А.З. Валиди (Тоған) биліктің мұрагерлікпен берілуінде жас ерекшелігінің ескерілетінін негізге алып: «билік мұрагерлікпен ағадан ініге беріледі, егер бұл мүмкін болмаған жағдайда, ағаның үлкен ұлына немесе інінің үлкен ұлына беріледі» деп жазады [313, р. 184-185]. Мысалға, деректерде моңғолдардың ұлыстық хандарының жарлық грамоталары моңғол тілінде ұйғыр жазуымен жазылған. Абусайд ханға қатысты 1320 жылғы жарлық грамотадағы сойырғал сөзі мен Жәнібек хан грамотасы жарлығындағы латын әрпімен жазылған сойырғал сөзінің аударма мағынасы бірдей, яғни «мейрімділікпен тарту ету», «сыйлық», дегенді білдіреді. Сойырғал грамотасы мөрмен бекітілген, мөрде жарлықты беруші ханның есімі жазылған, мерзімі қойылмаған, мөр күмістен құйылатын болған [314, 13 б.].

В.В. Трепавлов көшпелі империялардағы билік жүйесінің дуальды бөлінуінде негізгі 8 белгі байқалатынын айтып, билікке мұрагерлік те соның біріне кіретінін жазады:

- 1) мемлекеттің екіге бөлінуі;
- 2) әрбір бөлінген аймақта ерекше билеушінің болуы;
- 3) тел билеушінің (соправитель) жоғарғы қағанмен бір туысқа жататындығы;
- 4) тел билеушілер қағаннан билікті мұрагерлікпен алмайды;
- 5) тел билік (қос билік – А.Т.) әкеден қалған билікті екіге бөліп алып басқаруы;
- 6) тел биліктегі мұрагерлік бірінші тел билеушінің тұқымына қатысты болады;
- 7) көп жағдайда екіге бөлінген мемлекеттің батыс бөлігі-шығысқа бағынышты болады [165, с. 38-39].

Б. Кәрібаев ортағасырлық көшпелілердегі биліктің мұраланудың 3 дәстүрлі түрі болған деп тұжырым жасайды:

1) Жоғары билікті мұраланудың – моңғолдық дәстүрі. Шыңғысханға дейін, оның тұсындағы және Моңғол империясынан кейінгі оның Ұлыстарында сақталған хандық билікті мұралану дәстүрі. Негізгі сипаты: әкеден балаға, баладан немереге тікелей беріледі.

2) Жоғары билікті мұраланудың – қыпшақтық дәстүрі. Дешті Қыпшақ даласында моңғолдық жаулап алуға дейінгі билікті мұралану түрі. Негізгі сипаты әкеден бауырға немесе немере бауырға өтеді.

3) Жоғары билікті мұраланудың – жергілікті дәстүр. Осылардың ішінде үшінші билікті иеленуді зерттеуші «қыпшақтық» жүйенің қайта жаңғыруында

деп көрсетеді [82, 121 б.]. Ғалымның жасаған осындай тұжырымдары көптеген дереккөздермен сәйкес келеді.

Қазақ хандығында билікті мұраланудың бірнеше сипаты байқалады.

- 1) биліктің әкеден балаға қалуы;
- 2) биліктің ағадан ініге қалуы;
- 3) биліктің бірнеше атадан қосылатын туыс бауырына қалуы.

Мұраланудың осы үш түрі ежелгі көшпелілер қоғамынан басталып, қазақ хандығының соңғы өмір сүрген кезеңіне дейін сақталып келді. Әрине арада түрлі саяси жағдайларға байланысты биліктің уақытша әйеліне өткені туралы да мәліметтер кездеседі. Дегенмен, көшпелілер қоғамында билікті мұраланудың біз жоғарыда сипаттаған үш түрі негізгі түсінікте қала берді. Қазақ хандығында билікті мұраланудың осы үш түрі де көрініс табады.

Әбілғазының Түрік шежіресінде биліктің әкеден балаға қалу дәстүрі көрініс табады: Орда Еженнен ұлы – Күнқыран, Қоншыдан ұлы – Байан, Сасы Бұқадан ұлы – Ерзен, Ерзеннен ұлы – Мүбәрәк қожа хан, Шымтайдан ұлы – Орыс ханның таққа отыруы [278, 115 б.].

Жоғары биліктің әкеден балаға мұра болып қалу мысалдары Қасым ханнан ұлы Мамашқа, Шығай ханнан ұлы Тәуекелге, Есім ханнан ұлы Салқам Жәңірге, Жәңгір ханнан ұлы Тәукеге, Болат ханнан ұлы Әбілмәмбетке, Абылай ханнан ұлы Уәлиге, Кіші жүз ханы Әбілхайырдан ұлы Нұралыға және т.б. кездеседі. Хандық билік мұрагерлікпен ағадан бауырға қалу мысалдарын Тахир ханнан бауыры Бұйдашқа, Тәуекел ханнан бауыры Есімге және т.б. байқалады. Биліктің аталас туысына қалу мысалдары басқа хандардың барлығын тән деп айтуға болады. Бұл туралы Н. Атығаев М.Х. Дулати жазбаларына [118, с. 103] сүйеніп, биліктің мұрагерлікпен берілмеуін Жәнібек хан тұсында орын алғандығын жазады [315, с. 51].

Керей ханнан кейін Жәнібек емес Керейдің ұлы Бұрындық ханның таққа келгені туралы тұжырымды С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдинның еңбектерінен көреміз [63, с. 222]. Ал зерттеуші Н. Мыңжан хан тағын мұрагерлікпен иелену процесі әдетте ханның өмірден өтуіне байланысты билікке отыру жасына сәйкес келсе, заңды түрде жасы жағынан үлкен ұлына немесе ханның бауырларына берілді деген пікірде болды [316, 315 б.]. М. Мағауин қазақ хандығында мұрагерлік биліктің дала заңына сай жүргізілгенімен, жалпы сайлауға түсетін адамның жеке-мінез құлқы мен атқарған қызметі және т.б. әскери қолбасшылық қасиеттері ескеріледі [317, 187 б.], -деп жазады.

Көшпелі қоғамдағы немесе кез-келген монархияға негізделген билік жүйесінде билеушілердің белгілі құқықтары мен міндеттері болатыны белгілі. С.Г. Кляшторный мен Т.И. Султанов ерте және ортағасырлардағы көшпелі империялардың жоғары билеушілерінің құқықтарында ұқсастықтар мен тарихи сабақтастықтар кездеседі деп жазады [79, с. 62-63]. Бұл пікірге жақынды ойды В.В. Трепавлов Моңғол империясындағы мемлекеттік құрылысқа қатысты зерттеулерінде Шыңғыс ханды халық «елге қамқор болатын билеуші» ретінде [165, с. 68] таңдаған. Мысалы, XX ғасырдың 70-жылдары ғалымдарға Жошы

Ұлысы хандарының XVI ғасырға дейінгі 8 хан жарлығы белгілі болса, бүгінде оның саны 60 дейін артқан. Алайда, олардың басым бөлігі орыс, француз, латын, тағы өзге де тілдегі аударма нұсқасында сақталған [318, 24 б.].

Р.Ю. Почекаев Моңғол билеушілерінің бірнеше заңды құқықтарын көрсетеді: 1) атқарушы билік; 2) сот билігі; 3) құқықтық шарттарды реттеуші; 4) сакральды дәстүрлерді сақтаушы [199, с. 92]. Сонымен қатар, бірқатар хан жарлықтарының элементтері хандық биліктің мұрагерлікпен берілу дәстүрлері туралы түсінік бере алады деп жазып, оның мысалын В.В. Григорьев пен Я.О. Ярцовқа сілтеме жасап: «Институция золотоордынских ярлыках звучала: Бессмертного бога силою и величеством из дед и прадед» деп көрсетеді [319, с. 1-16].

В.С. Таскин қытай деректеріне сүйене отырып, ғұн шаныюлерінің ерекше 4 құқығы болғанын жазады:

- 1) басқа мемлекеттер алдында өз елін көрсете алу;
- 2) әскерге жоғары қолбасшылық;
- 3) ғұндардың территориясын сақтау;
- 4) жоғары сот қызметін атқару [307, с. 9-11].

С.Г. Кляшторный руникалық жазба ескерткіштеріне сүйене отырып, В.С. Таскиннің нұсқасын қолдайды және қосымша билеушінің екі міндетін көрсетеді:

- 1) бағынышты халқы мен басып алған тайпаларды орналастыру;
- 2) мемлекеттің орталығын анықтау [307, с. 15]. В. Коствичтің пікірінше, моңғолдарда билеушінің міндеттерін сұрыптай келе, жалпы 3 міндетке тоқтайды:

- 1) мемлекетті қорғау және беріктігін сақтау;
- 2) халқына қорған болу;
- 3) әскер ұстау және жаулап алу жорықтарын жүргізу [320, с. 95-96].

С.Г. Кляшторный ежелгі ғұндардың билеушілерінің билік жүргізуде бірнеше міндетті құқықтарына талдау жасап, билеушінің 4 міндетін көрсетеді:

- 1) ғұндарда тиесілі барлық жерлерді, мемлекеттің барлық аумағына басқару құқығы болды;
- 2) соғыс жариялау және бейбіт келісім жасау құқығы мен әскерге басшылық жасау міндеті;
- 3) сыртқы қатынастарды бір қолда ұстау, сыртқы саясаттың міндетін анықтау;
- 4) жоғары сот міндеті [79, с. 62].

Б. Кәрібаев Қазақ хандығы дәуіріндегі хандық билік мәселесінің қалыптасу және даму үдерістері және өзара тарихи сабақтастығын зерттей отырып, бірнеше тұжырымдар жасаған:

- 1) Қазақ хандығы дәуіріндегі қазақ хандарының құқықтары мен міндеттері Қазақстан аумағында ежелгі ежелгі заман мен ортағасырларда болған Ғұн мемлекетіндегі шаныюлердің, Түрік қағанаттарындағы қағандардың, Алтын Орда империясындағы хандардың құқықтары мен одан туындайтын міндеттеріне ұқсас.

2) Қазақстан аумағындағы мемлекеттер тарихында жоғары билікті иеленген әулеттер өз билігін заңдастыру үшін, әулеттің негізін қалаушы тұлғаны Аспанмен, Көкпен, Тәңірмен байланыстырып, оған ерекше қасиеттерді телиді.

3) Ежелгі ғұндардың, көне түріктердегі алтынордалық хандардағы және қазақ хандарындағы ресми биліктегі тұлғалардың иеленген құқықтары өзара сабақтас болып келеді.

4) Алтын Орда дәуіріндегі хандық билік пен Қазақ хандығындағы хандық билік тікелей сабақтас.

5) Алтын Орда дәуіріндегі хандық билікті иелену мен мұраланудағы моңғолдық дәтүрі қыпшақтануға бет алып, қыпшақтық дәстүрге орын бере бастаған.

6) Қазақ хандығының құрылуымен Алтын Ордадағы хандық билікті мұраланудағы қыпшақтық дәстүр толық жеңіске жетеді.

7) Қазақ хандығындағы хандардың құқықтары мен міндеттері (жалпы билік жүйесі – А.Т.) Қазақстан аумағындағы үш мың жылдық мемлекеттілік тарихындағы билеушілердің құқықтары мен міндеттеріне (билік жүйесіне – А.Т.) сәйкес келеді [82, 140-141 бб].

Соңғы жылдары зерттеушілер көшпелі қоғамның билік жүйесіне қатысты тарихнамалық деректер мен еңбектерге сүйене отырып, қазақ хандарының міндеттеріне жаңаша көзқараста жіктеу жасап жүр. Мысалы А.Х. Аллаярова өзінің «Ханская власть в традиционном казахском обществе» атты мақаласында қазақ хандарының міндеттерін төмендегідей сипаттайды: 1. Мемлекеттік сыртқы саяси бағытын анықтау; 2. Мемлекетті қорғауды ұйымдастыру; 3. Жоғары сот билігін жүргізу; 4. Қоғамдық құрылысты сақтау; 5. Салық жинау; 6. Жайылымдарды бөлу [195, с. 185-186]. Автордың билеушінің міндеттеріне жасаған талдауларында бұған дейін жасалған тұжырымдардан айырмашылықтар байқалады. Мысалы, Т.И. Султанов жасаған қорытындыда жайылымдық жерлерді бөлу мәселесі жеке қарастырылмаған. Бірақ, Т.И. Султановтың билеуші міндеттерін топтауда ортағасырлық жазба деректері негізге алынған және сол кезеңдегі саяси жағдайлар мысалында қарастырылғанын ескеруіміз қажет. Оның нақты сипатын Т.И. Султанов нұсқасындағы билеушінің әрекеті елді қорғау түрінде (5 міндеттің 3-і соғыс жағдайына жақын болып шығады – А.Т.) көрініс табады [80, с. 85].

С. Зиманов қазақ жеріндегі мемлекеттің қалыптасуында белгілі тәртіптер мен құқықтық ережелердің сұрыпталып шыққанын жазып, оның әрбір билеушінің мемлекетті басқару ісінде, ел шекарасын белгілеп, көрші елдермен байланыс жасауда маңызды құжат болғанын жазады [321, с. 12].

Көшпелілер қоғамында ханның міндеттерімен қатар, бірқатар ұлықтау рәсімдері де билеушінің құқықтары мен міндеттеріне қатысты тұжырым жасауға ықпал етеді. Түркі халықтарында билеушіні хан көтеріп, таққа отырғызу туралы мәліметтер орта ғасырлардан бастап кездеседі. Жалпы хан көтеру ісі өте күрделі саяси ойындар ықпалында жүзеге асатын, бірнеше кешенді комбинациядан тұратын механизм. Хандық билікке келудің

жосындарында ханды ақ киізге отырғызып көтеру салты Н. Мыңжанның еңбегінде қарастырылады. Зерттеуші лайықты ханды таңдау үдерісі Орталық Азия халықтарына ортақ салт болғанын жазады [316, 315 б.]. Жалпы, ханды сайлау процесі оның болатын жері мен кімдердің қатысатына байланысты болды. Бұл дегеніміз хан сайлаудың ресми түрде ақсүйектер жиналысында анықталғаннан кейін салтанатты түрде ақ киізге отырғызып, бекітілді [316, 315 б.]. Н. Мыңжанның зерттеулеріндегі ақ киізге хан көтеру рәсімінің ұқсастықтары өте көп және біршама айырмашылықтары да кездеседі.

Н.Я. Бичурин қытай деректерінде ханды ақ киізге отырғызып ұлықтау рәсімі туралы деректер кездесетінін жазады. Онда көк түріктерде ханды ұлықтау ғұрпында ханды «ақ киізге отырғызып, тағзым етіп, оны 9 рет айналдыру» [22, с. 229] деп сұрайды.

Тура осы ғұрыптың сипаттамасын біз Н.И. Заседателевтің ХІХ ғасырдың ортасындағы жазбасынан көреміз. Н.И. Заседателев ханның мойнын жібек матамен буындырып тұрып сұрақ қойғанда, аузына түскен санды атайды деп жазады [123, с. 2]. Бірақ Н.И. Заседателев көк түріктер демеген, ұйғырлармен туыс, V-VII ғасырлардағы *дугласс* тайпасы деп жазады.

Т.И. Султанов өзінің зерттеулерінде моңғол империясы құлағаннан кейін, ондағы ханды ұлықтаудың моғолдық рәсімін түркілік ғұрыптар ығыстырды деп жазады. Әрі мұның мысалы ретінде Бабырдың билігі кезінде билеушіні ақ киізге отырғызып, ұлықтағанын көрсетеді [322, с. 225].

Қазақ тарихындағы Алаша хан туралы аңызда Алашты ақ киізге отырғызып, хан көтеріп, «Алаш хан» (Алаша хан) атандырды деген мәлімет кездеседі [317, 26 б.].

Топограф және натуралист Е.К. Мейендорфтың 1820 жылы алғаш рет Бұхараға дипломатиялық сапары туралы жазған «Путешествие из Оренбурга в Бухару» атты еңбегінде Бұхар ханын ұлықтау рәсімі туралы дерек береді: «Бұхар билеушісі өзінің таққа отыруынан бұрын жыл сайын Самарқандтағы көк тасқа барып отырады. Тастың сыртқы формасы төртбұрышты болып келеді және 1 аршын қалыңдығы, 1,5 аршын ұзындығы болатын және бетіне ақ киіз төселген. Осы төселген киізде отырған ханды оның нөкерлері 3 рет жоғары көтереді ...» [323, с. 90].

Бұхар хандарының ұлықтау рәсімі Н.И. Заседателевтың зерттеулерінде кездеседі. Н.И. Заседателев өз кезегінде В.В. Веляминов-Зернов [324, с. 399] және В.В. Григорьевке [325, с. 6] сілтеме жасай отырып, Мир Хайдарды Бұхар хандығының кезекті ханы ретінде ұлықтау рәсімінің көне түркілік рәсімге сай өткізілгенін жазады [118, с. 7]. Енді осы Мир Хайдардың хан сайлау және ұлықтау рәсіміне қатысты келтірген мәліметінде де ханды таққа отырғызатын кезде орындалатын рәсім де «ақ киіз» арқылы отындалады және бұл жиынға киіздің барлық жағынан ұстап тұрушы уәзірлер, әскери басшылар да қатысты [115, с. 7].

А.И. Левшиннің еңбегінде қазақтардағы хан сайлау дәстүрі туралы мәліметтер кездеседі. Ғалым еңбегінде нақты билеуші есімін келтірмегенімен, жалпы ұлықтау рәсімі мен ақ киізге көтеру ғұрпы туралы: «... таққа лайықты

адам таңдалған соң ақсүйектер, билер мен батырлар арнайы дайындалған ақ киізбен көтеріп, бірнеше рет (Хан» деп дауыстап, киізді жерге түсіреді. Рәсімге қатысушы қалың бұқара киізден өздеріне бөліп алады» [20, с. 126-127] деген қызықты деректі келтіреді.

А.И. Левшин ақ киізге көтеріп ханды ұлықтау рәсімін түркі тілінде «хан құтармақ» (хан көтермек – А.Т.) деп атайтынын, ал иран тілді халықтарда «хан дар даштан» деп атайтынын мысалға алады [20, с. 127]. Осы жерде А.И. Левшиннің пікіріне қарсы тағы бір тұжырым бар. Мәселен А.И. Левшин ханды көтерген киізді үйлеріне алып кетуін ханды ұлықтауға қатысқанның белгісі деп жазады [20, с. 127]. Ал Н.И. Заседателев киізді жыртып алып кетуі, егер хан елді нашар басқарса, «осы киіздей жұлым-жұлымы шықсын»-деген ұғыммен байланысты деген тұжырым жасайды [123, с. 8].

Ораз Мұхамедтің Қасым хандығында хан сайлану дәстүрі туралы мәліметтер ХІХ ғасырдың ортасында жазылған В.В. Веляминов-Зернов және Н.И. Заседателевтің еңбектерінде қарастырылған. Бұл жерде Н.И. Заседателев мәліметтерді В.В. Веляминов-Зернов еңбегіне [21, с. 410.] сілтеме жасап жазғанын ескеруіміз керек. 1600 жылы Ораз Мұхамедті салтанатты түрде хан сайлауда оны Арғын, Қыпшақ, Жалайыр, Маңғыт руларының белді тұлғасы шығып, Ораз Мұхамедті киізге отырғызып, халық дауыстап мадақтағанда жоғары көтерген [123, с. 5].

Қасым хандығындағы ханды ұлықтау рәсімінің ұқсас түрі Қырым хандығында 1608 жылы Қазы Керей ІІ-нің ұлы Тоқтамыс Керей І-ді таққа отырғызуда байқалған. Ханды ұлықтауда түркілік дәстүр қолданылып, Шырын, Барын, Седжеуіт, Мансұр тайпаларынан бір-бір қарашайдан шығып, Тоқтамыс Керей І-ді киізге отырғызып, төрт бұрышынан ұстап көтереді [326, с. 467].

Л.Ф. Баллюзек Қазақ халқындағы ханды ұлықтауға қатысты келесі мәліметті көрсетеді (аударған біз – А.Т.): «... барлығы мұрагер ханды таққа отырғызу үшін жиналды. ... оны ақ түсті киізге отырғызып, барлығының алдына алып шығады. Халық ханды көтерген киіз бен барлық малын бөлшектеп үйлеріне алып кетеді. Бұл «хан талау» рәсімімен белгілі болды [327, с. 218].

Кенесары ханды ұлықтау рәсімі туралы да бірқатар жанама мәліметтер ғылыми ортада кездеседі. Мәселен, жоғарыда сөз болған Н.И. Заседателев, еңбегінде Кенесары хан Торғай өңіріне үш жүздің беделді тұлғаларын шақыртып, оны «ақ киізге көтеріп» хан сайлағаны туралы мәліметтерді халық арасынан естігені жазылған [123, с. 8-9]. Н.И. Заседателев өз жазбасында Қазан уезіндегі татарлар балаларында «хан сайлау» атты ойын бар деп жазады. Ойынның орындалу механизмі белгілі мата немесе төсенішке таңдалған адамды отырғызып, төсеніштің бұрыштарынан ұстап, басы төбеге тиетіндей етіп жоғары лақтырады [123, с. 19]. Сонымен қатар, ХІХ ғасырдың соңында мектептерде «мектеп ханы» деген ұғым болғанын, мектептің оқушылар арасындағы басшысын сайлауда осы ойын-ғұрып түрі қолданылған [123, с. 9].

М. Мағауиннің еңбегінде ханды ұлықтау рәсімінің механизмдері баяндалған. Өкінішке орай М. Мағауин рәсімді айғақтайтын деректер келтірмегендіктен, біз ол мәліметтерді сипаттап, талдау жасауға ұмтылмадық.

Бірақ автордың пікірінше орыс деректерін атау арқылы (сілтеме көрсетпеген – А.Т.) сипаттаған оқиғаларында хан сайлаудағы қалыптасқан ережелер болғанын байқаймыз [317, 185-197 бб.].

М. Мағауин еңбегінде біз үшін қызықты болып отырғаны ханды киізге отырғызып көтеру, содан кейін ханның үстіндегі киімдерді алғаш киізді көтерген азаматтардың бөліп алуы және ханға жаңа киімдер кигізу салттары болып отыр. Сонымен қатар, хан сайлаудан кейін орын алатын «Хан сарқыты» және «Хан талау» атты екі ғұрып [317, 195-196 бб.]. Аталған ғұрыптар бүгінде ұмытылғанымен, халық арасында асық ойынында «хан талапай» атауымен кездеседі [317, 111-116 бб.]. Дегенмен бұл атаудың жоғарыда М.Мағауин жазған ханның малын сарқыт (хан сарқыты) ретінде тартып алуы ма, әлде елге жаман жағымен көзге түсіп, малын күштеп талан-таражға салуы (хан талау) ма ол жағы нақты емес. Дегенмен ойыншылар асықты күштеп, барынша жылдамдықпен тартып алуына қарағанда, жоғарыда сөз болған «хан талау» ғұрпының бүгінгі замандағы трансформацияланған көрінісі секілді.

Қ. Өскенбай Өтеміс қажының «Шыңғыснама» еңбегінде XIV ғасырдың 60-жылдарында Сырдария өңіріндегі билік Тоқай Темір ұрпақтарының қолына өтіп, олар билікке Қара Ноғайды ұсынып, соңында оны ақ киізге отырғызып хан көтергенін жазады [328, с. 159].

Көшпелі өзбек ханы Әбілхайырдың 17 жасында таққа отыру мәселесіне қатысты зерттеулерде жалпы билікке жастай отыру мәселесі қозғалады. Дегенмен дереккөздерінде Әбілхайыр ханды ұлықтау туралы мәліметтер кездеспейді. Мәселен, Әбілхайыр ханды хан көтеру рәсімі туралы Б.Б. Кәрібаев өз кезегінде Б.А. Ахмедов [141, с. 46] және Қазақ хандығының тарихы туралы материалдарға [82, 143 б.] сілтеме жасай отырып, жас сайланған хан екенін атап өтеді [319, 289-б.].

Абылай ханды ақ киізде хан көтеру рәсімі туралы орыс деректеріне сүйеніп талдаған Ж. Артықбаев, капитан Бреховтың жазбаларында кездесетін «дұға оқу» ғұрпына талдау жасай келе, оның қожалар тарапынан орындалатын ғұрып деп түсіндіреді [329]. Дегенмен, ханды ақ киізге отырғызу ғұрпы туралы мәліметі біз үшін құнды болып табылады. Бірақ Ж. Артықбаев капитан Бреховты атап, оның мәліметін орыс тілінде келтіргенімен, сілтеме жасамаған.

Ш. Уәлихановтың «Абылай» деп аталатын жазбасында зерттеуші Ж. Артықбаев пен жазушы М. Мағауин келтірген мәліметтері кездеседі. Ш. Уәлиханов Абылайды хан сайлауда орыс куәгердің болғанын жазады. Бірақ кім екенін көрсетпеген. «Абылайды жұқа ақ киізге отырғызып, хан көтерді», - дейді [330, с. 116]. Ханды ақ киізге көтеріп, ұлықтағаннан кейін, халық ханды көтерген киізді жырттысып алған және ханның киімдерін шешіп алған. Бұл мәліметтер М. Мағауиннің жазғандарын айғақтай алады. М. Мағауиннің осы ханды ұлықтау туралы ойлары мен жалпы пікірлері көңілге қонымды. Әрине, ешқандай дерекке сілтеме жасамағанымен, жалпы болжаммен ұлықтау рәсімін реконструкциялауы бірқатар деректермен расталады.

Археолог М. Елеуов Шу өңіріне жүргізген зерттеулерінде ел арасынан жинаған аңыздарында Керей ханның осы аймақта хан болып сайланғаны

туралы мәліметтер кездеседі. Аңыз желісінде Сыр бойынан тышқан жылының күз мезгілінде көшкен Керей мен Жәнібек сұлтандар қыс келе Мойынкүмға жетіп, көктем келісімен Тұлпарсаз деген жерде Керей сұлтанды хан көтеріп, өздері «қазақ» деп танылыпты». Жәнібек пен Керей Шудың осы аймағына қала салдырып, сол қалаларды алғаш билеген болып шығады [331, 6-12 бб.]. Археолог М. Елеуов ол аңыздағы қалаларды қазіргі Қойшымен және Шәрі қалаларының орнымен көрсетіп жүр [332, 41 б.]. Б. Кәрібаев Керей ханды ақ киізге көтеріп хан сайлады деген мәліметтің Махмұд ибн Уәли дерегінде жанама түрде сипатталғанын атап өтеді [333, 101 б.].

Жазба деректерде билікке талас, билікті мұраланудағы өзара қарама-қарсылықтар, хан көтерудегі ерекшеліктер туралы мәліметтер кездеседі. Дегенмен хандық биліктің шарты барлық аймақта бірдей болмау да мүмкін. Себебі әртүрлі деректерде кейде бір-біріне кереғар мәліметтер де кездеседі. Көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану, хан көтеру дәстүрі туралы жазба деректер көп емес. Бірақ еуропа саяхатшылары және ортағасырлық жазба деректер мен орыс зерттеушілерінің жазбаларында хан көтеру, ханды ұлықтау және хандық билікті мұралану туралы мәліметтер кездеседі.

Моңғол империясындағы хандық билікті иелену мен хан көтеру, хан тағы секілді үлкен мемлекеттік саяси механизмдерді өз көзімен көріп, жазып қалдырған П. Карпиниді ерекше атап айтқымыз келеді. Жалпы П.Карпинидің жазбасы бөтен елдің адамы болғандықтан, сыни тұрғыдан, салыстырмалы сипатта жазылуы қазіргі таңдағы зерттеулер үшін өте маңызды.

П. Карпини Бату ханның ордасына келгенде, оны қабылдаушылар, елшілерді екі оттың арасынан өткізу ғұрпын жасайтынын жазады. Негізгі мәні егер елшілер ханға жамандық ойлап келген жағдайда, отпен аластау, олардың жаман пиғылдарын жояды. П. Карпини өз жазбасында басында бұған қарсы болғанымен, соңында келіскенін жазады. Осы деректің ұқсас аналогиясын біз түрік қағанатының Византия елшісі Земархты қабылдауда өтпен аластау ғұрпын жасағанын білеміз [334, с. 11].

Земарх қалдырған деректерде елшілерді жанып тұрған оттың арасынан өткізіп, жаман ойлардан тазарту рәсімі болғаны айтылған. Шамасы бұл ғұрып билеушілерді материалистік ұғымнан бөлек, рухани ұғымның аясында сақтау шаралары болса керек.

Отпен аластау кейінгі қазақ этнографиясына дейін жалғасын тапқан. Мәселен белгілі этнограф Т.Е. Қартаева өз кезегінде Н.И. Гродековқа [335, с. 109-110] сілтеме жасап, мал ауруларын көшіру немесе аурудан, жаман рухтардан сақтау үшін жанып тұрған екі оттың арасынан малды айдап өту ғұрпының болғанын жазады [336].

П. Карпини Бату хан ордасына келгенде, ханның қабылдау кезінде елшілердің орындауы тиіс рәсімдерінің бірі – ханға құрмет көрсетуді айтады. Ол (П. Карпини) өзіне ханның алдына барғанда тізесін бүгіп, табалдырықты баспай кіруі тиіс екендігін ескертеді деп жазады. Бір қызығы тура осы ескертпені П.Карпини Күйік ханның ордасына келгенде де кездестіреді. Бірақ онда аздаған өзгерістер орын алған. Мәселен, П. Карпини міндетті түрде сол

тізені бүгетіні және төрт рет иіліп сәлем беретінін жазады. Әрі мұнда да табалдырықты баспау керектігін ескертеді. Табалдырық көшпелілер дүниетанымында ерекше құрметтеу нысанына айналған секілді. Себебі табалдырық бұл шаңырақтың сыртқа шығар шекарасы. Отбасы микроәлем, ал табалдырық макроәлемге шығатын өткізгіш іспеттес ұғымдармен астасуы әбден мүмкін. Көшпелілер дүниетанымында мұндай ұқсас мысалдарды көптеп кездестіреміз.

П. Карпини Бату ханның таққа отыруы рәсіміне «... ол ханның биік орнына жанында ханымымен (сол жағында) бірге жайғасты, ал қалған туыс, бауырлары мен балалары оның оң жағына отырды» деп сипаттама береді [107, с. 65].

П. Карпинидің Бату ханға берген сипаттамасы негізінен психологиялық тұрғыдан жасалған сараптама секілді. Шамасы елші Бату ханды барынша барлап, оның саяси-психологиялық және антропологиялық тұлғасын анықтауға тырысқан болуы мүмкін. Бұлай деуімізге себеп, П. Карпини Күйік хан ордасынан кері қайтарда, Күйік ханның оған елші қосып жібермекші болған ұсынысына барынша қарсы шығуы. Себебі сол кезеңде Еуропа еліндегі діни қақтығыстар, өзара қырқыстарды барынша құпия сақтау керек болған. Әрі өздері елшілік аттандырған моңғолдардың билеушілеріне саяси-психологиялық тұрғыдан талдау жасап, олармен келісім жүргізудің тиімді жолдарын анықтауға тырысқан секілді. Жалпы, П. Карпини де өз жазбаларында әрбір кездескен көшпелілердің билеушісінің саяси портретін жасауға тырысқаны анық байқалады.

П. Карпини Күйік ханның ордасына келіп, ханның шатырына қызықты сипаттама жасайды. Жазбаға назар аударсақ, шатырға кіретін екі есік бар екенін байқаймыз. Оның бір жағынан тек Күйік хан кіруге құқылы. Екінші жағынан нөкерлері, басқа елшілер кіре алады. Бұл сол кезеңнің өзінде әлеуметтік жіктелістің болғаны, билік элитасы мен қарапайым халық арасында үлкен бөлініс болғанын көрсетеді [107, с. 70].

П. Карпини Күйік ханды ұлықтау салтанатына әр аймақтан 4000-ға жуық адам келгенін жазған. Жалпы, билеуші инаугурациясына мұнша көп адамның жиылуы өте қызықты жағдай. Мәселен көшпелі өзбек ханы Әбілхайырды хан сайлағанда ұлықтау салтанатына ақсүйек, шонжарлардан бөлек, көптеген рутайпалардың басшылары қатысқаны айтылады [107, с. 218]. Әрине бұл екі оқиғаны өзара ұқсастырып, белгілі бір тұжырым жасау қиын. Дегенмен, билеушіні ұлықтаудың өзі үлкен саяси ойын екені, әрі оның өте ертеден басталатынын байқаймыз.

Карпинидің бұл сипаттамасы XIII ғасырдағы көшпелі халықтарда ханды таққа отырғызудың нақты көрінісі екені даусыз. Карпини жазбасынан тарихи сабақтастыққа ұласатын екі мәліметті байқай алдық:

Біріншісі, хан сайлау алдында шығысқа қарап құлшылық ету. Мұның себебін түрліше түсіндіруге болады. Бірақ басты ұғым күнге табынуымен астасатын секілді. Күнге табыну көшпелілер қоғамынан өте тереңнен бастау алатын, күрделі дүниетанымдық сенімге ұласатын әрі ұрпақтан-ұрпаққа беріліп

келе жатқан ырым-жоралғы. Күнге табынудың белгілерін қола дәуірінен бастау алатын магиялық және фетишистік сенімдерге апарып тіреуге болады. Дегенмен ерте көшпелілер дәуіріндегі күнге табыну құбылысы олардың ескерткіштерінен анық байқалады (дромостар – А.Т.).

Екіншісі, ханның алдында тізе бүгу. Жалпы алғанда бұл жай қарапайым көрініс іспеттес көрінгенімен, хан мен халық арасында қарым-қатынастың механизмдерін көрсететін белгі. Себебі тізе бүгудің өзіндік мөлшері бар секілді. Карпини ханның алдына кіргенде сол тізесін бүгіп, төрт рет тағзым еткенін жазады [107, 72 б.]. Бір қызығы Н.И. Заседателев өз еңбегінде П. Карпинидің моңғол-татарлардың ғұрпында ханды ақ киізге отырғызып, оған сұрақтар қоятынын жазған деп көрсетеді [123, с. 4].

Винцент энциклопедиясында П. Карпини жазбасына Симон Сен-Кентиннің айтқандары қосылған. Симон Сен-Кентин жазбасына тоқталсақ: «Барондар жиналып, ортаға алтындалған орындықты қойды. Оған ханды отырғызып, алдына қылыш қойып, оған айтты: «Біз тілейміз, біз сұраймыз, біз бұйырамыз, сен біздің барлығымызды билейсің...» деген мәлімет бар. Бұдан бөлек тағы киізді жерге төсеп, оған ханды отырғызып, бірқатар мадақтау сөздерін айтып, соңында хан мен оның ханымын киізге отырғызып, жерден көтеріп, дауыстап: «барлық татарлардың патшасы және патшайымы», - деп көрсетеді [109, с. 219]. Осы мәселе Т.И. Султановтың да еңбегінде қарастырылып, ғалым ақ киізге көтеріп ханды ұлықтауды мысалға алып көрсеткен [82, с. 32]. Әрине Т.И. Султановтың дерегі біз мысалға алған мәліметтермен өте ұқсас, себебі барлық зерттеушілер бұл тақырыпта Жувейни, Рашид ад дин және П.Карпини дерегіне сүйенеді.

П.Карпини өз жазбасындағы ең қызықты көрініс бұл, елшілердің ханмен жолығуы. Бұл жерде дипломатиялық қарым-қатынастың өзіндік жоралғылары, халықаралық деңгейдегі елшілермен тідесудің тәртібі қалыптасқанын анық көреміз. Мәселен, Карпини ханның алдына кірмес бұрын өздеріне нұсқамалық (инструктаж) жүргізіп, ханның алдында өзін ұстау тәртібі, ізет көрсету механизмдерін түсіндірген. Мәселен, ханның шатырына кіргенде табалдырықты баспау. Осы ырымды біз Карпинидің Бату ханның алдына барғанда байқағанбыз. Келесі, елшінің кім екенін, қайдан келгенін алдын-ала жазып алуы. Бұл халықаралық қарым-қатынас саясатының бірізділікке түскенін анық байқатады. Келесі хан шатырына оң жақ есіктен кіруі. Біз жоғарыда сипаттағандай, хан шатырына кіретін екі есік болаған. Біреуі тікелей ханға арналған, екіншісі жалпы нөкерлер, елшілер және т.б. арналған. Келесі мысал, бұл елшіден ханның не үшін келгенін сұрағаннан кейін, оның әкелген сыйлықтарын алуы. Әрине бұл мәселелер жалпы ұсақ болып көрінгенімен, ханның елшімен қарым-қатынасы мәселесінде қызықты дерек болып табылады.

П. Карпини өз жазбасындағы біздің зерттеуіміз үшін маңызды болып табылатыны, ханның елшімен қарым-қатынасы. Карпини Күйік ханның өзімен тікелей сөйлеспегенін жазады. Әрине, бұл жерде тілдік айырмашылық болғаны белгілі. Бірақ ол өз сөздерін басқа нөкеріне айтады, нөкері тілмашқа, тілмаш Карпиниге аударған. Кері механизм де осы іспеттес. Карпини сөзі тілмашқа,

одан нөкерге, нөкер ханға жеткізеді. Бұл үрдісті Карпини моңғол төрелерінің барлығына тән екенін жазады [107, с. 76].

Г. Рубрукты қабылдау сәтіндегі бұған дейін П.Карпини жазған мәліметтермен ұқсастықтар бар екенін көреміз [107, с. 132]. Ол билеушінің алдына кірер сәтте табалдырықты баспауы және билеуші алдында тізе бұгу салты. Шамасы, көшпелілерде жоғарыда айтқанымыздай табалдырықты құрметтеу өте ертеден басталып, кейінгі уақыттарға дейін тарихи сабақтастыққа ұласқан тәрізді.

Г.Рубрук Бату ханның алдына барып бір тізесін бүккенде, хан оған екі тізесін де бұгуді талап етеді. Бұл басқа хандармен кездескенде байқалмаған үрдіс. П. Карпини Күйік ханның алдында сол тізесін бүгіп тағзым еткенін жазады. Г. Рубруктың саяхатының жалпы бағытына талдау жасасақ, бастапқы мақсат тек Сартақ ханға бару болғаны белгілі. Сартақ ондай шешім қабылдай алмайтынын айтып, оны әкесі Бату ханға жібереді. Ең қызығы Бату хан Г. Рубрукты Қарақорымдағы Мөңке ханға бірақ жібереді. Өз кезегінде Бату ханның Мөңке хансыз шешім қабылдамайтынын Г.Рубрук жазған [107, с. 179].

Г. Рубрук Мөңке ханмен кездесудегі атқарылатын іс-шараларда оның шатырына бару үшін алыстан аттан түсу керектігін жазады. Тура осы құбылысты біз П. Карпинидің Күйік хан шатырына бару үшін жасалғаны көрсетіледі. Мөңке хан Рубрукпен тілдескенде, Рубрукті тізерлетіп тұрып сөйлеседі. Жалпы хандардың елшіні қабылдаудағы әрекеттері П. Карпини жазған Күйік ханға қараған, Г. Рубрук жазған Мөңке ханның арасында айырмашылықтар анық байқалады.

Г. Рубруктың серігі Мөңке ханмен кездесу кезінде байқаусызда табалдырыққа сүрінеді. Жалпы осы бір оқиға П. Карпини жазбаларында және Г. Рубрук жазбаларында да қатты қадағаланған мәселенің бірі. Рубруктың серігін қайтып ханмен кездесуде кіргізбеген. Табалдырықты басу мен оған сүріну көшпелілер қоғамында қатты қадағаланғаны жоғарыда айтқанымыздай, екі әлемнің арасында медиатор іспеттес рөлді атқаруымен байланысты тәрізді. П. Карпини Күйік ханның өзімен арада біреу арқылы сөйлескенін жазады. Ал Г. Рубрук Мөңке ханның өзімен бірден тілдескенін жазған [107, с. 199]. Әрине екі жағдайда да тілмаш болғаны белгілі. Бірақ, Мөңке ханның өз сөзін тікелей Рубрукке жеткізуі қызықты. Әрине бұл мәселеде бірнеше болжамдар жасауға болады. Оның ішінде Күйік хан енді ғана ұлықтау рәсімін өткізгендіктен, тікелей сөйлеспеген болуы да мүкін.

Парсылық Фазлуллах Рашид-ад-диннің Жамиғат тауарих еңбегінде XIII ғасырдағы билеушілердің хандық билікке келу, хан көтеру дәстүрлері туралы бірнеше деректер кездеседі. Ортағасырлық жазба деректен біз хандардың таққа отыру рәсімдері мен сол сәтте орындалатын ғұрыптары туралы мәліметтерді Хулагу хан, Абага хан, Сұлтан Ахмед ханның таққа отыру рәсімдерінен көреміз. Рашид ад дин Хулагу ханның таққа отыру рәсімінің ерекше болғандығын «... таққа отырғанда оны әйелдері, балалары, т.б. билік өкілдері қоршай отырып, ғұрып орындады» деген дерегінен білуге болады [115, 31 б.]. Дегенмен, осы жерде Хулагу ханның қандай дінді ұстанғаны туралы мәселе

күрделенеді. Себебі, одан кейін таққа отырған бірқатар билеушілер ислам діні ықпалында болып, бастапқы таққа отыру рәсімдерінде өзгерістер орын алғаны байқалады.

Хулагу қайтыс болғаннан кейін таққа мұрагерлікпен отырған үлкен ұлы Абага ханның таққа отыру рәсімі туралы: «... Бикеш шоқжұлдызында Абага ханды таққа отырғызды», - деп жазылған [115, 92-96 бб.]. Абака хан қайтыс болған соң, мұрагерлікпен таққа отырған Текудер хан ислам дінінің ықпалында болып, есімін Сұлтан Ахмед деп өзгерткен. Бұл туралы Рашид ад диннен бөлек Жувейни де жазған [116, с. 17]. Сұлтан Ахмед ханның таққа отыру рәсімі әкесі Хулагу хан мен ағасы Абака ханға қарағанда біршама өзгеруімен ерекшеленеді. Рашид ад дин бұл оқиғаны былай сипаттайды: «Ахмедті таққа отырғызу рәсімі моңғол дәстүрі бойынша жүзеге асырылды, содан соң мадақтаулар арналды» [115, 150 б.].

Рашид ад дин ханды таққа отырғызған кездегі моңғол ғұрыптары туралы мәлімет келтірмеген. Бірақ Сұлтан Ахмет қайтыс болып, орнына ағасы Абаганың үлкен ұлы Аргун мұрагерлікпен таққа отырғанда орындалатын қызықты ғұрыпты сипаттай келе, оларда «ханды таққа отырғызғанда белдікті мойынға асып алып, тізерлеу» рәсімінен кейін тойға ұласады [115, 97 б.]. Байқап отырсақ, бастапқыда Шыңғыс ханның немересі Хулагу таққа отырғанда оны қолтықтап отырғызу рәсімі аталмайды. Бұл ғұрыпты Хулагудың ұлы Абага хан таққа отырғанда да байқалмайды. Тек Хулагудың жетінші ұлы Текудер ханның таққа отыру рәсімінен бастап ханды ұлықтауда екі сенімді не атақты нояндары қолтықтап таққа әкеліп отырғызу рәсімі болғанын байқаймыз.

Иоганн Шильтбергердің Орта Азияға жасаған саяхатының жазбаларында «Қызыл (Алтын) татарлар» деген бөлім бар. Осы бөлімде түркі халықтарында хан көтеру рәсімі туралы құнды дерегінде: «... патшаны таққа отырғызу кезінде оны 3 мәрте биікке көтеріп барып тағына отырғызады. Сосын барып алтын сапты қылышты ұсынып, ханның антын тыңдайды» [110, с. 44]. Дегенмен, И. Шильтбергердің бұл дерегіне күдікпен қарайтындар да бар екенін ескеруіміз керек. Мәселен, А.Г. Юрченко өзінің зерттеулерінде И. Шильтбергердің моңғолдармен кездеспегенін, көбіне түркі халықтарымен тілдескенін айта келе, бұл мәліметті тек естуі мүмкін деп жазады [216, с. 61].

Ата-Мәлік Жувейнидің XIII ғасырдың 40-50 жылдары жазылған Тарихи Жаһангушай (Әлемді жаулаушының тарихы) еңбегінде Шыңғыс ұрпақтарының таққа отыру рәсімі, ханды ұлықтау сәті туралы құнды деректер кездеседі [116]. Үгедей ханның таққа отыру рәсімін Жувейни келесідей сипаттаған: «Ханды таққа отырғызу дәстүрі ежелден бастау алады және оған қатысушылар бас киімін шешіп, мойнына белдігін тағып, ханды қолынан ұстап тағына отырғызады. Осы сәтті жиналғандар тізелерін бүгіп, «мемлекетті гүлдендірсін» [116, с. 125] деп жақсы тілек жолдайды». Сонымен қатар, барлық ұлықтау рәсіміне қатысушылар Үгедейді хан деп атап, ғұрыпқа сәйкес ханға берілгендіктің белгісі деп күнге қарап үш рет тізе бүгіп, рәсім қылғаны да айтылады. Байқап отырғанымыздай, Карпини жазған Күйік ханның таққа отыру рәсіміндегі ғұрыптар, оның алдында Үгедейдің таққа отырған кезінде де орын

алған. Жувейни сол себептен де ғұрыпқа сәйкес деп анықтап жазған. Осы жерде Үгедей ханның Қарақорымдағы сарайында орналасқан тағы туралы қызықты мәлімет кездеседі. Онда үш сатыдан тұратын тақ орналасқаны айтылған. Біздің түсінгеніміз бойынша, хан тағы ең биікте орналасқан, одан кейінгі сатыдағы орындарда ханымдары отырады. Келесі сатыдағы орындықтарда басқа жақындары орналасады [116, с. 157].

Күйік ханның таққа отыру рәсімін біз жоғарыда П. Карпини жазбалары бойынша талдау жасағанбыз. Жувейни жазбасында да Күйік ханның таққа отыру рәсімі жазылған. Бұл жерде Жувейни дерегінің П.Карпини жазбасынан өзгешелігі хан шатырының ішіндегі болған оқиғаны жазғаны. П.Карпини ханды ұлықтау рәсімін сырттан бақылап, көзбен көргенін жазған [107, 70 б.]. Бірақ іштегі жағдайды көрсетпейді. Жувейниде іштегі жағдай анық сипатталған [116, с. 166]. Бір қызығы Үгедей ханның таққа отыру рәсімін сипаттауда да оның тақтан бас тартып жүргені жазылған. Әрі бұл жағдайды «ғұрыпқа сәйкес» деп жазуына қарағанда, шамасы көшпелілерде таққа отыру бірден орын алмаған немесе таққа ұсынғанда біраз уақыт бас тарту рәсімі секілді ғұрыптың түрі болуы мүмкін. Әрине бұл дәлелденбеген пікір. Сондықтан аталған тұжырымды сақтықпен болжам ретінде айтқымыз келеді. Жувейнидің Күйікті хан сайлау рәсімін келесідей сипаттайды: «Адамдар көрсеткен күн келгенде, барлық ханзадалар бас киімдерін шешіп, белдіктерін мойнына ілді. Содан кейін Есуей оң қолынан, Хроду сол қолынан ұстап оны таққа отырғызды. Аудиенцияның ішіндегі және сыртындағы адамдардың барлығы үш рет тізесін бүгіп, құрмет қылды. Ғұрыпқа сәйкес олар жазбаша түрде ант берді. Осыдан кейін олар сарайдан шығып, күнге қарап үш рет тағзым етті. Ол таққа отырғанда ханшайымдары сол жағына, ханзадалар оң жағына жайғасты. Соңында барлығы ханға қарап, оның қабілетін асқақтатып, «әлемнің және тақтың билеушісі сенсің» деген мәтіндегі мадақ сөздерді айтады. Осы жерде бірнеше сәйкессіздіктер орын алады. П. Карпини шатыр сыртында тізерлеп тұрып, күнге тағзым етті дейді [107, с. 70]. Ал Жувейни үш рет тағзым еткенін жазады. П. Карпини шатыр ішінде өзінің рәсім бойынша төрт рет тізе бүгіп тағзым еткенін жазса, Жувейни үш рет тізе бүгіп тағзым ететінін жазады. Біздің ойымызша П. Карпини шатыр ішіндегі ханды таққа отырғызу рәсімін көрген жоқ. Ол тек өзінің яғни елші ретінде төрт рет тағзым еткенін жазған. Жувейни шатыр ішіндегі ханға тағзым ету рәсімі үш рет тізе бүгумен орындалады деп жазуы әрі бұл көріністі Үгедей ханды жазғанда да байқалуына қарап, Жувейни жазбасымен келісеміз. Ал шатыр сыртында Жувейни бойынша күнге үш рет тізе бүкті деп жазылса, Карпини тізерлеп отырды деп жазуында қарама-қайшылық кездеседі. Бірақ Жувейни жазған басқа хандарда да күнге табыну үш рет тізе бүгумен орындалуына қарағанда, осы мәлімет шындыққа жақын секілді. Оның үстіне П.Карпини күнге табыну рәсімін алыстан бақылаған және жалпы тізе бүгуді «тізерлеп отырды» деп сипаттауы да мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз.

Жувейни жазбасында Мөңке ханды таққа отырғызу рәсімі кездеседі. Г. Рубрук жазбасында Мөңке хан туралы қызықты мәліметтер бар. Оның ішінде

билік символдары да айтылған. Бірақ таққа отыру рәсімін Г. Рубрук көрмеген. Жувейни Мөңке ханды таққа отырғызу рәсіміне алыста әскерде жүрген туыстары жиналғанын айтады. Ұлықтау рәсінде Мөңке ханның барлық бауырлары, ағасы, атасы, ұлдары және барлық шенділер қатысып, өздері көтеріп хан тағына отырғызды. Барлығы жиналып, оны «хан» ретінде мойындап, көптеген мадақ пен ұлықтау сөздерін арнады [116, с. 356]. Мөңке ханды таққа отырғызу рәсімі өзіне дейінгі Күйік, Үгедей ханды таққа отырғызу рәсіміне ұқсас баяндалған. Бір өзгешелігі Мөңке ханды таққа отырғызуда оны қолтықтап таққа отырғызу айтылмайды. Керісінше оны көтеріп апарып таққа отырғызды деп жазылған. Бірақ ханды көтеріп апару механизмі ашылмай қалған. Сондықтан ханды киізге салып көтерді ме, әлді басқаша жолы болды ма, ол жағы белгісіз. Сонымен Моңғол империясындағы хандарды таққа отырғызу рәсімі белгілі бір ғұрыптың жүйеге негізделгенін көреміз. Ұлықтау рәсінде алты ғұрып жүйелі орындалады:

1. Бас киімдерін шешу;
2. Белдіктерін мойнына ілу;
3. Ханның алдында үш рет тізе бүгіп, тағзым ету;
4. Шатырдан шығып күнге қарап үш рет тізе бүгіп, тағзым ету;
5. Ханды екі ең жақын адамдары қолтықтап әкеліп таққа отырғызу;
6. Ханды мадақтау сөздерін айту. Бұл П. Карпини және Г. Рубруктың жазбалары бойынша анықталған рәсімдер. В. Трепавлов ханды ұлықтау сәтіндегі рәсімдер санын тоғыз деп көрсетеді:

- 1) Шамандар ыңғайлы күнді таңдайды (Үгедей, Күйік, Мөңке хандарды ұлықтауда байқалған);

- 2) Қатысушылар бас киімдері мен белдіктерін шешіп, Көкке табынады (Үгедей, Күйік, Мөңке);

- 3) Қатысушылар рәсімге сай таққа үміткерге ханның орнын иеленуді сұрайды, ал таққа үміткер үлкендерге жол беріп, тақтан бас тартады (Үгедей, Күйік);

- 4) Ханның жақындары таққа үміткерді күштеп, таққа отырғызуға тырысады (Күйік, Мөңке);

- 5) Ақсүйектер мен әскербасшылар ханға адалдықпен ант береді;

- 6) Ұлықтау рәсіміне қатысушылар ханды ақ киізге көтеріп ұлықтайды (Үгедей, Мөңке);

- 7) Ханды Көкке қарап, әділ басқаруға міндеттейді, егер орындалмаған жағдайда, орнынан алып тастауын ескертеді (Күйік);

- 8) Ханның алдында 9 рет тізе бүгеді (Үгедей, Күйік, Мөңке);

- 9) Хан шатырынан шыққаннан кейін, күнге қарап үш рет табынады [165, с. 69-70]. В. Трепавлов моңғол хандарын ұлықтау рәсімдерінің көне түркі қағандарын таққа отырғызу рәсімдері мен құқықтық ережелерін бекітуге ұқсас екендігіне мән береді. И.Я. Бичуриннің жазбасында ежелгі түріктерде қағанды таққа отырғызуда бірнеше рәсім орындалғаны айтылады:

- 1) төрелер билікке үміткерді ақ киізге көтереді;

- 2) күн бағытымен тоғыз рет айналады;

3) тоғыз рет қағанға тізе бүгеді;

4) Жылқыға мінгізіп, мойнына жібектен бұрау салып: «неше жыл таққа отырасың?» деп сұрақ қояды [22, с. 229].

Көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану және билік құқығына қатысты мәселелерге тарихнамалық талдау жүргізе келе, келесідей қорытындылар жасауға болады. Отандық тарих ғылымында ежелгі және ортағасырлық көшпелілер мемлекеттеріндегі жоғары билікті мұралану және билік құқығына қатысты мәліметтер жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырылуы сирек кездеседі. Белгілі мемлекеттер шеңберінде билікке мұрагерлік мәселесі билеушінің міндеттері (құқықтары) туралы нақты деректер мысалындағы зерттеулер кездескенімен, салыстырмалы зерттеулер шеңбері тарыла түседі. Жоғарыда қарастырылған ғалымдардың зерттеулері көрсетіп отырғандай, билікті мұралануға қатысты деректердің әртүрлі болуы, зерттеушілер арасында бір-біріне сын көзбен қарау мысалдары байқалады. Отандық тарихшылардан бөлек, шет елдік және посткеңестік елдердегі тарихшылар тарапынан Орта Азиялық көшпелі тайпалардағы билікті мұралану мәселесі белгілі бір хронологиялық ауқымда және бір көшпелі мемлекеттің шеңберінде қарастырылған. Ақ киізге көтеріп хан сайлау ұғымы зерттеулерде әлі күнге дейін толық талданбаған күйі қалып отыр. Ханды ұлықтаудың орындалу механизмдерін зерттеушілер тарапынан жазба деректерге сүйеніп талдау қажеттігі анық байқалады. Зерттеу барысында біз осы мәселенің отандық және шет елдік зерттеушілердің еңбектерінде талдануына баға бере отырып, зерттеушілер сүйенген жазба деректерге арнайы тоқталып, ондағы ханды ұлықтау рәсімдеріне қайта талдау жүргізуге тырыстық. Бұл бағыттағы зерттеулеріміз өз кезегінде қызықты нәтижелер беріп отыр. Мәселен, көшпелілер қоғамында ханды ұлықтау рәсімдері сол халықтың діни-ғұрыптық сенімдерімен тығыз байланысты болған. Сондай-ақ, моңғол билеушілерін хан сайлауда күнге табыну рәсімі орын алса, кейінгі кезеңдерде исламдық рәсімдер белең ала бастаған. Ханды ұлықтау механизміндегі ақ киізге көтеру рәсімі ерте кезеңнен басталады десекте, мұны дәлелдеуші нақты деректердің жұтаңдығы байқалады. Моңғол империясының билеушілерінде ақ киізге көтеріп ұлықтау рәсімі бірқатар жазба деректерде байқалмаса да, кейбір зерттеушілердің пікірінше бұл рәсім болған тәрізді. Дегенмен, ақ киізге отырғызып көтеру рәсімінің Қазақ хандарының арасында қолданылуы туралы зерттеулер де өте аз екендігін айту керек. Дегенменде, кейінгі орыс зерттеушелерінің қалдырған мәліметтері бұл мәселенің тарихи реконструкциясын жасауға мүмкіндік береді. Ханды ұлықтау рәсімін қазақ хандығымен көршілес халықтар да қолдануы, аталған ғұрыптың кең таралғаны, халық түсінігінде тереңнен бастау алып, қолданыс аясының шеңбері де ауқымды болғанын айғақтай түседі.

Қорыта айтқанда, отандық және шет елдік зерттеу жұмыстары тарихнамалық тұрғыдан біршама жинақталып, қорытындыланған. Бірақ зерттеу жұмыстары өзіндік мақсаттарына орай, белгілі бір бағыттар мен хронологиялық кезеңдер және нақты билеушілер әрекеттері ғана қарастырылумен ерекшеленеді. Олардағы билеуші титулдары, билеушілердің есімдері мен ел

басқарған жылдары, саяси қызметі мен билік атрибуттары бірге қарастырылып, жүйеленіп зерттелмеуіне байланысты, отандық тарихнамада біз көтерген мәселе өзекті болып отыр. Бұрынғы зерттеулер нәтижесіне келсек, отандық ғалымдар ортағасырлық жазба деректерді шартты кезеңдер негізінде талдап, дерек қорының мүмкіндіктеріне қарай тұжырымдар жасағаны байқалады. Сондықтан да, билеуші бейнесі кей жағдайда тек хронологиялық мәселені қарастырса, кейде жеке атрибуциялар тұрғысынан біржақты талданған. Бірқатар зерттеулерде биліктегі титулдар мәселесі мен билеушінің ордасы туралы деректер жеке қарастырылды. Ежелгі және ортағасырлық көшпелілердегі билеуші бейнесін отандық зерттеулерде бірнеше бағыт бойынша қарастыру жиі байқалатын құбылыс. Сондай-ақ, тақырыптар ретінде билеушінің билік ету мерзімі және билік атрибуттарын айта аламыз. Бірақ, билік атрибуттары мәселесінің отандық тарихы ғылымында тек жеке атрибуттар тұрғысынан ғана қарастырылғанын айтып өту де маңызды.

Зерттеу барысында дәстүрлі қоғамдағы билік құрылымының негізгі аспектілерін зерттеудің түрлі принциптері мен тәсілдері айқындалып, олар зерттеу жұмысы барысында қолданылды. Көшпелілер қоғамындағы жоғарғы билікті мұралану, хан көтеру дәстүрі және билік құқығына қатысты мәселелердің зерттелуін талдай отырып, бірқатар нәтижелерге қол жеткізіп отырмыз. Көшпелі қоғамдағы билеушіні ұлықтау рәсіміне қатысты ортағасырлық жазба деректерде бір-біріне қарама-қарсы, үйлеспейтін мәліметтер кездеседі. Мұның себебі ортағасырлық жазба деректердің авторы өзара естіген мәліметті көшіру немесе бастапқы автордың мәліметтерін қазқалпында беруіне байланысты. Жазба деректер оқиғадан көп өткеннен кейін жазылғандықтан, нақты оқиғаны көрген саяхатшы-елшілердің мәліметтерімен кейде үйлесім таппауы байқалады.

Көшпелілер қоғамында ханды ұлықтау рәсімінің жалпы түсінікте ақ киізге көтеріп хан көтерді деген ұғымға негізделуі барлық жағдайда дұрыс бола бермейді. Ханды ұлықтау рәсінде діни ғұрыптардың орындалу ерекшеліктері байқалады. Ханды мадақтау сөздерінің жаттанды емес, әр ханға әртүрі айтылған. Ханды ұлықтау рәсімінің сарқыншақтары түркі халықтарында әлі күнге дейін балалар ойынында кездесіп, тарихи сабақтастыққа ұласуда. Моңғол билеушілерінің ханды ұлықтау рәсімінің бірнеше ғасыр ішінде өзгеріске түсу мәселесіне келсек, бұл олардың кейінгі жаулап алған жерлеріндегі халықтармен байланысқа түскеннен кейін, аздап ерекшеленуімен көрініс табады. Ханды ақ киізге көтеру рәсімінің қазақ хандығы ғана емес, басқа да Бұхар хандығында, Қырым хандығында және Ноғай Ордасында да кездесе береді. Аталған рәсімнің кеңінен таралуы, бұл ғұрыптың тамыры тереңнен бастау алатынын көрсетеді. Осы аталған мәселелер кейінгі зерттеушілер тарапынан арнайы талданбаған. Олар көбіне биліктің ауысуы мен хандардың билікке келген мерзімін хронологиялық тұрғыдан сараптау және ішінара ханды ұлықтауға қатысты жазба деректерге шолу жасаумен ерекшеленеді.

3.2 Көшпелілер мемлекеттеріндегі билік символдары мен атрибуттары туралы зерттеулер

Қазақ халқы өзінің тәуелсіздігіне қол жеткізіп, кемел келешектің басымдықтарын көрсетуде, саяси билік тұжырымдарының тарихына үңіліп, халықтың тарихи санасында орын алған құқықтық ережелері мен билік қызметі, символдық ерекшеліктерін анықтау қажеттігі туындады. Осы тұрғыдан қарағанда қазақ хандығы дәуіріндегі хандық билік тұжырымы, құқығы мен қызметі және символдарын жан-жақты зерттеу, қалыптасқан пікірлерді жаңа көзқараста талдау Қазақстан тарихында маңызды мәселенің бірі болып табылады. Хандық биліктің негізгі тұжырымы мемлекеттік билік құрылымына тікелей негізделген, күрделі құбылыс.

Билік символдары туралы мәліметтерге назар аударатын болсақ, бірнеше ерекше компоненттерден тұратын атрибуттар өзінің бастауының ежелгі көшпелілер дәуірінен алатынын және ұзақ уақыт бойы түрлі өзгерістер мен толықтыруларға ұшырап ортағасырларға дейін сабақтасып келгенін байқауға болады. Көшпелілер қоғамының саяси ұйымдасуы көбіне милитаризациялық негізде жүзеге асатындықтан, билік символдарында да сол саяси жүйенің ізі сақталып қалады. Ерте көшпелілердің материалдық мәдениетін зерттеуші Р.В. Новоженев көшпелілердегі саяси-әскери ұйымдасу ерекшеліктері билік атрибуттарының үш принципке негізделуімен көрініс табатынын жазады:

- 1) қолайлылық;
- 2) әскери-демократия;

3) әлеуметтік статусының көрінісі [337, с. 291]. Аталған үш принцип билеушінің жеке өзіне қатысты. Қолайлылық принципі біздің ойымызша киім үлгілеріне негізделген, екінші принцип қару үлгілері екені даусыз және үшінші принциптің әлеуметтік статусқа қатысты болатыны туралы пікірлерді басқа да көптеген отандық зерттеушілер (археологтар) қолдайтыны белгілі. Ортағасырлық жазба деректерде де билеушілердің билік атрибуттары мен әлеуметтік статусын ерекшелейтін символдарға қатысты мәліметтер көп.

Қимақ мемлекеті мен олардың әлеуметтік-саяси құрылымы туралы алғаш дерек қалдырған ғалымдардың бірі – Гардизи. Ол өзінің «Зайн ал ахбар» еңбегінде «олардың киімдері жабайы аңдардың терісін өңдеп дайындалғанын» жазады [338]. Ал Әл-Идриси: «Қимақ билеушілерінің халық алдына шығатын кезде киетін киімі мен бас киімінің алтыннан жасалғанын» [71, с. 12-19] жазады. Әл Идриси «қимақ қағанатында тек ақсүйектер ғана қызыл және сары жібек матадан тігілген киім киеді» деп жазады [71, с. 102].

Сюань Цзянь жазбаларында түркі билеушісінің киімі туралы мәліметтер бар. Қазіргі Тоқмақ қаласы маңында Сюань Цзянь түрік ханын кездестіріп, оның үстіндегі киімінің «жасыл түстен болатын шапан және нөкерлерінің барлығы (200 жауынгер) зерленген сырт киімдер киеді» [110, с. 112.] деп жазады.

С.Г. Агаджановтың зерттеулерінде ортағасырлардағы оғыздардың көсемдері мен билеушілерінің киім үлгілері туралы қызықты деректерінде олардың киімдері «өмірдің көшпелі салтына негізделген және жібек пен кенеп

маталарынан тігілген» [339, с. 187], ал «билеушінің киімі өздерінде емес, арнайы дайындалған» [339, с. 62-65].

Белгілі ғалым Сартқожа Қаржаубай өзінің «Тюркские правители» атты зерттеуінде көшпелілерде 9 билік символы бар деп, келесі атрибуттарды атайды: 1) билеуші тағы; 2) тәж; 3) кісе белбеу; 4) ту-байрақ; 5) аса таяқ; 6) мөртаңба; 7) орда. Сегізінші билік атрибутын ғалым моғол деректеріне сүйеніп, «қасиетті патша тағы» қайталанады деп жазады. Тоғызынша билік символына ханды ұлықтауда көтерген – ақ киізді жатқызған [340].

О.К. Караев Қарахан мемлетіндегі билік атрибуттарын келесі түрлерін көрсетеді: 1) мөр; 2) ту; 3) дабыл; 4) сауыт [341, с. 246].

Н.Ц. Мункееваның редакторлығымен шыққан Мэнда бэйлу шығармасында моңғол империясындағы билік атрибуттарының 5 түрі көрініс тапқан: 1) Шыңғыс ханның ақ туы; 2) Қызыл және сары жібектен тоқылған шатыр; 3) Айдаһар бейнесімен өрнектеліп, алтындалған тақ; 4) Алтынмен апталған ер тоқым және ат әбзелдері; 5) Дабыл [342, с. 78].

Аталған билік атрибуттарына белгілі зерттеуші М.Г. Крамаровский тағы 4 символды қосады: 1) кісе белбеу; 2) бас киім; 3) аса таяқ; 4) пайза [219, с. 213].

А.Г. Юрченко моңғол империясындағы билік атрибуттарының 5 түріне талдау жасайды: 1) хан шатыр; 2) тақ; 3) ту және дабыл; 4) шатыр; 5) шапан [210, с. 88-106]. Сонымен қатар, автор Жошы ұлысындағы хандардың билік атрибуттарының 12 түрін көрсетеді: 1) хан шатыры (Өзбек және Жәнібек хандарда болған); 2) «билік жастығы бар» тақ; 3) шатыр (зонт); 4) тәж; 5) билеушінің туы; 6) мемлекеттік мөр; 7) пайза; 8) әскери дабыл; 9) геральдикалық символдары бар шекпен; 10) қымбат бағалы тастармен өрнектелген белбеу; 11) бас киім (ерлер – өрбелгі, әйелдер – боктаг); 12) алтыннан жасалған жартылай (Өзбек ханның сарайында болған) [217, с. 86-110]. А.Г. Юрченко осы аталған билік атрибуттарының қатарына сырғаны да енгізуді ұсынады [216, с.78]. Автор бұл пікірін Юань империясындағы билеушілердің бейнесі көрсетілген портреттерге сүйеніп жазады [343, р. 37-45]. Автор Илхан мемлекетіндегі билеушілердің салтанатты рәсімдерінде билеуші тағатын түйреуішті де билік атрибутына енгізілуі керек деп есептейді [344, с. 74-81].

Парсы тарихшысы Хафиз Абрудың жазбасында шағатайлық билеуші Йасавурға илхан мемлекетінен келесі билік атрибуттары жіберілгенін жазады: 1) падишах шекпені; 2) алтын пайза; 3) каба – ерлер киімі; 4) бас киім; 5) белбеу; 6) жылқы; 7) қару; 8) шатыр; 9) патша шатыры; 10) музыкалық аспап немесе дабыл және ту [216, с. 79].

Т.И. Султанов көшпелілер империясындағы билік атрибуттарын келесідей көрсеткен: 1) хан ордасы; 2) тақ; 3) байрақ-ту; 4) хұтба [80, с. 78-80]. Автор билеуші сарайында орындалатын бірнеше ғұыптарды ерекше атап өтеді: 1) баспалдақты баспау (сүрінбеу); 2) ханмен тілдескенде қаруын шешу; 3) шатырдың арқандарын ұстамау; 4) ханмен тілдескенде тізені бүгіп тұру [80, с.

78]. Т.И. Султановтың еңбектерінде кездесетін билік атрибуттары сарай әдет-ғұрыптарының барлығы ортағасырлық жазба деректерге сүйеніп жазылған.

Ортағасырлық түркі кезеңінің жерлеу ескерткіштерін зерттеуші Н.Н. Серегин Орта Азиядағы түркі жерлеу ескерткіштеріне жүргізілген археологиялық материалдарға салыстырмалы талдау жүргізіп, 8 билік символын көрсетеді. Зерттеуші билік атрибуттарын пайдалану ерекшелігіне қарай әскери бағыттағы билік атрибуттары және әлеуметтік статусты білдіретін билік атрибуттары деп бөледі. Әскери бағыттағы билік атрибуттары: 1) жақын арақашықта ұрыс салатын қылыш (қанжар); 2) айбалта; 3) найза; 4) кісе-белбеу.

Әлеуметтік стаусты көрсететін билік атрибуттары: 5) металдан жасалған ыдыс; 6) айна; 7) алтын әшекейлер; 8) киім үлгісі [345, с. 83].

Ю.Ш. Агаев түркі халықтарының ғұрыптарындағы билік элементтеріне садақ пен жебені де жатқызған [346].

Белгілі түріктанушы Н. Базылхан Шыңғысхан империясындағы билік атрибуттарының қатарына Күйік ханның кезінде жазылған хаттарда көрініс табатын «мөр» де енеді деп жазады [347]. Автор Шыңғыс ханның кезіндегі билік атрибуттары туралы: «Шыңғыс қағанның билік рәміздері мен ресми құжаттары, кеңселері де болды. Қаған ақ киізбен көтеріліп ұлықталынды, алтын тақта отырды, алтын тәж киді, алтынмен көмкерілген ақ ордада (киіз үйлі үлкен арбада) жайғасты. Бұрынғы Ішкі Моңғолия, Ордостағы «Чингисийн онгон» («Шыңғыстың құтты киесі») деп аталатын жерде ұлы қағанның қолданып жүрген зат-бұйымдарын кие тұтып, айрықша қастерлеп «дархат әулеттері» (қағанды қорғаушы *darqan* > дархан//*darqat* > дархат рулары) бірнеше ғасыр сақтап келгенімен «қытайдың қызыл мәдениет төңкерісі» кезінде толықтай жоғалған делінеді» деп көрсетеді [347].

Мирза Ұлықбек ата-бабалары жасаған ұйғыр әріптерімен жазылған келісім, шарттың сипаттамасын беруде шартқа барлық шахзада отбасы қол қойғандығы және оны Туман-хан өзінің мөрімен бекіткендігі, ал мөрді «Ал тамға» деп аталғандығы сонымен қатар, құжатты мемлекеттік қазынашыға сақтауға бергендігі жайлы деректі келтіреді [348, с. 50].

Дәстүрлі қазақ қоғамында ханды ұлықтаудың екі кезеңі болғандығы туралы көзқарастар бар. Олар бірінші хандық ақ киізге көтеріп ұлықтау, екінші арнайы тас-тақтаға шығару яғни мұны «хан орны» немесе «хан тағы» деген ұғыммен алмастыруға болатын секілді. Жалпы мұндай атау бүгінге дейін сақталған. Жетісу жеріндегі Керейдің қыстауы болған Хантаудағы «Хан тағы» деген тас бар екендігі белгілі [349]. Қазақ хандығындағы билеушілерде тәждің болғандығы туралы мәліметті Томас Аткинсонның жазбасынан көре аламыз [350, с. 49-93.]. Сонымен қатар, тас-тақтаның этимологиясы да (тахт±таг) көне түркілердегі тәңіршілдік сипаттағы «қасиетті тау» деген ұғыммен де астасатын секілді [3, с. 75-99.].

«Тақ» сөзінің төркіні парсы тілінен келіп шығады. Онда сөздің орфографиясы мен орфоэпиясы аздап өзгеріске түсіп, «тахт» деп аталады [351, с. 357]. Бірақ, кейбір парсы сөздіктерінде «тахттың» орнына – «оуранг» деген көнерген сөз де қолданылған [352, с. 142].

Отандық зерттеушілердің пікірінше оуранг – ogun – шындығында түркі сөзі болып табылады [352, с. 372]. Бұл алғаш көне түркі жазбаларында «kun aj tanrilarnin tunagulug orni» – «күн-құдай мен ай-құдайдың қонар орны» деп аударылады [352, с. 372].

Жалпы көне түркілік дүниетанымда күн-құдай мен ай-құдайдың қонар орны бұл – тау, яғни түркі тілінде «таг», «тағ» (тау), бұл сөз қазіргі таңда алтай тілдер тобындағы шор, хакас тілдерінде де тура осылай қолданылады. Парсылық «тахт» сөзі «тағ-тау» сөзінен шығып, айтылу мәнеріне қарай «тахт-санг» – «тас тақта» деген сипатта көрініс табуы мүмкін. Мәселен Саян тауының етегіндегі құз-жартастың басы Шыңғыс хан тағы деп аталуы осының дәлелі іспеттес [351, с. 357].

Гильом Рубруктың Мөңке ханмен кездесуі туралы жазбасында мынадай қызықты мәліметті көреміз: «Аспанда жалғыз және мәңгі құдай, жерде құдайдың ұлы Шыңғысханан басқа ешкімнің билігі жүрмейді, ол теміршінің баласы, яғни «темірдің дыбысы» [353, с. 20.].

П. Карпини хан шатырын сипаттап, оның тіреулер алтынмен апталғанын жазады. Ал шатырдың өзі түрлі жібек маталармен қапталып жабылған. Ең қызығы ханды ұлықтау сәтінің құлшылық етуден басталатыны туралы П. Карпини жазбасында «барлығы бір жерге жиналып, тізелерін бүгіп рәсім жасады. Біз олардың не жасағанын түсіне алмай, тіземізді бүкпедік. Бірнеше уақыттан кейін Күйік ханды таққа отырғызды және барлығы тезелерін бүге отырып, бастарын иді [107, 70 б.].

Г. Рубрук Мөңке ханның шатырын сипаттай отырып, оның айнала алтын зерлі қамқамен астарлағанын жазады. Күйік ханның шатыры да осы секілді алтын зерлі қамқамен астарланғанын П. Карпини де жазғанын жоғарыда айттық. Бұл жерде орда Мөңкенің ханымдарының бірінің ордасы деп айтады. Бірақ ханның жыртқыш аңның терісіне ұқсайтын теңбіл, жалтылдаған тері ішік киік, биік орындықта отырды деп жазады [109, 70 б.].

Алтын Орда хандарының таққа отыруы туралы мәліметті саяхатшы Ибн Баттутаның Өзбек хан туралы жазбасынан көреміз. Ибн Баттута Өзбек ханның шатыры мен тағы туралы «Өзбек хан жұмадағы құлшылығын жасап, шатырға енді. Ортада күміспен қапталған аяғы және алтыннан жасалған тақ орнатылған [307, с. 18]. П.Карпини хан тағының әсемдігін келесідей сипаттайды: Жазбаға назар аударсақ: «... Ханның тағы ағаштан жасалған сәкінің үстіне пілдің сүйегімен оюланып, сырты бағалы тастар мен алтын жалатып жасалынып, орналасқан. Тақтың артынан оған көтерілу үшін арнайы баспалдақ жасалған. Тақтың оң және сол жағына ағаштан жасалған сәкі бар. Алғашқысына ешкім отырмады, ал сол жағына ханымдар жайғасты...» [109, 73 б.].

Алтын Орда мәдениетін зерттеуші М.Г. Крамаровскийдің пікірінше Шыңғыс ханды құрылтайда хан сайлағаннан кейін, биліктің бір символы ретінде тақ атрибуциясы енген [354, с. 21-22.]. Айдаһар бейнесіндегі пішіні бар тақ бейнесі Эдинбург университетінің кітапхана қорындағы Рашид ад диннің «Жамиғат тауарих» еңбегінің бір нұсқасындағы миниатурада да сақталған [354, с. 72]. Археологиялық зерттеулерге назар аударсақ, далалық өркениетті

жасаушы көшпелі халықтарда тастан қашап жасалған статуарлы артефактілер кездеседі әрі олар XIII-XIV ғасырлармен мерзімделеді [355, 350 б.]. Біздің ойымызша бұл көшпелі қоғамдағы салт аттының ер тоқымы билеушінің тағына қатысты генезисі болуы мүмкін секілді. Егер ер-тоқым адамды жеткізу қызметін атқарса, оның тақ түріндегі көрінісі сакральды ұғыммен астасып, биліктің символы ретінде көрініс беруі мүмкін.

Қазақ хандарының билік символы болып табылатын тақтың генезисі, морфологиясы және конструкциясын зерттеу және анықтау – Қазақ мемлекеттілігінің эволюциясын реконструкциялауда өте маңызды болып табылады. Қазақ тарихында бұл мәселеге қатысты зерттеу жұмыстары жоқтың қасы деуге болады. Тарихи және фольклорлық материалдарды зерттеген Н. Атығаевтың еңбектерінде Қазақ хандығында оның ішінде Абылай хан, Тұрсын хан, Қасым хан, Тахир хан және Хақназар ханның кезінде билік символы ретінде тақтың болғандығы туралы мәліметтерді кездестіре аламыз [356]. Соның бірі қазақ фольклорында Тұрсын ханның тағы туралы мәліметтер кездесуі. Онда ханның үлкен тағы болғаны, әрі оған хан жатпайтыны, тек отыратыны туралы деректер жанама түрде айтылып өткен.

Ортағасырлық деректерде Қасым ханның тағы туралы мағлұматтар біршама толық келтірілген. Онда тақтың таза саф алтыннан жасалғаны, оның төрт бұрышы бар екендігі, әрбір бұрыштың арыстан, барыс, айдаһар пішіндеріне ұқсайтындығы туралы айтылады. Осы жерде ескере кететін жағдай, XVI ғасырда өмір сүрген жоғарыдағы мәліметтің авторы, аталған тақтың шыңғыс ханға тиесілі болуы мүмкін екендігін айтып, өз пікірін білдіреді. Мұндай көзқарас өз кезегінде алтын ордалықтар мен алтын орда негізінде қалыптасқан хандықтардағы тақтың Батый (Бату, Сайын хан) ханға тиесілі болса, қазақ хандығындағы билік тұтқасын ұстаған Шыңғыс ұрпақтарына тиесілі тақ Шыңғыс ханнан қалған мұра болуы тиіс деген оймен астасады. Зерттеуші А.Ш. Бимендиев Қасым ханның және басқа да қазақ хандарының сипатталған тағы Шыңғыс хан тағының реконструкцияланған түрі болуы мүмкін дейді [217, с. 75-99; 218, с. 75-99].

Қазақ мемлекетіндегі биліктің мұрагерлік арқылы берілуіне байланысты XVI ғасырдағы орыс деректерінде лайықты «тұлғаның» болуына қатысты мәліметтер береді [357, с. 61, 177]. Ал XVIII ғасырда Хиуа аумағына да билігін жүргізе алған Әбілхайыр хан кезеңін көрген Д. Гладышев хан тағына толыққанды сипаттама береді: «тұғырда орнаған хан тағы парсылық кілеммен жабылып, оның үстіне шекпен киген хан жастыққа отырды» [120, с. 12.] деп жазады. Берілген мәліметтің Хиуа хандығына тән тақ сөз болып отырғанымен, шамасы Әбілхайыр хан үшін аталған тақтың құрылымы мен құрылысы аса бір таңсық болмаған тәрізді.

Қазақтың осы ханымен алғаш рет кездесуінде және аудиенциясында болған еуропалық Джон Кэстл өзінің жол жазба күнделігінде маңызды иллюстрациялық мәлімет келтірген. Джон Кэстл өз еңбегінде: «Ханның екі ұлы оның жанында отырды...» [121, с. 24]. Гравюрадағы суретте ханның орны биіктеу жерде орналасқан, ал оң жағында ханның соғыс қарулары орналасқан.

Джон Кэстл өзін Әбілхайыр ханның келесі қабылдауында ханның тақ тәріздес биік жерде емес, барлығымен бірдей биіктікте, құс жастықты мамық жерде отырғанын жазған. Тура осы көріністі біз 1736 жылы кіші жүз ханы Әбілхайырдың қабылдауында болған статс-кеңесші Кирилловтың жазбасына көре аламыз. Онда да ханның биік жерде емес, барлық адамдармен бірдей биіктікте отырғанын айтады. Бір аңғаруға тиіс мәселе, хан тағының үстінде немесе хан отыратын жерге үлкен шымылдық тәріздес матаның орналасуы. Хандық символ атрибуттарының бірі болып табылатын шымылдық (балдахин) әдетте хан отыратын жердің сол жағын жауып орналасады [350, с. 42-43.]. Сонымен қатар, поляк саяхатшысы А. Янушкевичтің жазбасында: «Қырғыздар (қазақтар – Т.А.) жақсы орналасқан, ақсүйектер шатыр астында, ал қарапайым халық қой терісінен тігілген мақалай киген», -деп жазады [122, с. 84.]. Олай болса біз Джон Кэстлдің иллюстрациясынан Әбілхайыр ханға тиесілі «хан орнының» - «салтанатты емес» екі түрлі нұсқасын көріп отырмыз. Жоғарыда сипатталған Хиуа хандарына тәні хан тағы Шыңғыс тұқымдары саналатын қазақ хандары үшін тосын жай емес. И.В. Ерофеева 1728 жылдан 1783 жылдар аралығында Жошыдан тараған қазақ хандары аздаған үзілістермен хиуа тағына отырғаны белгілі. Оның ішінде Әбілхайыр ханнан бастап, Ыдырыс сұлтан және Полад-Гази сұлтанды айтуға болады [358, с. 619-620]. Осы жерде қазақ хандарының 1598 жылдан бастап, билеу орталығы Ташкент қаласына орналасып тұрғанын, әрі мұның тағы бір дәлелі ретінде XVII-XVIII ғасырларға тән еуропалық карталарда көрініс тапқанын айта аламыз. Осымен байланысты В.В. Стасовтың 1886 жылы жарияланған «Хиуа хандарының тағы» атты мақаласында мынадай мәлімет ұшырасады: «... Хиуа хандарының тағы орыс патшаларының тағымен өзара ұқсастықтары бар ма? Жоқ, бұл аталған тақтың құрылысы мен құрылымы мүлдем басқа», -деген дерек келтірген [125, с. 416]. Қазіргі таңда Мәскеу қаласында Қарулар Палатасында (Оружейное Палата) орыс патшаларына тиесілі, бірақ шығыстық стильдегі үш тақ сақталған. Ең ескісі Иван Грозный патшаға парсы шахы сыйлаған тақ. Екіншісі 1604 жылы Борис Годуновқа парсы шахы Аббас сыйлаған тақ. Үшіншісі 1660 жылы Алексей Михайлович Романовқа парсы шахы сыйлаған тақ [354, с. 84-85.]. Бір қызығы аталған үш тақта Хиуа хандарының, оның ішінде Хиуа хандығын басқарған қазақ сұлтандары отырған тақпен ешқандай құрылымында, құрылысында да өзара ұқсастықтары жоқ. Қазақ хандарына тән хандық билік символының тағы бір мысалы ретінде Ұлы Даланы 1845-1853 жылдар аралығында саяхаттаған ағылшындық суретші, архитектор Томас Аткинсон қалдырған мәліметтер. Оның қалдырған бейнелі суреттерінің арасында қазақ хандарының күнделікті тұрмысындағы және ғұрыптық салттары туралы мағлұматтар ұшырасады. Осындай суреттің бірі «Қырғыз (қазақ) сұлтанының киіз үйі» деп аталады [350, с. 65.]. Томас Аткинсон деректерінде қазақ сұлтандарының отырған жері биіктеу болатыны, отыратын орындығында үкі канаттары (мүмкін қырғауыл қауырысыны? – Т.А.) болатыны айтылған.

Я.П. Гвардевскийдің жазбаларында хан сайлау ғұрыптары туралы құнды деректер бар. Онда XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы

басындағы хан сайлау ғұрыптары екі кезеңнен тұрғанын айтады: «... Қазақтарда барша халықтың жиналуы бұл соғыс жағдайында және хан сайлау ғұрпы кезеңде...» дейді [359, с. 460.]. Я.П. Гвардевский өз жазбаларында хан сайлаудың бірінші кезеңінде ханды киізге көтеру рәсімі, екіншісі биіктеу жерге шығарып ұлықтау сәті бар екенін айтады. Жалпы халық арасында ханды ақ киізге көтеріп ұлықтау мәселесі кең таралғанымен, екінші кезеңі ұмыт болған секілді. Бірақ, ақ киізге көтеріп хан сайлау ғұрпының тамыры өте тереңде, көне түркі дәуірінен де әрі кетуі мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз.

Қазақ хандарының тағы туралы атрибутикалық деректер ақын-жыраулар шығармасында кездеседі. Тақ сөзін кейде ханның лауазым алуымен байланыстырса, енді бірде ханды мадақтау жырларында да кездеседі. Хан тағын қолданған ақын-жыраулар қатарында Асан Қайғы, Марғасқа жырау, Үмбетей жырау, Бұхар жырау, Жанақ ақын және Дулат Бабатайұлын көреміз.

Марғасқа жырау өз заманында Тұрсын ханға қаратып айтқан жырында хан тағы туралы төмендегі мәліметті береді:

*Алтын тақта жатсаң да,
Ажалы жеткен пақырсың!* [128, 56 б.].

Үмбетей жыраудың шығармашылығындағы «Бөгембай өлімін Абылайға естірту» деп аталатын жыр жолдарында:

*Тағыда талай бақ берсін,
Балаңа алтын тақ берсін* [128, 80 б.].

Бұхар жыраудың жыр жолдарында ханның тағы туралы бірнеше жерде кездеседі. Оның бірі Абылай ханға қарата айтқан әрі сынау, әрі өмір тарихын баяндау үлгісіндегі шумақтарында мына жолдарды көреміз:

*Жиырма беске келгенде,
Бақыт берді басыңа,*

Тақыт берді астыңа [128, 94 б.]. Негізі осы жырдың екі нұсқасы бар. Бұл бірінші нұсқасында келтірген мәлімет. Екінші нұсқада келесідей беріледі:

*Сен жиырма бес жасқа жеткен соң,
Алтын тұғыр үстінде,*

Ақ сұңқардай түледің [128, 91 б.]. Қарап отырсақ, Абылайдың жиырма бес жасқа жеткен кездегі жағдайын жырлаған Бұхар жыраудың жыры екі нұсқада сақталған. Бірінде Абылай таққа отырса, екіншісінде тұғырға шығады. Бізде осы жерде екі ой келіп отыр. Біріншісі – Абылай хан биік тұғырдағы таққа отырғаны, екіншісі – әлі хан болмағандықтан, тақ тұрған тұғырға шығып, ханның жанынан орын алғаны. Бұхар жырау Абылайға маңайындағы батырларды сипаттау кезінде де тақ сөзін қолданған:

*Алтын тақтың үстінде
Үш жүздің басын құрадың* [128, 98 б.].

Жанақ ақын Рүстем төреге қарата айтқан жырында ханға тиесілі тақ пен мемлекеттік символ болып табылатын ту туралы мәлімет қалдырған:

*Ханзадам, енді кімді бу қыласың,
Көлсіз жерде жая алмас қу құлашын.
Дегендердің тілеуі қабыл болды,*

«Хан тағы төңкеріліп, ту құласын...» [128, 155 б.].

Абыл ақынның шығармашылығында да XVIII ғасырдағы Кіші жүз хандарының тағы болғаны туралы мәліметтер кездеседі. Ақынның белгілі сұлтан Қайыпқали Есімовке айтқан сөзінде:

*Әкең Есім, арғы атаң – хан Нұралы,
Нұралы таққа мініп хан тұрғанда,
Алаштың болған емес бір мұрады [128, 172 б.].*

Дулат ақын да өзіне дейінгі қазақ жырауларының көркемдік стилін әрі қарай дамыта түсіп, хандардың билік атрибуттары туралы мәліметтер береді:

*Әбілпейіз арғы атаңды
Алтын тұғыр сұңқар-ды...
...Алтын еді бір күнде,*

Ағаш болды тұғырың [128, 204 б.]. Байқағанымыздай ақын-жыраулар поэзиясында сипатталған хан тағы әртүрі қырынан көрініс тапқан. Мәселен Үмбетей, Бұхар жырау және Дулат ақынның шумақтарында тақтың металл екендігін білеміз. Әрине бұл жерде жалпы көркемдік сипат басым екендігі анық. Дегенмен, жыраулар тақты көзімен көргендіктен солай сипаттауы мүмкін. Әрі жыраулар тақ сөзін қолданған кезі не ханға сын айту барысында, не оның тегін сипаттауда қолданған. Бұл өзінше пайымдауды қажет етеді. Себебі жалпы мадақ жырында тақты көркемдеп жеткізу басым болатын секілді. Дулат ақын «алтын тұғыр» деген сөз қолданған. Әрине мұның да таққа қатысы бар деп ойлаймыз. Әрі «қисық басқан қадамның соңы алтын тұғырдың ағашқа айналуы мүмкін» екендігін айтқанына қарағанда, алтындатылған тақ ең жоғарғы лауазым иесінде, одан кейінгі лауазымдарда түрлі материалдан жасалған тұғырлар болғаны секілді. Оның ішінде биіктеу орын, көпшік және т.б. Жоғарыда айтқанымыздай хандардың бейнесіне қатысты суреттерде (Әбілхайыр хан) ханның тақта емес, биік төсек секілді орында отырғанын көреміз.

Абылай ханның есімімен байланысты тарихи шығармаларда хан тағына отыру сәттері, тәж қабылдау секілді қызықты деректер ұшырасады. «Сабалақ» атты тарихи жырда билік атрибуттарының екі символы қатар сөз болады:

*«Тәжіні әкеп кигізді өз қолымен,
Тағыңыз мүбәрәккі болсын! – деді*

...

Тәжі киіп, хан болып, мінді таққа

*Тақ пен тәжің басыңда құтты болсын,
Пайдаңды Алла Тағала берсінкөпке [127, 213-214 бб.].*

«Абылай хан әңгімесі» деп аталатын тарихи жырда ханның жас кезінде таққа отырып, тәж кигіне айтылады:

«...Жас бала таққа мініп, киді тәжді» [127, 224 б.]. Бір қызығы соңғы тарихы шығармаларда ханның таққа отыру механизмі жоғары көтерілумен ерекшеленеді. Абылай ханмен байланысты екі жырда да ханның таққа

«отырғаны» емес, «мінгені» айтылады. Соған қарағанда Абылай ханның тағы биік болған немесе биік тұғырда орналасқан болуы мүмкін деп пайымдаймыз.

Билік атрибуты тақ қазақтың мақал-мәтелдерінде де көрініс тапқан:

Жақсы әйел – жігітке біткен бақ,

Жақсы жер, жайлы қоныс – алтын тақ [127, 109 б.] немесе:

Қараның таққа мінгені – бір-біріне құда түскені [127, 116 б.].

Тәкаппарды тақ көтерер,

Ол да шақ көтерер [127, 143 б.].

Екі жақсы баққа таласса,

Бір жаман таққа шығады [127, 274 б.]. Байқағанымыздай, қазақ фольклорында билік атрибуттарының жиі кездесіп, бұл ұғымдардың халық жадына терең сіңгенін көреміз. Тақ ұғымының мақал-мәтел, жұмбақ, жырларда қатар кездесуі, қазақ хандарында билік атрибуты тақтың болғанын дәлелдей түседі.

Тақ пен тәж секілді билік атрибуттарының тамыры тереңнен бастау алынатынын қазақ халқының жұмбақтарында да кездеседі. Мәселен,

Бір үлкен тау бар басы қара

Жан-жағында төрт сала бар

Бәрі қара.

Басында дараларың күміс тәж бар,

Жігіттер зейініңмен ойлап қара (Қол-аяқ, тырнақ) [127, 147 б.].

Қазақ билеушілерінің билік атрибуттары туралы ауызша, жазбаша деректер біршама қордаланған. Нақты сипаттама болмағанымен, жанама түрде сипатталуы басым деректерден билеушілерге тән тақтың боғанын анықтау қиын емес. Өкініше орай билеуші атрибуциясы туралы зерттеулер бар болғанымен, аса көп емес. Нақты бірнеше терең зерттеулермен ғана шектеледі. Бірақ жалпы нақты аксиомалық дәйектер келтіру өте қиын. Себебі, ешқандай билеушілер тағы мен тәжі (қазақ хандарына қатысты – Т.А.) қазақ халқының арасында сақталмаған. Бірлі жарым көршілес елдердегі сақталған тақтың пішіндеріне қарап, біздегі деректермен өзара салыстыру нәтижесінде реконструкциялауға талпыныстар болғанымен, нақты мәліметтер бере алмайды. Дегенмен, З. Самашев Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданында орналасқан Қаған кешенінде жүрізген қазба жұмыстарының нәтижесінде тақта отырған адам бейнесі бар, алтын әшекей тапты. Әшекейде тақта отырған қаған бейнесі айқын көрсетілгенін байқаймыз. Бұл сюжеттік композициядан Қағанның тұла бойын, басындағы тәжі мен бет әлпетін, шаш пен киім үлгісін байқауға болады. Тақтың екі жағын жылқы бейнесімен жасаған. Сонымен қатар осы композицияны тізе бүгіп табақ тартып отырған екі қызметші бейнесімен толықтырылған. Келесі табылған әшекей бұйымдардан да тақта отырған адам бейнесі бар (бір бұрышы еріген) тәжі киіп тақта отырған қағанның алтыннан құйған бейнесін көруге болады [360, 120 б.]

Билеуші тағы туралы аңыздар кешенінде тастан жасалған тақ туралы мәселелер де көтеріледі. Бірақ ол қаншалықты рас екендігі белгісіз. Оның үстіне тақтың қозғалысқа икемді, ыңғайлы болуы да маңызды. Мүмкін

жылжымайтын тақтар да болған шығар, егер аңыздардағы мәліметтерді расқа шығарсақ. Бірақ бұл тақырып әлі көп зерттелмеген мәселенің бірі болып отыр. Тақтың пішіні мен құрамы маңызды мәселе. Мұны анықтау жалпы тақ туралы мәселені тарихи жаңғыртуда көп көмекші болары анық. Бірақ қолымыда ондай мұралардың жоқтығы, бұл мәселені тек теориялық тұрғыдан ғана қарастырумен шектелуге итермелейді. Билеушілердің тәжі туралы да деректер екі ұшты секілді. Әрине бұл мәселені тарқатып зерттеуге тырысқан ғалымдар бар. Әрі олардың еңбектері де өте маңызды. Нақты жазба және фотоқұжаттар арқылы жасаған талдаулары ерекше назар аудартады. Дегенмен, қазақ жеріндегі билеушілердің тәжі болды ма, ол қандай пішінде, материалы қандай, қашалықты бағалы заттармен әшекейленген, бұл тақырып та күрделі күйінде қалып отыр. Ерте темір дәуірінің билеушілерінің бас киімдеріне жүргізілген реконструкциялық жұмыстар, бас киімдердің киізден жасалатын туралы айтылады. Мұндай мәліметтерді Шілікті, Берел қорымдарынан және Үржар обасынан табылған алтын киімді және басқада да бағалы атрибуттармен жерленген ескерткіштерден білеміз. Салыстырмалы түрде басқа да Сібір, Байкал өңіріндегі билеушілердің билік атрибуттары да өзара ұқсас болып келеді. Соған қарағанда, қазақ билеушілерінде де тәждің орнын тері және т.б. материалдан жасалған бас киімдер ауыстыруы мүмкін. Әрине бұл болжамның дәлелденуі әлі алда деп ойлаймыз. Дегенмен бір нәрсе анық секілді. Бұл көшпелілер қоғамындағы билеушілерде металл тәждің болмағаны. Себебі, Орта Азиядағы көне отырықшы халықтардың металл тиындарында тәжді билеушілер бейнеленсе, көшпелі халықтардың отырықшылануы тұсындағы тиындарында мұндай бейне кездеспейді.

Қазақстан аумағындағы ортағасырлық хандықтардың мемлекеттік және билік атрибуттарының пайда болуы мен даму генезисіне арналған зерттеулер аса көп емес. Біз зерттеу барысында қазақ хандарына тиесілі билік атрибуттары, оның ішінде мөр-жүзік, ту, тақ және тәжге қатысты бірнеше еңбектерді кездестірдік. Қазақ хандарының тоғыз туы туралы мәліметтер Махмуд ибн Уәлидің «Бахр ал-асрар» еңбегінде [63, с. 330-331.] кездеседі. Шах Махмуд Шорастың «Тарих» еңбегінде Хақназар ханның жеті моншағы мен туы болғаны айтылған [361, с. 379]. Шежіреші Қ. Халид еңбегінде [95] XVII ғ. қазақ-бұхар жорықтарында аты шыққан Есім ханның ерлігі мен дене бітімі туралы маңызды деректі келтіреді [95, 103 б.]. Қазақ фольклорында да билеушілердің ту байрақтары туралы мәліметтер мен жыр шумақтары бар. Сонымен қатар, «Абылайдың ақ туының» ұрпақтарында сақталуы туралы да мәліметтер бар [96, с. 432].

Бүгінгі таңда зерттеушілер арасына қазақ билеушілерінің ту байрақтарының нақты қандай болғаны туралы ортақ пікір жоқ. Мәселен, билік символы болған мемлекет байрағының түсі, пішіні, өлшемдері әр билеуші тұсында өзгеріске түскен секілді. Байқап отырсақ, қазақ билеуші элитасының билік атрибуты болып табылатын тулары, мемлекеттік символдың қалыптасуы мен даму эволюциясы, өзгерісі, өзара байланыс генезисі туралы дереккөздер де реттелмеген, әрқилы мәліметтер шашыраңқы. Жазба деректердегі мәліметтер

бөлек қаралады. Аңыздар мен фольклордағы деректер бөлек. Жартас суреттеріндегі ту бейнелерін археология ғылымының мамандары басқаша сипатта талдайды. Жалпы әлемдік ірі ғылыми орталықтарда, мұражайлар мен архив қорларында сақталған түрлі бейнелерде XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ халқының түрлі әлеуметтік жағдайлар сипатында бейнеленген тулар көрініс тапқан.

Бұл туралы А.Ш. Бимендиев арнайы талдау жасап, жеке мақала ретінде жариялаған А.Ш. Бимендиев РФ Санкт-Петербург қаласындағы Мемлекеттік Эрмитажда сақталған картиналардың ішінде әскери топограф-суретші А. де Барбиш салған қазақ халқының тулары бар суреттерін анықтап, талдау жасаған. Ғалым суретшінің еңбектерінде бейнеленген туларды 3-ке бөледі. Суретшінің еңбегінде жас қызды ұзату тойының сәті бейнеленген сурет ерекше қызықты. Суретте түйелердің бірінің қомына байланған ағаштың басында матадан жасалған тудың желбіреген бейнесі көрініс тапқан. Жалпы осы типтегі туларды біз қазақ жеріндегі жартас суреттеріне жиі байқаймыз [218, с. 18-47].

Ерте түркі дәуірімен мерзімделетін Шығыс Қазақстан жеріндегі жартас суреттерін зерттеген З. Самашевтің зерттеулерінде ту ұстаған салт аттының бірнеше түрлері көрініс тапқан. Оны ішінде екі жолақты тулар, теріс қараған қасқыр бейнесінде және ортасы дөңгелек тесік тәріздес бейнелер бар [362, с. 175.]. Ешкіөлмес петроглифтерінде де екі айырықты тулар бейнеленген. Бұл туралы А.Н. Марьяшев және А.А. Горячевтің Жетісу петроглифтері туралы зерттеулерінде жазылған [363].

Құрбанғали Халид ортағасырлардағы билеушілердің туларының түсі мен олардың сабақтастығы жөнінде келесі деректі келтіреді: «...Сығай ханның ұлы Оннан батыр қызыл ту астынан шығып, өзінше дербес ақ ту көтерген» [95, 103 б.]. «... Әбілмәмбет ханның баласы Әбілпайыз қызыл тулы төрелердің бабасы» [86, 103 б.]. «... Абылай хан өзінің қабілетімен дара шығып, жасыл тулы төрелердің бабасы болады» [86, 104 б.]. «... Білетіндер осы үш тудың бәрі Орыс ханнан дейді, бірақ мағынасына қарай орданы есепке ала отырып, Сарай хандары қызыл ту, Шағатай әулеті ақ ту, Үгедей әулеті көк тумен дараланып, кейіннен бұл жағдай ұмыт қалып, жақын аталары Оннан мен Абылай ханға тур тарихын жеткізіп айтады, яғни бұлар Орыс ханның нәсілінен есептеледі...» [86, 104 б.]. Дж. Кэстл қалдырған мәліметтерде де байрақ байқалады. Осы жерде назар аударатын мәселе, Кэстл қазақ жерінде Барбиштен бұрынырақ болған. Оның суреттерінде бақсының киіз үйдегі емдеу сәтінде ту бейнесі сақталған. Осы бір екі суретшінің еңбектеріндегі тулардың өзара ұқсастығы жөнінде Т.Д. Скрынникова: «атрибуциядағы бақсы мен билеуші туларының өзара ұқсастығының себебі екеуінде де бұл атрибуттар ата бабаларынан қалған дәстүр секілді» деп жазады [225].

Жалпы екі бума жылқы қылы байланған тулар тек қазақ халқындағы билеушілер ұстаған ту болып табылмайды. Осы пішіндегі туларды басқа да түркі халықтарынан кездестіреміз. Мәселен, жоғарыда сөз болған З. Самашевтің жартас суреттеріндегі бейнелердің хронологиялық-территориялық локализациясында екі бума жылқы қылы байланған тулардың Оңтүстік Сібір

және Байкал жақтағы жартас суреттерінен де кездесетінін айтады [362]. Соған қарағанда, екі ашалы тудың түпкі бастауы Алтай өңірі секілді. Әрине бұл болжам ғана. Себебі мұндай туларды Жетісу және Қаратау сонымен қатар Маңғыстау жақтағы түрлі мүсіндерде бедерленген суреттерден көреміз. Әрі уақыттары да өзара шамалас. Мүмкін екі ашалы, яғни екі бұрымшалы тулар түркі халықтарының барлығына ортақ, көне заманнан санада сақталған атрибут болуы да мүмкін. Бір-бірінен алшақ аумақтарда локальды түрде пайда болған екі ашалы тулардың түбі бір болуы да мүмкін екендігін жоққа шығармаймыз.

Қазақ фольклорында ту-байрақтар туралы мәліметтер ұшырасады. Шалкиіз жырау Ер Шобан деген батырдың айтқан сөзі деген жыр жолдарында найзаға тігілген байрақтарды айтып өтеді:

Саф арғымақ сайлаған,

Найзасына жалау байлаған [128, 48 б.].

Қазақ хандығы кезінде жауынгерлік ту туралы Ақтамберді жырау да жырлаған. Бұл шумақтың бір қатарын М. Қозыбаев өз еңбегінде атау ретінде пайдаланғанын білеміз [355]. Ақтамберді жырында бұл туралы:

Жауды шаптым ту байлап,

Шепті бұзым айғайлап – деп жазылған [128, 61 б.].

Махмуд ибн Валидің «Бахр ал-аср» шығармасында қазақтың тоғыз шашақты байрағының Шыңғыс ханның байрағымен ұқсастығы бар екендігі туралы мәселе көтерілген. Бұл келтірілген аналогиялық мәліметтер Қазақ хандығының XVI-XVII ғасырларда шыңғыстық билік тұжырымына негізделген символдық белгілерді ұстанғанын көрсетіп отыр.

Қазақ фольклорындағы тудың көрініс табуы көбіне найзамен тікелей байланысты. Бұл жыр шумақтарында белгілі бір жаугершілік, соғыс барысын сипаттауда көрініс табуымен де ерекшеленеді. Мүмкін ол билеушінің қасындағы мемлекеттік байрақ емес, әрбір рудың немесе жүздің және т.б. саяси-әлеуметтік жіктелістің әскери байрағы болуы да мүмкін. Жыр шумақтарынан біз ту мен қатар әскери қару түрі найза туралы да мәліметтерді қатар аламыз. Бұл мәселені жартас суреттеріне қатысты айтуға болады. Жартас бетіндегі тулар аттылы адамның қолымен ұстауымен бейнеленеді. Анығында бұл соғыс уақытындағы әрекет. Сондықтан, ондағы ту не билік символындағы мемлекеттік ту, не белгілі бір қосын, жауынгерлік топ, әскери бөлімнің жауынгерлік туы болуы да мүмкін.

Зерттеу барысында қазақ халқындағы биліктің басты символы, қасиетті жораларды атқаруда қолданылған ғұрыптық атрибуты, сонымен қатар, көшпелі қоғамның ішкі бірлігін білдіретін басты нышанның бірі ту-байрақтың әртүрлі жартас суреттері, жиһанкездердің суреттерінде қалған мәліметтер және бірқатар жазба мәліметтер мен фольклордағы деректер негізінде талдау жасалды. Ту қазақтың барлық этнографиялық және басқа да бейнелі сурет түрінде қалған деректерден байқалғандай біртұтастықтың ұйытқысы ретінде дүниетанымға терең енген, әртүрлі саяси, әлеуметтік, тұрмыстық қарекеттер бір-бірімен жіпсіз байланған күрделі шырмаудың арасындағы тепе-теңдікті

біріктіруші символ іспеттес [364]. Көне түркі, дамыған ортағасырлар және қазақ хандығының билеушілері арасындағы тарихи сабақтастықтың бір көрінісін туларға қатысты сипаттаулардан көруге болады. Билік символ байрақтың даму генезисінде үлкен ұқсастықтар кешені байқалады. Мұны біз жарта суреттері, жазба деректер, аңыздар мен фольклордан да көріп отырмыз. Жалпы мәліметтер кешені көшпелі қоғамдағы билік атрибутында тудың болғанын жоққа шығара алмайды. Керісінше жанама түрде нақтылай түседі.

Кез-келген мемлекеттің негізгі символы ретінде ту-байрақ, елтаңба және мөр негізгі рол атқарады. Осы белгілер арқылы мемлекет халықаралық деңгейде өзінің тәуелсіз, біртұтас екендігін көрсете алады. Мемлекеттік белгілер Еуразия кеңістігінде бір мезгілде пайда болып қалыптаспағаны анық. Әр аймақтың географиялық-экономикалық, саяси-әлеуметтік және экологиялық-климаттық ерекшеліктеріне орай пайда болып, қалыптасып, дамыған. Орта Азиядағы ортағасырлық мемлекеттердің мемлекеттік символдары да жоғарыда аталған ерекшеліктерге орай әртүрлі хронологиялық кезеңде пайда болғаны анық. Қазақстан территориясында бұл үдеріс өзінің тарихын өте тереңнен алады. Әрине нақты тарихи сабақтастық көрінбегенімен, ғылыми талдау нәтижелері ортақ сәйкестіктер мен ерекшеліктердің бар екендігін көрсетіп отыр. Биліктің басты атрибуциясының бірі болып табылатын мөр-таңба қазақ жерінде Есік қорымындағы Алтын адамның қолынан табылғаны белгілі. Алтын жүзіктің біреуін К. Ақышев бетіндегі бедеріне қарап, мөр-таңба болуы мүмкін деген пікір айтады [91, с. 68.]. Себебі алтын жүзіктің бетінде түрі аздап европеоидқа келетін шашы артына жалбыраған (тәжге көбірек ұқсайды) сипатта жасалған. Екінші алтын жүзік көлемі аздап кішілеу, дегенмен екінші қолға таққан болуы мүмкін. Мұндай жүзік мөрлерді біз кейінгі ортағасырлар мен этнографиялық кезеңдегі хандардың жүзік мөрлерінен де көреміз.

Археологиялық зертеулерге назар аударатын болсақ, билеушілерге тиесілі жүзік-мөрлердің тарихы тереңнен басталатынын байқаймыз. Қазақ хандарына тиесілі жүзік мөрлердің түп-тегі кейінгі антикалық кезеңнен (III-V ғғ.) бастау алады. Адам бейнесі бедерленген геммалар (археологиялық әдебиеттер *жалған жүзік* деп атау қалыптасқан) қазақстан территориясынан көп табылған. Оның ішінде Сырдарияның орта ағысындағы Отырар және Түркістан оазистері [365, с. 90-100], Сырдарияның төменгі ағысындағы Жетіасар мәдениетіне тән ескерткіштерді атауға болады. Зерттеушілердің пікірінше геммалардың (жүзік-мөр) бетінде билеуші бейнесі бедерленеді. Әрине нақты кімнің бейнесі туралы ғылымда біржақты пікір жоқ. Дегенмен, көпшілік зерттеушілер Тұран ойпатында өмір сүрген антикалық дәуірдегі патшалар болуы мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Біздің ойымызша, көне сақ дәуіріне тән патша жерлеу орындарынан мөр секілді жүзіктің табылуы, антикалық кезеңдерде тура осы секілді геммаларды билеушілер мөр ретінде пайдалануы, ортағасырларда, Алтын Орда дәуірі Қазақ хандығында билеушілердің жүзік мөрді пайдалануы, мұның барлығы да тарихи сабақтастықпен жүрген тәрізді. Моңғол империясында Күйік ханның, Қырым хандығында Мұхаммед Гирей (1502), Саадат Гирей (1524), Дәулет Гирейдің

(1573), Қазақ хандығында Тәуке хан, Қайып хан, Барақ сұлтан, Арынғазы хан және Абылай ханның мөр-жүзіктері болғаны [90, с. 15-17.] деректерден белгілі. Әрине тікелей этникалық байланысы болмағанымен, жалпы құрылымы, тарихи ұқсастықтары өзара ықпалдастық болғанын жоққа шығармайды. И.В. Ерофеева Қазақ хандығындағы мөрлердің генезисі жөнінде толық зерттелімдердің жоқ екендігін айтады [90, с. 10.]. Байқап отырсақ, билік белгісі болып саналатын мөр-жүзік өзінің түп бастауын бұдан шамамен 2500 жыл бұрын алады. Мөр-жүзіктер өзінің сыртқы пішіні мен құрылымы, ондағы бейнелері мен жалпы көлемі уақыт еншісі мен саяси өзгерістерге қарай трансформацияланып біздің заманымызға дейін жеткен. Мөр таңба геммалар Сырдария бойында нақты мөрдің ролін атқарған. Әрі бұл Сырдария дельтасы ғана емес, жалпы Орта Азияда кеңінен тараған үдеріс. Ал қазақ хандарына тиесілі мөр-таңбалы жүзіктер ХІХ ғасырға дейін қолданылып келді. Кейінірек Шыңғыс тұқымдарының биліктен аластатылып, жергілікті адамдар биліке тартыла бастағанда да, оларға биліктің белгісі ретінде арнайы мөр таңба болғаны белгілі.

Жазба деректер және музей қорларында сақталған биліктің тағы белгісі – пайза. Бұл билеушінің жарлығы жазылған арнайы тақта. Тақта құрылымы кейде металдан, ағаштан жасалып, бетіне оймышталып жарлық сөздері мен билеуші есімі түсіріледі. Пайза жалпы айтқанда хан жарлығы деуге келеді. Пайзаны алғандар оны мойнына немесе беліне тағып жүреді. Пайза Моңғол мемлекетінде қолданылуы кең болған. Қытай жазба деректерінде Моңғол империясының алғашқы кезеңдерінде пайза қолданғаны туралы мәліметтер бар. Жалпы, моңғолдық белгілі тұлғалар беліне алтыннан құйылып жасалған тақтайша тағылып, тақтайшаның бір шеті жолбарыстың басына ұқсатып құйылған. Онда қытай иероглифтерімен келесі сөздер жазылған: «Шыңғыс ханның Жарлығы. Шаруаны жағдайға қарай өзі реттесін», «Шыңғыс ханның Жарлығы. Шұғыл!» қытай тіліндегі транскрипциясы (Тянь-цы Чэн-цзи-сы хуан-ди шэн-чжи. Цзи). Тура осы сөздері бар күміс пайзалар да болған. Бірақ олар мәртебесі бір саты төмен қызметкерлерге берілген [342].

Археологиялық қазба жұмыстары және кездейсоқ табылымдар барысында бірнеше Моңғол билеушілеріне тиесілі пайза-жарлық табылған. Олардың бірқатары Ресей Федерациясының мұражайларында сақтаулы. Тоқты хан (1290-1312) пайза-жарлығы. Ұйғыр алфавитінде моңғол тілінде жазылған. 1896 жылы Астрахан губерниясынан табылған. Саратов қаласындағы Тянков тарихына қызығушы күмісші-шебер Жуков тапқан. Тауып алған сәтте пайзаның үштен бірі сынып жоғалған [366, с. 63-64]. Өзбек хан (1312-1341) пайза-жарлығы. Көлемі – 294×98 мм, салмағы 469,236 грамм. Жіп тағуға арналған тесігі бар, пішіні сопақша күмістен жасалған. Алтын жалатып моңғол тілінде ұйғыр жазуымен жалыған жарлықта мынадай сөйлемдер бар: «Аспан астының билеушісі. Өзбек ханның Жарлығы. Бағынбаған адам өлуі тиіс». Нижегородск жәрмеңкесінде ХХ ғасырдың басында П.И. Щукин деген кісі сатып алған. Қазіргі таңда Ресей Федерациясы Мемлекеттік тарихи мұражайда сақтаулы [357, с. 63-64]. Абдоллах хан (1361-1370) пайза-жарлығы. Ұзындығы 26,5 см.

Жіп тағуға арналған тесігі бар, пішіні сопақша келген, металы күміс. Моңғол тілінде ұйғыр жазуымен келесі сөздер жазылған: «Мәңгі аспанның күшімен. Ұлы күш-қуат қамқоршысы. Егер кімде-кім Абдолла ханның жарлығына мойынсұнбаса, қатаң жазаланады». Екатеринбург губерниясы, Никополь қаласы аумағындағы Грушевка ауылы маңынан 1845 (1848?) жылы табылған. Қазіргі таңда Ресей Федерациясы, Мемлекеттік Эрмитажда сақтаулы [366, с. 63-64]. Келдібек хан (1361-1362) пайза-жарлығы. Жоғарғы жағына тесігі бар, күмістен жасалған тақтайша. Бір бетінде күннің бейнесі бедерленген. Екінші бетінде ай бейнеленген. 1967 жылы Симферополь қаласы маңынан «Симфреополь көмбесінен» табылған. Қазіргі таңда Ресей Федерациясы Мемлекеттік тарихи мұражайда сақтаулы [366, с. 63-64].

Хан билігі мен оның қуаты, айналасына үстемдігі мен бағынышты халықты бақылауында ұстағанының белгісі ретінде пайза-жарлықтар маңызды болып табылады. Барлық билеушілерде арнайы жарлықтар болғаны бегілі. Бірақ көпшілігі сақталмаған күйі, тек жазба деректерде сирек көрініс табуымен ғана сақталған. Біз мысалға келтірген Алтын Орда хандарының пайза-жарлықтары билік атрибуттарының анық көрінісінің бірі.

Биліктің тағы бір белгісі ретінде отандық археологтардың қазба жұмыстары нәтижесінде табылған – тоғаны (айылбас) да жатқызуға болады. 2016 жылы Шығыс Қазақстан облысы, Күрші ауданы, Аян қорымына жүргізілген зерттеулерін барысында табылған қару-жарақтардың ішінде түрлі бедерленген тоғада тақта отырған, тәж киген (қаған немесе ханның сипаты) екі адамның бейнесі бейнеленген. Біздің пайымдауымызша, археологиялық қазбалар нәтижесінде табылған тоға да билеуші бейнесін білдіретін киім атрибуттарының қатарында болса керек [367, с. 944].

Билеушілердің арнайы пайза-жарлықтарымен қатар, қағазға түскен жарлықтары да жоғарыда аталған мәселен қатар қарастырылады. Әрине екеуінің де функциясы бір болғанымен, пайзалар көбіне ел ішінде жүргенде, шекаралық бекеттерден өткенде немесе т.б. дипломатиялық мәселелерде жиі көрініс тапса, жарлықтың өзі (қағазға түскен, ауызша айтылған) белгілі бір тапсырманы орындауға берілген бұйрық іспеттес. Хан жарлықтары мен хаттарына қатысты зерттеулер ХІХ ғасырдан бастау алады.

Алтын Орда билеушілерінің жазған хаттары мен Жарлықтары туралы құнды деректер И.Н. Березин [368], Ш.Ш. Уәлиханов [369, 131-141 бб.], А. Ибатов [370], М.А. Усманов [371], Р.Ю. Почекаев [372, с. 320-326], Ө. Тұяқбаев [373, 258-264 бб.] және т.б. ғалымдардың зерттеулерінде көрініс тапқан. Алтын Орда дәуіріндегі хандар Жарлығының тілін зерттеумен айналысып жүрген белгілі ғалым Ө.О. Тұяқбаев өз зерттеулерінде Алтын Орда хандарының шет елдік билеушілерге жазған хаттарына тоқталып, ондағы стилистикалық ерекшеліктер, тілдің орамы туралы маңызды мәліметтер көрсеткен. Нақты айтқанда: Тоқтамыс ханның Польша басшысы В. Ягойлоға 1393 жылы 20 мамырда жазған хаты; Темір Құтлықтың 1397 жылы шығарған жарлығы; Ұлық Мұхаммедтің 1428 жылы 14 наурыз Осман сұлтаны Мұрад ІІ-ге жазған хаты; Махмуд сұлтанның 1466 жылы 10 сәуірде Осман сұлтаны Мехмет Фатихқа

жазған хаты; Ахмет ханның 1477 жылы мамыр – маусым айларында Осман сұлтаны Мехмет Фатихқа жазған хаты [374]. Ө. Тұяқбаев аталған хаттар мен жарлықтарды талдай отырып, көне қыпшақ тілінің қолданыс аясын анықтауға тырысқан. Біз үшін маңызды мәселе, аталған хаттар мен жарлықтардың ғылыми айналымға енуі, әрі бұл мысалдар ортағасырлардағы билік атрибуциясының бірден бір мысалы екені даусыз.

Қазақ хандарының жарлықтары туралы сипаттамалар қазақ фольклорында да сақталған. Нақты емес, бірақ жалпы сипаттамалық шумақтарда ханның жарлық шуғаруы, оның орындалуы, тұлғаны хан көтеру мәселесі көрініс табады. Жыр шумақтарында хан жарлықтары туралы деректер Асан Қайғы, Тәтіқара, Бұхар жыраудың шығармаларында бірлі-жарым сөз қайрымдарында, шумақ ұйқастарында кездеседі.

Асан Қайғының жырларында ханға тиесілі белгілі бір жоралғылар болғаны туралы жолдарды көреміз:

Қатын алдың қарадан,

Айрылдың хандық жорадан [128, 24 б.].

Хан көтеру жоралғысы да хандық биліктің бір символы екендігі даусыз. Тәтіқара ақын Абылай ханға қатысты жырлаған шумақтарында хан көтеру жоралғысының болғанын тілге тиек етеді:

Үш жүздің баласы,

Ақылдасып, жолдасып,

Хан көтеріп еді [128, 71 б.].

Бұхар жыраудың жырларында билік құрылымы, хандардың жеке ерекшеліктері, атрибуттар жиі қозғалатыны байқалып отыр. Соның бірі хан жарлығы туралы мәлімет:

Ханға тізгін салмады,

Хан жарлығын алмады [128, 84 б.].

Көшпелі қоғамның билеушілері өздері тарапынан бұйрықты әртүрлі көрініспен шығарғанын жоғарыдағы мысалдар байқатып отыр. Ерте көшпелілер дәуірінде билеуші жарлығы қандай сипатта болғаны белгісіз. Шамасы ауызша айтылып, ел ішіне таралған болуы да мүмкін.

Көшпелі қоғамдағы билеушінің сыртқы көрінісі маңызды рөл атқарғаны анық. Себебі көне замандағы жерлеу орындарынан табылған материалдар, ортағасырлық жазба деректерде сонымен қатар этнографиялық кезеңдеге суреттер мен түрлі фольклорлық деректерде билеушілердің сыртқы киім-кешегі туралы мәліметтерде күрделі құрылым мен бағалы заттардың болуы ерекше қызығушылық тудырады. Көшпелі қоғамдағы билеушілерге тән арнайы киім үлгілері болды ма, олардың негізгі ерекшеліктері қандай деген мәселелер көптеген зерттеушілердің назарын аударып, әрбір тарихи кезеңдер бойынша талдаулар жасалғаны белгілі. Біз осы зерттеулердің негізінде хронологиялық құрылымға сай Алтай өлкесіндегі Пазырық, Берел, Укок, Есік, Шілікті, Үржар, Тақсай қорымдарындағы патша жерлеу орындарынан табылған киім үлгілеріне талдау жасап, олардың ортағасырлардағы билеушілердің киім үлгілерімен тарихи сабақтастық бар деген мәселе төңірегінде сараптама жасаймыз.

Есік қорымындағы алтын адамның мүрдесінің толық сақталуы, жерлеу ғұрпын ғана емес, оның киім үлгілерін де толық реконструкциялауға мүмкіндік бергені белгілі. К.А. Ақышев Есік алтын адамының киім үлгілерін реконструкциялауда: 1) бас киім; 2) шекпен; 3) шалбар; 4) аяқ киім деп төртке бөледі [91, с. 49].

К. Акишевтің қалпына келтіруі бойынша Есік алтын адамының киім үлгілері бойынша келесі тұжырымдар жасалған: басында үлкен әрі биік жебе тәріздес үшкір бас киім болған. Бас киімнің төменгі жағында үш жарғақ болған тәрізді. Иектің астымен өткізіп байлайтын жібі болған. Есік алтын адамының сол құлағында сырға болған. Мойнында металдан құйылған әдемі әшекей болған. Қолында алтын жүзіктері бар. Шекпені ауыр металл қаптырмаларымен бірге тігілген. Шекпеннің жалпы ұзындығы белге дейін түскен. Оң жағында ұзын қылыш, сол жағында қанжар болған. Бұтында теріден жасалған, біріккен жерлері алтындалған жіппен тігілген шалбар болған. Теріден немесе киізден тігілген аяқ киімінің қонышы биік болған.

Ә.Т. Төлеубаев өз зерттеулерінде Шілікті патша қорымынан табылған алтын адамның киім үлгілерін ерте көшпелілер қоғамындағы патша обаларынан табылған билеуші киімдерінің аналогиялық үлігеріне негіздеп реконструкция жасаған. Жалпы 5 киім үлгісінне талдау жасап, сол үлгілердің шілікті патшасында болған деп болжайды: 1. Шапан-кандис; 2. Кафтан; 3. Шалбар; 4. Бас киім; 5. Аяқ киім [92, с. 370-399].

Жалпы жазба деректерде сақ биеушілерінің сыртқы киімі туралы мәліметтер кездеспейді. Бірақ әртүрлі археологиялық жәдігерлердегі скифтердің бейнелері бұл киім үлгісі туралы бұлыңғыр болса да мәліметтер береді. Ә.Төлеубаев Шілікті алтын адамының киім кешенінде шапан болды деген пікірін парсы-ахеменидтік билеушілердің киім үлгілерін негізгі аналогиялық материал ретінде ұсынады [92, с. 38-39.]. Жалпы мұндай шапан кандистің прототипі Шыңжаңдағы қола дәуіріне тән жерлеу қорымынан да табылған [374]. Тағы бір ұқсас пашан-кандис Алтайдағы Қатанды қорымынан да табылған [96, с. 372]. Онда бұл киім үлгісі кестеленіп, түрлі оюлармен бедерленген. Ә.Төлеубаевтың пікірінше Шілікті алтын адамының шекпені ашық-қызыл түстес болған. Ұзындығы белден төмен түсіріп, солдан оңға қарай жабылған. Шілікті алтын адамының шалбары теріден жасалған. Тізе тұсынан бүгуге ыңғайланып жасалған. Сақ элитасының шалбарларының түсі құбылмалы болған секілді. Ә.Төлеубаев Шілікті адамының бас киім үлгісін Геродот жазбалары мен парсы тас жазуларындағы бейнелер үлгісіне сүйеніп реконструкциялаған. Әрі Алтын адамның бас киімінің басты пішіні мен сыртқы үлгісін кейінгі этнографиялық кезеңдегі қазақ элитасының қымбат бағалы тымақтарымен де байланыстырады. Яғни, бас киімнің басты пішіні өзгермеген, тек әсемдеуі, шикізаты мен кейбір механикалық байлау әдістерінде өзгерістер қалыптасқан. Ә.Төлеубаев Шілікті алтын адамының аяқ киімін ұзын қонышты, өкшесі аздап биіктеу, табаны қатты болған деп жазады. Әрі мұндай аяқ киім үлгілері Алтайдағы Башадар, Ұландырық және Пазырық қорымдарынан да табылған [92, с. 375]. Сонымен қатар, Әмудария көмбесінде де сақ адамының

аяқ киім үлгісі осы Шілікті адамының реконструкцияланған аяқ киімінің үлгісіне жақын келеді [375, с. 26]. Ә.Төлеубаев ерте көшпелілер қоғамының шаруашылығында негізгі материалдың басты шикізаты мал өнімдері екенін ескеріп, ондағы жүн, терінің патша киімдерінің басты материалы болса, ұсақ сүйектер түрлі әшекей бұйымдарының ролін атқарған дейді. Алтын және т.б. бағалы бұйымдар патшаны ерекше құрметтеумен байланысты.

Берел қорымында жүргізілген қазба жұмыстары барысында толық сақталған киім үлгілері табылмаған. №11 обадан әртүрлі түстегі киімнің жұрнақтары, жіптері, киіз үлгілері мен жүннен тоқылған киім қалдықтары ғана шыққан [94, с. 133]. Киім жұрнақтары әртүрлі мозаикалық облармен көмкерілген. Тура осы секілді киім үлгілерін Ә.Төлеубаев ерте сақ кезеңіндегі қоғамның элиталы тобына тән деген пікір айтады [92, с. 133]. Көсемнің денесінде сақталған ежелгі киім жұрнақтарының жүннен тоқылғаны белгілі болған. Сонымен қатар, көсем тірі күнінде сақал мен мұрт қойғаны да анықталған. Осылардың ішінде ең ерекше көзге түсетіні №11 обада жерленген көсемнің жасанды шаш үлгісін тағуы. З. Самашев Берел қорымындағы №11 обада жерленген көсемнің жасанды шаш тағуын, ерте көшпелілер дүниетанымындағы адамның жанын сақтаушы, желеп-жебеуші күшпен байланыстырған деген пікір айтады. Бұл сол кезеңдегі қоғамның белгілі бір саяси-әлеуметтік тобында белгілі бір шаш үлгісін қоюмен байланысты болуы да мүмкін. З.Самашев Пазырық обларынан да жасанды шаш үлгісінің шығуын ескере отырып, теориялық тұрғыдан өз пікірінің дұрыстығын алға тартады. Жасанды шаш үлгісі Пазырық обасындағы көсемнен де табылып, оның ұзындығы 17 см екендігі белгілі болған. Әрі шаш бірнеше жерден буылып, түйілген. З. Самашев Алтайдағы тағы бірнеше жасанды шаш үлгілері табылған қорымдармен өзара салыстырып, шаш үлгісінің бастапқы ұзындығы 50 см болуы мүмкін деген ой айтады. Берел қорымындағы №31 обада жерленген адамның бас жағынан үшкір пішінді алтын жалатылған бас киім үлгісі табылған [94, с. 135.]. Өкінішке орай нашар сақталуына байланысты аталған киім үлгісін қайта қалпына келтіру мүмкін болмаған.

Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданынан табылған «алтын адамның» киім үлгісі де ерекше қызығушылық туғызады. Жалпы Үржар обасынан табылған адамның алтын адам қатарына жатқызылуы туралы ғылымда ортақ пікір жоқ. Бірақ біз үшін онда жақсы сақталған киім үлгісінің жұрнақтары болмақ. Б.Ә. Байтанаевтың ойынша Үржар обасында ерте көшпелі қоғамның абызы жерленген болуы мүмкін. Қ. Алтынбеков қайта қалпына келтірген киім үлгісінің ішінде ең маңыздысы бас киім үлгісі. Бас киімнің жалпы пішіні үшкір төбелі болып келуі. Төменгі жиегі бөрік тәріздес жасалып, алтын бұйымдармен әшекейленген [191].

Тақсай ханшайымының киім үлгісін реставратор Қырым Алтынбеков қалпына келтірген сармат қоғамының ханшайымы, ғылымда «Тақсай ханшайымы» деген атпен енген жәдігердің киім үлгілерінде Үржар абызының киім үлгілерімен ортақ ұқсастықтар байқалады [376]. Тақсай ханшайымының бас киімі үшкір төбелі, жалпы пішіні конус тәріздес келген. Бас киім қыста

киюге арналмаған [377, с.]. Осы мысалды біз Үржар абызының бас киімінен де көреміз. Егер аталған бас киімдер қыста киюге арналып тігілгенде қазақтың тымағына қатты ұқсары сөзсіз. Осы жерде біз Ә.Төлеубаевтың Шілікті патшасының бас киімінің қазақ тымағымен ұқсастығы көп деген пікірімен келісеміз. Бір айта кетерлік жайт, Шілікті мен Есік қорымдарынан табылған бас киімдерінде ұқсастықтар бар.

Екінші Пазырық обасының киім үлгілері. Пазырық қорымындағы жерлеу орындарынан бірнеше киім үлгілері табылғаны белгілі. Осының ішінде С.И. Руденконың Екінші Пазырық обасы туралы еңбегінде билеушінің киім үлгісі туралы маңызды деректер бар [378]. Ең бірінші Пазырық обасында кім жерленген деген сұраққа С.И. Руденко бірнеше жәдігерлердің синтезіне қарай әйел адам жерлеуі мүмкін деген ой айтады. Бірақ әйел болғанда белгілі саяси-әлеуметтік қоғамға тиесілі көсем болуы да мүмкін екендігін жоққа шығармайды. Киім үлгілері Пазырық обасында толық сақталмаған. Оның үстіне обаның қатты тоналуы, киім үлгілерінің ерте заманда да жыртылып, шашылғанын көрсеткен. Дегенмен, археологтар сақталған киім жұрнақтары негізінде болжамен реконструкция жасауға тырысқан. Табылымдар арасында бас киімнің артқы бөлігі, кеудеше, белдік бөліктері, аяқ киім үлгілерінде түрлі оюлар көмкерілгені, әрі олардың киіз бен теріден жасалғаны анықталған. Бас киімнің жалпы пішінін археологтар үшкір және биік төбелі, төменгі жағы дөңгелек келген деп түсіндірген [376, с. 36-37.].

Бірқатар зерттеушілер Орта Азиядағы ғұн-сармат кезеңіндегі билік атрибуттарына таңбалар мен адамдардың үстіне түсірілген түрлі белгілер (татуировка) де енеді деп жазады [379].

Қазақ хандарының киген киім үлгілері өзінше ерекше, әрі тарихи сабақтастықпен қалыптасқаны анық. Бұхар жыраудың шығармашылығындағы хан киімі туралы мәліметтер осының айғағы іспеттес:

*Хандар киген қамқа тон
Шүберек болар тозған соң,
Еңсесі биік кең сарай*

Мортық болар бұлген соң [128, 83 б.]. Бұхар жыраудың бұл өлең жолдарынан біз хан киімінің үлігілерімен қатар, хан сарайы туралы да мәлімет алып отырмыз. Хан сарайының еңселі биік болуы, кейін олай-бұлай заманда мортық болуы яғни хан өлген соң билік иелігі ауысқан жағдайда бұл үйдің басымдығы төмендеуі мүмкін екендігін байқауға болады.

Ханның қамқа тоны туралы Бұхар бірнеше рет қайталап айтып, әрі сол тонның бірін ханымның қолынан сыйға алғанын да жырлаған:

*Көлдей қамқа төсеніп,
Көрікті ханым түскен жұрт.
Ханым берген қамқа тон,*

Жырау киіп кеткен жұрт [128, 87 б.]. Бұхар жырау енді бірде Абылай ханның қырық жасында киген киімін төмендегідей сипаттайды:

Қырық жасқа келгенде

Алтын тонның жеңі едің [128, 94 б.]. Әрине мұнда жалпы теңеу айтылып тұр. Бірақ мысал ретінде сипаттаған алтын тонды ойдан алмаған секілді. Жырау бұл теңеуді не өзіне дейінгі деректерге сүйеніп алып отыр не өз көзімен көрген дүниемен теңеген.

Дулат ақын да Сүлеймен төренің үстіндегі киімін сипаттап жырлағанда осы қамқа тонды айтады:

Айқара қамқа жамылған

Алдында күміс тегене [128, 199 б.].

Зерттеу жұмысы барысында Орта Азиядағы көшпелі қоғамның билеушілерінің киім үлгілері туралы мәліметтерді саралай келе, келесідей қорытындылар жасаймыз. Ерте көшпелілер қоғамындағы билеушілердің киім үлгілері көбіне қымбат бағалы металлдармен көмкерілуімен ерекшеленеді. Әрі бұл киімдерді барлық уақытта кие бермеген. Біздің мысалдарымызда барлығы да қайтыс болған адамның үстіне киілуімен ерекшеленеді. Дегенмен, ортақ ұқсастықтары ретінде билеушілердің шекпен мен шошақ бөрікті бас киім киюін айта аламыз. Орта ғасырларда бұл киім үрдістері біршама өзгеріске түскен. Бас киім үлгісі туралы нақты мәліметтер кездеспегенімен, үстіне киетін киімдер шапан және шекпен тәріздес болуымен ерекшеленеді. Шикізат материалы ортағасырларда да тері мен жүн өнімдері. Бірақ бағалы тастармен көмкеру азая бастаған. Қазақ хандығы тұсында киімдер сирек кездесетін немесе жүні мен терісі бағалы аңдардың материалынан тігілуі мүмкін. Фольклорлық еңбектерде көбіне «қамқа тонның» еске алынуы, билеушілердің аталған киім үлгісін жиі пайдаланғанын байқауға болады.

Қазақ хандығы тұсындағы жыраулардың еңбектерінде де қару түрлері туралы аз-кем мәліметтер кездеседі.

Шалкиіз жырау ханның әскери киімдері мен қару түрлері туралы:

Дулығамның төбесі,

Туган айдай болмаса [128, 36 б.] деген мәліметтерді айтады. Сонымен қатар, ханның киімі және қаруы туралы келесі жолдардан көреміз:

Ерлердің жеңсізден игі тоны болар ма,

Дулығалы бас кескен

Ерлердің алдаспаннан игі қолы болар ма! [128, 36 б.].

Ақтамберді жырларында соғыс қаруының ерекше түрі айтылады. Найзаның екі түрі ретінде сипатталуы, біріншісі қоңыраулы найза, екіншісі жалаулы найза. Екі найзаны да бір сәтте ұстағанын жыр жолдарынан көруге болады:

Қоңыраулы найза қолға алып,

Қоңыр салқын төске алып,

Қол төңкерер ме екеміз.

Жалаулы найза қолға алып,

Жау қашырар ма екеміз [128, 64 б.].

Бұхар жыраудың жырларында бір мезгілде хандықтың ордасы, оның құрылымы, мемлекеттік жиын түрі, хан сарайындағы ыдыс аяқ құрамы секілді мысалдар кездеседі:

*Еңсесі биік боз орда
Салтанатқа орнатқан,
Болаттан шеге соқтырып
Шаңырағын торлатқан.
Үшбу жерден бектерін
Жасыл көлге мәслихатқа келтіріп,
Зәмзәм суын мыс табаққа толтырған
... Шыны аяқпен іштірген [128, 105 б.].*

Махамбет Өтемісұлы «Мен, мен едім, мен едім» атты жырында өзін сипаттай отырып, арасында ханның сауыты туралы шумақтарды да айтып өтеді:

Ханның киген кіреуке

Үстіме кисем деп едім [128, 191 б.]. Осы секілді сипаттамалық деректі Дулат ақынның жыр жолдарынан да көреміз. Дулат ақын Сүлеймен төреге арнаған жырында, төренің үйін, қаруларын сипаттап өтеді:

Айбарлы ақ ордада

Әшекейлі дөдеге

Шаншулы найза ілулі

Алтын сапты селебе [128, 199 б.].

Жоғарыда келтірілген, ақын-жыраулар өлеңдерінде кездесетін хандар киген тон немесе шапандар билік символының бір түрі ретінде болғанын байқаймыз. Археологиялық қазба жұмыстары барысында Аян қорымынан табылған жібек маталарға заманауи микрохимиялық әдістер арқылы жасалған зерттеулер барысында 11 түсті жібек және басқа да мата түрлері анықталған. Бұл біздерге ежелгі түркі қоғамындағы әлеуметтік жіктеліс мәселесіне жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік береді [365, с. 953].

Мәліметтер кешені көрсетіп отырғандай Қазақстан және көршілес аймақтардағы ерте және ортағасырларағы көшпелі қоғамның қару түрлері туралы зерттеулер қордаланған. Оның ішінде билеуші топқа тән жерлеу орындарына табылған қару түрлері, басқа да жазба деректерге сүйеніп айтылған қару түрлерінің көлемі өте жоғары. Бірақ, арнайы билеушілер ғана ұстайтын қару түрлері туралы мәселе қарастырылмаған. Патша обаларынан табылған қару түрлері басқа батырлар ұстаған қарулардан көп айырмашылығы жоқ. Тек безендірілуі мен бірқатар жеке ерекшеліктерін ғана алып қарауға болады. Қазақ жырларындағы қару түрлері жалпы әскери қарулардың ішінен табылады. Біздің ойымызша көшпелі қоғамның билеушілер тобының жеке қару түрлері болған. Олардың ішінде ең жиі кездесетіні жақыннан шабуға арналған қылыш, қанжар секілді қару түрлері. Бірақ бірқатар жазба деректерде хандар мен билеушілердің аңға шығатыны туралы да мәліметтер бар екенін жоғарыда айттық. Соған қарағанда, хан-билеушілер қашықтан ататын қару түрлерін де пайдаланған болуы мүмкін.

Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» бұйымдарының ішінен ерекше көзге түскен – қамшыны биліктің бір символы ретінде қарастыруға болады. Өйткені, қазақ дәстүрлі қоғамында қамшы бірнеше қызмет атқарғанын

білеміз. Соның бірі ел алдында қамшы ұстап төрелік айтуы [189, с. 348].

Қорыта айтқанда, бүгінге дейін, билік символдары мен атрибуттары, билеушінің жоғары статусын білдіретін билік элементтеріне қатысты материалдар жинақталғаны анық байқалады. Билік символдарының қалыптасуы мен сабақтастығы мәселесі шет елдік және ресейлік ғалымдар тарапынан кеңінен зерттелгенімен, отандық тарихшылардың зерттеулерін саусақпен санауға болады. Оның ішінде, жеке билік символдары ғана қамтылуымен шектеліп қалады. Бірақ, отандық археологтардың зерттеулері арқылы бұл мәселенің біршама алға жылжуына мұрындық болды. Себебі, биліктің белгісін білдіретін атрибуттар кешені ерте көшпелілер дәуіріндегі жерлеу кешендерінен көптеп табылып жатқандықтан, олардың ғылыми түсіндірілімдері маңызды болып табылады. Өкінішке орай, тарихшылар тарапынан бұл тақырыптың толық қамтылмауы, бірқатар сұрақтардың әлі күнге шешімі табылмағанын көрсетеді. Бұл тұжырымға байланысты зерттеуші Ж. Артықбаев «тарихшының адал еңбегімен мәліметтерге сыни көзбен қарау және салыстыру арқылы шындыққа негізделіп жазылған зерттеу жұмысы бәріне қызмет етеді» [381, с. 206],-деген тұжырымы бүгінгі таңдағы аса маңызды көзқарас болып табылады.

Осыған орай орай, өз тарапымыздан келесі пайымдауларымызды келтіреміз.

Көшпелілердегі мемлекеттің негізгі нышанын білдіретін ту-байрақ туралы зерттеулер өте аз және мәліметтер кешені тұрғысынан шектеулі. Бұл бағыттағы ізденістерді жоғарыда атап өткеніміздей, түркі және ортағасырларға тән жартастас бетіндегі тулардың (ту ұстаған аттылы жауынгерлер – А.Т.) интерпретациясын жасау қажет. Халық арасында атараған ауызша деректерде қазақ билеушілерінің тулары туралы деректерді жазба деректер арқылы сөйлету де маңызды қадам болып табылады. Билеушінің тағы мен тәжі туралы зерттеулер отандық тарихшылардың ішінде Н. Атығаевтың ғана ізденістерінде көрініс табумен шектеледі. Біздің ойымызша, билеуші тағы туралы жазба деректердегі мәліметтермен, аңыз деректермен және археологиялық барлау жұмыстарының нәтижесінде анықталып жатқан таққа ұқсас (кейбір зерттеушілер ол тастарды тақтың ролін атқарған деп тұжырымдайды – А.Т.) пішінделген тастарды және музейлік материалдармен өзара салыстыру арқылы талдау жасау өте маңызды. Отандық археологтардың анықтап жатқан алтын адам киіміндегі билеушілердің киім үлгілері де билік символының бір көрінісі екені даусыз. Өкінішке орай бұл бағыттағы зерттеулер ерте көшпелілер кезеңіндегі (сақ, сармат, ғұн) деректерді қарастырумен шектеледі. Ал түркі кезеңіндегі билеушілердің киім үлгілері жазба деректер негізінде қарастырылып, өзіне дейінгі кезеңдердегі киім үлгілерімен ұқсастықтары мен айырмашылықтары тұрғысынан талдану жұмыстары жоқтың қасы.

Билік символының бірі мөр-жүзік отандық тарихшылар тарапынан тек соңғы кезеңдерге сай зерттелгенімен, ерте дәуірлердегі мөр немесе жүзіктермен тарихи сабақтастығы ашылмаған. Бұған кейінгі жылдары анықталып жатқан жүзіктер мен мөр-жүзіктердің жеке дара зерттелуі дәлел бола алады. Көшпелілер қоғамы мемлекеттің деңгейде саяси ұйымдасуы далалық жағдайда

болғанымен, билеуші ордасы немесе хан ордасы болғаны анық. Әрине қазақ хандығы дәуіріндегі хан ордалары туралы зерттеулерден құнды ақпараттар ала алғанымызбен, түркі дәуірі немесе ерте көшпелілер кезеңіндегі билеуші ордалары туралы зерттеулердің нәтижесіз болуы өкінішті. Бұл бағыттағы зерттеулер бар және әлі де жүргізіліп келе жатқанымен, жалпы билеуші ордасы туралы түсініктің толық реконструкциясын жасауда жеткіліксіз болып табылады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Диссертациялық жұмыста Орта Азия көшпелілерінің ортағасырлық билік жүйесіне тарихнамалық зерттеу жүргізілді. Көшпелілер қоғамындағы билік мәселесінің теориялық тұрғыдан зерттелуін хронологиялық кезең бойынша топтастыру, саяси билікке қатысты тұжырымдар мен теориялық ой-пікірлерді жүйелеу негізінде ғылыми тұжырымдар қабылданып, зерттеу жұмысы бойынша келесідей қорытынды жасалды.

Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлық билік жүйесінің тарихнамасы ХІХ ғасырдан бастап, бүгінгі күнге дейінгі уақытты қамтиды. Екі ғасырға жуық уақыт ішінде көшпелілердегі саяси билік мәселесі, билік түрлері мен билеуші бейнесіне қатысты тарихи зерттеулермен қатар, тарихи-этнографиялық, тарихи-антропологиялық, археологиялық жәнесаяси-құқықтық негіздегі тарихи білімдер жиналды. Көшпелілердегі саяси билік жүйесіне қатысты жүргізілген ғылыми зерттеулер хронологиялық шегі бойынша бес кезеңге топтастырылды.

Бірінші кезеңде (ХІХ ғасырдың ортасынан ХХ ғасырдың басына дейін) Орталық Азия көшпелілеріндегі билік жүйесіне қатысты арнайы ғылыми зерттеулер жүргізілмегенімен, көшпелілерге қатысты жинақталған тарихи деректер, аталған аймақ бойынша көшпелілер туралы ғылыми көзқарастың қалыптасуында маңызды орын алды. Аталған кезең Орталық Азиядағы ерте және ортағасырлық көшпелілердің саяси ұйымдасуы мен жеке билеушіні ұлықтау рәсімдері туралы мәліметтер (Ш.Ш. Уәлиханов, А.И. Левшин, В.В. Вельяминов-Зернов, Н.Я. Бичурин және т.б.), жеке дара билеуші бейнесі туралы жанама деректер (С.М. Соловьев, Н.М. Карамзин), көшпелілердің саяси ұйымдасуын экзогенді немесе эндогенді фактормен байланыстыру мәселесі (В.В. Радлов, Н.А. Аристов), көшпелілердегі саяси билік пен мемлекеттіліктің қалыптасуы «зорлық-зомбылық» немесе «басқыншылық» теориясымен байланыстырылып (Ф. Ратцель, Л. Гумплович, Ф. Оппенгаймер, К. Каутский, Е. Дюринг, Н.И. Матузов, А.В. Малько және т.б.), жалпы алғанда көшпелілердегі билік жүйесі мен жеке билеушілер туралы мәліметтердің жинақталуымен ерекшеленеді.

Екінші кезеңде (ХХ ғ. басынан бастап 1930-жылдардың басына дейін) көшпелілердегі билік мәселесіне саясигенезис тұрғысынан баға беру (К.М. Тахтарев, Н.И. Серебренников), территориялық ерекшеліктері мен рулық қарым-қатынас мәселесі (С.И. Руденко, Б.Э. Петри, С.А. Семенов-Зусер), мемлекеттіліктің қалыптасу мәселесінің эволюционистік теориялардың негізінде қарастырылуымен (М.И. Ростовцев, Б.Н. Граков, А.П. Чулошников, Н.Я. Марр, И.И. Мещанинов, В.В. Гольмстен және т.б.) көрініс табады. Дегенмен, эволюционистік теорияның ықпалында жүргізілген зерттеулерде көшпелілердегі билік жүйесі егжей-тегжейлі қарастырылмады және ғылыми тұжырымдарда нақты талдау мәселелері кемшін тартқаны байқалды. Осы кезеңде көшпелі қоғамдағы билеуші ордалары (М. Тынышбаев), ортағасырдағы билеушілердің генеологиялық құрылымы (Ш. Құдайбердиев), жеке

билеушілерге қатысты (Ә. Бөкейханов) отандық зерттеушілердің де еңбектері мен зерттеулері жарыққа шықты. Соңғы авторлардың зерттеулері тәуелсіз, өзіндік көзқараста жазылуымен ерекшеленеді.

Үшінші кезеңде (1930-жылдардың басы – 1960-жылдардың ортасы) кеңестік тарихнамада көшпелілердегі қоғамның таптық сипаты туралы пікірлер қалыптасып, зерттеу методологиясында бірқатар өзгерістер орын алды. Аталған кезеңде көшпелілердегі биліктің саясигенезі мәселесіне марксистік теорияға негізделген тұжырымдар мен қорытындылар жасаумен көрініс табады (С.П. Толстов, А.Н. Бернштам, Н.Н. Козьмин, М.П. Грязнов және т.б.). Өкінішке орай, тарихи деректерге дұрыс баға беруге тырысқан ғалымдардың бірқатары саяси қудалауға түскені де белгілі (В.В. Бартольд, Г.И. Боровка, С.А. Теплоухов, Б.Н. Граков, С.И. Руденко). Көшпелілердің саяси жағдайы, әлеуметтік жіктеліс мәселелері формациялық теорияларға негізделіп зерттелгенімен (В.И. Шахматов, А. Якунин, А. Баймурзин, Б. Жаңбыршинов, С. Ильясов), бірқатары сол кезеңнің өзінде сынға ұшырады (Е.Б. Бекмаханов сынаған – А.Т.). 1950 жылдары көшпелілердің саяси-әлеуметтік жүйесіндегі жер иелену құқығын билікпен байланыстыра зерттеу мәселелері орын алып, мұрагерлік жүйенің қалыптасу мәселесі талдана бастады (А.Е. Еренов, С.Е. Толыбеков, Г.А. Феодоров-Давыдов, Б.А. Ахмедов және т.б.). Осы кезеңде көшпелілердің дәстүрлі қоғамындағы хандық билік құрылымына қатысты құнды мәліметтер марксистік идеологиядан алыс деп есептеліп, кейбір ғалымдардың (Г.А. Феодоров-Давыдов) осы бағыттағы зерттеулерге сын көзбен қарағанын байқаймыз.

Төртінші кезеңдегі (1960-жылдардың ортасынан 1980-жылдардың аяғына дейін) тарихи зерттеулерде көшпелілердің саяси құрылымындағы билік жүйесінің толық ашылмауы және әлеуметтік-экономикалық мәселелермен байланысты пікірталастың болмауына орай, 1960-жылдардан бастап марксистік теорияның әрі қарай дамау болашағы бұлыңғырлана бастады. Мұның себебін аталған кезеңнен бастап түрлі ғылыми кеңестер мен сессиялар және ғылыми конференцияларда Батыс Еуропадағы феодализм генезі мәселелерінің айтыла бастауымен байланыстыруға болады. Аталған кезеңде Орталық Азия көшпелілерінің ортағасырлық қоғамындағы билік жүйесінің тарихнамалық және методологиялық зерттелу мәселесінде өзгерістер орын алып, тарихи зерттеулерде бұрынғы қалыптасқан теориялық-методологиялық ұстанымдардан бөлек пайымдаулар қалыптаса бастады. Теориялық-методологиялық зерттеу бағыттарының қалыптасуы мен қолданылуының хронологиялық шегі бойынша оларды ортодоксальды (Л.Н. Гумилев, Г.Е. Маркова, А.М. Хазанов), биоәлеуметтік (Н.Э. Масанов), неомарксистік, неозволюционистік, өркениеттік теориясы, әлем-жүйе тарихы, тарихи антропология, кросс-мәдени зерттеу методологиясы және т.б. деп атап көрсетуге болады. Бірақ, ескеретін жағдай, аталған теориялық-методологиялар белгілі бір уақыт шеңберіне қатаң бағынышты емес, бір уақытта бірнешеуі қатар қалыптасып, сол құрылымда зерттеулер жүргізілген. Мәселен, биоәлеуметтік методологияға негізделген тарихи зерттеулер өткен ғасырдың екінші жартысынан бастап қолданыла

бастағанымен, өзінің құрылымы жағынан, XX ғасырдың басында кең қолданыста болған эволюционистік теориялармен астасып кетеді. Сондықтан, аталған зерттеу методологиясының нақты қалыптасу шегін анықтау қиын.

Кеңестік кезеңде кеңінен қолданыста болған марксистік теорияның уақыт өте кемшіліктерге ұшырауы, өмірге неомарксистік теорияны алып келді. XX ғасырдың соңында көшпелілердегі билік пен мемлекеттілік мәселесін зерттеуде шет елдік зерттеу әдістері негізге алынып, тарихи зерттеулерде неоэволюционистік және кросс-мәдени методологиялар қолданыла бастады. Жоғарыда аталған кезең бойынша тарих ғылымында, қазақ хандығындағы биліктің қалыптасу ерекшеліктерін, хандардың хронологиялық жүйесін, сонымен қатар, ортағасырлық түркі қағанаттарындағы билік құрылымы туралы мәселелер (С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, В.П. Юдин, К.А. Пищулина, Т.И. Султанов, С.А. Плетнева, Б.Е. Кумековтың, Э.А. Масанов, З. Қинаятұлы, Б. Кәрібаев, Т. Омарбеков және т.б.) жазба деректермен ұштастырылып, жаңа палеоэлеуметтік мәліметтер базасының толығымен байланысты, көшпелі қоғамның саяси-элеуметтік құрылымының зерттелу шеңбері артты.

Бесінші кезеңде (1990-жылдардың басынан қазіргі күнге дейін) неоэволюционистік зерттеу әдістерінің қолданылу кеңістігі артып, көшпелілердегі жеке билеушілердің антропологиялық, индивидуальды-анатомиялық ерекшеліктері бойынша талдаулар жүргізілді (М.А. Кром, Берк, Н.Н. Крадин, А.Я. Гуревич, Толкотт Парсон, Л.Е. Кубель және т.б.). С.Г. Кляшторный, Т.И. Султанов секілді зерттеушілер ежелгі көшпелілердің саяси билік жүйесіндегі жеке билеушінің міндеттеріне талдау жасаса, А.М. Хазанов, Н.Н. Крадин, Дж. Мердок, С.А. Васютин секілді зерттеушілер көшпелі қоғамдағы жоғары биліктің типологиясына талдау жүргізіп, билік моделінің бірнеше нұсқаларын көрсетті. Аталған кезеңде қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу үдерістеріне қатысты ғылыми тұжырымдарды топтастыру (К.А. Пищулина), көшпелілердегі мемлекеттілік модельдері, саяси ұйымдасу түрлері мен зерттеу әдістерін жүйелеу (А.И. Оразбаева), көшпелілердегі қос билік нұсқалары (В.В. Трепавлов), ортағасырлардағы саяси биліктің қалыптасу кезеңдері (Қ.З. Өскенбай), Шыңғыс хан, Жошы ханның басқарған кезеңдері (З. Қинаятұлы), Қазақ хандығының қалыптасу мәселелері (Б. Кәрібаев), ортағасырлардағы билік атрибуттары (И.В. Ерофеева, Н. Атығаев) және т.б. туралы пайымдаулар дүниеге келгенін айту қажет. Ежелгі және ортағасырлардағы билік пен билеушілердің сакральдылығы туралы мәселелер тарихшылармен қатар (Н.Г. Курочкин, П.Г. Голден, П.К. Дашковский, С.Г. Кляшторный, С.Е. Малов, В.Е. Войтова, Т.С. Жұмағанбетов, В.Я. Петрухин), отандық археологтар тарапынан (К.А. Акишев, З. Самашев, Ә. Төлеубаев, А. Бейсенов және т.б.) да кеңінен қарастырылды.

Қазақ хандарының тарихи болмыстары мен тарихи тұлғаларды жаңа көзқарастар тұрғысынан бағалап, ортағасырлардағы билік құқығы мен мұрагерліктің тарихи сабақтастығы жөнінде жүргізілген зерттеулер бүгінде тарихнамалық тұрғыдан құнды мәліметтер негізін құрап отыр. Отандық

ғалымдар тарапынан билік атрибуттары мәселесіне қатысты жаңа зерттеулер жүргізіліп, көшпелілердегі билік мәселесіне қатысты деректер қорын кеңейте түсті. Өкінішке орай, көшпелілердегі саяси биліктің орталығын зерттеу мәселесі әлі күнге басы ашық күйі қалып отыр. Әрине, бүгінге дейін Орталық Азия бойынша бірнеше ондаған тарихи нысандардың саяси орталық болғаны анықталғанымен, нақты көшпелі қоғам үшін «билік ордасы» болғаны дәлелденген жоқ.

Көшпелілердегі билік жүйесіне қатысты тарихи зерттеулер мәселені белгілі бір теориялық-методологиялық тұрғылар негізінде зерттегенімен, көшпелі қоғамдағы билік жүйесінің барлық құрылымын толыққанды қамтылмаған. Отандық тарихшылар тарапынан жүргізілген тарихи-теориялық талдаулардың басым бөлігі көшпелі қоғамның саяси-әлеуметтік және саяси-экономикалық құрылымына негізделгені байқалады. Жоғарыда аталған авторлардың көшпелілердегі билік мәселесіне қатысты жүргізген зерттеулері көбіне жеке дара, оқшау жағдайда орындалғандықтан, біз зерттеп отырған мәселенің кешенді зерттелуінде олқылықтар көп екендігін аңғартады. Шет елдік зерттеулерде көшпелілер қоғамындағы жоғары билік жүйесі теориялық-методологиялық талқыланғанымен, ол еңбектердің отандық ғалымдар тарапынан қолданылу аясының тарлығы байқалады.

Қорытындылай келе, диссертациялық зерттеу жұмысын жазу барысында оның мақсат-міндетінде көрсетілген мәселелер толық орындалды деп есептейміз. Орталық Азия көшпелі мемлекеттердегі билік жүйесі, билеуші бейнесі мен билік атрибуттарына қатысты осы кезеңге дейінгі тарихнамалық талдаулар мен зерттеу еңбектерге объективті талдау жасалып, жаңаша көзқарас тұрғысынан қарау жүзеге асты. Біздің зерттеу жұмысымызда қарастырылған мәселелер, ізденушінің жеке ұстанымдары мен қол жеткізген тұжырымдары болашақта осы зерттеу жұмысының жаңа қырынан зерттелуіне жол ашады деп есептейміз. Диссертация жұмысында қарастырылған мәселелер әлі де зерттеуді, болашақта тың деректермен толықтырылып, жаңа көзқарас тұрғысына өз жалғасын табады деген сенімдеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Васютин С.А. Социальная организация кочевников Евразии в отечественной археологии: Автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Барнаул, 1998. – 23 с.
- 2 Васютин С.А. Власть и социум в кочевых империях Центральной Азии VI – начала XII в. Диссертация на соискание ученой степени доктора исторических наук. – Кемерово, 2016. – 762 с.
- 3 Васютин С.А. Социально-политическая организация кочевников Центральной Азии поздней древности и раннего Средневековья (отечественная историография и современные исследования): монография / С.А. Васютин, П.К. Дашковский. – Барнаул: Изд-во Алт. унта, 2009. – 400 с.
- 4 Мұқтар Ә.Қ. Қазақстанның батыс өңіріндегі қоғамдық-саяси өмір (XVIII ғ. II жартысы – XIX ғ. бірінші ширегі): тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін докт. дисс. – Қостанай, 2002. – 285 б.
- 5 Мұқтар Ә.Қ., Жусупов Р.Б. Қазақ хандығы тарихындағы Халық кеңесі және оның күзіреті. М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Хабаршысы. – Орал, 2019. – №3(75). – Б. 297-309.
- 6 Сабденова Г.Е. Қазақ хандығының тарихнамасы: халқының қалыптасуы, мемлекеттілігінің құрылуы және нығаюы (XV ғасырдың ортасы – XVI ғасырдың бірінші ширегі). Тарих ғылымдарының канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дис.автореф. – Алматы, 2003. – 35 б.
- 7 Сабденова Г.Е. Қазақ хандығы құрылуының тарихнамасы. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 166 б.
- 8 Тулибаева Ж.М. Персоязычные источники по истории казахов и Казахстана XIII-XIX вв.: дисс. на соискание ученой степени доктора ист. наук. – Алматы, 2003. – 406 с.
- 9 Оразбаева А.И. Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты. Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 206 б.
- 10 Оразбаева А.И. Цивилизация кочевников евразийских степей. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 310 с
- 11 Оразбаева А.И. Отандық өркениетнама ахуалы // ҚазҰУ хабаршы: Тарих сериясы. – №2(57), 2010. – Б. 3-7.
- 12 Оразбаева А.И. Формула государственности казахов. – М: Press-book, 2017. – 376 с.
- 13 Буланов Е.О. Қазақ халқы қалыптасуының аяқталу кезеңі: тарихнамалық талдау (XIV-XV ғғ.). Тарих ғылым.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс.автореф. – Алматы, 2007. – 133 с.
- 14 Жүсіпова Л. Қазақтың ауызша тарихи дәстүріндегі XV-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы: Тарих тағылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған докт. диссер. – Алматы, 2010. – 260 б.
- 15 Тишин В.В. Историография социальной истории тюркского Каганата VI-VIII вв. – М.: Издательство: ИВ РАН, 2015. – 539 с.

- 16 Ярыгин С.А. Кодификация символов власти в культуре ранних и средневековых кочевников Центральной Азии. диссер... на соискание степени доктора философии (PhD). – Астана, 2016. – 200 с.
- 17 Майданали З. Еуразия көшпелі империялары: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 157 б.
- 18 Иманбекова А.А. Теоретические проблемы изучения традиционного хозяйства казахов XVIII – начало XX веков. дисс... на соискание степ., докт., философии. – Алматы, 2019. – 227 с.
- 19 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. – Том 1. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1984. – 432 с.
- 20 Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких, орд и степей. – Алматы: Санат, 1996. – 580 с.
- 21 Вельяминов-Зернов В.В. Исследования о Касымовских царях и царевичах. Часть вторая. – СПб.: Императорский Академии Наук, 1864. – 520 с.
- 22 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Т.1. – М.: Изд-во АН СССР, 1950. – 382 с.
- 23 Соловьев С.М. История России с древнейших времен. Книга первая. – Том. I-V. Второе издание. – СПб.: Общественная польза, 1888. – 879 с.
- 24 Карамзин Н.К. История государство Россиского. В двенадцати томах. – Том II-III. – М.: Наука, 1991. – 832 с.
- 25 Радлов В.В. Из Сибири: Страницы дневника. – М.: Наука, 1989. – 749 с.
- 26 Васильев В.П. История и древности восточной части Средней Азии от X до XIII века, с приложением перевода китайских известий и киданях, чжурчженях и монголо-татарах. – СПб.: Типография Императорской академии наук, 1857. – 237 с.
- 27 Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племён и народностей и сведения об их численности // Живая старина. 1896. Год шестой, вып. III-IV. – С. 277-456., – С. 283-284.
- 28 Ратцель Ф. Философская энциклопедия / Под ред. В.Ф. Константинова. – Том 5. – М.: Советское энциклопедия, 1970. – 740 с.
- 29 Косова Ю.С. Социология Людвиг Гумпловича. дисс. канд. соц. наук. – СПб.: Типограф, 2002. – 126 с.
- 30 Оппенгеймер Ф. Государство: переосмысление. – М.: Социум, 2019. – 256 с.
- 31 Брайович С.М. Карл Каутский – эволюция его воззрений. – М.: Наука, 1982. – 231 с.
- 32 Дюринг Е. Социальное спасение – в действительном праве. – М.: Книга по Требованию, 2010. – 275 с.
- 33 Матузов Н.И., Малько А.В. Теория государства и права. – М.: Дело, 2011. – 528 с.
- 34 Тахтарев К.М. Сравнительная история развития человеческого общества и общественных форм: Введение. Тотемическое общество. Родовое общество. – Ч. I. – Л.: Наука, 1926. – 364 с.

- 35 Куфтин Б.А. Киргиз - казахи. Культура и быт. – М., Центральный музей народоведения, 192. – 48 с.
- 36 Руденко С.И. Очерк быта казаков бассейна рек Уила и Сагыза // Казаки. Антропологические очерки. – Л., 1927. – С. 7-32.
- 37 Петри Б.Э. Элементы родовой связи у северных бурят // Сибирская живая старина. – Вып. II. – Иркутск: 1924. – С. 98-126.
- 38 Семенов-Зусер С.А. Опыт историографии скифов: Скифская проблема в отечественной науке. – Ч. I. – Харьков: Изд. Харьковского государственного университета имени А. М. Горького, 1947. – 192 с.
- 39 Скифия и Боспор: Критическое обозрение памятников археологических и литературных / М.И. Ростовцев – М.: Книга по Требованию, 2013. – 626 с.
- 40 Готье Ю.В. Очерки по истории материальной культуры Восточной Европы до основания первого русского государства. Каменный век – бронзовый век. Железный век на юге России. – Ч. I. – Л.: Брокгауз-Ефрон, 1925. – 217 с.
- 41 Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен: Древнее время и средние века. – Ч. I. – Оренбург, 1924. – 292 с.
- 42 Марр Н.Я. Сухум и Туапсе // Известия РАИМ. – Т. IV. – Л., 1928. – С. 299-310.
- 43 Клейн Л.С. Феномен советской археологии. – СПб., 1993. – 128 с.
- 44 Бартольд В.В. История Туркестана // Сочинения. – Т. II. – Ч. I. – М., 1963. – С. 107-166.
- 45 Бартольд В.В. Отчет о поездке в Среднюю Азия с научной целью. 1893-1894 гг. // Сочинение. – Т. IV. – М., 1966. – С. 21-88.
- 46 Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов // Сочинения. – Т. V. – М., 1968. – С. 195-229.
- 47 Бартольд В.В. Связь общественного быта с хозяйственным укладом у турок и монголов // Сочинения. – Т. V. – М.: 1968. – С. 468-472.
- 48 Бартольд В.В. История изучения Востока в Европе и России. – М.: тип. М.М. Стасюлевича, 1977. – Т. 9. – 282 с.
- 49 Тынышбаев М. Материалы к историям киргиз-казахского народа. – Ташкент. Восточное отделение Киргизского Государственного Издательства. – 1925. – 88 с.
- 50 Тынышбаев М. История, этнография и археология казахского народа. 2-ое изд. доп. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 317 с.
- 51 Кудайберды-улы Шакарим. Шежире. – Орынбор: Каримов, Хусаинов и К., 1911. – 39 с.
- 52 Бөкейхан Ә. Шығармалары. XIV том. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018. – 628 б.
- 53 Толстов С.П. Генезис Феодализма в кочевых скотоводческих обществах // Основные проблемы генезиса и развития феодального общества. – М.-Л.: Соцэкгиз, 1934. – 396 с.

- 54 Бернштам А.Н. Проблема распада родовых отношений у кочевников Азии // СЭ. 1934. – №6. – С. 86-115.
- 55 Грязнов М.П. Ранние кочевники Западной Сибири и Казахстана // История СССР с древнейших времен до образования первого русского государства (макет издания АН СССР). – М.-Л., 1939. – С. 399-413.
- 56 Якунин А., Шахматов В. Восстание в Казахстане 50-х гг. XIX в. // Известия Казахстанского филиала АН СССР. Сер. истор. Вып. 1. – Алма-Ата: Казахское гос. издательство, 1940. – С. 63-94.
- 57 Баймурзин А. Из истории захвата царизмом Большой и Средней орд. Известия Казах. ФАН СССР, серия историческая. – Алма-Ата, 1940, вып. 1. – С. 95-107.
- 58 Джамгерчинов Б.Д. Киргизы в эпоху Ормон-Хана. – Бишкек: АЛЛ-Пресс, 1998. – 62 с.
- 59 Ильясов С.И. Пережитки патриархально-родовых и феодально-буржуазных отношений у киргизов до проведения сплошной коллективизации // Труды ИЯЛИ КиргизФАН. – Вып. 1. 1945. – С. 131-146.
- 60 Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. – Алматы: Санат, 1994. – 416 б.
- 61 Толыбеков С.Е. О патриархально-феодальных отношениях у кочевых народов // Вопросы истории. – №1. – 1955. – С. 75-83.
- 62 Ибрагимов С.К. Новые материалы по истории Казахстана XV-XVI вв. // История ССР. – 1960. – №4. – С. 152-158.
- 63 Материалы по истории Казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений) / Сост.: С.К. Ибрагимов, Н.Н. Мингулов, К.А. Пищулина, В.П. Юдин. – Алма-Ата: Наука, 1969. – 655 с.
- 64 Султанов Т.И. Некоторые замечания о начале казахской государственности // Известия АН КазССР. Серия общественная. – Вып. 1. – Алма-Ата. – 1971. – С. 5-29.
- 65 Плетнева С.А. Половецкая земля // Древнерусские княжества X-XIII вв. – М., 1975. – С. 262-269.
- 66 Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX-X вв. по арабским источникам. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 156 с.
- 67 Масанов Э.А. Очерк истории этнографического изучения казахского народа в СССР. – Алма-Ата: Наука, 1966. – 322 с.
- 68 Хазанов А. М. Кочевники и внешний мир. Изд. 3-е, доп. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 604 с.
- 69 Голден П.Б. Государство и государственность у хазар: власть хазарских каганов // Феномен восточного деспотизма: структура управления и власти. – М., 1993. – С. 211-233.
- 70 Крадин Н.Н. Особенности классовообразования и политогенеза у кочевников // Архаическое общество: Узловые проблемы социологии развития. – М., 1991. – С. 301-324.

- 71 Бондаренко Д.М., Коротаев А.В., Крадин Н.Н. Введение: Социальная эволюция, альтернативы и нomaдизм // Кочевая альтернатива социальной эволюции. – М., 2002. – С. 9-36.
- 72 Крадин Н.Н. Кочевничество в современных теориях исторического процесса // Время мира: Альманах современных исследований по теоретической истории, макросоциологии, геополитике, анализу мировых систем и цивилизаций. Вып. 2: Структуры истории. – Новосибирск, 2001. – С. 369-396.
- 73 Кром М.А. Историческая антропология: учеб, пособие. – СПб.: Изд-во Европейского ун-та в Санкт-Петербурге, 2010. – 214 с.
- 74 Burke P. The Historical Anthropology of Early Modern Italy. – Cambridge: Cambridge Univ. Press. 1987. – P. 3-4.
- 75 Крадин Н.Н. Политическая антропология. – М.: Логос, 2004. – 272 с.
- 76 Гуревич А.Я. От истории ментальности к историческому синтезу // Споры о главном: Дискуссии о настоящем и будущем исторической науки вокруг французской школы «Анналов». – М., 1993. – С. 16-29.
- 77 Парсонс Т. Понятие общества: компоненты и их взаимоотношения. // Американская социологическая мысль. Перевод с английского: Н.Л. Полякова. – М., 1996. – С. 494-526.
- 78 Куббель Л.Е. Очерки потестарно-политической этнографии. – М., 1988. – 312 с.
- 79 Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата: Рауан, 1992. – 375 с.
- 80 Султанов Т.И. Поднятие на белой кошме. Потомки Чингиз хана. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 256 с.
- 81 Султанов Т.И. Чингиз-хан и Чингизиды. Судьба и власть. – М.: АСТ: АСТ МОСКВА, 2006. – 445 с.
- 82 Кәрібаев Б. Қазақ хандығындағы хандардың құқықтары мен міндеттері // Қазақ хандығының басқару институттары: монография / жауапты ред., Б.Б. Кәрібаев. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 242 б.
- 83 Пищулина К.А. Очерк истории Казахского ханства. Сборник статей. – Алматы: Ин-т истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, 2016. – 350 с.
- 84 Трепалов В.В. Государственный строй Монгольской империи XIII в. Проблема исторической преемственности. – М.: Наука. Восточная литература. – 1993. – 168 с.
- 85 Ускенбай К.З. Статус Джучидов Ак-Орды и их государственность // Эволюция института власти в древней, средневековой и новой истории Казахстана и сопредельных государств: Мат-ы междунар. науч.-теоретич. конф. – Алматы: Тарих және этнология институты, 2016. – С. 113-124.
- 86 Қинаятұлы З. Қазақ мемлекеті және Жошы хан. – Алматы: Елтаным, 2014. – 360 б.

- 87 Торланбаева К.У. Некоторые вопросы развития политической власти в обществах кочевников Центральной Азии // Доклады национальной академии наук Республики Казахстан. – №3. – 2004. – С. 157-163.
- 88 Торланбаева К.У. Институт каганской власти во Втором восточнотюркском каганате (682-744 гг.) / дис. на соиск. уч. ст. к.и.н. – Алматы, 2003. – 78 с.
- 89 Атыгаев Н.А. Символы власти Казахского ханства (трон и корона: проблема преемственности) // Эволюция института власти в древней, средневековой и новой истории Казахстана и сопредельных государств: Мат-ы междунар. науч.-теоретич. конф. – Алматы: Тарих және этнология институты, 2016. – 272 б.
- 90 Ерофеева И.В. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). – Алматы: ИД «Аркаим», 2001. – 152 с.
- 91 Акишев К.А. Курган Иссык. – М.: Искусство. – 1978. – 142 с.
- 92 Толеубаев А.Т. Из опыта реконструкции костюма сакского «золотого человека» из Шиликты // Қазақстан археологиясының қола және ерте темір дәуірі мәселелері. – Алматы: Service Press, 2013. – С. 370-399.
- 93 Виданова Е.С. Катандинский халат (по материалам реставрационной мастерской ГИМ) // Труды ГИМ. – Вып. VIII. – Л., 1938. – С. 169-178.
- 94 Самашев З. Берел. – Алматы: Таймас, 2011. – 236 б.
- 95 Халид Құрбанғали. Тауарих хамса: (Бес тарих). / ауд. Б.Төтенаев., А.Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 304 б.
- 96 Большой атлас истории и культуры Казахстана / Гл. Рук. проекта А.Ш. Бимендиев. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2008. – 880 с.
- 97 Бимендиев А.Ш. Знамя как символ власти казахских ханов-чингизидов (по изобразительным и этнографическим источникам) // Отечественная история. Научный журнал. 2015а. – № 3 (71). – С. 18-47.
- 98 История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. / народные предания об исторических событиях и выдающихся людях Казахской степи (XIX-XX вв.). / Сост. С.Ф. Мажитов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – Т. XI. – 500 с.
- 99 Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. I том. Моңғолдың құпия шежіресі / Көне моңғол тіліндегі түпнұсқалық транскрипциясын ғылыми аудармасы мен түсіндірмелерін, көрсеткіштерін жасаған Н. Базылхан. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 400 б.
- 100 Омарбеков Т. Ұлы Даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары. Алматы: Эксклюзив КА, 2015. – 180 б.
- 101 Тлепина Ш.В. Первые историко-правовые исследования в Казахстане: постановка проблем обычного права // KazNU Bulletin. Law series. – №4 (64). 2012. – С. 11-25.
- 102 Геродот. История. Книга 1-9 том. (Перевод Г.А. Стратановского). – М.: ОЛМА ПРЕСС Инвест, 2004. – 436 с.
- 103 Арриан. Поход Александра. – М.-Л.: АН СССР, 1962. – 394 с.

- 104 Старбон. География (в 17 книгах). Пер., ст. и коммент. Г.А. Стратановского. Под общ. ред. С.Л. Утченко. Ред. пер. О.О. Крюгер. – Т. 7. – Л.: Наука, 1964. – 957 с.
- 105 Сыма Цянь. Исторические записки (Ши Цзи). Т. 9. / Перевод с китайского, комментарий под редакцией А.Р. Вяткина. – М.: Восточная литература, 2010. – 623 с.
- 106 Зуев Ю.А. Китайские известия о Суябе // Известия АН КазССР. – Сер. ист., археол. и этногр. – 1960. – Вып. 3(14). – С. 87-96.
- 107 Иоан де Плано Карпини. История Монгалов; Вильгелм де Рубрук. Путешествие в Восточные страны / Введение, перевод и примечание А.И. Малеина. – СПб: Издание А.С. Суворова, 1911. – 232 с.
- 108 Жиованни дель Плано Карпини, Гильом де Рубрук. Моңғолдардың тарихы / Шығыс бағытқа саяхатым. – Алматы: Мереке, 2012. – 264 б.
- 109 Рубрук Г., Карпини П. Путешествие в Евразийские степи. – Алматы: Кочевники, 2003. – 240 с.
- 110 Шильтбергер И. Путешествие по Европе, Азии и Африке с 1394 года по 1427 года / пер. с старонемецкого Ф.К. Бурна. – Баку: Элм, 1984. – 92 с.
- 111 Молотова Э.М. Сведения о Караханидах в «Диван лугат ат-Турк» // Вклад Махмуда Кашгари в мировое культурное наследие: Материалы международной научной конференции, посвященной 1000-летию юбилею Махмуда Кашгари (Республика Казахстан, г. Алматы, 19 декабря 2008 г.). / Отв. ред.: Р.У. Каримова. – Алматы: Мир, 2014. – С. 75-86.
- 112 Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі: (Диуани лұғат-ит-түрік). 1 том. – Алматы, Хант, 1997. – 590 б.
- 113 Grenard M.F. La légenda de Satok Boghra Khân et l'histoire. Journal Asiatique, serie 9, – №15 (1900). – P. 5-79.
- 114 Майданәлі З. Алтын орда – Еуразия өркениетінің орталығы. // Қазақстан тарихы журналы. – Алматы, 2020. – С. 6-10.
- 115 Рашид ад-дин Фазлуллах Хамадани. Жамиғат тауарих (Тарихтар жинағы, XIV ғ.). Көп томдық, 4-том. – Астана, Фолиант баспасы. 2018. – 600 б.
- 116 Ата-Мелик Джувеини (История завоевателя мира) Тарих-и джехангуша. / Чингисхан. История завоевателя мира, записанная Ала-ад-Дином Ата-Меликом Джувеини. – М., 2004. – 450 с.
- 117 Сыздықова Р., Қойгелдиев М. Қадырғали би және оның жылнамалар жинағы. – Алматы, 1991. – 251 б.
- 118 Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и Рашиди. Перевод с персидского языка А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой, 2-е издание дополненное. – Алматы: Санат, 1999. – 656 с.
- 119 Шах-Махмуд ибн Мирза Фазил Чорас. Хроника / Крит. текст., пер., коммент., исслед. и указан. О.Ф. Акимовича. – М.: Наука. Главная редакция восточной литературы, 1976. – 406 с.
- 120 Поездка из Орска в Хиву и обратно, совершенная в 1740-1741 гг. Гладышевым и Муравиным. Изд. с приложением совр. карты Миллерова пути от Орска до Зюнгорских владений и обратно, Я.В. Ханьковым, действ. чл. Имп.

русск. геогр. общества. – СПб.: Типография министерства внутренних дел, 1851. – 85 с.

121 Кэстль Дж. Дневник путешествия в году 1736-м из Оренбурга к Абулхаиру, хану киргиз-кайсацкой орды: перевод с немецкого Вольфганга Штаркенберга. – Алматы: Жибек жолы, 1998. – 152 с.

122 Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям. Пер. с польского Ф. Стекловой. – Алма-Ата: Казахстан, 1966. – 268 с.

123 Заседателев Н.И. Древний обряд коронавания у тюркских народов. Казань, 1894. – 19 с.

124 Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона // Материалы по казахскому обычному праву. Сборник 1. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1848. – 356 с.

125 Стасов В.В. Трон хивинских ханов // Вестник изящных искусств Императорской Академии художеств. Под ред. А.И. Сомова. – СПб: Типогр. М.М. Стасюлевича, 1886. – Т. 4. – Вып. 5. – С. 405-417.

126 Бабалар сөзі: 100 томдық. – Т. 57: Тарихи жырлар / Дайынд.: Қ. Алпысбаева, А. Әлібекұлы (жауап. шығ.), С. Дәуітұлы, Ж. Салтақова. – Астана: Фолиант, 2010. – 408 б.

127 Бабалар сөзі: 100 томдық. Т. 64: Тарихи жырлар: Жұмбақтар / Дайынд.: К. Шәмшәдин, Т. Әкімова (жауап.шығ.). – Астана: Фолиант, 2010. – 432 б.

128 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. / Құрастыр. М. Мағауин, М. Байділдаев. – Т.1. – Алматы: Жазушы, 1989. – 384 б.

129 Юдин В.П. Орды: Белая, Синяя, Серая, Золотая... // Казахстан, Средняя и Центральная Азия в XVI-XVIII вв. – Алма-Ата: Наука, 1983. – С. 106-165.

130 Бичурин Н.Я. (Иакинф). Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена / Н.Я. Бичурин – Т. III. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1955. – 305 с.

131 Зуев Ю.А. Древнетюркская социальная терминология в китайском тексте VIII в. // Вопросы археологии Казахстана. – Вып. 2. – Алматы: Гылым, 1998. – С. 153-161.

132 Тишин В.В. К вопросу о двоевластии в Тюркском каганате // Восток (Oriens). – 2014. – №2. – С. 23-33.

133 Жумаганбетов Т.С. Власть кагана в древнетюркской государственной организации // Вестник Челябинского государственного университета. – 2008. – №34 (135). История. – Вып. 27. – С. 14-19.

134 Платонова Н.И. Годы репрессий в жизни С.И. Руденко: сравнительный анализ архивных источников // Известия Алтайского государственного университета. – СПб., 2008. – №4-2(60). – С. 151-158.

135 Кушнер П.И. О некоторых процессах, происходящих в современной колхозной семье // СЭ. – 1956, – №3. – С. 19-22.

- 136 Готье Ю.В. Очерки по истории материальной культуры Восточной Европы до образования первого русского государства. – Л., 1925. – 240 с.
- 137 Асфендиаров С.Д. История Казахстана (с древнейших времен). – Изд. 1-е. – Алма-Ата: Казахстанское краевое изд-во, 1935. – 259 с.
- 138 Владимирцов Б.Я. Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. – Л.: АН СССР, 1934. – 224 с.
- 139 Еренов А.Е. Очерки по истории феодальных отношений у казахов. Алма-Ата, 1960 (1961). – 158 с.
- 140 Федоров-Давыдов Г.А. Общественный строй Золтой Орды. – М.: Московский Государственный Университет, 1973. – 180 с.
- 141 Ахмедов Б.А. Государство кочевых узбеков. – М.: Наука, 1965. – 180 с.
- 142 Кляшторный С.Г. Социальные категории древнетюркского общества в памятниках рунической письменности Киргизии // Культура и искусство Киргизии: Тезисы докладов Всесоюзной научной конференции. – Л.: Изд-во Гос. Эрмитаж, 1983. – Вып. 2. – С. 30-31.
- 143 Гумилев Л.Н. Изменения климата и миграции кочевников // Природа. 1972. – №4. – С. 44-52.
- 144 Гумилев Л.Н. География этноса в исторический период. – Л.: Наука, Ленинградское отделение, 1990. – 279 с.
- 145 Гумилев Л.Н. Хунну. Срединная Азия в древние времена. – М.: Изд-во Восточной литературы, 1960. – 292 с.
- 146 Марков Г.Е. Кочевники Азии. – М.: Изд. Московского университета, 1976. – 319 с.
- 147 Васютин С.А. Лики власти (к вопросу о природе власти в кочевых империях) // Монгольская империя и кочевой мир / Отв. ред. Б.В. Базаров, Н.Н. Крадин, Т.Д. Скрынникова. – Кн. 2. – Улан-Удэ: Изд-во БНЦ СО РАН, 2005. – С. 56-71.
- 148 Крадин Н.Н. Кочевничество в цивилизационном и формационном развитии // Цивилизации. – М.: Наука, 1995. – Вып. 3. – С. 164-179.
- 149 Классен Х.Дж.М. Проблемы, парадоксы и перспективы неозволюционизма // Альтернативные пути к цивилизации / Отв. ред. Н.Н. Крадин, А.В. Коротаев, Д.М. Бондаренко и В.А. Лынша. – М.: Логос, 2000. – С. 6-23.
- 150 Бондаренко Д.М. Многолинейность социальной эволюции и альтернативы государству // Восток. Афро-азиатские общества: история и современность. – 1998. – № 1. – С. 195-202.
- 151 Гринин Л.Е., Коротаев А.В. Вождества и их аналоги // Политическая антропология традиционных и современных обществ. – Владивосток: Издательский дом Дальневосточного федерального университета, 2012. – С. 92-123.
- 152 Тоқсанбаев А.К. Көшпелілер қоғамындағы биліктің жалпы теориясын қалыптастыруға байланысты методологиялық ұстанымдар мен

тұжырымдарды талдау // ҚазҰУ хабаршы: Тарих сериясы. – Алматы, 2019. – №3(94). – Б. 108-121.

153 Бондаренко Д.М. Гомоархия как принцип социально-политической организации (постановка понятия и введение понятие) // Раннее государство, его альтернативы и аналоги: Сборник статей / Под ред. Л.Е. Гринина, Д.М. Бондаренко, Н.Н. Крадина, А.В. Коротаева. – Волгоград: Учитель, 2006. – С. 164-183.

154 Кляшторный С.Г., Савинов Д.Г. Степные империи Евразии – СПб.: Фарн, 1994. – 165 с.

155 Кляшторный С.Г., Савинов Д. Г. Степные империи древней Евразии – СПб.: Филологический факультет, 2005. – 346 с.

156 Жумаганбетов Т.С. Проблемы истории кочевых государств // Вопросы истории. – 2006. – №6. – С. 160-166.

157 Жумаганбетов Т.С. Генезис государственно-религиозной идеологии в древнетюркских каганатах // Этнографическое обозрение. – 2006. – № 4. – С. 154-162.

158 Жумаганбетов Т.С. Становление и развитие государственности древних тюрков (VI-VIII вв.) / Т.С. Жумаганбетов. Автореф. дис. ... док. ист. наук. – Караганда, 2008. – 51 с.

159 Tasagil A. State Idea of Early Mongol tribes // MONGOLICA. An International Annul of Mongol Studies. – 2006. – Vol. 19 (40). – P. 224-231.

160 Osawa T. The Political and Cultural Contacts Between the Old Turkic Qaghanate and the Tang Dynasty of China. Through the Analysis of the Direction of the Tortoise stone and Inscriptions of Bilge Qaghan sites in Mongolia // MONGOLICA. An International Annul of Mongol Studies. – 2008. – Vol. 21 (42). – P. 356-364.

161 Широци Н. Этапы кочевых государств монгольских степей // Монгольская империя и кочевой мир / Отв. ред. Б.В. Базаров, Н.Н. Крадин, Т.Д. Скрынникова. – Кн. 3. – Улан-Удэ: БНЦ СО РАН, 2008. – С. 239-251.

162 Кычанов Е.И. Кочевые государства от гуннов до маньчжуров. – М.: Восточная литература, 1997. – 319 с.

163 Тишин В.В. Порядок престолонаследия у древних тюрков VI–VIII вв. (по китайским источникам) // Общество и государство в Китае: XLII науч. конф. – М.: ИВ РАН, 2012. – Т. 2. – С. 226-232.

164 Дашковский П.К. О сакрализации правителей государственных образований кочевников Центральной Азии // Древние кочевники Центральной Азии (история, культура, наследие): Мат. междунар. науч. конф. – Улан-Удэ: БНЦ СО РАН, 2005. – С. 63-67.

165 Трепавлов В.В. Степные империи Евразии: монголы и татары. – М.: Квадрига, 2015. – 368 с.

166 Худяков Ю.С. История дипломатии кочевников Центральной Азии. – Новосибирск: Изд-во НГУ, 2003. – 240 с.

167 Чейз-Данн К., Холл Т.Д. Две, три, много миросистем // Время мира. Альманах современных исследований по теоретической истории,

макросоциологии, геополитике, анализу мировых систем и цивилизаций / Науч. ред. Н.С. Розов. – Вып. 2. Структуры истории. – Новосибирск: Сибирский хронограф, 2001. – С. 424-448.

168 Голден П.Б. Кипчаки средневековой Евразии: пример негосударственной адаптации в степи // Монгольская империя и кочевой мир / Отв. ред. Б.В. Базаров, Н.Н. Крадин, Т.Д. Скрынникова. – Улан-Удэ: Изд-во БНЦ СО РАН, 2004. – С. 103-134.

169 Барфилд Т. Теневые империи: формирование империй на границе Китая и кочевников // Монгольская империя и кочевой мир / Отв. ред. Б.В. Базаров, Н.Н. Крадин, Т.Д. Скрынникова. – Кн. 3. – Улан-Удэ: Изд-во БНЦ СО РАН, 2008. – С. 14-57.

170 Sinor D. The establishment and dissolution of the Türk empire // The Cambridge History of Early Inner Asia / Ed. Denis Sinor. – Cambridge: Cambridge University Press, 1990. – P. 285-316.

171 Досымбаева А., Жолдасбеков М. Западный Тюркский каганат. Атлас. – Астана: издательство «Service Press», 2013. – 848 с.

172 Крадин Н.Н. Кочевые империи: генезис, расцвет, упадок // Восток. Афро-азиатские общества: история и современность. – 2001. – № 5. – С. 21-32.

173 Васютин С.А. Типология потестарных и политарных систем кочевников // Кочевая альтернатива социальной эволюции / Отв. ред. Н.Н. Крадин и Д.М. Бондаренко. – М.: ИА РАН – ЦЦРИ, 2002. – С. 86-98.

174 Крадин Н.Н. Кочевые общества. – Владивосток: Дальнаука, 1992. – 240 с.

175 Барфилд Т. Монгольская модель кочевой империи // Монгольская империя и кочевой мир / Отв. ред. Б.В. Базаров, Н.Н. Крадин, Т.Д. Скрынникова. – Улан-Удэ: Изд-во БНЦ СО РАН, 2004. – С. 254-269.

176 Барфилд Т. Мир кочевников-скотоводов // Раннее государство, его альтернативы и аналоги / Отв. ред. Л.Е. Гринин, Д.М. Бондаренко, А.В. Коротаяев. – Волгоград: Учитель, 2006. – С. 415-441.

177 Смирнов А.В. Ибн Халдун и его «новая наука» // Историко-философский ежегодник 2007. – М.: Наука, 2008. – С. 157-186.

178 Murdock G., Provost C. Measurement of Cultural Complexity // Ethnology 1972. №12 (4). – P. 379-392.

179 Джуманалиев Т.Д. Феномен трайбализма или этническая идентичность // Вестник Академии государственного управления при Президенте Кыргызской Республики. – Бишкек, 2013. – № 8. – С. 54-62 .

180 Ле Гофф Ж. Цивилизация средневекового Запада: Пер. с фр. / Общ. ред. Ю.Л. Бессмертного. – М.: Издательская группа Прогресс, Прогресс-Академия, 1992. – 376 с.

181 Вебер М. Харизматическое господство // Социологические исследования. – 1988. – № 5. – С. 139.

182 Парсонс (Parsons) Толкотт. Structure and Process in Modern Societies. 1960.

- 183 Мортон Фрид. Эволюция политического общества – очерк политической антропологии. – Нью-Йорк: Random House, 1967.
- 184 Michael Mann. The Autonomous Power of the State: Its Origins, Mechanisms and Results // European Journal of Sociology, 1984.
- 185 Герасимов М.М. Восстановление лица по черепу. – М.: АН СССР, 1955. – 585 с.
- 186 Полосьмак Н.В. Всадники Укока. – Новосибирск: ИНФОЛИО-пресс, 2001. – 336 с.
- 187 Грязнов М.П. Аржан. Царский курган раннескифского времени. – Л.: Наука, 1980. – 59 с.
- 188 Самашев З., Базарбаева Г.А., Джумабекова Г.С., Сунгатай С. Берел. – Алматы, 2000. – 59 с.
- 189 Толеубаев А.Т. Раннесакская шиликтинская культура. – Алматы: ИП «Садвакасов А.К.», 2018. – 528 с.
- 190 Самашев З. Древние всадники Западной Азии // Труды Центрального Музея. – Алматы: Ғылым, 2004. – С. 230-266.
- 191 Байтанаев Б.А. Курган Урджар: история открытия и некоторые итоги исследования // Археология Казахстана. – Алматы, 2019. – №2(4). – С. 9-22.
- 192 Исмагулов О. Население Казахстана от эпохи бронзы до современности (палеоантропологические исследование). – Алма-Ата, Наука, 1970. – 241 с.
- 193 Қозыбаев М. Өркениет хақында // Қазақ өркениеті. – 2001. – №1. – Б. 7-24.
- 194 Аллаярова А.Х. Ханская власть в традиционном казахском обществе // Әл-Фараби ат. ҚазҰУ Хабаршысы. Заң сериясы. – Алматы, 2008. – №48 (4). – С. 185-186.
- 195 Бартольд В.В. Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии. – Алматы: Жалын, 1993. – 192 с.
- 196 Ахинжанов С.М. Кипчаки в истории средневекового Казахстана. Издание исправленное. – Алматы: Ғылым, 1995. – 296 с.
- 197 Байпаков К.М., Савельева Т.В., Чанг К., Средневековые города и поселения Северо-Восточного Жетысу. – Алматы: Ғылым, 2005. – 188 с.
- 198 Төлеубаев Ә.Т., Шагирбаев М.С. Алакөл ойпатындағы ортағасырлық қалалар (топографиясы, типологиясы және генезисі мәселелері) // «Қазақстан мен іргелес елдердің тарихи-мәдени мұрасын зерттеудегі заманауи әдістер мен тұлғалар» атты «IX Оразбаев оқулары» халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары / жауапты ред. Ғ.Қ. Омаров. – Алматы: Қазақ университеті, 2018. – 507 б.
- 199 Почекаев Р.Ю. Право Золотой Орды. – Казань: Фэн, 2009. – 260 с.
- 200 Почекаев Р.Ю. Мамай. История «антигероя» в истории. – СПб.: Евразия, 2007. – 288 с.

- 201 Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии XIII-XVIII вв: (библиографические обзоры). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 426 с.
- 202 Омарбеков Т. Ұлы Даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары. – Алматы: Эксклюзив КА, 2015. – 180 б.
- 203 Ерофеева И.В. Символы казахской государственности (позднее средневековье и новое время). – Алматы: ИД «Аркаим», 2001. – 152 с.
- 204 Хабдуллина М. Новые подходы в исследовании теории государства // Мемлекеттілік және Ұлы дала: Халықаралық ғылыми конференциясының материалдары. – Астана, 2006. – Б. 217-223.
- 205 Артыкбаев Ж. Государство и власть в традиционном казахском обществе // Государственность и Великая степь: Материалы Международной научной конференции. – Астана, 2006. – 224 б.
- 206 Әлімбаев Н. Дәстүрлі қазақ қоғамын зерттеудің ілкімді принциптері жөнінде қысқаша номадологиялық дискурс (немесе жалпы теориялық проекция) // Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика. – Алматы: Ғылым. 2004. – 395 б.
- 207 Ускенбай К.З. Держава Урус хана. Военно-политические аспекты усиления Ак-Орды в 1360-1370-е годы // Вопросы истории и археологии Западного Казахстана. – №2. – 2008. – С. 103-145.
- 208 Ускенбай К.З. Арало-Каспий в первой трети XV века: упадок Ак-Орды и начало возвышение Мангытов // Материалы международной конференции «Арал-Каспийский регион в истории и культуре Евразии». 25-27 мая 2006 года. Часть 2. – Актобе, 2006. – С. 18-26.
- 209 Ускенбай К.З. Становление Казахского ханства и политической организации казахов (середине XV – начало XVII в) // Историко-культурный атлас казахского народа. – Алматы, Print-S, 2011. – 300 с. – С. 22-39.
- 210 Ускенбай К.З. Дешт-и Кыпчак, улус Джучи, Казак ели... о названии средневекового государства казахов (на материалах «Михман-наме-ий Бухара» Ибн Рувихана Исфакхани) // Народ в потоке истории. – №8-9 (79-80). – 2013. – С. 64-67.
- 211 Ускенбай К.З. О терминах «казахи» и «казахское государство» в источниках // «edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы № 4(08). (қаралды: 28.03.2021).
- 212 Исин А. Трактовка политической истории Кок-Орды // Вестник Ун-та «Семей». 1997. – №1. – С. 99-105.
- 213 Ноғайбаева М.С. Көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара байланыстары тарихнамасы // Орта Азия көшпелілері өркениетінің тарихы. 4-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 403 б.
- 214 Юрченко А.Г. Элита Монгольской империи: время праздников, время казней. – СПб.: Евразия. – 2012. – 432 с.
- 215 Юрченко А.Г. Символы власти кочевых империй: золтой шатер // Эволюция института власти в древней, средневековой и новой истории

Казахстана и сопредельных государств: Мат-ы междунар. науч.-теоретич. конф. – Алматы: Тарих және этнология институты, 2016. – 272 б.

216 Бимендиев А.Ш. Символы власти казахских чингизидов. Трон – как феномен кочевой культуры // Отан тарихы: ғылыми журнал. – Алматы: 2015, №4 (72). – С. 75-99.

217 Бимендиев А.Ш. Знамя как символ власти казахских ханов-чингизидов (по изобразительным и этнографическим источникам) // Отечественная история. Научный журнал. – 2015. – №3(71). – С. 18-47.

218 Крамаровский М.Г. Символы власти у ранних монголов. Золотоордынские пайцзы как феномен официальной культуры // Тюркологический сборник. – 2001. – С. 72-80.

219 Доде З.В. Золотой шатер и шатры золотых тканей: монгольские символы власти в кочевой и мусульманской традиции // Stratum plus. Артефакты власти. СПб., Кишинев, Одесса, Бухарест. – 2015. – №6. – С. 63-77.

220 Федоровских А.А. Трансформация сакрального и профанного в обществе: миф-религия-идеология: автореф. дис. ... канд. филос. наук. – Екатеринбург: ЕКАИ, 2000. – С. 10-11.

221 Беккер Г. Современная теория священного и светского и ее развитие. – М.: Наука. 1961. – 280 с.

222 Кляшторный С.Г. Терхинская надпись. Предварительная публикация // Советская тюркология. – 1980. – №3. – С. 82-95.

223 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности: тексты и исследования. – М.-Л., 1951. – 452 с.

224 Камалов А.К. Древние уйгуры. VIII-IX вв. – Алматы: Изд-во «Наш мир», 2001. – 212 с.

225 Скрынникова Т.Д. Харизма и власть в эпоху Чингисхана. – СПб.: Евразия, 2013. – 378 с.

226 Крадин Н.Н., Скрынникова Т.Д. Империя Чингисхана. – М., 2006. – 557 с.

227 Кляшторный С.Г. Образ кагана в орхонских памятниках // Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока. XIII годичная научная сессия ЛО ИВ АН СССР (краткие сообщения). Октябрь 1977 г. – М.: Наука, ГРВЛ, 1977. – С. 14-17.

228 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности: тексты и исследования. – М.-Л., 1951. – 452 с.

229 Потапов Л.П. Алтайский шаманизм. – Л.: Наука, 1991. – 321 с.

230 Кононов А.Н. Грамматика языка тюркских рунических памятников VII-IX вв. – Л., 1980. – 256 с.

231 Юстин М.Ю. Эпитома сочинения Помпея Трога «Historiae Philippicae». – СПб: Издательство Санкт-Петербургского университета, 2005. – 385 с.

232 Өтениязов С. Аттила. Тарих, тұлға, уақыт. – Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2005. – 96 б.

- 233 Зенкин С.Н. Исторические идеи и мыслительные схемы. в кн: *Ex cathedra. Чтения по истории и теории культуры.* – М.: РГГУ, 2012. – 189 с.
- 234 Жумаганбетов Т.С. Проблемы формирования и развития древнетюркской системы государственности и права. VI-XII вв. – Алматы: Жеті жарғы, 2003. – 432 с.
- 235 Mendigul S., Toxanbayev A. Kazak Jırlarında Yönetim Fikri ve Yönetici Tipi // *MillîFolklor* 127 (Güz 2020). – P. 156-171.
- 236 Әлімбаев Н. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы хан билігіне қатысты негізгі ұғымдар жөнінде // Қазақ хандығының мемлекеттік басқару институттары. ғылыми мақалалар жинағы. – Астана, 2016. – Б. 59-88.
- 237 Маретт Р.Р. Формула табу-мана как минимум определения религии // *Мистика. Религия. Наука. Классики мирового религиоведения. Антология.* – М.: Канон, 1998. – С. 99-108.
- 238 Marett R.R. *Anthropology.* – New York: Holt, 1912. – P. 94.
- 239 Marett R.R. Mana; Magic / *Hastings's Encyclopaedia of Religion and Ethics.* 1915. Vol. 8. – P.107.
- 240 Отто Р. Священное. – СПб.: Мысль, 2008. – 218 с.
- 241 Boozer J.S. Einleitung Otto R. // *Aufsätze zur Ethik.* – München, 1981. – S. 13-15.
- 242 Пылаева М.А. Категория «священное» в феноменологии, религии, теологии и философии XX века. – М.: РГГУ, 2011. – 215 с.
- 243 Дюркгейм М. О разделении общественного труда. – М., 1996. – 71 с.
- 244 Вебер М. Избранное. Образ общества. – М.: Юрист, 1994. – 341 с.
- 245 Аль-Фараби. Социально-этические трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1978. – 436 с.
- 246 Элиаде М. История веры и религиозных идей. От каменного века до элевсинских мистерий. – М.: Критерий, 2002. – 464 с.
- 247 Клод Леви-Стросс. «Предисловие к трудам Марселя Мосса». – М.: Мысль, 2001. – С. 561.
- 248 Мосс М. Общества. Обмен. Личность. Труды по социальной антропологии / М. Мосс. Сост., пер. с фр., предисловие, вступит, статья, комментарии А.Б. Гофмана. – М.: КДУ, 2011. – 416 с
- 249 Гегель Г. Лекции по философии истории. – СПб.: Наука, 1993. – 479 с.
- 250 Идрис Шах. Магия Востока. – М.: Мысль, 2000. – 303 с.
- 251 Савинов Д.Г. Народы Южной Сибири в древнетюркскую эпоху. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1984. – 174 с.
- 252 Кляшторный С. Г., Лившиц В.А. Согдийская надпись из Бугута // *Страны и народы Востока. Вып. X. Средняя и Центральная Азия. География, этнография, история.* – М., 1971. – С. 121-146.
- 253 Досымбаева А. История тюркских народов. Традиционное мировоззрение тюрков. – Астана: Service Press, 2013. – 254 с.
- 254 Sinor D. The legendary origin of the Türks // *Folklorica: Festschrift for Felix J. Oinas.* – Bloomington, 1982. – P. 223-257

- 255 Петрухин В.Я. К вопросу о сакральном статусе хазарского кагана: традиция и реальность // Славяне и их соседи. Вып. 10. Славяне и кочевой мир. – М.: Наука, 2001. – С. 73-78.
- 256 Самашев З.С., Джумабекова Г., Базарбаева Г., Онгар А. Древнее золото Казахстана. – Алматы, 2007. – 160 с.
- 257 Төлеубаев Ә.Т. Шілікті жазығы – сақтардың алғашқы мемлекетінің ту тіккен ордасы // Қазақ тарихынан. Шежірелер, жазбалар, пікірлер, зерттеулер. – Алматы: Жалын баспасы, 2004. – Б. 326-334.
- 258 Акишев К.К., Кушаев Г.А. Древняя культура саков и усуней долины реки Или. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1963. – 320 с.
- 259 Марсадолов Л.С. История и итоги изучения археологических памятников Алтая VIII-IV веков до н.э. (от истоков до начала 80-х годов XX века). – СПб., 1996. – 100 с.
- 260 Ануфриев Д.Е. Социальное устройство пазырыкского общества Горного Алтая // Социально-экономические структуры древних обществ Западной Сибири. – Барнаул. 1997. – С. 110-111.
- 261 Курочкин Г.Н. Сакральный центр ранних кочевников Алтая (археолого-этнографич (реконструктивная модель) // Проблемы культурогенеза и культурное наследие. Часть II. Археологическое изучение культурных процессов и явлений. – СПб., 1993. – С. 46-52.
- 262 Маргулан А.Х. Мир казахов / Институт развития Казахстана., международный фонд им. Академика Алькея Маргулана. – Алматы, 1997. – 57 с.
- 263 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – М.: Товарищества «Клышников, Комаров и К», 1993. – 541 с.
- 264 Arsal Sadri Maksudi. Türk Tarihi ve Hukuk. – İstanbul: İsmail Akgün Matbaası, 1947.
- 265 Ноғайбаева М.С., Токсанбаев А.К. Көшпелі қоғамдағы билеуші бейнесінің аңыз-ертегілердегі көрінісі. Scientific E-journal «edu.e-history.kz» №3(19).
- 266 Моңғолдың құпия шежіресі (XII-XIII ғасырлардағы көшпелілер шежіресі) / Ауд. М. Сұлтаняұлы. – Алматы: Өнер, 1998. – 221 б.
- 267 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 297 б.
- 268 Рустамов Э.Р. Узбекская поэзия в первой половине XV века. – М.: Издательство Восточной литературы, 1963. – 368 с.
- 269 Келімбетов Н. Алып Ер Тоңға дастаны. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.
- 270 Banarlı N.S. Resımlı Türk Edebiyatı Tarihi. G. I. – Istanbul, 1987. – 259 p.
- 271 Күлтегін. Тонькөк (Жобаның авторы Мырзагелді Кемел). – Астана: Аударма. – 2002. – 96 б.
- 272 Muharrem E. Dede Korkut kitabı: Metin-Sözlük. – Ankara, 1964. – 217 p.

- 273 Жолдасбеков М. Күлтегін – біздің бабамыз / М. Жолдасбеков; әңг. Б. Бодаубай // Егемен Қазақстан. – 2012. – 25 мамыр. – №267/268. – 8 б.
- 274 Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы, 1996. – 177 б.
- 275 Аманжолов К. Түркі халықтарының тарихы. I том. – Алматы: Білім, 2002. – 218 б.
- 276 Садықов Т. Күлтегін құдіреті // Егемен Қазақстан. 2004. 18 наурыз. – Б. 5.
- 277 Сарсембаев М.А. Казахское Ханство как суверенное государство средневековой эпохи. – Астана: ГУ «Институт законодательства Республики Казахстан», 2015. – 342 с.
- 278 Әбілғазы. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 2006. – 200 б.
- 279 Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. – Алматы: Ататек, 1993. – 448 б.
- 280 Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакани. Михман-наме-ий-Бухара (Записки Бухарского гостя) / Перевод, предисловие и примечание Р.П. Джалиловой. Под редакцией А.К. Арендса. – М.: Наука, 1976. – 537 с.
- 281 Из «Фатх-нама» Шади (Пер. В.П. Юдина) // История Казахстана на персидских источниках. – Т. V. Извлечения из сочинении XIII-XIX веков. – Алматы: Дайк-Прес, 2007. – 477 с.
- 282 Мазарчук Д.В. Теория вождества и современная социальная антропология // Лістападаўскія сустрэчы – 5. Праблемы старажытнасці і сярэднявечча: Зборнік артыкулаў па матэрыялах Міжнароднай навуковай канферэнцыі ў гонар акадэмікаў М.М. Нікольскага і У.М. Перцава (13-14 лістапада 2003 г., Мінск). – Мінск: БДУ, 2005. – С. 20-22.
- 283 Earle T. How Chiefs Come to Power: The Political Economy in Prehistory. – Stanford, 1997. – 250 p.
- 284 Салинс М. Эволюция: общая и специфическая. Издательство Мичиганского университета, 1960.
- 285 Крадин Н.Н. Кочевники Евразии. – Алматы: Дайк-пресс, 2007. – 416 с.
- 286 Крадин Н.Н. Кочевники, мир-империи и социальная эволюция // Альтернативные пути к цивилизации / Отв. ред. Н.Н. Крадин, А.В. Коротаев, Д.М. Бондаренко и В.А. Лынша. – М.: Логос, 2000. – С. 314-336.
- 287 Крадин Н.Н. Структура власти в кочевых империях // Кочевая альтернатива социальной эволюции / Отв. ред. Н.Н. Крадин и Д.М. Бондаренко. – М.: ИА РАН, 2002. – С. 109-128.
- 288 David Sneath. The Headless state: aristocratic orders, kinship society, and misrepresentations of nomadic inner Asia. New York: Columbia university press, 2007. – 287 p.
- 289 Крадин Н.Н. Трансформация политической системы от вождества к государству: монгольский пример. 1180(?)–1206 // Альтернативные пути к ранней государственности. – Владивосток: Дальнаука, 1995. – С. 188-198.
- 290 Хазанов А.М. Классообразование: факторы и механизмы // Исследования по общей этнографии. – М.: Наука, 1979. – С. 125-177.

- 291 Першиц А.И, Семенов Ю.И., Шнирельман В.А. Война и мир в ранней истории человечества. – М.: Наука, 1994. – Т. II. – Ч. 3. – С. 129-231.
- 292 Киселев Г.С. Человек, культура, цивилизация на пороге III тысячелетия. – М.: Наука, 1999. – 87 с.
- 293 Васильев Л.С. Протогосударство-chiefdom как политическая структура // Народы Азии и Африки. – 1981. – №6. – С. 157-175.
- 294 Першиц А. История первобытного общества. – М.: Высшая школа, 2001. – 318 с.
- 295 Васильев Л.С. Становление политической администрации (от локальной группы охотников и собирателей к протогосударству-chiefdom) // Народы Азии и Африки. – М., 1980, – №1. – С. 175-179.
- 296 Крадин Н.Н. Вождество: современное состояние и проблемы изучения // Ранние формы политической организации: от первобытности к государственности. – М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1995. – С. 11-61.
- 297 Oberg K. Types of Social Structure Among the Lowland Tribes of South and Central America / K. Oberg // American Anthropologist. – 1955. – Vol. 57. – P. 472-487.
- 298 Carneiro R. The Chiefdom as a Precursor to the State / R. Carneiro // The Transition to Statehood in the New World. – Cambridge: Cambridge University Press, 1981. – P. 37-79.
- 299 Earle T. The Evolution of Chiefdoms // Chiefdoms: Power, Economy and Ideology. – Cambridge: Cambridge University Press, 1991. – P. 1-15.
- 300 Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата: Наука, 1984. – 176 с.
- 301 Базарбаева Г.А., Джумабекова Г.С. К вопросу о статусе женщин в культуре населения Казахстана сакского времени (по материалам из Восточного Приаралья) // Археологія і давня історія України. – 2019. – Вип. 2 (31). – С. 20-28.
- 302 Телеуова Э.Т. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік-құқықтық ерекшеліктері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 106 б.
- 303 Абусейтова М. Кочевая государственность у казахов (XV-VIII) вв. // Культура кочевников на рубежах веков (XIX-XX, XX-XXI вв.): проблемы генезиса и трансформации. Тезисы докладов международной конференции. – Алматы, 5-7 июнь, 1995. – С. 26.
- 304 Исенов Ө. Дәстүрлі хандық институттың демократиялық негіздері // Қазақ тарихы. – 2015. – №6 (137). – Б. 17-19.
- 305 Әлімбаев Н. Көшпелі қазақ қоғамындағы билік жүргізу (биліктің билігі) үрдісі: негізгі ұйымдық түрлері (институттары), ұйымдастырылуы және жүзеге асу жосыны // «Қазақстан тарихы» журналы. – 2018. – №8 (165). – Б. 3-18.
- 306 Торланбаева К.У. Наследование и наследие в центральноазиатских империях // Эволюция института власти в древней, средневековой и новой

истории Казахстана и сопредельных государств: Мат-ы межд. науч.-теор. конф. – Алматы: Тарих және этнология институты, 2016. – С. 54-78.

307 Таскин В.С. Материалы по истории сюнну (по китайским источникам). – Вып. 1. – М., 1968. – 234 с.

308 Барфилд Т.Дж. Опасная граница: кочевые империи и Китай (221 г. до н.э. – 1757 г. н.э.) / Пер. с англ. Д.В. Рухлядева, В.Б. Кузнецова; науч. ред. и предисл. Д.В. Рухлядева. – СПб.: Факультет филологии и искусств СПбГУ; «Нестор-История», 2009. – 488 с.

309 Зуев Ю.А. Древнетюркские генеологические предания как источник по ранней истории тюрков. Автореф. дисс... на соискание ученой степени канд. истор. наук. – Алматы, 1967. – 51 с.

310 Мухамадеев А.Р. Основы престоонаследия и династические браки в Жужаньском государстве // Народы и религии Евразии. – 2020. – №1 (22). – С. 29-41.

311 Рахманалиев Р. Империя тюрков. Великая цивилизация. – М.: Рипол, 2009. – 1339 с.

312 Бабаяров Г. Государственный строй Западно-Тюркского каганата // Автореферат диссертации на соискание ученой степени док. ист. наук. – Ташкент, 2012. – 57 с.

313 Zeki Velidi Togan A. Umumi Türk Tarihine Giriş. Cild 1. 2019. S. 64-65.

314 Исенов Ө. Жерге иелік құқығын беретін ортағасырлық пәрменді грамоталар // Қазақ тарихы: ғылыми-әдістемелік журнал. – 2019. – №8 (175). – Б. 13-17.

315 Атыгаев Н. Хронология правления Казахских ханов (XV – середина XVI в.) // Тюркологический сборник. – М.: Восточная литература, 2007. – 366 с.

316 Мыңжан Н. Қазақтың көне тарихы / Дайындаған М. Қани. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.

317 Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 208 б.

318 Мұқтар Ә.Қ. Тархандар институты тарихының тарихнамасы // Отан тарихы: ғылыми журнал. – 2018. – №2 (82). – Б. 23-35.

319 Григорьев В.В., Ярцов Я.О. Ярлыки Тохтамышы и Сеадет-Гирея // Записки Одесского общества истории и древностей. – Т. I. – 1844. – №1. – С. 1-16.

320 Коствич В.Л. Из изучения Чингизхана // Восток. – 1923. – №3. – С. 95-96.

321 Зиманов С. Казахский суд биев – общекультурологическая ценность. – Алматы: Арыс, 2009. – 408 с.

322 Султанов Т.И. «Записки» Бабура как истории моголов Восточного Туркестана и Средней Азии // Turcologia. – Л., 1986. – С. 223-229.

323 Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. – М.: Наука, 1975. – 90 с.

- 324 Веляминов-Зернов В.В. Монеты Бухарская и Хивинская // Трудов Восточного Отдела Императорского Археологического Общества. – СПб.: Тип. Имп. Акад. Наук, 1859. – С. 329-457.
- 325 Григорьев В.В. О некоторых событиях Бухар, Коканд и Кашгаре. Записки Мирзы-Шемса Бухари. – М.: Nobel Press, 2020. – 162 с.
- 326 Смирнов В.Д. Крымское ханство под верховенством Османской Порты для начала XVIII века. Т. 1. – СПб.: Университетская типография, 1887. – 768 с.
- 327 Баллюзек Л.Ф. Народные обчаи, имевшие а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона // Материалы по казахскому обычному праву. Сборник 1. – Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1848. – С. 356-364.
- 328 Ускенбай К.З. Восточный Дашт-и Кыпчак в XIII – начале XV века. Проблемы этнополитической истории Улуса Джучи / Ред. И.М. Миргалеев. – Казань: Изд-во «ФЭН» АН РТ, 2013. – 288 с.
- 329 Артықбаев Ж. Абылайдың хан сайлануы және қожалардың қызметі // <https://kozhal.ar.kz/20162858-abyлайdyng-han-sajlanuy-zhane-qozhalar> (Қаралған күні: 19.05.2020 ж.).
- 330 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в пяти томах. Т. 4. – Алма-ата: Главная редакция советской энциклопедии, 1985. – 463 с.
- 331 Елеуов М. Шу өңірі: аңыз бен тарих // ҚазМУ хабаршысы. Тарих сериясы. – Алматы, 1996. – №3. – Б. 6-12.
- 332 Елеуов М. Шу мен Талас өңірлерінің ортағасырлық қалалары (VI-XIII ғ. басы). – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 210 б.
- 333 Кәрібаев Б. Қазақ хандығының құрылу тарихы. – Алматы: Сардар, 2015. – 520 б.
- 334 Жданович О.В. Посольство Земарха в ставку тюркского кагана (перевод и комментарии фрагментов труда Менандра Протектора) // Золотоордынское обозрение. – 2014. – №2 (4). – С. 6-20.
- 335 Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Т. 1. – Ташкент: Типо-литография С.И. Лахтина, 1889. – 205 с.
- 336 Қартаева Т.Е. Сыр өңірі қазақтарының дәстүрлі этнографиясы. – Алматы: Арыс, 2015. – 448 б.
- 337 Новоженев Р.В. Атрибуты власти в кочевых социумах средневековья // Мировоззрения населения Южной Сибири и Центральной Азии в исторической ретроспективе: сборник научных трудов / Под ред. П.К. Дашковского. – Вып. III. – Барнаул: Азбука, 2009. – 332 с.
- 338 Гардизи Абу Са'ид. Зайн ал-ахбар (Украшение сообщений). – Ташкент: Фан, 1991. – 146 с.
- 339 Агаджанов С.Г. Огузские племена Средней Азии IX-XIII вв. (историко-этнографический очерк) // Страны и народы востока. – М.: Изд-во Наука, 1971. – С. 179-192.

- 340 Сарткожа К. Тюркские правители // <https://kharjaubay.wordpress.com/2011/01/21/%D1%82%D1%8E%D1%80%D0%BA%D1%81%D0%BA%D0%B8%D0%B5%D0%BF%D1%80%D0%B0%D0%B2%D0%B8%D1%82%D0%B5%D0%BB%D0%B8/> (қаралды: 15.03.2020 ж.)
- 341 Караев О. История Караханидского каганата (X – начало XIII в.) – Фрунзе: Илим, 1983. – 301 с.
- 342 Мэн-да Бэй-лу. Полное описание монголо-татар / Пер. Н.Ц. Мункуева. – М.: Наука, 1975. – 641 с.
- 343 Cultural Relics of the Mongols in the National Palace Museum Collection. – Taiwan, 2015. – P. 37-45
- 344 Дружинина И.А., Чхаидзе В.Н. О старых и новых находках предметов вооружения из североосетинского святилища Реком. Очерки средневековой археологии Кавказа: к 85-летию со дня рождения В.А. Кузнецова. – М.: ИА РАН, 2013. – С. 74-81.
- 345 Серегин Н.Н. Символы власти в обществе раннесредневековых тюрков Центральной Азии (по археологическим материалам) // Уральский исторический Вестник. – 2015. – №4 (49). – С. 77-85.
- 346 Агаев Ю.Ш. Лук и стрелы как символы власти и элементы ритуального обряда у тюркских народов // Австрийский журнал гуманитарных и общественных наук, АЖН56/2015. <http://ppublishing.org/ru/journals/61/issue/531/articles/116/> (қаралды: 11.04.2021 ж).
- 347 Базылхан Н. Шыңғыс қаған орнатқан моңғол империясының ресми мөріндегі мәтіні мәселесіне (Күйік қағанның жарлықты хаты, 1246 жылы) // <https://engime.org/shifis-afan-ornatan-mofol-imperiyasini-resmi-morindegi-metini.html> (қаралды 11.04.2021).
- 348 Тулибаева Ж. Цивилизация и государства Центральной Азии в описании мусульманских средневековых авторов // «Теоретико-методологические подходы и проблемы изучения традиционных цивилизаций Центральной Азии» материалы международной научно-теоретической конференции (12 ноябрь, 2015). – Алматы, 2015. – С. 50-52.
- 349 Қожа М. Түркістандағы хантағы / Қазақ газеттері. 28 мамыр 2019. / <http://kazgazeta.kz/?p=83642> (қаралды: 20.04.2020 ж.).
- 350 Аткинсон Т. Путешествие по русско-китайской границе и степям Центральной Азии // Всемирный путешественник. – Т. IX. – СПб, 1871. – С. 49-93.
- 351 Рубинчик Ю.А. Персидско-русский словарь. В 2-х т. – М.: Русский язык, 1970. – 1613 с.
- 352 Древнетюркский словарь / Ред.: В.М. Наделяев, Д.М. Насилов, Э.Р. Тенишев, А.М. Щербак. – Л.: Наука, Ленинградское отделение, 1969. – 677 с.
- 353 Крамаровский М.Г. От Онона к Темзе. Чингисиды и их западные соседи: к 70-летию Марка Григорьевича Крамаровского: сборник / Чингисхан на берегах Темзы. – М.: Изд. дом Марджани, 2013. – С. 18-29.

354 Крамаровский М.Г. Золото Чингисидов: культурное наследие Золотой Орды. – СПб.: Славия, 2001. – 364 с.

355 Базылхан Н. Орталық Азиядағы көне түркі бітік ескерткіштері: этноархеологиялық аспектілері // Орталық музей еңбектері: музей ісі, археология, тарих, деректану, антропология және этнология, фольклортану. II бөлім. – Алматы: Балалар әдебиеті, 2009. – Б. 338-358.

356 Атыгаев Н.А. О некоторых символах власти (трон и корона: от Монгольской империи к Казахскому ханству) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». – 2015. – №1 <http://edu.e-history.kz/ru/publications/view/180> (қаралды. 06.03.2020 ж.).

357 История Казахстана в русских источниках. Т. I. Посольские материалы Русского государства (XVI-XVII вв.). Сост., транскрипция скорописи, спец. редактирование текстов, вступит.ст., коммент., составл. словариков указ. А. Исина. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 704 с.

358 Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 гг. Сборник исторических документов в 2-х томах. – Т. I. Письма казахских правителей. 1675-1780 гг. / Автор проекта, введ., биогр. ханов, науч. коммент.; сост. и ответ.ред. И.В. Ерофеева. – Алматы: АО «АБДИ Компани», 2014. – 696 с.

359 История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. – Т. V: Первые историко-этнографические описания казахских земель. Первая половина XIX века / Сост. И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – 620 с.

360 Самашев З., Толегенов Е., Нұсқабай Ә., Қиясбек Ғ. Елеке Сазындағы көне түріктердің ғұрыптық кешені // «Алтай – түркі әлемінің алтын бесігі» халықаралық ғылыми тәжірибелік конференция материалдары (29 қазан 2021 ж.). – Өскемен, 2021. – Б. 121-128.

361 Шах-Махмуд Чурас. Хроника / Шах-Махмуд ибн мирза Фазил Чурас; Критич. текст, пер., коммент., исследование и указ. О.Ф. Акимушкина; АН СССР, Отд-ние истории, Ин-т востоковедения. – М.: Наука, 1976. – 406 с.

362 Марьяшев А.Н., Горячев А.А. Наскальные изображения Семиречья. Изд. 2-е. – Алматы: Фонд XXI век, 2002. – 206 с.

363 Самашев З. Наскальные изображение верхнего Прииртышья. – Алма-Ата: Ғылым. 1992. – 288 с.

364 Қозыбаев М. Жауды шаптым ту байлап. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 192 б.

365 Смагулов Е.А. Амулетные наборы из погребений некрополя городища Коныртобе в Отрарском оазисе // История материальной культуры Узбекистана. – Вып. 32. – Ташкент: Фан, 2001. – С. 90-100.

366 Григорьев А.П., Григорьев В.П. Коллекция золотоордынских документов XIV века из Венеции: Источниковедческое исследование. – СПб.: Издательство Санкт-Петербургского университета, 2002. – 276 с.

367 Омаров Г.К., Бесетаев Б.Б., Баймуханов Н.Б., Сагындыкова С.Т. Вооружение и конское снаряжение средневековых кочевников Восточного

Казахстана (по материалам могильника Аян) // Мир Большого Алтая: Международный научный журнал. – №6 (2). – 2020. – С. 941-955.

368 Березин И.Н. Ярлык Токтамыш хана к Ягойлу. Казань: Издан князем М.А. Оболевским, 1850. – 153 с.

369 Уәлиханов Ш. Шығармалар. Т. I. – Алматы: ҚазКСР ҒА баспасы, 1961. – 431 б.

370 Ибатов А. XIV ғасырдағы хандар жарлықтарының тілі. – Алматы, 1990. – 144 б.

371 Усманов М.А. Жалованные акты Джучиева Улуса XIV-XVI вв. – Казань, 1979. – 291 с.

372 Почекаев Р.Ю. «Судебная реформа» крымского хана Мурад-Гирея // Тюркологический сборник 2007-2008. – М., 2009. – С. 320-326.

373 Тұяқбаев Ө., Сапашев О. Алтын Орда хандарының хаттары: эпистолярлық жанры және зерттелу мәселесі // Известия НАН РК. Серия общественных и гуманитарных наук. – 2015. – №3. – Б. 258-264.

374 Тұяқбаев Ө.О. Хан жарлықтарындағы қыпшақ тілі ерекшеліктері // gylumordasy.kz. – 2016. – 29 маусым

375 Яценко С.А. Костюм древней Евразии (Ираноязычные народы). – М.: Восточная литература, 2006. – 661 с.

376 Ключко Л.С. Скифская обувь // Советское археология. – 1992. – №1. – С. 26-30.

377 Сдыков М.Н. Таксайская принцесса, или Алтын Ханшайым // Степи Северной Евразии. Материалы VII международного симпозиума. – Оренбург: ПД Димур, 2015. – С. 752-757.

378 Руденко С.И. Второй Пазырыкский курган. – Л.: Изд-во Гос. Эрмитажа, 1948. – 64 с.

379 Шаймердинова Н.Г., Ярыгин С.А. Символы власти в культуре кочевников Центральной Азии гунно-сарматского времени // Scientific E-journal «edu.e-history.kz». – №4(08).

380 Артыкбаев Ж.О. Кочевники Евразии (в калейдоскопе веков и тысячелетий). – СПб: Мажор, 2005. – 320 с.

